



Бекітемін:
ЖШС «Жарылқасын»
бөбекжай-балабақша
менгерушісі :
А.Саржанов

31.08.2021ж

**«Жарылқасын» бөбекжай балабақшасының
«Күншуақ» ортаңғы тобының
2021 –2022 оқу жылына арналған
Вариативтік компоненттің бағдарламасының
перспективтік жоспары**

(Әлеумет,шығармашылық)

Тәрбиеші: Кулшанбаева Н.

«Күншуақ» тобының

2021-2022 оқу жылына

«Әлеумет» жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
1	«Отбасы» ойыны	Мақсаты: Балаларға отбасы ұғымын түсіндіру, отбасы мүшелерінің отбасы құрамындағы атқаратын әрекеттерін пысықтау, отбасыда құралдарды қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын жетілдіру	1
2	«Наубайхана» ойыны	Мақсаты: Балаларға наубайхана жөнінде түсінік беру, наубайшы мамандығымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың "Наубайхана" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру.	1
3	1. «Жеміс-көгөніс дүкені» ойын	Мақсаты: Балаларды дүкендегі сатушының қызметімен таныстыру, жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту, ойын және сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту	1
4	«Құстар» фермасы ойыны	Мақсаты: Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру, құс күтушісінің еңбегімен таныстыру, үй құстарының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың құс фермасына қатысты ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым өтінімдерді орындау, жауап беру үлгілерін игерту, тілдік және эмоционалдық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін жетілдіру.	1
5	«Автобус » ойыны	Мақсаты: Балаларды автобустың жүргізуші мен кондукторының қызметімен таныстыру, оларға ойынның және қоғамдық көлік ережелерін түсіндіру. Балаларға "Автобус" ойынындағы негізгі рольдер арқылы ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, педагогтің көмегімен қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту.	1
6	«Кітапхана» ойыны	Мақсаты Балаларды кітапханашының мамандығымен таныстыру, кітапхана жөнінде мағлұмат беру, ойын және кітапхана ережелерін түсіндіру. Балалардың кітапхана ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу, сыпайылық ережелерін ұстану іскерлігін қалыптастыру, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту.	1
7	«Үй құрылысы » ойыны	Мақсаты Балаларды құрылысшы мамандығымен, құрылыс материалдары мен құрылысшыға қажет құралдармен	1

		таныстыру, үй құрылысының барысы жөнінде мағлұмат беру. Балалардың құрылыс ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту.	
8	«Ойыншықтар» дүкені ойыны	Мақсаты Балаларға дүкендегі ойыншықтардың атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.	1
9	«Аурухана» ойыны	Мақсаты Балаларға дәрігер мамандығы жөнінде мәлімет беру, дәрігер мамандығына қатысты құралдармен, оларды қолдану қажеттілігімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Дәрігер ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынасқа түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу, денсаулық сақтау қағидаларына баулу.	1
10	«Жануарлар фермасы» ойыны	Мақсаты Балаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың тақырып бойынша ойын желісіндегі тілдік және эмоционалдық арақатынастарға түсу іскерлігін жетілдіру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, қабылдау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту.	1
11	«Шаштараз» ойыны	Мақсаты Балаларға шаштараз мамандығы жөнінде мәлімет беру, шаштараздың құралдарымен, қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; әдептілік ережелерін түсіндіру	1
12	«Техника» ойыны	Мақсаты Балаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника үлгілерін пысықтау. Балалардың "Техника дүкені" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, ережелерді ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.	1
13	«Киімдер дүкені» ойыны	Мақсаты Балаларға киім дүкеніндегі киім үлгілерінің атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін, маусымға сай киіну тәртібін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы шағын және топтық қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.	1

14	«Жиһаз дүкені» ойыны	Мақсаты Балаларға жиһаз дүкеніндегі жиһаз түрлерінің атауларын, қажеттерін пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру.	1
15	«Жанармай құю стансасы» ойыны	Мақсаты Балаларға жанармай құятын орынның қызметі туралы мағлұмат беру, автомай, жанармай құйғыш қызметімен жалпы түрде таныстыру, жол жүру ережелерін пысықтау. Балалардың "Жанармай құю" ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту.	1
16	«Ас әзірлеу» ойыны	Мақсаты Балаларға ас әзірлеу туралы түсінік беру, аспаз мамандығына қатысты әрекеттер тізбегін пысықтау, азық-түліктің пайдасы туралы мәлімет беру. Балалардың "Ас әзірлеу" ойынында аспаз еңбегіне қатысты әрекеттерді игеруін қамтамасыз ету, қарым-қатынастар барысында өз орнын тауып, ойын желісін ұстану іскерлігін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілетін дамыту	1
17	«Бақшаның егеміз» ойыны	Мақсаты Балаларға көктемгі дала жұмыстары туралы түсіндіру, егінші мамандығы туралы жалпы мағлұмат беру, бақшаны егу жұмыстарына қажет құралдарымен таныстыру.	1
18	«Жол қозғалысы» ойыны	Мақсаты Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту; жол жүру ережесінің жаяу жүргіншіге қатысты тараптарымен таныстыру; жүргізуші мен жаяу жүргіншіге қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгерту; жол қозғалысының қарапайым белгілерімен таныстыру	1
			18

Күні:07.09.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Отбасы" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға отбасы ұғымын түсіндіру, отбасы мүшелерінің отбасы құрамындағы атқаратын әрекеттерін пысықтау, отбасыда құралдарды қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын жетілдіру. Балалардың отбасына

деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, үлкенге құрмет қағидаларының негіздерін қалау, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Отбасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "үйретіңізші", "көрсетіңізші", "ойнайықшы", "кім ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, пантомима ойын-жаттығу, сөздік жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Отбасы суреті.

Заттық суреттер: балға мен шеге, теледидар, нан дүкені, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш пен үй өсімдігі, шәйнек пен кесе, су құбырының астына қойылған ыдыстағы алмалар, сөредегі ойыншықтар, шамды бұрап жатқан қолғаптағы қолдар.

Отбасы мүшелерінің жеке суреттері.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Отбасы мүшелерінің шынайы өмірде қолданатын заттары: тақия, бас орамалы, көзілдірік, кепкі, алжапқыш, желетке; қорапшаларда ойыншық күйінде пластиктен жасалған жеке заттар немесе нақпіндер: балға мен шеге, қысқыш, жеміс-көгөністер, торқапшық, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш, шәйнек пен кесе, қорапшадағы ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Суретті көрсету.

Отбасының суреті көрсетіледі.

– Балалар, бұл кімдер? Иә, бір сөзбен айтқанда, бұл – отбасы. Қайталаймыз.

Көркем сөз. "Отбасы деген ..."

Отбасы деген жылы ошақ,

Жылы құшақтарымен баурайды.

Үнемі жаныңда, сені қоршап,

Жүрекке махаббат сыйлайды.

Отбасы деген атаң, әжең,
Ата-анаң. Оларға сен өте ұқсайсың.
Отбасыда ағаң сенің және әпкең,
Іні-бауырың да бар, онымен ойнайсың.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, сендердің отбасыларыңда кімдер бар?

Балалар өз отбасыларының адамдарын айтады.

Педагог балалардың айтулары бойынша отбасы мүшелерінің суреттерін панноға, бір қатарға тізіп жатады.

– Бір сөзбен мына адамдар бірге қалай айтылады? Иә. Мынау – отбасы. Жарайсың, Еркебұлан.

– Балалар, отбасында кім ең құрметті адам? Иә. Ата – ең құрметті адам.

– Егер ата болмаса, кім ең құрметті адам болады? Әке – ең құрметті адам. Жарайсыңдар.

– Кім ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек? Балалар ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек. Жарайсыңдар.

– Кішкентайлар үлкенді неге тыңдайды? Үлкендердің ақылы көп. Үлкендердің қолынан көп іс келеді. Кішкентайлар олардан үйренеді. Жарайсыңдар.

Балалар ойларын айтады. Педагог қысқа түйіндеме жасап отырады.

– Үлкендерден нені үйренуге болады екен? Көрейік. Бүгін біз "Отбасы" ойынын ойнаймыз.

Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Не үшін?" пантомима жаттығуы.

Балалар ортағашақырылады.

Отбасы мүшелерінің әрекеттеріне қатысты суреттер топтамасы қолданылады: балға мен шеге, теледидар, нан дүкені, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш пен үй өсімдік, шәйнек пен кесе, су құбыры астына қойылған ыдыстағы алмалар, сөредегі ойыншықтар, шамды бұрап жатқан қолғаптағы қолдар.

Кез келген сурет көрсетілгенде балалар оған қарап, белгілі қимылдар жасайды. Мысалы, кітап көрсетілсе қолдарды жайып, оқып отыру қимылы көрсетіледі.

Суреттердегі заттардың керектігі айтылған сайын, әрқайсысы тағы бір панноға бөлек тізіліп жатады.

– Балалар, мен көрсеткен суретке қарап, онымен не істейтінімізді көрсетіп көрейік. Көрсеткеннен кейін, қимылдарды сөзбен айтамыз.

Жалпы, суреттер саны балалардың дайындығына сәйкес қолданылады.

"Кім не істейді?" ойыны.

Мақсаты. Отбасы мүшелерінің өзара сөздік қатынасқа түсу негізгі принциптерін игерту, қарапайым фразаларды айтқызу.

Шарты. Балалар ата, әже, әке, ана, бала сияқты отбасы мүшелерінің атрибуттарын қолданып, белгілі әрекеттерді жасауы шарт.

Барысы.

– Балалар, ал енді отбасы мүшелерінің қолынан не келеді, түсініп алайық.

Балалардың алдына екі паннода екі бөлек суреттердің топтамалары ілінеді. Сол жақ паннода отбасы мүшелері, оң жақта отбасы мүшесінің әрекеттеріне қатысты суреттер қайта ілінеді.

– Балалар, қойылған сұрақты мұқият тыңдаңдар. Осы суреттердің бірін алып, қай отбасы мүшесіне келсе, соның суретінің астына қоясыңдар.

– Кім шығып айтады?

– Асылбек, ата үйде не істейді?

– Ата шеге қағады. Ата кітап оқиды. Ата теледидар көреді. Ата дүкенге барады. Осы суреттерді тауып, атаның суретінің астына тізе ғой. Жарайсың.

Педагог суреттердің тиянақты орналасуын өзі қамтамасыз етеді.

Балалар кезекпен айтып, отбасы мүшелері суреттерінің астына, өздерінің қалауларына қарай кез келген белгілі бір әрекетті білдіретін суретті орналастырады.

Сергіту сәті. "Отбасымда кім бар?"

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, мені ойнатар (сап түзеп бір орында тұру).

Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).

Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)

Отбасымда анам бар, тап-таза еден жуар (алдыға еңкею).

Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала болармын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею).

Жаттығу оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болу шарт. Сонда жаттығу белгілі уақыт мерзімін алып, балалардың көңілдері көтеріңкі болуына септігін тигізеді.

Ойынды іске асыру.

"Кім боламын?" жаттығуы.

Балаларға әрбір отбасы мүшесі болу мүмкіндігі беріледі. Ол үшін жеке тұрған үстелге бөлек бірнеше атрибуттар дайындалады: тақия, бас орамалы, көзілдірік, кепкі, алжапқыш, желетке. Сонымен қоса, қорапшаларда ойыншық күйінде жеке заттар немесе нақпіншіндер ұсынылады: балға мен шеге, қысқыш, жеміс-көгөністер, торқапшық, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш, шәйнек пен кесе, қорапшадағы ойыншықтар. Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, рольдерді таңдауларына көмек жасау үшін, педагог басты кейіпкерлерді өзі үлестіреді. Балалардың іскерліктеріне, арақатынастық қабілеттерінің дамуына сай, педагог мына сияқты сұрақ-өтінімдерді айтуы мүмкін: "Қамбар, сен ата бола ғой ... Не таңдайсың? Дария, сен әже боласың ба? Басыңа не байлайсың?" Белгілі рольдерге таңдалған балаларға ойын алаңындағы орындары көрсетіледі. Егер балалар саны көп болса, топты екі отбасы топтамаларына бөліп ұйымдастыруға болады. Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылап отыруға мүмкіндік беріледі. Балалар киініп алғаннан кейін, мына сияқты сөздерді айтып, рольдің сипатын тануға серпіліс алады.

"Қандай болайын?" жаттығуы.

Әкем менің, Сіз сияқты мықты болайын,
Анам менің, Сіз сияқты білгір болайын.
Атам менің, Сіз сияқты шебер болайын,
Әжем менің, Сіз сияқты ісмер болайын.
Ақылға ақыл қосып, күнде өсіп тұрайын,
Отбасыма өскенде үлкен үй салайын.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Отбасы".

– Балалар, мынау біздің үйіміз, Қамбар – атасы, Дария – әжесі, Сырым – әкесі, Самал – анасы ... Міне, отбасыда қаншама балалар бар екен ...

– Балалар, өз ойыншықтарың мен заттарыңды алып, әрекеттер жасауға болады.

Педагог ойын барысында балаларға сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдап жүреді.

"Сен, кімсің? "Сен істеп жатырсың?", "Жасағаныңды кімге көрсетесің?" сияқты сұрақтар қойылады.

Егер, кез келген бала өз қимылын түсіндіре алмаса, жанындағы баладан: "Самал не істеді?" – деп сұрауға болады.

Педагогтің өзі отбасы мүшелерінің бірі болып, кез келген баланың қасына барып, кейіпкер тарапынан сүйемелдеуші сұрақтар қояды. Мысалы: "Ата, Сіз не істеп жатырсыз?", "Ана, Сіз маған (балаларға) не пісіріп бересіз?", "Әмір, мен де сенімен ойнайыншы ... Маған қандай ойыншық бересің?"

Отбасы мүшелерін сомдаған балаларға, мына сияқты өтінімдерді айтып, әрекеттер жасатуға болады: "Дария әжей, маған бөкебайды тоқуды үйретіңізші", "Сырым әке, маған шегені қалай қағуды көрсетіңізші", "Қайрат, ойыншықпен қалай ойнайсың, көрсетші."

Әрбір баланың қимылдарын, сұрақ қойғандарын, жауап бергендерін мақтап, қолдау керек.

Ойынның соңында балаларға заттар мен ойыншықтарды өз орындарына салып қоюға уақыт беріледі. Құралдар мен ойыншықтардың тез жиналуы үшін, бірнеше қорапшалар үлестіріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қандай тамаша ойын ойнадық! Солай ма?

– Қандай ойын ойнадық? Иә. "Отбасы" ойынын ойнадық.

– Қарлығаш, балалар неге үлкендердің тілін алу керек? Иә. Үлкендер көп біледі. Үлкендер кішкентайларды үйретеді. Жақсы.

– Балалар, бүгін сендер белсенді, ұйымшыл болдыңдар. Үлкендердің тілін алдыңдар, көпке үйрендіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:21.09.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Наубайхана" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға наубайхана жөнінде түсінік беру, наубайшы мамандығымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың "Наубайхана" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын

қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Наубайхана" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға нан өнімдерінің атауларын, "наубайшы" сөзін, "ұннан нан илейді" сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қарым-қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Еркежан әжейдің нан пісіргені туралы суреттер сериясы.

Заттық суреттер: сүт құйылған шыны ыдыс, ағаш қасық, қамырды илеу үшін шұңғыл ыдыс, ұн, жұмыртқа, тұз, тоқаш, нан, тандыр нан, нан пісіретін пеш.

Наубайханада нанды пісіріп, басына ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп, тұрған наубайшының суреті. Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Қалпақ, алжапқыш, қамыр кесегі, тақтайша, майлық.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қалпақтар мен алжапқыштар.

Нан өнімдері түрлерінің заттық суреттері: тоқаш, қалаш, піспенан (печенье), батон.

Табақшаға салынған тұздалған қамыр кесектері, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Суреттер серияларын көрсету.

Балаларды жарты шеңберге шақырып, тақпақты еске түсіру, барлығына бірге айтқызу.

Көркем сөз.

Еркежан Әжей сүт құйылған мөлдір ыдысты ұстап тұр. Көгалда, әжейдің ағы жағында сиыр тұр.

Еркежан әжей

Таң атпай тұрды,

Таң атпай тұрды,

Сиырын сауды.

Еркежан Әжей ұнға жұмыртқа жарып, қамыр илегелі жатыр. Үстел үстінде ұн, жұмыртқа, тұз тұр.

Еркежан әжей

Нан қамырын иледі,

Нан қамырын иледі,

Ыдысқа салды.

Еркежан Әжей тоқаштар салынған табақшаны ұстап тұр. Үстел үстінде шәйнек, кеселер, қант, кәмпиттер тұр.

Еркежан әжей

Тоқаш пісірді,

Тоқаш пісірді,

Ұнтақты септі.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, біз кім туралы тақпақты оқыдық? Қандай қимылдар жасадық?

Балалар өз жауаптарын айтады.

Педагог балалардың айтулары бойынша тақпақта кездескен бейнелердің суреттерін панноға, бір қатарға тізіп жатады.

Суреттер тізбегі: сүт құйылған шыны ыдыс, ағаш қасық, қамырды илеу үшін шұңғыл ыдыс, ұн, жұмыртқа, тұз, тоқаш, нан, тандыр нан, нан пісіретін пеш.

– Балалар, бұл заттардың барлығы не үшін керек екен? Кімге керек?

Суретті көрсету.

Наубайханада нанды пісіріп, басына ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп, тұрған наубайшының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына суретте нені танып тұрсыңдар?

Балалар суреттегі адам және нан туралы ойларын айтады.

– Балалар, бұл – наубайшы. Қайталаймыз. Наубайшы нан пісіреді. қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Ал, бұл жерді наубайхана деп айтамыз. Наубайхана. Жарайсыңдар.

– Балалар, наубайшы нені киіп алды? Иә. Ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп алды.

– Ал, мына тұрған не? Иә. Бұл нан пісіретін пеш. Пештің іші ыстық, оған иленген қамырды салады.

– Біз де, балалар, бүгін біз "Наубайхана" ойынын ойнаймыз. Қамырды илеп, наубайшы боламыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ойын мазмұны туралы келісу, рөлдерді бөлу.

– Балалар, "Наубайхана" ойынын ойнау үшін, біз осы ойында нені жасайтынымызды есте сақтауымыз керек.

– Біріншіден, кім наубайшы болғысы келеді?

– Наубайшы болу үшін біз алжапқыш пен қалпақты киіп алуымыз керек.

Балаларға атрибуттарды киіп алуға мүмкіндік беріледі.

– Тағы да біз не істеуіміз керек? Қандай нан өнімдерін пісіретінімізді ойлауымыз керек.

"Ұннан не жасалады?" дамытушы жаттығу.

Балалардың алдына бір үстелге нан өнімдері түрлерінің суреттері жайылады (немесе панноға тізіледі): тоқаш, қалаш, піспенани (печенье), батон.

Суреттер саны балалардың санына сай және бала санынан артық болуы тиіс. Бір үлгіні бірнеше бала қаласа, тиісті сурет болуы қажет.

– Балалар, өздеріңе ұнайтын нан өнімдерінің бірін таңдап алыңдар.

– Томирис (Әлия, Ақбар, Арсен), сен нені таңдадың? Жарайсың.

– Балалар, бұндай пішіндегі қамырларды жасау үшін біз, біріншіден, не істейміз?

– Нан (қамыр) илейміз.

– Олай болса, ұннан нанды илеп көрейік.

Жаттығу аяқталғанда әрбір бала өзі таңдаған суретін орнына апарып қояды, орнында жаттығу

жасайды.

Сергіту сәті. "Нан илейік".

Жеңімізді түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),

Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).

Домалатып, ораймыз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),

Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).

Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),

Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Балалар педагогтің соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.

Ойынды іске асыру.

"Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы.

Жаттығу мүсіндеудің бірнеше тәсілдерін қайталау болып табылады.

Балалардың әрқайсысы үшін үстелдерде табақшаға салынған тұздалған қамыр кесектері, тақтайша, майлық (алдын-ала) үлестіріледі.

– Балалар, алдарыңдағы қамырларды илеу алдында тәсілдерді есімізге түсіріп көрейік.

– Тоқаш илесек, не істеміз? Иә. Бөлікті алақандардың арасында дөңгелектейміз. Жарайсың, Арман.

– Піспенанды (печенье) илесек? Иә. Дөңгелектелген пішінді, екі жақтан басып жалпайтамыз. Дұрыс, Әмина.

– Батонды жасау үшін не істейміз? Иә. Дөңгелектейміз, есеміз.

– Жарайсыңдар, балалар! Сендер наубайшы болуға дайынсыңдар екен.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Наубайхана".

– Балалар, мынау біздің наубайханамыз.

– Балалар, сендер кімсіңдер? Иә. Наубайшысыңдар. Жақсы.

– Алдарыңда өзерің таңдаған суреттерге қарап, иленіп қойылған қамырлардан, ұнататын нан өнімін илеп көресіңдер.

– Қанекей, наубайшы ағамызға көптеген нан өнімдерін жасасып, пешке салайық.

Педагог ойын барысында балаларға сұрақ қойып, жауаптарын тыңдайды. Балаларды бір-біріне сұрақ қоюға және жауаптарын тыңдауға үйретеді.

"Сен, кімсің? "Сен істеп жатырсың?", "Жасағаныңды қайда саласың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Егер, кез келген бала өз қимылын түсіндіре алмаса, жанындағы баладан: "Аслан не істеді?"– деп сұрауға болады.

Педагог алжапқыш пен қалпақ киіп алып, наубайшы болғысы келгені туралы ниетін білдіреді, кез келген балаға көмекші сұрақтар қояды. Мысалы: "Наубайшы, Сіз не істеп жатырсыз?",

"Наубайшы, осы тоқашты Сіз қалай иледіңіз? Көрсетіңізші", "Құсни, мен де сенімен ойнайыншы ... Мен қандай өнімді жасайын?"

Әрбір баланың қимылдарын, сұрақ қойғандарын, жауап бергендерін мақтап, қолдау керек.

Өнімдер үлгілері жасалғаннан кейін балаларға жайпақ табақша немесе тақтайша ұсынылады.

– Балалар, қамырларыңнан нан өнімдерін жасапсыңдар, қанекей, барлығымыз осы табақшаға тізейік.

– Балалар, табақшаға не үшін салып, тізіп жатырмыз? Иә. Пешке салу үшін. Жақсы.

– Пеште мына қамырларға не болады? Иә. Олар піседі. Жарайсыңдар.

Ойын аяқталғанда өз жұмыс орындарын тазалауға мүмкіндік беріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, сендер қандай тамаша өнімдер жасап шықтыңдар!
- Бүгін сендер кім болдыңдар? Наубайшы болдық.
- Наубайшы болып, не істедіңдер? Айтыңдаршы. Жарайсыңдар.
- Осы өнімдерді жеуге бола ма? Неге? Өнімдерді қайда пісіреді?
- Шолпан, сен кімге көмектестің? Жарайсың.
- Балалар, бүгін сендер еңбекқор, ұқыпты болдыңдар. Көптеген адамдар сендердің өнімдеріңді сатып алып жейді, алғыстарын айтады. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:05.10.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Жемістер мен көкөністер дүкені" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дүкендегі сатушының қызметімен таныстыру, жемістер мен көкөністердің атауларын бекіту, ойын және сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұйымшылдыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Таразы", "әмиян" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "Сәлеметсіз бе!", "Сізге не керек?", "Рақмет", "Сау болыңыз", "Маған алма керек!" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жеңіл, көңілді әуенжазбасы.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Жеміс пен көкөністі сатып жатқан сатушының және сатып алушының суреті.

Сатушының алжапқышы, касса аппараты, калькулятор, "Жеміс-көкөніс" дүкені жазуы, қорапшаларда жеміс пен көкөністердің нақпішіндері.

Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көкөністер, алжапқыш.

Жеміс пен көкөністердің жеке суреттері.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Зттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көкөністер, алжапқыш.міс пен көкөністердің жеке суреттері (нақпішіндері).

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Жеңіл, көңілді әуенжазбасы бәсең дыбыста қосылады.

Ғажайып сәт.

Педагог сатушының киімін (алжапқыш) киіп алып, үстелге касса аппаратын, калькуляторды, "Жеміс-көкөніс" дүкені жазуын қойып, қорапшаларға жеміс пен көкөністердің нақпішіндерін салып қояды.

Балаларға көркем сөзді оқып береді.

Көркем сөз.

Міне, дәмді көкөністер,
Күзге дейін пісіп өскен:
Картоп, пияз, қызанақ,
Қияр, орамжапырақ.

Бау-бақшада жемістер -

Қызарып, толып піскен:

Алхоры, өрік, алма,

Алмұрт, апельсин, құрма.

– Сәлемсетсіңдер ме, балалар! Сендер мені таныдыңдар ма? Мен бүгін сатушымын. Мен кімін?

– Мынау – дүкен.

– Балалар, қалай ойлайсыңдар, мен не сатамын? Жарайсың, Ажар, жеміс пен көкөністерді сатамын.

– Бүгін біз "Жеміс-көкөніс дүкені" ойынын ойнауды үйренеміз. Ойын алдында кім болатынымызды анықтап алайық.

Суретті көрсету.

Жеміс пен көкөністі сатып жатқан сатушының және сатып алушының суреті көрсетіледі.

Сурет бойынша әңгімелесу.

– Балалар, бұл кім? Иә. Бұл – сатушы.

– Сатушы екенін қалай біліп қойдыңдар? Иә. Ол дүкенде жеміс пен көкөністер сатып жатыр. Қайталаймыз.

– Ал сатушының алдында кім тұр?

- Балалар, бұл сатып алушылар. Қайталайық. Жарайсыңдар.
- Сатып алушы не істейді? Иә, сатып алушы жеміс пен көкөністі сатып алады. Жарайсың, Ерғали.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау.

Шарты. Сатушыға қажет құралдарды, тауарларды атап, құралдардың не үшін керектігін айту керек.

Барысы. Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық нысандары қолданылады.

Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көкөністер, алжапқыш. Осы суреттер тізімінің жанына әмиян, азық-түліктер салатын сөмкенің суреттері қосылады.

– Жеміс пен көкөністі сататын сатушыға қандай құралдардың керектігін "Сатушыға не қажет?" атты ойынынан білеміз.

– Балалар, әрқайсысың, мына құралдардың бірін қолға алып атап, не үшін қолданылатынын айтасыңдар. Мысалы, "Бағлан, мынау не? Ол не үшін керек?" сияқты сұрақтар қойылады.

– Мынау – таразы. Таразыға жеміс пен көкөністі салып, салмағын өлшейді. Салмақты өлшейді. Қайталаймыз.

– Мынау – калькулятор. Калькулятормен ақша мөлшерін санайды. Қайталаймыз.

– Мынау – ұяшық. Ұяшықта жеміс пен көкөністі сақтайды. Қайталаймыз.

Ойын жүйесі жылдам өткізілуі үшін, ойынды бұдан бұрынғы уақытта өткізуге болады.

– Жарайсыңдар, балалар.

– Балалар, ал мынау нелер? (Артық суреттерді көрсету). Мынау – әмиян, мынау – сөмке. Қайталаймыз.

– Сөмке мен әмиян не үшін қажет? Әмияннан ақша алады. Сөмкеге жеміс пен көкөніс салады.

– Сатушыға мына заттар керек пе? Кімге керек? Сатып алушыға керек? Сатып алушы.

Сергіту сәті. "Сатып алушы".

Балалар алаң ортасына шеңберге тұрғызылып жиналады.

Жеміс пен көкөністердің бір түрлерінен үлестіріледі.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

– Біз дүкендерге барамыз,

Сатып алушы боламыз.

– Сатып алушы! Қалыңыз қалай?

Не аласыз, не қалайсыз?

– Алманы сатып аламын.

– Сәбізді сатып аламын.

– Лимонды сатып аламын.

– Пиязды сатып аламын ...

(Балалардың әрқайсысы өз суретіне немесе жеміс-көкөніс нақпішініне қарап, сөздерді жалғастырады)

– Барлығын сатып алдық,

Сөмкемізді толтырдық.

Сау болыңыз, сатушы,

Тағы да көріскенше!

Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың кіші жаста болуына байланысты, сатушының рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

Балалардың қолына шағын қолташалар немесе сөмкелер беріледі.

- Балалар, мен сатушы болып көрейін, ал сендер сатып алушы болып, сөмкелеріңді алып, кезекпен қалағанды сатып аласыңдар.

- Балалар, сатушы мен сатып алушы бір-бірімен сыпайы сөйледі.

- Сатушы сұрайды: "Сәлеметсіз бе! Сізге не керек?!".

- Сендердің әрқайсысың сатушыға былай дейсіңдер: "Сәлеметсіз бе! Маған алма керек!" Сау болыңыз!".

Егер балалар саны көп болса, екі баладан жұптарға бөліп, сатушының алына шақырып отыруға болады. Немесе барлық баланы жарты шеңберге отырғызып, өз алдына шақырып отырып, зат "сатылынып" алғаннан кейін, өз орнына жіберуге болады.

Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылап, сұрақтарға жауап беріп, сүйемелдеп отыруға мүмкіндік алады.

Кейбір балалар тек негізгі фразаны айтады, бұл да нәтиже болып саналады.

Балалар педагогпен жеке қатынасқа ойын желесінде түскеннен кейін, өз қалауын іске асырылғанынан кейін, сатушы рөлінің сипатын тануға серпіліс алады.

Ойынға қаражаттың бейнесін білдіретін карточкалар қолданылмайды. Балалар үшін сатушы мен сатып алушы арасында белгілі қарапайым диалогты алып жүруге үйрету - басты міндет.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жеміс-көкөніс" дүкені.

Балалардың арасынан бір-екі бала сатушы болып, алаңның екі жеріне тұрғызылады.

Ойынның жылдамдығын қамтамасыз ету үшін, "сатушылардың" аттарына балалардағы жеміс пен көгөністерді екі бөлек ұяшыққа төккізіп, алдарына шағын тақталарды қою керек.

– Балалар, қазір Маржан мен Абылай сатушы болады (киім үлігісін кигізу).

– Маржан, сен сатушысың. Абылай, сен де сатушысың.

– Біз сатып алушылармыз.

– Келіңдер, балалар, кезекке тізіліп тұрайық, сатушылардан тәтті жеміс пен көгөністерді сатып алайық.

Кезекте бірнеше бала толық диалог құрып сөйлессе ғана, осы көріністер қалған балаларға келесі ойындарға қатынасудың үлгісі болады.

Кезектер біткеннен кейін, балаларды орындарына отыруға шақыру керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Жеміс пен көкөніс дүкені" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.

– Дүкенде қандай рөлдерді ойнадық? Кім болдық? Сатушы болдық, жарайсың, Қымбат. Сатып алушы болдық. Жарайсың, Дариға.

– Балалар, бүгін өте ұйымшыл, әдепті болдыңдар. Сатушы бізбен сыпайы болды. Біз сатып алушы болып, үйге жеміс пен көкөністерді сатып алдық. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні: 19.10.2021 жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы: "Құстар фермасы" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру, құс күтушісінің еңбегімен таныстыру, үй құстарының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың құс фермасына қатысты ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым өтінімдерді орындау, жауап беру үлгілерін игерту, тілдік және эмоционалдық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың үй құстарын аялау сезімдерін қалыптастыру, адам еңбегін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Құстар фермасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "құс күтуші", "үй құстарын күтеді", "жем шашады", "жұмыртқалар әкеледі" сияқты сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, суретті көрсету, сурет бойынша әңгімелесу, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үй құстары дыбыстарының аудиожазбасы.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Үй құстары фермасының суреті. Құстар жемді шоқып жатыр. Балапандар табақшаны айналып жүріп, бөлек қоректенеді. Тауықтар сөрелерде отыр. Құс күтуші алжапқыш және бас орамал байлаған, жерде жүрген тауықтарға жеп шашып жүр.

Заттық суреттер: тауықтың балапаны, қораз, тауық, аққу, торғай, алжапқыш, бас орамал, жұмыртқа, табақшада жем, мөлдір табақшада су, балмұздақ, ит, мөлдір ыдыста су.

Қатты, көлемі үлкен қағаздан қиылған дөңгелек пішінді жайма.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үш жайпақ пластик табақша.

Үш алжапқыш.

Балапандар, тауықтар, қораздардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Үй құстарының дыбыстары естіледі.

– Бұл ненің дыбыстары?

– Жыл құстарының барлығы жылы жаққа ұшып кетті ... Бұл қандай құстар?

Көркем сөз. Жұмбақ жасыру.

Басында қызыл айдары бар,

Өзі сондай мазасыз.

Таң атпай ерте тұрады,

Ұйқы бермей, оятады:

Ку-ка-ре-ку!

– Иә. Бұл – қораз. Қораздың жанында тауық пен балапандары жүреді. Жақсы.

Суретті көрсету.

Үй құстары фермасының суреті көрсетіледі. Құстар жемді шоқып жатыр. Балапандар табақшаны айналып жүріп, бөлек қоректенеді. Тауықтар сөрелерде отыр. Құс күтуші алжапқыш және бас орамал байлаған, жерде жүрген тауықтарға жеп шашып жүр.

Сурет бойынша әңгімелесу.

– Балалар, бұл жерді білесіңдер ме?

– Балалар, бұл – құс фермасы. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Неге құс фермасы деп айтамыз? Иә. Үй құстарын көріп отырмыз.

– Балалар, құс фермасында адамдар үй құстарын өсіреді. Үй құстарын өсіреді. Жарайсыңдар.

– Не істейді екен? Иә. Тауықтарға жем шашады? Балапандарға жем шашады, су береді. Арғы жағында отырған нелер? Иә.

– Тауықтар сөреде неге отырады? Олар жұмыртқа басады. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Адамдар тауықтардың жұмытқаларын жинап алады. Үй құстары пайда әкеледі. Ұмытпаңдар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Құстар фермасына қажет құралдар мен атрибуттарды өзге заттардың арасынан бөліп алуға үйрету.

Шарты. Фермада қажет құралдарды, атрибуттарды атап, не үшін қажет болғанын айту шарт. Барысы.

Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.

Заттық суреттер: тауықтың балапаны, қораз, тауық, аққу, торғай, алжапқыш, бас орамалы, жұмыртқа, табақшада жем, мөлдір табақшада су, балмұздақ, ит, мөлдір ыдыста су.

– Балалар, біз, "Құс фермасы" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін және қандай құстарды күтетінімізді анықтап алайық.

– Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймыз. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.

Тақтаға кезекпен шыққан кез келген бала ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастап жатады.

– Темірбек, сен неге иттің (т.б.) суретін алып тастадың? Итті біз құс фермасында күтеміз бе? Жоқ,

Ит құс емес.

– Зарина, аққу мен торғайды неге алып тастадың? Иә. Олар үй құстары емес.

– Асылбек, неге балмұздақты, сүтті бермейміз? Иә. Құстар сүт ішпейді. Жарайсыңдар, балалар.
Сергіту сәті. "Құстар, құстар, келіңдер".

– Құстар, құстар, келіңдер,

Жемді шоқып, теріңдер.

Жемді шоқып, тойсаңдар,

Бізге ән салып беріңдер.

Балалар педагогтің шақыруымен ортаға шығады да қолдарын екі жаққа сермеп жүріп, алаң ортасындағы кілемге отырып жемді "шоқиды", саусақтарымен жерді соққылап, "тоқ-тоқ-тоқ" деп орындарынан тұрып, қолдарын бұлғайды да қайта орындарына отырады.

– Балалар, біз тағы бір жаттығуға дайындалып алдық.

Ойынды іске асыру.

"Құстар қалай қимылдайды" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, құс күтушісінің рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

Балалар өз қалаулары бойынша балапандар мен тауықтардың, қораздардың маскаларын киіп алады.

Барлық бала алаң ортасына шақырылады.

– Балапандар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсетіңдерші.

"Балапандар" (педагогтің көмегімен) табақшаны (қатты, көлемі үлкен қағаздан қиылып, жерге жайылады) айнала шоқайып отырып, құстардың жем шоқығанын көрсетеді.

– Тауықтар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсете қойыңдар.

"Тауықтар" (педагогтің немесе белсенді баланың көрсетуімен) кілем үстінде еркін жүріп, жем шоқығанын көрсетеді.

– Қораздар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсете қойыңдар.

"Қораздар" (педагогтің көмегімен) аяқтарын жоғары көтеріп, қанаттарын қағып, дыбыстарын шығарып жүргендерін көрсетеді.

– Үй құстары қалай дыбыстайды екен? Иә. Қоқ-қоқ, қоқ-қоқ ... Құт-құт-құт ... Ку-ка-ре-ку!

– Жарайсыңдар! Үй құстарына ұқсап кеттіңдер!

– Орындарыңа бары мені тыңдап отырыңдар.

Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылауға мүмкіндік алады.

Кейбір балалар өзге балаларды қайталайды, бұл да нәтиже болып саналады.

Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рольде болғандарын сезініп, өз ролінің сипатын тануға мүмкіндік алады.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Құс фермасы".

Балалардың арасынан бір-екі бала, құс күтуші киімін киіп, педагогтің жанында өз ролін атқарады.

Ойынның жылдамдығын, балалардың ойында қауіпсіздікте болуын қамтамасыз ету үшін, педагог "құс күтушілерге" қолдарына жайпақ табақшаларды беріп қояды.

Әрбір "күтуші" өзіне тиісті құстың түріне "жем шашады".

– Балалар, қазір менімен бірге, Нұргүл мен Төлеген құс күтушілер болады. Нұргүл балапандарға жем шашады, Төлеген қораздарға жем шашады. Мен тауықтарға жем шашайын.

– Балапандар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, Нұргүл күтуші жем шашып тұр. Нұргүл, "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақыр. Балапандар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Балапандар, отырыңдар!

– Қораздар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, Төлеген күтуші жем шашып тұр. Төлеген, "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақыр. Қораздар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Қораздар, отырыңдар!

– Тауықтар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, мен сендерге жем шашып тұмын. Сендерді "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақырамын. Тауықтар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Тауықтар, отырыңдар!

Ойын ойналып болғанда балалар орындарына отырғызылады. "Күтуші" балаларды мақтайды.

– Қандай тамаша! Барлық құс жемге тойды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Құс фермасы". Жарайсыңдар.

– Құс фермасында қандай құстар болды? Жарайсыңдар.

– Құс фермасында оларды қалай күтеді? Құстарға қандай қорек береді? Жем шашады.

– Құстарды не үшін күтеді? Иә. Үй құстары пайда әкеледі. Жұмыртқа басады. Жарайсыңдар.

– Жемді кімдер шашады? Құс күтушілер жем шашады. Тамаша.

– Балалар, бүгін сендер екбекшіл, ұғымтал болдыңдар. Күтушілер құстарға барлық жемді шашып берді, көп еңбектенді. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:02.11.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Автобус" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларды автобустың жүргізуші мен кондукторының қызметімен таныстыру, оларға ойынның және қоғамдық көлік ережелерін түсіндіру. Балаларға "Автобус" ойынындағы негізгі рольдер арқылы ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, педагогтің көмегімен қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, қоғамдық тәртіпті ұстануға, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Кондуктор", "салон", "жолаушы" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "билетіңізді (карточканы) көрсетіңіз", "рақмет", "сау болыңыз", "қош келдіңдер" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Автобустың аялдамадағы суреті. Аялдамадан автобуска кірген жолаушылар көрінеді.

Заттар мен құралдар (заттық суреттер): рөл, фуражка, кондуктор желеткесі, автобус билеттері, жол жүру карточкасы.

Автобус жолаушыларына қажет заттар және заттардың суреттері: сөмкенің бірнеше түрі, смартфондар, жалауша, ойыншықтар.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Көшелердің бойында ауысып жатқан үйлер тізбегі туралы бейнеролик.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР Смартфон-ойыншықтар, ойыншық сөмкелер, ойыншықтар, жолаушының билеттері, карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Суретті көрсету.

Аялдамаға тоқтаған автобустың суреті көрсетіледі. Жолаушылар автобуска кіріп жатыр.

Сурет бойынша әңгімелеу.

- Балалар, бұл не? Иә. Автобус. Жарайсыңдар.
 - Автобус қайда тұр? Иә. Автобус аялдамада тұр.
 - Автобустың рөлінде кім отыр? Иә. Жүргізуші отыр. Жүргізуші автобусты жүргізеді.

 - Салонның бір жағында кім тұр? Иә. Бұл – кондуктор. Қайталаймыз. Жақсы.
 - Кондуктор билеттерді тексереді. Кімнің билетін тексереді екен?
 - Салонда кімдер отыр? Иә. Жолаушылар отыр. Жолаушылар автобуска аялдамадан отырады. Өздеріне керекті басқа аялдамаға жеткенде автобустан түседі.
- Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

Көркем сөз. "Автобус".

Автобус терезесі көп үй сияқты,
Ішіне көп адамды салып алыпты.
Автобус үй болып, орнында тұрмайды,
Біресе жүреді, біресе тоқтайды.
Автобусты жүргізеді жүргізуші,
Болады автобуста билет тексеруші.
Бірақ ең көп жолаушылар болады,
Салон біресе азаяды, біресе толады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау.

Шарты. Автобуста қызмет жасайтын және қызмет алатын адамдарды қызметтеріне, орнына сай ажырату шарт.

Барысы.

Заттар мен құралдар (заттық суреттер) топтамасы: рөл, фуражка, кондуктор желеткесі, автобус

билеттері, жол жүру карточкасы.

Автобус жолаушыларына қажет (заттар) суреттер: сөмкенің бірнеше түрі, смартфондар, жалауша, ойыншықтар.

Балаларға өзара араласқан суреттер (заттар) үстел бетіне салынады.

– Балалар, мына суреттер арасында жолаушылардың заттары бар. Сендер жолаушылар ұстайтын заттар салынған суреттерді мына тақтаға жинайсыңдар. Ал қалған суреттерді мен екінші тақтаға орналастырамын.

Суреттер саны балалардың санына сай болуы тиіс. Кейбір суреттер бірнеше данадан болуы мүмкін.

– Балалар, өз орындарыңа отырыңдар. Біз нені жинағанымызды көрейік.

– Әлия, жолаушылар қандай заттарды ұстайды? Айтып көрші. Жолаушылар сөмке, телефон, жалауша, ойыншықтар, карточка, билет ұстайды.

– Ермек, ал мына тақтада кімнің заттары бар? Жүргізушінің бас киімі, рөлі, желеткесі. Тамаша. Мына заттарды есте сақтаңдар.

Ойынды іске асыру.

"Автобуста қалай жүреміз" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар үшін орындықтар екі қатар болып тізіліп қойылады, қатарлардың арасы кең болуы тиіс. Бір қатардың бас жағы "жүргізушінің" орны болып белгіленеді.

Балалар өз қалаулары бойынша смартфондар, сөмкелер, ойыншықтарды алып, өз орындарында педагогтің түсіндіргенін тындайды.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, кондуктордың ролін алғашында педагог өзі атқарады.

– Балалар, мен автобустың жүргізушісімін. Біз автобустың салонындамыз.

– Құрметті жолаушылар, біздің автобус "Астана" аялдамасына келді! Отырыңыздар! Бір билеттен алыңыздар!

Балалар "салонға" шақырылады. Билеттер жеке қорапшада жинақталып жатады.

Егер балалардың саны көп болса, билеттерді "салонда" таратуға болады.

Балалардың өз орындарына отыруы бақыланады.

Ойынның басында педагог өзі кондуктор болады.

– Құрметті, жолаушылар, билеттеріңізді көрсетіңіздер!

– Жолаушылар, біз автобуспен әрі қарай жүріп барамыз.

– Біз қазір үлкен алаңнан өтіп барамыз! Қараңыздар, қандай биік үйлер бар!

Бейнероликті көрсету.

Көше бойында автобустың жүргені туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Қандай тамаша!

Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, олар үшін бос орындар болуы тиіс, олар ойынды бақылауға мүмкіндік алады.

Кейбір балалар өзге балаларды қайталайды, бұл да нәтиже болып саналады.

Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рольде болғандарына сеніп, өз ролінің сипатын тануға мүмкіндік алады.

Сергіту сәті. "Автобус жолаушылары".

Аялдамаға тоқтайды,

Көптен күткен автобус.

Тоқтатып, пипылдайды,

Жүргізуші ағамыз.

– Жолаушалар, жүріңдер!
Төрге шығып, кіріңдер!
Рөлді бұрап жүремін,
Жолды жақсы білемін.

– Біз билетті аламыз,
Жолды төлеп барамыз.
Ау, автобус тоқтама!
Жолда көп аялдама.

– Ал, жолаушылар, аялдамаға шығайық! Серуендейік. Автобус бізді күте тұрсын.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Педагогтің айтқан сөздері балалардың ырғаққа сай қимылдарымен сүйемелденеді.
Педагогтің дауысы мен сөздері неғұрлым нақтылы айтылған сайын, балаларда жағымды эмоциялардың туындауына септігін тигізеді.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Автобус".

Балалар арасынан бір-екі бала таңдалып, педагог тарапынан жүргізуші мен кондуктор ролін атқаруға тағайындалады.

– Балалар, автобусқа жүргізуші керек. Алдияр, бүгін жүргізуші боласың. Жүргізушінің бас киімі мен желеткесін киіп, рөлді ұста.

– Алдияр, орныңа отырып, автобусты жүргізгеніңді көрсетші... Жарайсың.

– Сәбира, кондуктор боласың. Сәбира, жолаушыларға билетті тарата ғой. Жарайсың.
Жолаушыларды автобус салонына шақыра ғой!

Балалар отырғаннан кейін оларға сұрақ қойылады:

– Балалар, сендер автобусқа отырдыңдар. Сендер кімсіңдер? Иә. Жолаушыларсыңдар.

– Жүргізуші Алдияр, автобусты жүргізе ғой! Рөлді бұра! Кеттік!

– Сәбира, жолаушылардың билеттерін тексер! Жарайсың!

Балалар автобусқа "отырғанда" көңілді, дыбысы баяу әуен қосылады.

– Жарайсыңдар! Автобус жақсы жүріп келе жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

Қорытындыны балалардың "салонда" отырған кезінде жасауға болады.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Автобус" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.

– Балалар, біз кім болдық? Жолаушылар болдық. Жарайсыңдар.

– Барлығымыз жолаушы болдық па? Иә. Алдияр жүргізуші болды. Сәбира кондуктор болды. Тамаша.

– Біздің жүргізуші мен кондуктор еңбекқор, әдепті болды. Жарайсыңдар.

– Балалар, сендер де бүгін автобуста шуламай, әдепті бала болдыңдар. Ата-аналарыңа сендерді мақтаймын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Балалар шаршамай уақыт жеткілікті болса, балалардың ойынға деген қызығушылығын сақтау керек, оларға өз еркімен ойнауға мүмкіндік беріледі.

Күні:16.11.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Кітапхана" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды кітапханашының мамандығымен таныстыру, кітапхана жөнінде мағлұмат беру, ойын және кітапхана ережелерін түсіндіру. Балалардың кітапхана ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу, сыпайылық ережелерін ұстану іскерлігін қалыптастыру, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды әдептілікке, қоғамдық тәртіпті ұстануға, кітап арқылы ертегілер мен тақпақтар әлеміне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Кітапхана", "кітапханашы" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "сәлеметсіз бе", "рақмет", "сау болыңыз", "қош келдіңдер", "кітап бар ма?" сияқты сөздерді, фразаларды айтқызып, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдерАудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ғажайыптарды білдіретін әуенжазбасы.

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы.

Үлкен кітапханадағы оқу залының суреті.

"Кітапхана" жазуы.

Жұқа және қалың, үлкен және кішкентай кітаптар топтамалары.

Кітаптар үшін сөрелер.

Карточкалар үшін екі бөлімшеге бөлінген қорапша.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қорапшаның ішінде жатқан түрлі-түсті реңге боялған "оқырман карточкалары".

Балалар үшін кітаптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ғажайыптарды білдіретін әуенжазбасы қосылады.

Кіріспе әңгімелесу.

- Балалар, бүгін біз қай жерге барамыз? Қалай ойлайсыңдар?
 - Балалардың көңілін кітаптар сөрелеріне аудару.
 - Балалар, бұның барлығы не? Иә. Бұлар – кітаптар.
 - Кітаптар қайда тұр? Сөрелерде тұр. Жарайсыңдар.
 - Бір кітап па? Иә. Көп кітап. Дұрыс.
 - Бұндай көп кітап не үшін жиналған? Бұл дүкен бе екен?
 - Балалар, бұл – кітапхана. Кітапхана – кітаптар сақталатын үй. Кітапхана. Қайталаймыз. Кітапхана ненің үйі? Иә. Кітаптардың үйі. Жақсы.
- Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

Суретті көрсету.

- Үлкен кітапханадағы оқу залының суреті көрсетіледі.
- Балалар, кітапхана өте үлкен болады.
 - Көрдiңдер ме қаншама көп кітаптар тізілген.
 - Бұнда кітапханашы отырады. Ол кітаптарды таратады, қайта қабылдап, сөреге қояды.
 - Ал мынау – оқырмандар. Қайталаймыз: кітапханашы, оқырман.

Көркем сөз. "Кітаптарда не бар?"

Кітаптарда не бар? Ғажайыптар.
Кітаптың беттері қатар-қатар.
Шақырады оқуға ертегілер,
Суретке салынған кейіпкерлер.
Ата, әжені, немересін,
Ертегі жолында кездестіресің,
Қу түлкіні, бауырсақты, қоянды.
Үйшіктен қашқан көп аңдарды.
Әріптерді оқуды үйренгенше,
Әңгімелейік ертегілерді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Кітапханада не бар?" ойын-жаттығуы.

- Мақсаты. Кітапханада болатын кітапханашы, оқырман тараптарды анықтау, атауларын пысықтау.
- Шарты. Кітапханада қызмет жасайтын және қызмет алатын адамдарды ажырату шарт.
- Барысы.
- Үстелге бірнеше топтама болып, жұқа және қалың, үлкен және кішкентай кітаптар жиналады.
- Кітап сөрелерінде бір-екі кітап тұрады.
- Қорапшаның ішінде түрлі-түсті реңдерге боялған "оқырман карточкалары" жатады.
- Карточкалар бір реңнің түсіне жұп-жұп болып жатады. Карточкалар жұптарының саны балалардың толық санынан, кем дегенде 3-тен 2 бөлікті алу керек.
- Балалар, қазір біз кітапханада қандай құралдар қажет екенін анықтаймыз.
 - Мынау не? Иә. Кітаптар. Осы кітаптарды бір-бірден сөреге тізе қойыңдар. Орындарыңа отырыңдар. Жарайсыңдар.
- Педагог кітаптардың қатарларын өзі түзейді.
- Енді оқырмандарға қажет екі бірдей түсті карточкалар қажет. Мына қорапшада барлығы

араласып кетіпті.

Педагог үлкен үстел бетіне немесе кілем үстіне араласқан карточкаларды жаяды.

– Сендерге тапсырма: сендер оқырман боласыңдар. Ол үшін әрқайсың карточкаларды жұптарға жинап беріңдер.

Әрбір бала, мысалы, өзіне екі қызыл, екі көгілдір сияқты карточкалар жұптарын жинап алады.

Карточкаларды жинайтын қорапша көлденең тақтайшамен бөлінеді.

– Балалар, сендер карточкалардың жұптарын дұрыс таптыңдар. Енді мына екіге бөлінген қорапшаның екі жағына салып беріңдер ... Тамаша.

– Балалар, мына қорапша кітапханашыда болады.

Сергіту сәті. "Кітапханада тыныш болу керек".

Сергіту сәтін өткізу мерзімін педагог өзі оқу қызметіндегі жағдаяттарға қарап қолданады.

– Кітапхана, тыныштық. (сұқ саусақты ерінге тигізу)

Тынышты да ойыншық,

Ақырын сұрақ қоямыз,

Ақырын кітап аламыз.

Кітаппен біз ойнамай, (сұқ саусақты бұлғау)

Кітап бетін мыжымай,

Қызықтаймыз суретті,

Баламыз ғой әдепті. (бас бармақты)

Балалар шеңберге тұрғызылып, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталайды.

– Балалар, сөздердің барлығымыз әуен ырғағына сай айтып көрейік.

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, кітапханада адамдар кітапты оқиды, бір-біріне кедергі жасамайды.

– Кітапханада тәртіпті сақтау ережелері бар. Олар қандай? Кім біліп алды?

– Кітапханада

* тыныш болу керек,

* ақырын сөйлеу керек,

* кітап бетін бүкпеу керек,

* әдепті болу керек.

– Жарайсыңдар.

Ойынды іске асыру.

"Кітапханаға барайық" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар үшін үстелдер бірнеше қатарға қойылады.

Үстелдерге жақын кітаптар тізіліген "кітапхана" сөрелері тұрады.

Сөренің жанында "кітапханашының" үстелі және "оқырмандар карточкалары" тұрады.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, кітапханашы рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

– Балалар, мен кітапханашымын.

– Сендер кітапты аламын десеңдер, менен кітапты және карточканың бір данасын аласыңдар.

Балалар кезегімен шақырылады.

– Сәлеметсіз бе! Сізге қандай кітап керек? Алыңыз. Міне, Сізге карточка. Кітапты қарап болғаннан кейін, карточканы жұпқа қайтарасыз. Отырыңыз.

Балалардың барлығы орындарына отырғанда, тыныштықты сақтау ережелерін естеріне салып жүру керек.

Кітапты қарағанда беттерді бүктемей аударған, үстел басында дұрыс отырған, әдепті болған балаларды мақтап жүру шарт.

Тыныштықтың маңызды екенін балалар педагогтің басқң дауыспен немесе сыбырлап сөйлегенінен байқайды.

Ойын барысын әдемі, дыбысы баяу әуенжазбасымен сүйемелдеп қоюға болады.

Кейбір ойынға қатысқысы келмейтін балалар үшін бос орындар болуы тиіс, оларға өз орнында отырып, ойынды бақылауға деген мүмкіндік беріледі.

Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рөлде, барлығына ортақ кітапханада болуды сезініп, жағымды эмоцияларға бөленеді.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Кітапхана".

Кітапханашы рөлін атқаруға бір бала педагог тағайындайды.

– Балалар, Эльмира – кітапханашы. Эльмиранан кітапты сұрайсыңдар. Егер өздерің таңдасаңдар, карточканы алып кетесіңдер.

– Балалар, кітапты қарап шықсаңдар, орнына қойып, карточканы кітапханашыға қайтарасыңдар. Педагог балалардың бір-біріне кедергі жасау жағдайын ескеру керек, "кітапханашыға" көмегін береді.

Ойынның аяғында балалар "кітапханашыға" карточкалардың жұптарын қайтарады, кітапдарды орнына қойып, кілем үстіне еркін орналасады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Кітапхана" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.

– Кітапханада кім болдық? Оқырман болдық?

– Бізге кітапты кім берді? Иә. Кітапты кітапханашы берді. Жақсы.

– Сендер кітапханада қандай болу керек екенін түсіндіңдер ме?

– Қандай ережелерді сақтау керек?

– Тыныш болу керек, ақырын сөйлеу керек, кітаптың бетін бүктемейу керек. Жарайсыңдар! Барлық ережені сақтадыңдар.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендердің ұқыпты, әдепті балалар болғандарыңды көрдім. Ата-аналарыңа сендерді мақтаймын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Ойын кешкі уақыттарда жалғасады.

Күні:30.11.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Үй құрылысы" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларды құрылысшы мамандығымен, құрылыс материалдары мен құрылысшыға қажет құралдармен таныстыру, үй құрылысының барысы жөнінде мағлұмат беру. Балалардың құрылыс ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, достыққа, еңбекшілдікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс "Құрылыс", "құрылысшы" сөздерінің мағынасын түсіндіру; белсенді сөздік қорға "балға", "қалақша", "ара", "құрылысшы" сияқты сөздерді және "кірпіштерді қаладым", "кірпішті берші" фразаларын айтқызып, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер Суретті көрсету, көркем сөз, бейнероликті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Нұр-Сұлтан қаласының суреті.

Үйдің құрылысы туралы бейнеролик.

Заттар немесе суреттері: пластик құрылыс материалдарының түрлері (текше, призма, кірпіш, білеу), құрылысшының каскасы, құрылысшының алшапқышы, қолғаптары, қалағы, балға, ара, қайшы, тарақ, айна, фонендоскоп, ақ халат.

Суреттер сериясы:

1. Алжапқыш, етік, қолғап, каска киген құрылысшы.
2. Құрылысшы қалақпен кірпіштер қалап жатыр.
3. Құрылысшы арамен тақтайды кесіп жатыр.
3. Құрылысшы балғамен шеге қағып жатыр.

Пластиктен жасалған құрылыс материалдары.

Брғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Пластиктен құрылыс материалдары.

Алшапқыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.

Нұр-Сұлтан қаласының көрінісі көрсетіледі. Суретте зәулім үйлер, мұнара, жасыл ағаштар бар.
– Балалар, мына суретте не салынғанын танып отырсыңдар ма?

Көркем сөз.

Астана – бас қалам,

Атауы – Нұр-Сұлтан.

Жайнай бер әлемге,

Асқақтап төрінде.

– Мынандай эәулім үйлер мен мұнара қалай пайда болатынын көрейікші.

1.2. Бейнероликті көрсету.

Үйдің құрылысы туралы бейнеролик көрсетіледі.– Балалар, бүгін біз "Үй құрылысы" ойынын ойнаймыз.

– Ойынды ойнау үшін үй құрылысына не қажет, қандай адамдардың еңбегі қажет екенін білейік.

Суретті көрсету.

Құрылысшының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына адамды танып тұрсыңдар ма? Бұл – құрылысшы. Біз бүгін үй құрылысында құрылысшы боламыз. Қайталайық. Жарайсыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Құрылысшыға не керек?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Үй құрылысында қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, атауларын пысықтау, құрылысшының жұмыс аясын анықтау.

Шарты. Құрылыс материалдарын айту, бір-бірінен ажырату, құрылысшының әрекеттерін тану шарт.

Барысы.

Балаладың алдына кілемге түрлі заттар, құрылыс және басқа материалдары (суреттері) жайылады.

– Балалар, мына заттардың арасынан сендер тек құрылысқа қажет материалдарды табасыңдар, үстелге жинап қоясыңдар. Мұқият болайық.

Заттар немесе суреттер топтамасы: пластик құрылыс материалдарының түрлері (текше, призма, кірпіш, білеу), құрылысшының каскасы, құрылысшының алшапқышы, қолғаптары, қалағы, балға, ара, қайшы, тарақ, айна, фонендоскоп, ақ халат.

Балаларға заттарды атауға мүмкіндік беріледі.

Балалар өз орындарына отырғызылады.

Суретті көрсету.

Құрылысшының суреті көрсетіледі.

– Құралай, қаска, алжапқыш, қолғап не үшін керек? Көрсетші. Жарайсың.

– Каска адамның басына ештеңе түсіп кетпес үшін керек.

– Алжапқыш үсті бұлғанбау үшін керек.

– Қолғап қолдары жарақаттанбау үшін керек.

– Балалар, ал мынау не? Иә. Қалақ, балға, ара. Бұл құрылысшының құралдары. Қайталаймыз.

Жақсы.

– Қамбар, қалақ, балға, ара не үшін керек?

– Қалақ кірпіштерді қалау үшін керек.

– Ара тақтайларды кесу үшін керек.

– Балға шегелерді қағу үшін керек.

– Жарайсыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Бірге үй саламыз"

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, біз биік үйлерді қалай салатынымызды көрсетейік.

Бірге үй саламыз (қол белде).

Түп-түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ)

Төменнен бастаймыз (қолды алға созу),

Қайта отырамыз (отыру)

Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға),

Биік өскен қаламыз (асықпай көтерілу, қолды жоғарыға созу, аяқ ұшына тұру).

Педагог қимылдарды көрсеткенде дауысын барынша шығарып, сөздерді ырғаққа, қимылдарға сай жасауға міндетті.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Құрылысшы не істейді" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар кілем үстінде саны шағын құрылыс материалдарының жинақтамаларын алып, қарапайым құрылыс нысандарын қалауға мүмкіндік алады.

– Балалар, құрылыс материалдарынан қандай құрылыстарды жасайтындарыңды көрсетіңдерші.

Мүмкіндігінше үйдің бір үлгісі қойылады, балалар үлгіні қайталайды.

Педагог балаларды аралап, оларға текше, призма, кірпіш, білеу құрылыс материалдарын айтқызып, құрылыстарын байқайды.

– Ескендір, сен нені салып отырсың? Қандай материалдарды қолдандың?

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Үй құрылысы".

– Балалар, сендердің құрылысты жасай білетіндеріңді көріп, құрылысқа тағы да жаңа материалды қосуды ұсынамын.

Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта құрылысшы екенін сезініп, жағымды эмоцияларға бөленеді.

Егер кейбір балалардың құрылыстарында олқылықтар болып жатса, жанындағы баладан сұрауға болады.

– Асқар, саған қандай материал керек?

– Балжан, сенде кірпіш бар ма? Асқарға кірпішті бересің бе?

– Асқар, Балжаннан кірпішті қалай сұрайсың? Жарайсыңдар ...

Ара, балға, қалақтар сияқты материалдарды ұсыну мына үлгідегідей болады: "Мирас, балғаны алып, мына тақтай білеуді қағып жібер", "Дамир, арамен тақтайды кесіп жібер", "Дана, кірпіштердің арасын қалақпен желімде".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Үй құрылысы" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.

– Үй салғанда кім болдық? Құрылысшы болдық? Жарайсыңдар.

– Қандай құралдарды қолдандыңдар? Жарайсыңдар.

– Балалар, бүгін, оқу қызметінде сендер еңбекшіл, тиянақты, бір-біріңе дос болдыңдар. Сендерді, нағыз құрылысшы деп мақтан тұтамын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Ойын кешкі уақыттарда жалғасады.

Күні: 14.12.2021 жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы: "Ойыншықтар дүкені" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға дүкендегі ойыншықтардың атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұйымшылдыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс Белсенді сөздік қорға ойындағы сұрақ үлгілерін, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қарым-қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы.

Ғажайып, Жаңа жылдың келуін белдіретін көңілді әуенжазбасы.

Ойыншықтар үшін сөрелер.

Аяз атаның шанаға бұғыларды шегіп, аспанда ұшып келе жатқаны туралы бейнеролик.

Балалардың Аяз атамен бірге би билеп тұрғаны туралы бейнеролик.

Әртүрлі материалдардан (ағаш, пластик, резеңке) жасалған ойыншықтар.

Ойыншықтардың заттық суреттері.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ойыншықтардың бейнелері салынған таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Ғажайып, Жаңа жылдың келуін белдіретін көңілді әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бұл әдемі әуен не туралы болуы мүмкін?

Бейнероликті көрсету.

Аяз атаның шанаға бұғыларды шегіп, аспанда ұшып келе жатқаны туралы бейнеролик көрсетіледі.– Балалар, бұл кім? Жарайсыңдар.

– Аяз ата екенін қалай біліп қойдыңдар? Иә. Шанасында сыйлықтары бар.

– Балалар, Аяз ата ойыншықтар мен сыйлықтарды "Ойыншықтар" дүкеніне қалдырыпты.

Көркем сөз.

Әлемде әртүрлі дүкендер бар,

"Жеміс-көгөніс" дүкені, "Жиһаздар",

Киімдер сататын, ыдыстар.

Ал бізге керегі ойыншықтар.

– Балалар, бүгін біз "Ойыншықтар" дүкені ойынын ойнайық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.

Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.

Барысы.

Ойынды өткізуге әртүрлі материалдан (ағаш, пластик, резеңке) жасалған ойыншықтар қолданылады.

Нақтылы ойыншықтар болмаса, сол ойыншықтардың суреттері ұсынылады.

Ойыншықтардың сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады. Мысалы, аю, қуыршақ, тиін, қоян, доп, т.б.

– Балалар, мына дүкенде қандай ойыншықтар сатылады? Жарайсыңдар.

Балалар жауаптарын айтады.

– Қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.

– Балалар, барлығың да белгі бойынша қолды жоғары көтеріп алаңға шығасыңдар, дәл сендердегі сияқты таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.

– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.

Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен араласып жатады.

Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.

– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.

– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, қалаған ойыншықтарды бір-біріңнен сатып алдыңдар.

Сергіту сәті. "Шыршаға қараңдар".

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы қосылады.

– Шыршаға қараңдар,

Таңқалып қалмаңдар.

Бұтақтағы ойыншықпыз,

Шеңбердегі аюмыз.

Енді біз түлкіміз,

Түлкі боп жүрміз.

Қоянмен біргеміз,

Бірге секіреміз.

Балықтай жүземіз,

Үндемей күлеміз.

Балалар педагогті тыңдап, тек қимылдарды орындайды.

Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар жарты шеңберге отырады.

– Балалар, дүкенге келгенде не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!

– Ойыншықты сатып алу үшін, кімнен сұраймыз? Иә. Сатушыдан сұраймыз.

– Қазір, Әлия сатушы болады. Әлия, бері шыға ғой.

Балаларға сорелерге тізілген ойыншықтар көрсетіледі.

- Асылбек, сен сатушы Әлиядан ойыншық туралы қалай сұрайсың?
– Сәлеметсіз бе! Сізде қандай ойыншықтар бар? Қайтала. Жарайсың. Балалар, кім есінде сақтап алды? Жақсы.
– Әлия, саған сұрақ болды ... Қандай ойыншықтардың бар екенін айтып берші.
"Сатушы" барлық ойыншықтарды айтады.
– Асылбек, қандай ойыншықты сұрайсың?
– Сізде аю сатыла ма? Қайтала. Жарайсың!
– Асылбек, дүкенде аю бар екен. Таңбалауышың қайда? Көрсет. Сатушыға бер.
"Сатушы" мен "сатып алушы" таңбалауыш пен ойыншықты (ойыншықтың үлкен суретімен) алмасады.
– Балалар, сатушы мен сатып алушы бір-біріне рақметін айту керектігін ұмытпаңдар.
– Асылбек, сен кім болдың? Иә. Сатып алушы болдың. Құттықтаймын! Әдемі ойыншықты сатып алдың!
– Иә. Аю сатылады. Таңбалауышты көрсетіңіз.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, педагог сатушы мен сатып алушының араларындағы диалогтарды реттеп, бақылап отырады.
Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Ойыншықтар" дүкені.
Педагог таңбалауыштардың бір жұп данасын ғана қалдырады, қалған балаларға қосымша таңбалауыштарды үлестіреді.
Таңбалауыштар саны, ойыншықтар санына сай жұп болуы тиіс.
Сатушы болып өзге бала да ойнауы мүмкін. Балалар өздері қалаған таңбалауыштарды алып, сатушының алдына барады. Ойыншықтарды сұрайды. Сатушы таңбалауышты көрсе ғана ойыншықты береді.
Ойында "сатушы" мен "сатып алушылар" таңбалауыштарды ойыншықтарға алмасады.
Ойынның аяғында балалар өз орындарына отырғанда, "сатушыдан" балалардың одан қандай ойыншықтардың сатып алғанын сұрауға болады. "Сатушы" ойыншықтарды айтып шығады.
Соңында "сатушының" еңбегі мақталады.
– Әлия, жарайсың! Міне, қаншама көп ойыншықтарды сатып үлгердің. Әмиянің таңбалауыштарға толып тұр екен.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Мақтау және оқу қызметін пысықтау.**– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Ойыншықтар" дүкені ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында не істедік? Иә. Ойыншықтарды сатып алдық. Сатушыдан кім нені сатып алды? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендер сыпайы, әдепті бала болдыңдар. Аяз атаның қалдырып кеткен ойыншықтары барлығыңда да бар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:28.12.2021жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Аурухана" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға дәрігер мамандығы жөнінде мәлімет беру, дәрігер мамандығына қатысты құралдармен, оларды қолдану қажеттілігімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Дәрігер ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынасқа түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу, денсаулық сақтау қағидаларына баулу.

Сөздік жұмыс Балалардың белсенді сөздік қорын "дәрігер", "дәрумен", "тыныс алуды тыңдау үшін керек", "жараны байлау үшін керек", "ауырмау үшін керек" сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі.

Белгілі мамандарға қажет ойыншық-құралдардың суреттері: текше, кірпіш, құрылысшының алжапқышы, құрылысшының каскасы, дәрігердің ақ қалпағы, жұмысшының қолғаптары, бес саусаққа киілетін резеңке қолғаптар, балға, ара, қайшы, тарақ, фонендоскоп, ақ халат, дәрігердің сөмкесі, шприц, дәрумендер шөлмегі, дәке (бинт).

Балалар үшін жасанды заттар мен құралдар.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Дәрігердің қимылдарын білдіретін суреттер сериясы:

- * дәрігер фонендоскоппен тыныс алуды тыңдап жатыр.
- * дәрігер дәруменді таратып беріп жатыр.
- * дәрігер дәрмекті шприцке жинады.
- * дәрігер бинтпен қолды байлап жатыр.
- * дәрігер тамақты қарап жатыр.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР Ақ халаттар, ақ қалпақтар, "дәрігер сөмкесі" жинақтамалары, қуыршақтар, ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Суретті көрсету.

Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі. – Балалар, бұл кім екенін таныдыңдар ғой? Иә. Бұл – дәрігер. Қайталаңдар. Жарайсыңдар.

Көркем сөз

Біздің көрші дәрігер,
Өз ісіне ол шебер,
Ауруды емдейді,
Ащы дәрмек бермейді.

Ауырып қалсақ, дәрігер,
Жәрдем көлікпен келер.
Дене ыстығын өлшейді,
"Қарды жеме," – дейді,

Дәрігер біледі жұмысты,
Тындайды кеудені, тынысты,
Тамақты мұқият қарайды,
Асықпайды, айтады: "Жарайды".

Құлап қалсақ, сенеді ол:
"Шыда, балам, батыр бол!"
Жарамызды байлайды,
Дәкені мықтап орайды.

Дәрігердің жаны адал,
Киеді ақ халат, қалпақ.
Оның емі – жылы сөз,
Дәрігер бізге нағыз дос.

Кіріспе әңгімелесу.

- Қаламқас, дәрігерді қалай таныдың?
- Дәрігер басына ақ қалпақ киеді.
- Үстіне ақ халат киеді. Қайтала.
- Дәрігердің емдеуге қажет құралы болады.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Дәрігер қай жерде жұмыс істейді? Иә. Ауруханада жұмыс істейді. Жарайсыңдар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ "Не үшін керек?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Ауруханада дәрігер қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, құралдардың атауларын пысықтау, дәрігердің жұмыс ерекшеліктерін анықтау.

Шарты. Дәрігер құралдарын айту, ажырату, дәрігердің әрекеттерін тану шарт.

Барысы.

Балалардың алдына бір-екі қорапта араласып жатқан құралдар түрлері (суреттері) жайылады.

– Балалар, біз дәрігер болып ойнағымыз келеді, бірақ біздің алдымызда көптеген құралдар араласып кеткен. Осы құралдардың арасынан артық құралдарды жеке қорапқа жинайық.

Пластиктен ойыншық-құралдар (суреттері): текше, кірпіш, құрылысшының алжапқышы, құрылысшының каскасы, дәрігердің ақ қалпағы, жұмысшының қолғаптары, бес саусаққа киілетін резеңке қолғаптар, балға, ара, қайшы, тарақ, фонендоскоп, ақ халат, дәрігердің сөмкесі, шприц, дәрумендер шөлмегі, дәке (бинт). Балалар дәрігер мамандығына қатысты заттарды (суреттерді) бөлек жинайды, қалған құралдар жеке алынады.

Затты зерттеу.

- Балалар, ал мынау не? Иә. Фонендоскоп, шприц, дәрумендер. Бұның бәрі кімнің құралдары? Дәрігердің құралдары. Қайталаймыз. Жақсы.
- Томирис, осы құралдар не үшін керек?
- Фонендоскоп тынысты тыңдау үшін керек. Қайталаймыз.

- Шприц дәріні егу үшін керек. Балалар, шприцтен қорықпайсыңдар ғой?
- Дәрумендер ауырмау үшін керек. Дәрумендерді жақсы көресіңдер ме?
- Дәке (бинт) жараны байлау үшін керек.
- Қасық тамақты қарау үшін керек.
- Жарайсыңдар.

Сергіту сәті. "Ауырмаймыз, ауырмаймыз". – Ауырмаймыз, ауырмаймыз (сап түзеп, бір орында жүру),

Жаттығуларды жасаймыз (сап түзеп, бір орында жүру).

Бір – басымызды шайқаймыз (қолдар белде, басты оңға-солға шайқау),

Қолдарымызды бұлғаймыз (екі қолды жоғары көтеріп, бұлғау),

Денемізбен еңкейеміз (оңға-солға еңкею),

Оңға-солға еңкейеміз.

Қос аяқпен секіреміз (бір орында секіру),

Аяқты көтеріп, жүреміз (марш басу).

Сергіту сәтін өткізу уақыты педагог белгілейді. Ойынның барысында балалардың іс-әрекетін ауыстыру қажеті туындағанда сергіту сәтін өткізу уақытының келгенін білдіреді.

Ойынды іске асыру.

"Ауруханада не айтамыз" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар жарты шеңберге отырады.

Тілі анық, сөйлеуі жақсы дамыған бір баланы дәрігер етіп тағайындауға болады.

Жалпы, ойынның өтілу жылдамдығы педагогтің жетекшілігіне байланысты,

сондықтан стандартты жағдайда педагог өзі дәрігер болып, диалогтарды бастап отырады.

Топтағы балалардың даму ерекшеліктеріне негізінде, педагог дәрігер емесе, ауырған адамның рөлін атқарып, баланың біріне дәрігерді ұсынады. Сонда дәрігердің емдегені үшін бірнеше позиция ойнатылады.

– Балалар, ауруханада дәрігер кімді емдейді? Иә. Ауырған адамдарды емдейді. Қайталайық.

– Балалар, ауырған адам дәрігерге қай жері ауырғанын айту керек.

– Бүгін Аяжан дәрігер болсын. Қалпақ пен халатты киіп алсын.

– Ал Ақбар ауырғанын айтсын.

– Балалар, ауыруханаға келгенде біз не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!

– Аяжан, сен Ақбардан нені сұрайсың?

– Сәлеметсіз бе! Сіздің қай жеріңіз ауырып тұр?

– Ақбар, айта ғой ... Тамағың ауырып тұр ...

– Аяжан, сен не істейсің? Иә. "Ауызды аш, ааа". Жарайсың.

– Ақбар, тағы қай жерің ауырғанын айтасың?

– Аяжан, тынысын тыңдау керек ... (тыңдату)

Ауырғанның қанша жағдайын ойнату керектігін педагог өзі қарастырады. Егер балаларда ойындағы оқиғаны ойнау дағдылары жеткілікті дамыса, онда бірнеше жағдайды ойнап және бірнеше баланы қатыстыруға болады.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Аурухана".

Балалар үшін дәрігер рөлін атқаруға бірнеше киім үлгілері үлестіріледі.

Дәрігер құралдарының топтамалары жеткілікті болуы тиіс.

Балалар жұптарға немесе бірнеше топтарға бөлінеді.

Егер кейбір балалар ойынға қатысқысы келмесе, өзі қалаған жерде болып ойынды бір жақтан бақылауға мүмкіндік алады.

Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын және ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.

Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.

Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Дәрігерге не айтасың?", "Қай жерің ауырды?",

"Ауырғанын қалай сұрайсың?", "Не дейміз?", "Ол үшін қандай құрал аласың?", "Не істейсің?"

Балаларға ауырған кейіпкер күйінде қуыршақтарды, басқа жануарларды ойыншықтарды да беріп қоюға болады.

Кейбір баланы "дәрігердің" алдына ауырған болып барып, бірге ойнатуға болады.

Ойын аяқталған жағдайда құралдар мен ойыншықтарды орнына салып, жинап қоюға нұсқау беріледі, тәртіп бақыланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Аурухана" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.

– Ойында біз кім болдық? Иә. Дәрігер болдық. Не істедік? Иә. Емдедік, тынысты тыңдадық, тамақты қарадық, дәрумен бердік. Жарайсыңдар.

– Балалар, ауырмау үшін, не істеу керек? Иә. Ата-ананың тілін алу керек, қолды жуу керек, жылы киіну керек, суықты жемеу керек.

– Балалар, бүгін, оқу қызметінде сендер зерек, білгір болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:18.01.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Жануарлар фермасы" ойыны

Оқу қызметінің мақсатыБалаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың тақырып бойынша ойын желісіндегі тілдік және эмоционалдық арақатынастарға түсу іскерлігін жетілдіру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, қабылдау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың адам еңбегін бағалау, үй жануарларына қамқорлықпен қарау сезімдерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс"Жануарлар фермасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "жануарларды күтуші", "суарады", "шөп береді" , "күтеді", "қорада ұстайды" сияқты сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдерАудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үй жануарлары фермасы дыбыстарының жазбалары.

Қорада тұрған үй жануарларының суреті.

Алдына айыр ағашпен шөп салынып тұрған үй жануарының суреті.

Заттық суреттер: қасқыр, бұзау, қозы, лақ, бұзау, сиыр, жылқы, қой, қораз, тауық, торғай, балық, алжапқыш, қапта жем, мая шөп, шелекте су, айыр ағаш,

Бірнеше шелек пен дорбада "жем" салынған, "шөп" (жасанды) орамдары.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Құлыншақтардың, лақтардың, қошақандардың, бұзаулардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Үй жануарлары фермасының дыбыстары естіледі.

– Балалар, мынау естіп отырған дыбыстарды танып отырсыңдар ма? Бұл қай жер екен?

Суретті көрсету

Қорада тұрған үй жануарларының суреті көрсетіледі.

– Балалар, енді танып отырсыңдар ма? Бұл нелер?

Көркем сөз.

Бұзау, құлын, қозы, лақ
Аулада жүр ойнамақ,
Бірақ қыста, суықта,
Орын тар ғой қорада.

Қорамызда шөп көп,
Мая-мая, мол шөп.
Жаздыгүні орылған,
Қысқа толып жиналған.

– Жеңдер, жеңдер,
Төлдерім,
Міне шөбім, жемдерім,
Су ішіндер бір шелек.
Не берейін? Не керек?

– Балалар, мына жануарлар қайда тұр? Олар неге қорада тұрады?

– Балалар, үй жануарларын қыста күтетін жерді "Жануарлар фермасы" деп айтады.

– Бүгін біз "Жануарлар фермасы" ойынын ойнаймыз. Қайталаймыз. "Жануарлар фермасы".
Жарайсыңдар.

– Балалар, үй жануарларын күтетін адамды күтуші деп айтады. Қайталаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Үй жануарлары фермасында күтушіге қажетті құралдар мен атрибуттардың анықтау.

Шарты. Фермада қажет құралдар мен атрибуттарды атап, не үшін қажет болғанын айту шарт.

Барысы.

Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.

Заттық суреттер: қасқыр, бұзау, қозы, лақ, бұзау, сиыр, жылқы, қой, қораз, тауық, торғай, балық, алжапқыш, қапта жем, мая шөп, шелекте су, айыр ағаш.,

– Балалар, біз "Жануарлар фермасы" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін және қандай жануарларды күтетінімізді анықтап алайық. Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймыз. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.

Тақтаға кезекпен шыққан кез келген бала ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастап жатады.

– Қамбар, сен неге қораздың (т.б.) суретін алып тастадың? Біз қоразды жануарлар фермасында күтеміз бе? Иә. Қораз үй жануары емес. Қораз – үй құсы.

– Тахмина, қасқырды неге алып тастадың? Иә. Ол – жабайы аң.

– Асылбек, неге үй жануарына балықты бермейміз? Иә. Үй жануарлары балықты жемейді.

Жарайсыңдар, балалар.

Шөптің, жемнің, айыр ағаштың, шелектегі судың суреттері бөлек алынады.

– Балалар, ал мына суреттерді мен неге бөлек жинап қойдым? Иә. Бұл жануарларды күтетін құралдармен азықтар.

– Кім айтады шөп, су, жем не үшін керек? Иә. Оларды үй жануарларына береді.

– Мына айыр ағаш не үшін керек? Иә. Шөпті айыр ағашқа көбірек жинап алып, жануардың алдына салады.

Сергіту сәті. "Жануар болайық".

"Жануар болайық" сөзі "құлыншақ болайық" тіркесімен ауыстырылып тұр. Үй жануарлары төлдерінің қимылдары бір-біріне ұқсас болады.

Балалар өз қалаулары бойынша құлыншақтар, лақтар, қошақандар, бұзаулардың маскаларын киіп алады.

Барлық бала алаң ортасына шақырылады.

– Балалар, сендер қазір үй жануарларының төлдерісіңдер.

Жануарлар қалай қимылдайтынын көрсетіп көрейік.

– Бекер біз тұрмайық,

Жануар болайық,

Аяқтармен соқ-соқ,

Секіреміз тоқ-тоқ.

Оң жаққа қолды сермеп,

Сол жаққа қолды сермеп.

Түп-түзу тұрамыз,

Сап түзеп жүреміз.

Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.

Ойынды іске асыру.

"Жануарларды қалай күтеміз" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жануарларды күтуші рөлін алғашында

педагог өзі атқарады.

Ойынды толық ойнату үшін, бірнеше шелек, дорбаларда "жем", "шөп" орамдары қажет.

– Балалар, мен күтушімін. Құлыншақтарға жем беремін!

– Құлыншақтарым, келіңдер, "Құрау-құрау!", "Құрау-құрау!" Жарайсыңдар.

Құлыншақтың маскасын киген балалар "жемге" келеді, азықтанғандарын көрсетеді.

– Бұзауларға су беремін!

– Бұзауларым, келіңдер, "Мәуке-мәуке-мәуке!", "Мәуке-мауке!" Жарайсыңдар.

Бұзаулардың маскасын киген балалар "суға" келеді, суды ішкендерін көрсетеді.

– Қошақандарға шөп беремін!

– Қошақандарым, келіңдер, "Пұшайт-пұшайт-пұшайт!", "Пұшайт-пұшайт!" Жарайсыңдар.

Қошақанның маскасын киген балалар "шөпке" келеді, азықтанғандарын көрсетеді.

– Міне, мен қандай күтуші болдым, ал сендер үй жануарларын тамаша көрсеттіңдер! Жарайсыңар!

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жануарлар фермасы".

Балалар арасынан бір-екеуі шығып, жануаларды күтушінің киімін киеді, педагогтің жанында өз рөлін атқарады.

Ойынның жылдамдығын, балалардың ойында қауіпсіздікте болуын қамтамасыз ету үшін педагог "күтушілерді" ойын алаңындағы бірнеше бұрышқа бөледі.

Әрбір күтуші тек өзіне қатысты жануарлар тобын шақырады, белгілі азық береді.

– Камила, сен қошақандарға шөп бересің, "пұшайт" деп шақырасың.

– Ерғали, сен құлыншақтарға жем бересің, "құрау-құрау" деп шақырасың.

– Мадияр, сен бұзауларға су бересің, "мәуке-мәуке" деп шақырасың.

Ойын көңілді өту үшін, бәсең дыбыста әуенжазбасы қосылады.

Ойынның соңында құралдар мен атрибуттарды белгілі жерге жинау тәртібі есептеліп қоюы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?

– "Жануарлар фермасы" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.

– Ойында біз кім болдық? Иә. Үй жануарлары болдық. Жануарлар не істеді? Иә. Су ішті, жем жеді, шөп жеді. Жарайсыңдар.

– Тек қана үй жануарлары болдық па? Иә. Күтуші болдық. Жарайсың, Мадияр.

– Қалай шақырдық? Жарайсыңдар, балалар.

– Үй жануарлары күтулі, жылы жерде, қарындары тоқ тұр. Рақмет сендерге.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде мұқият, шапшаң, ойыншыл болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:01.02.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Шаштараз" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға шаштараз мамандығы жөнінде мәлімет беру, шаштараздың құралдарымен, қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; әдептілік ережелерін түсіндіру. Балалардың шаштараз мамандығы аясында ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда

қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын "шаштараз", "тұтынушы", "мамандық", "отырыңыз", "шашты қиямын", "шашты буамын" сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, суретті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Шаштараздың клиенттің шашын қиып жатқаны туралы сурет.

Заттық суреттер:

иық жапқыш, тарақ, сусабын, шашты бұйралау жабдығы, қайшы, қырыну құралы, фен, айна, алжапқыш, сүлгі, шаш қыстырғыш, резеңке, бантик, жасанды шаш (париктер).

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Иық жапқыштар.

Шаштараз құралдары үшін қорап пен сөре.

Тарақтар түрлері (ұштары үшкір емес, жиі емес).

Сусабындар үшін пластмассалы ыдыстар.

Шашты бұйралау жабдығы.

Пластмасса қайшы, қырыну құралдары.

Ойыншық фендер,

Ойыншық айналар.

Шаштараздың алжапқыштары.

Сүлгілер.

Шаш қыстырғыштар, резеңкелер, бантиктер, қарапайым париктер.

Сәнді шаш үлгілері журналы.

Орындықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты, бәсең дыбыстағы әуенжазбасы қосылады.

Көркем сөз. Дина Ахметова. Жұмбақты жасыру. "Шаштараз".

Оның қолы жылдам жүреді,

Біресе тарақ, біресе қайшы.

Шашты таза жуып береді,

Шаш үлгісін қарайықшы.

– Балалар, мен не туралы жұмбақты оқыдым?

Суретті көрсету.

Шаштараз клиенттің шашын қиып жатқаны туралы сурет көрсетіледі.

– Мына мамандық иесін кім таныды?

– Иә, Бекнұр, бұл – шаштараз. Лаура, қайтала.

– Шаштараз деген қандай мамандық? Шаштараз не істейді?

– Балалар, бүгін біз "Шаштараз" ойынын ойнаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Шаштаразға не керек?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Шаштаразға қажет құралдардың атауларын пысықтау.

Шарты. Шаштараздың құралын атап, оның қажеттілігін айту шарт.

Барысы.

Әрбір бала құралды қолға алып, оның аталуын, қажеттілігін айтады.

Ойынды өткізгенде құралдар не олардың суреттері қолданылады.

Заттық суреттер: иық жапқыш, тарақ, сусабын, шашты бұйралау жабдығы, қайшы, фен, айна, алжапқыш, сүлгі, шаш қыстырғыш, резеңке, бантик, жасанды шаш (париктер).

– Балалар, шаштараздың жұмысына қандай құралдар қажет?

– Шаштараз қандай құралдарды және қалай қолданатынын біліп алайық. "Шаштаразға не қажет?" атты ойынды ойнайық.

– Балалар, әрқайсың, мына құралдардың бірін қолға алып атап, қолдану қажеттілігі туралы айтасыңдар. Мысалы, Альмира, мынау не? Не үшін керек?

– Мынау – тарақ. Тарақпен шаш тарайды.

– Мынау – қайшы. Қайшымен шаш қияды.

– Мынау – иық жапқыш. Оны иыққа жабады.

Ойын жүйесі жылдам өткізілуі үшін, басқа уақыттарда балаларға айтқызуға болады.

– Жарайсыңдар балалар.

"Шаштараз" ойыны.

Мақсаты. Шаштараздың іс-әрекеттерін игеру, тұтынушымен негізгі фразаларды айтқызу.

Шарты. Балалар жұптарда шаштараздың кез келген құралмен негізгі қимылдарының бірін жасап, тұтынушымен ортақ фразаларды алмасады.

– Балалар, шаштаразға шашын қидыртқысы келген тұтынушы адам келеді. Барлығымыз тұтынушы деп айтайық. Жарайсыңдар.

– Шаштараз, тұтынушы келгенде: "Орындыққа отырыңыз. Сізге қандай шаш үлгісі керек?" – деп айтады. Ержан, тұтынушыға біз не дейміз?

– Жарайсың, "Орындыққа отырыңыз. Сізге қандай шаш үлгісі керек?"

– Ержан, сен нені қалайсың? Саған шаш қию керек пе? Айта ғой: "Маған шашты қию керек".

– Динара, егер саған шашты жуу керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты жуу керек".

– Асқат, егер саған шашты сүрту керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты сүрту керек".

– Меруерт, егер саған шашты кептіру керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты кептіру керек".

Сергіту сәті. "Шаштараз"

Шаштаразда қайшы бар, (шапалақтау, марш басу)

Шаштаразда тарақ бар. (шапалақтау, марш басу)

Тарайды, қияды. (екі қолмен тарағанды және қиғанды көрсету)

Тарап, тарап, қияды.

Шаштаразда сабын бар, (шапалақтау, марш басу)

Шаштаразда сүлгі бар. (шапалақтау, марш басу)

Жуады, жуады, (екі қолмен шашты жуғанды көрсету)

Кептіреді, буады (қолдарды сілкіу, жұдырықтарға жинау)

Ойынды іске асыру. Өздігінен ойын әрекеттерін жасау, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Шаштараз бен тұтынушы".

Балалар жұптарға бөлініп, кез келген суреттерге қарап, мамандық бойынша әрекеттер жасайды. Жалпы, балалардың барлық жұптарына орындауға бірінші сурет пен кез келген суреттердің бірі беріледі.

Ол үшін жұптар бір үстел басында отырады, үстелге жұп суреттер салынады. Балалар орындықтарды бір бағытқа бұрып, қалаулары бойынша әрекеттерді орындайды.

Ойын тапсырмалары.

– Балалар, сендердің алдырыңда екі сурет бар, осы суретте көрсетілген әрекеттерді жасайсыңдар.

– Біріншілерің шаштараз, екіншілерің тұтынушы боласыңдар.

1. Клиентті орындыққа отыруға шақыру, иық жапқышты жабу.

2. Шашты жуу.

3. Сүлгімен сүрту.

4. Шашты тарақпен тарау.

5. Шашты қию.

6. Фенмен кептіру.

7. Бигудиді шашқа бұрау.

8. Хош иіс суын себу.

9. Шашты буу.

10. Қыстырғыштарды шашқа қыстыру

11. Шаш кепкенше, сән журналын қарату.

Педагог балалар жұптарын аралап, қосымша сұрақтарды қойып, сұрақтарға жауап қайтаруға мүмкіндік береді.

Шаштараз болған баладан: "Сен, Айжанға не айтасың?", "Сен не істеп жатырсың?" сияқты

сұрақтар қойылады.

Балаға: "Саған не жасау керек?" деген сұрақты сұрату қажет.

Егер, баланың бірі шаштараздың қимылын түсіндіре алмаса, жұбы болып ойнап отырған балаға "Қайрат не істеді?" сұрағын қоюға болады.

Уақыт жеткілікті болса, балалар рольдерді алмасып ойнайды.

Баланың қимылдарын, сұрақ қою, жауап беру әрекеттерін мақтап, қолдау керек.

Ойын аяқталғаннан кейін, орындарын жинау керектігі айтылады. Мысалы: "Балалар, әрқайсыларың өз құралдарыңды мына қорапшаға әкеліп, салыңдар. Жұмыс орнымыз таза болсын".

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін мақтау.

– Балалар, Шаштараз деген кім?

– Балалар, кім шаштараз болды? Шаштараз болып, қандай құралдарды қолдандыңдар?

Жарайсыңдар.

– Балалар, кім тұтынушы болды? Тұтынушы болғанда, сендерге не жасады? Жарайсыңдар.

Балалардың аттары жеке аталып, жауаптары қабылданады.

– Сендерге не ұнады? Шаштараз болу ұнады ма? Тұтынушы болу ұнады ма?

– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендердің әдепті тұтынушы, еңбекқор шаштараз болғандарыңды көрдім. Тамаша ойнадық.

Күні:15.02.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Техника дүкені" ойыны

Оқу қызметінің мақсатыБалаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника үлгілерін пысықтау. Балалардың "Техника дүкені" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, ережелерді ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларды техника үлгілерін ұқыпты ұстауға баулу, зеректікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын тұрмыстық техника атаулары мен әдептілікті білдіретін сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, затты зерттеу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ұялы телефон, тоңазытқыш, шаңсорғыштың дыбыстарының жазбалары.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Тұрмыстық техника үлгілерінің "Техника" дүкенінде тізіліп тұрғаны туралы сурет. Техника түрлері: теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон, ноутбук, электр пеші, кір жуу машинасы, электр шәйнек, үтік.

Тұрмыстық техниканың ойыншық түрлері немесе заттық суреттері.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тұрмыстық техника түрлерінің таңбалауыштары.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Ұялы телефон, тоңазытқыш, шаңсорғыштың дыбыстары шығады.

– Балалар, мына дыбыстарды сендер білесіңдер ғой?

Балалар ойларын айтады.

Біз қай жерге келгенімізді тағы да көрсетейін. Тақпақты тыңдаңдар.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Тұрмыстық техника".

Біздің үйде, ешкім жоқта,

Көмекшілер тұрмай тоқтап,

Бөлмелерде жұмыс істейді,

Бірақ мүлдем үндемейді.

Кешке келсе ата-ана,

Суытылған сүт пен айран.

Көрсетілер жаңалықтар,

Кілем үсті тазалықта.

– Қандай заттар туралы тақпақ оқыдым, кім тапты? Теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш.

Жарайсыңдар.

Суретті көрсету.

Балаларға бірнеше тұрмыстық техника үлгілерінің "Техника" дүкенінде тізіліп тұрғаны туралы сурет көрсетіледі (теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон, ноутбук, электр пеші, кір жуу машинасы, электр шәйнек, үтік).

– Бұның барлығы қалай айтылады? Иә. Бұл – тұрмыстық техника. Қайталайық. Тамаша.

Тұрмыстық техника "Техника" дүкенінде сатылады. Бүгін біз "Техника" дүкеніне барып, ойын ойнаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Не үшін керек?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Тұрмыстық техника үлгілерінің атауларын пысықтау, қажетін анықтау.

Шарты. Кез келген тұрмыстық техниканы атау, қажетін айту шарт.

Барысы.

Балалардың алдына панноға үйде адамға "көмекші" болатын, түрлі техникалардың суреттері ілінеді.

– Балалар, "Техника" дүкенінде түрлі техника сатылады.

Қалаған балалар тақтаға шығып, кез келген заттың қажетін айтады.

Затты зерттеу.

– Бекзат, тоңазытқыш не үшін керек? Тоназытқыш азықтарды суытады. Жарайсың.

Балалар ұялы телефонның сөйлесу үшін, шаңсорғыштың кілемді тазалау үшін, компьютердің хаттар жазу (тағы басқа себептер) үшін керектігін айтады.

Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар жарты шеңберге отырады.

– Балалар, дүкенге келгенде, біз не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!

– Ойыншықты сатып алу үшін, кімнен сұраймыз? Иә. Сатушыдан сұраймыз.

– Қазір Серік сатушы болады.

Балаларға сорелерге тізілген заттар немесе суреттері көрсетіледі.

– Дархан, сен сатушы Серіктен қандай техниканы сұрайсың? Қалай сұрайсың? "Сәлеметсіз бе! Сізде теледидар бар ма?" Қайтала. Жарайсың.

– Серік, не дейсің? "Иә. Бізде теледидар бар. Таңбалауышты (карточканы) беріңіз!"

Балалар сурет пен (ойыншықпен) оның фишкасын алмасады.

Бұл сияқты бірнеше "сатушы" мен "сатып алушының" диалогтары ұйымдастырылады.

– Балалар, егер сатушы затты сатса "рақмет" деп айтады. Ұмытпаңдар.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, педагог сатушы мен сатып алушының араларындағы диалогтарды реттеп, бақылап отырады.

Сергіту сәті. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.

Жеңіл, көңілді әуенжабасы қосылады. Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.

Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.

Барысы.

Ойынды өткізуге тұрмыстық техниканың бірнеше материалдан (қатты қағаз, пластиктен) жасалған нысандары қолданылады.

Нақтылы ойыншық заттар болмаса, суреттері ұсынылады.

Тұрмыстық техника үлгілерінің сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады.

– Балалар, қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.

– Барлығың қолдағы таңбалауышты биік ұстап, белгі бойынша алаңға шығып, дәл сондай таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.

– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.

Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен арыласып жатады.

Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.

- Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
- Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, бір-біріңнен сатып алдыңдар.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Техника" дүкені.

Педагог ойынға таңбалауыштардың бір жұп данасын ғана қалдырады.

Сатушы орнында өзге бала да болуы мүмкін. Балалар өздері қалаған таңбалауыштарды алып, сатушының алдына барады, техника үлгілерін сұрайды. Сатушы таңбалауышты көрсе ғана техника үлгісін береді.

Жалпы айтқанда, "сатушы" мен "сатып алушылар" таңбалауыш және ойыншықпен алмасады. Ойынның аяғында балалар өз орындарына отырғанда, "сатушыдан" балалардың одан қандай заттардың сатып алғанын сұрауға болады. "Сатушы" "сатылған" техника үлгілерін айтып шығады. Соңында "сатушының" еңбегі мақталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
- Нені сатып алдыңдар?

Бірнеше баланың жауабын тыңдау.

- Балалар, қараңдаршы, қаншама техниканы сатып алдыңдар. Енді, үйлеріңде көмекшілер көбейеді. Ата-аналарың өте қуанатын болады.
- Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:01.03.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Киімдер дүкені" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға киім дүкеніндегі киім үлгілерінің атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін, маусымға сай киіну тәртібін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы шағын және топтық қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұқыптылыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс Белсенді сөздік қорға ойындағы сұрақ үлгілерін, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер Көңіл шеңбері, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбалары.

Суреттер сериясы:

* екі ұзын жолда киімсіз ілгіштердің суреті;

* екі ұзын жолда ілгіштерде ілініп тұрған киімдердің суреті: көйлек, футболка, жейде, майка, белдемше, шалбар, свитер, тон, күртеше, бөкебай;

* "Киімдер дүкені" суреті.

Киім үлгілерінің заттық суреттері.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Киімдердің таңбалауыштары; қуыршақтар мен қол-аяқтары бар ойыншық жануарлар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

"Алақай! Көктем келді!" жаттығуы.

Жаттығуды балаларды алаңға шығарып, шеңберде жасату.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.– Алақай! Алақай! (шапалақтау)

Бізге келді көктем-ай! (алақандарды, саусақтарын жоғарыға қаратып, бұрмалау)

Аулаға шығайық, (саусақтарды еркін қимылдату)

Тамшыларға қарайық. (шапалақтау)

Тамшылар көп тамады, (саусақтармен тізеге қағу)

Шалшықтарға ағады. (алақандарды бос сілкі)

Алақай! Алақай! (шапалақтау)

Бізге келді көктем-ай! (алақандарды, саусақтарын жоғарыға қаратып, бұрмалау)

– Жарайсыңдар, балалар!

– Орындарымызға отырайық.

Жаттығу сөздері балалар үшін таныс болуы керек, оқу қызметінен тыс уақытта қайталап жүруге болады.

Уақытты үнемдеу мақсатында, бірінші шумақ жолдарын оқып, жаттығуды аяқтауға болады.

Ғажайып сәт.

Балаларға бос киім ілгіштер көрсетіледі.

– Балалар, мынау нелер? Мынау – киім ілгіштер. Киім ілгіштер қай жерде керек? Мына заттарды қайдан көрдіңдер?

Екі ұзын жолда ілгіштерде киім үлгілерінің ілініп тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

– Балалар, сендер дұрыс таптыңдар. Мынау – киімдер.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Киімдер".

Келбетіміздің көркі – киімдер

Көптеген ілгіштерге ілінген.

Көйлек, шалбар, белдемше,

Свитер, жейде, күртеше.

Түстері алуан-алуан, тартымды,
Бірі ала-ала, көзге жағымды.
Бірі жеп-жеңіл, өте жұқа,
Бірі қалың, бірі ұзын, бірі қысқа.
– Жарайсыңдар, балалар, мынау "Киімдер дүкені".
– Біз "Киімдер дүкені" ойынын ойнаймыз. Дайынсыңдар ма?

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.

Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.

Барысы.

Ойынды өткізуге киімдердің бірнеше түрлері қолданылады.

Қуыршақтарға киімдер немесе киімдердің суреттері ұсынылады.

Киімдердің сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады: көйлек, футболка, жейде, майка, белдемше, шалбар, свитер, тон, күртеше, бөкебай, – Балалар, мына дүкенде қандай ойыншықтар сатылады? Жарайсыңдар.

Балалар жауаптарын айтады.

– Балалар, қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.

– Барлығың да қолдағы таңбалауыштарды биік ұстап, белгі бойынша алаңға шығып, дәл сондай таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.

– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.

Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен арыластырылып жатады.

Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.

– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.

– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, бір-біріңнен сатып алдыңдар.

Ойынды іске асыру.

"Не үшін керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар орындарына отырғызылады, алдарына киімдердің бірнеше түрлері ұсынылады.

– Балалар, бүгін мен сатушы болайын. Сендер менің алдыма келіп, не қалайтындарыңды және не үшін керектігін айтасыңдар.

Қалаған балалардың бірін шақыру.

– Сәлеметсіз бе! Замира, қандай киімді қалайсыз? ("Көйлек керек").

– Зарина айта ғой: "Сәлеметсіз бе, маған көйлек керек".

– Сізде көйлектің таңбалауышы бар ма? ("Бар").

– Міне, Сіздің көйлегіңіз. Көйлекті алғаныңыз үшін рақмет! Сау болыңыз!

Балалармен бірнеше диалог үлгілері ұйымдастырылады.

– Жарайсыңдар, менен өте көп киімдерді сатып алдыңдар!

Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Көңілді балалар".

– Біз көңілді балалар,

Тұрамыз қатар-қатар,

Көтереміз иықты,
Бақылаймыз жан-жақты.
Жүріп-жүріп асықпай,
Тез өсеміз, алақай!
Балалар педагогтің көрсеткен қимылдарын әуен ырғағына сай жасайды.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Киімдер дүкені".

Балалар үшін бірнеше дүкендер бұрыштары ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуі сатушы болып шығады.
Киімдер үлгілерінің топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог балаларды аралап, қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Сатып алушыдан киімді қалай сұрайсың?", "Мына киім саған не үшін керек?", "Киімді неге ауыстырасың?", "Сатып алушыға не дейміз?"
Балаларға киіндіруге қуыршақтар мен қол-аяқтары бар ойыншық жануарлар ұсынылады.
"Сатушының" алдына "сатып алушы" болып та баруға болады.
Ойын аяқталған жағдайда, киімдер мен ойыншықтарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
- Нені сатып алдыңдар?
- Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
- Балалар, қараңдаршы, сендер қаншама қуыршақтарға киімдер сатып алдыңдар. Үйде және далаға киетін киімдер екен.
- Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:15.03.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Жиһаз дүкені" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға жиһаз дүкеніндегі жиһаз түрлерінің атауларын, қажеттерін пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, өз қалауын сөзбен жеткізу қабелітен қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, сыпайылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорды, жиһаз түрлерінің атауларын айтқызып, жетілдіру, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнеорликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Зәулім үйдің салынып жатқаны туралы бейнеролик.

Іші бос пәтердің суреті.

"Жиһаз" дүкенінің суреті.

Заттық суреттер: диван, үстел, орындық, шкаф, төсек, кресло, теледидар, шәйнек.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

"Жиһаз дүкені" жазуы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жиһаздардың таңбалауыштары қолданылады, үстелде араластырылып жатады.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Бейнероликті көрсету.

Зәулім үйдің салынып жатқаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, қараңдар! Мында не болып жатыр? Иә. Үй салынып жатыр. Жарайсыңдар.

Суретті көрсету.

Іші бос пәтердің суреті көрсетіледі.

– Балалар, үй салынады, бірақ іші бос болады.

– Бұнда не жетіспейді?

– Иә. Жиһаздар жетіспейді.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Пәтер".

Пәтердің іші бос болса,

Жиһаздарға толтырамыз.

Отыратын жер болса,

Қонақтарды шақырамыз.

– Пәтерлерді немен толтырамыз?

– Иә. Жиһазбен толтырамыз.

– Жиһазды қайдан алуға болады?

Суретті көрсету.

"Жиһаз" дүкенінің суреті көрсетіледі.

– Балалар, біз бүгін "Жиһаз дүкені" ойынын ойнаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Жиһаздар не үшін қажет?" ойын-жаттығы.

Мақсаты. Балаларға жиһаздар түрлерін пысықтау, олардың қажетін анықтау.

Шарты. Кез келген жиһазды атап, оның қажетін қарапайым түрде түсіндіру шарт.

Барысы.

Балалар жиһаздар түрлерін атап, қажетін түсіндіреді.

Ол үшін жиһаз түрлерінің заттық суреттері де қолданылады: диван, үстел, орындық, шкаф, төсек, кресло, теледидар, шәйнек.

Соңғы екі суретті балалар түсіндіру барысында топтан бөлек алып тастайды, жиһазға жатпайтындарын анықтайды.

Балалар кезекпен шақырылады.

– Мынау – төсек. Төсек үстіне жатып ұйықтау үшін керек. Төсек жатын бөлмеге қойылады.

– Мынау – диван (кресло). Диван адам отыру үшін керек. Диван қонақ үйге қойылады.

– Мынау – үстел. Үстел тағамдарды қою үшін керек. Үстел қонақ үйге, асүйге қойылады.

– Мынау – шкаф. Шкаф киімдерді салу үшін керек. Шкаф кіре беріске, жатын бөлмеге қойылады.

– Жарайсыңдар, балалар.

"Біз әдепті баламыз" сергіту сәті.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады. Педагогтің қимылдарды көрсету және сөздерді айту тәртібі нақтылы болуы тиіс, қимылдар әуен ырғағына сай жасалады.

– Балалар, ойынды ойнағаннан кейін, үйде шашып тастауға бола ма? Үйді таза ұстау керек. Әдепті бала болу керек.

– Біз – әдепті баламыз, (алақандарды бұрмалау, тізені сәл бүгіп тұру)

Үйді шашпай ойнаймыз. (алдыда, артта шапалақтар жасау)

Әткеншектей – теңселеміз, (бүкіл денемен теңселу оңға-солға)

Жалауларды көтереміз. (қолдарды жоғары көтеріп, бұлғап)

Ойыншықтарды тереміз, (тізе бүгіп отыру, саусақтармен кілемді соққылау)

Сөрелерге тіземіз. (екі қолды бүгіп, бірінің үстіне бірін салу, шайқалу, аяқ түзу)

Біз – әдепті баламыз, (алақандарды бұрмалау, тізені сәл бүгіп тұру)

Үйді шашпай ойнаймыз. (алдыда, артта шапалақтар жасау)

Жаттығу балалар үшін таныс болуы керек, сонда балаларды ұйымдастыруға қосымша уақыттың қажеті болмайды.

Жаттығу оқу қызметінен тыс уақытта өткізіледі.

Ойынды іске асыру.

"Сізге не керек?" іс-тәжірибе жаттығы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жиһаз сатушысының рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

Жиһаздардың таңбалауыштары қолданылады, үстелде араластырылып жатады.

– Балалар, мен сатушымын.

– Мынау үстелде бірнеше жиһаздың таңбалауыш-суреттері араласып жатыр, өздеріңе ұнайтын таңбалауыштарды алып, орындарыңа отырып, мұқият тыңдаңдар.

– Менің алдыма, дүкенге келгенде, мынау сұрақты қоямын: "Сәлеметсіз бе! Сізге не керек? Не үшін керек?"

– Сендер өз таңбалауыштарыңа қарап, айтасыңдар: "Сәлеметсізбе! Маған үстел керек. Үстелге тағам қоямын!"

– Балалар, өздеріңе жиһаздарыңды не үшін керек екенін айтып, таңбалауышты көрсеткенде, мен

сендерге жиһазды сатамын.

Педагогтің қолында жиһаздың жұпты таңбалауыштары немесе суреттері көп болуы тиіс. Кейбір балалар жанындағы балалардың таңдауына еріп, бірдей жиһазды қалауы мүмкін.

Тілдері жетілмеген балалардан жиһаздың не үшін керектігін сұрау қажет емес. Бала не керегін айтып берсе, бұл да нәтиже болып саналады.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жиһаз дүкені".

Балалар үшін бір-екі дүкендер бұрыштары ұйымдастырылады.

Балалардың бір-екеуі сатушы болып шығады.

Киімдер үлгілерінің топтамалары жеткілікті болуы тиіс.

Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.

Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.

Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Сатушыға не дейсің?", "Мына жиһаз не үшін керек?", "Таңбалауышыңда қандай сурет бар?"

"Сатушының" алдына "сатып алушы" болып та баруға болады.

Ойын аяқталғанда заттарды, ойыншықтарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.

– Нені сатып алдыңдар?

Бірнеше баланың жауабын тыңдау.

– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Үйлерің жиһазға толады, қонақты шақыруға болады. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:05.04.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Жанармай құс стансасы" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға жанармай құятын орынның қызметі туралы мағлұмат беру, автомай, жанармай құйғыш қызметімен жалпы түрде таныстыру, жол жүру ережелерін пысықтау. Балалардың "Жанармай құю" ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жанармай", "автомай", "жанармай құйғыш" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "талонды көрсетіңіз", "Сізге не керек?", "рақмет", "сау болыңыз" сияқты сөздер мен фразаларды пысықтау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, аудиожазбаны тыңдау, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

"Жүргізуші" бейнеролигінің үзіндісі.

Машинаның жанармайы бітіп бара жатқанын білдіретін әуенжазбасы.

Жанармай құю стансасының суреті.

Заттық суреттер: жанармай құюшы, жанармай стансасы, цистерналар, жанармай тасымалдаушы машина, жанармай құю орны және шлангі, жанармай құю талондары (1 литр, 2 литр, 3 литр, т.б), қолғаптар, етік, кепкі, киімнің бір-екі таңбалауыштары, фонендоскоп, ақ халат, шприц.

Рөл, жанармай құюшының атрибутты киімдері, "Жанармай құю стансасы" жазуы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Талондар-таңбалауыштар, машина рөлдері.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Бейнероликті көрсету.

"Жүргізуші" бейнеролигінің үзіндісін көрсету (8-10сек).

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Алдымызда жол жатыр".

– Балалар, біз алыс жолға саяхатқа барамыз.

Алдымызда жол жатыр,

Жасыл орман, көкшіл шатыр,

Жан-жағымыз гүлге толып,

Артымызда қалып жатыр.

Машинаға міндік,

Көп жер көріп, білдік.

Гуілдетіп, гуілдетіп,

Көп ойнадық, көп күлдік.

Аудиожазбаны тыңдау.

Машинаның жанармайы бітіп бара жатқанын білдіретін әуенжазбасы көрсетіледі.– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Біздің моторымызда жанармай бітіп қалды!

– Не істейміз?

Сурет бойынша әңгімелеу.

Жанармай құю стансасының суретін көрсету.

– Таптым! Біз "Жанармай құю" стансасына барайық. Бұл жерде жанармай мен автомай өте көп.

– Жанармай стансасында не бар екенін көрсетейін.

– Мынау – жанармай құю стансасы. Мынау үп-үлкенболған заттар жанармай цистерналары. Бұнда

жанармай өте көп. Мынау – жанармай құюшы. Машиналар жанармай құятын жерге жақын келеді. Жанармай құюшы шлангтен машинаға жанармай құяды.
– "Жанармай құю" ойынын ойнайық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Жанармай құю стансасына қажет құралдар мен атрибуттарды өзге заттардың арасынан бөліп алуға үйрету.

Шарты. Жанармай стансасында қажет құралдарды, атрибуттарды атап, қажетін айту шарт.

Барысы.

Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.

Заттық суреттер: жанармай құюшы, жанармай стансасы, цистерналар, жанармай тасымалдаушы машина, жанармай құю орны және шлангі, жанармай құю талондары (1 литр, 2 литр, 3 литр, т.б.), қолғаптар, етік, кепкі, киімнің бір-екі таңбалауыштары, фонендоскоп, ақ халат, шприц.

– Балалар, біз, "Жанармай" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін анықтап алайық.

– Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймын. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.

Тақтаға өздері қалаған балалар шақырылады, ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастайды.

– Балалар, мына суреттерді неге ойынға қоспаймыз? Иә. Бұл суреттер "Дәрігер" ойынына қажет суреттер. Жарайсыңдар.

Ойынды іске асыру.

"Қанша жанармай құю керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жанармайды құюшы рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

Жанармай құюшының киімін киіп, жасанды қорапшаға жалғанған шлангті қолында ұстайды.

Жарты шеңберде отырған балаларға ойын тәртібі түсіндіріледі.

– Балалар, ойын тәртібі бойынша сендер машинаның рөлін бұрап жүргізіп, жанармай құюшының алдына келесіңдер. "Сәлеметсіз бе! Маған, 1 литр жанармай керек! - деп айтып, талонды бересіңдер. Мен, "жанармай құюшы" сонша жанармай құямын. Келістік пе? Бастаймыз!

Балалардың әрқайсысына қорапта жатқан рөлдер және үстел үстінде жанармай құю үшін талондар түрлері ұсынылады.

Талон-таңбалауыштар топтамалары, мысалы: 1-литр, 2-литр, 3-литр, 4-литр, 5-литр, 10-литр, 20 литр.

– Балалар, әрқайсың өздеріңе бір рөлді алып, ұнайтын талонның бірін таңдап алып, қатарға тұрыңдар.

– Ай-ай! Жанармайларың бітіп барады! Қанекей, кімге жанармай керек?! Машиналарыңды айдап, алып келіңдер!

– Ержан, не дейсің?

– Салтанат, саған не керек?

– Керім, талонның бар ма? Қанша литр керек?

Осы сияқты тәртіпте балалармен ойын ойнатылады.

– Балалардың барлығы жанармайды құйғаннан кейін, педагог сапарға шығуға болытындары туралы айтады.

Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Рөлді қолға алайық".

– Рөлді қолға алайық.
"Дайыңсың ба?" деп сұрайық.
Дайын болсаң, көрейік,
Тура жолмен жүрейік.
Басып-басып аяқпен
Педальдарды кезекпен,
Бұрып-бұрып қолменен,
Танысайық жолменен.
Балалар педагогтің соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.
Ырғақты, темпі орташа көңілді әуенжазбасы қосылады.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жанармай құю" ойыны.

Балалар үшін бір-екі жерде бұрыштар ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуіне "жанармай құюшы" киімі кигізіледі.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін педагог "жанармай құюшылардың" жанына тұрып, қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Жанармай құюшыға не дейсің?", "Саған қанша литр керек?", "Жанармай құюшы, Арыстан, жүргізушіге не айтасың?"
Жанармай құюшының" алдына жүргізушінің бірі болып та тұруға болады.
Балалардың барлығы "жанармай құйып" алғаннан кейін, біраз жан-жаққа қимылдап, жүргізуші болып жүруге мүмкіндік алады.
Мүмкіндік болса, балалар үшін бағдаршамды көрсетіп, қимылдарын реттеп отыруға болады.
Ойын аяқталған жағдайда заттарды, атрибуттарды орнына салып, жинау барысын бақылау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер жанармай құю стансасына не үшін бардыңдар? Иә. Жанармай бітіп қалса, қайта құйып алуға болады. Жарайсың, Дастан.
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, бүгін "жанармай құюшы" болған балалар зерек болып, сыпайылық көрсетті.
Барлықтарың да уақытында жанармай құйып, керемет саяхатшы, жүргізуші болдыңдар.
Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:19.04.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Ас әзірлеу" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға ас әзірлеу туралы түсінік беру, аспаз мамандығына қатысты әрекеттер тізбегін пысықтау, азық-түліктің пайдасы туралы мәлімет беру. Балалардың "Ас әзірлеу"

ойынында аспаз еңбегіне қатысты әрекеттерді игеруін қамтамасыз ету, қарым-қатынастар барысында өз орнын тауып, ойын желісін ұстану іскерлігін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларды төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу, еңбекке баулу.

Сөздік жұмыс

"Ас әзірлеу бөлмесі", "тағам", "пайдалы азық-түліктер" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға ас әзірлеу барысына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе аңгімелесу, ойын-жаттығу, суретті көрсету, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Пеште көже пісіріп тұрған аспаз туралы сурет.

Суреттер сериясы:

- 1) күнделікті киім түрін киген ер адамның суреті;
- 2) аспаз;
- 3) электр пеші.

Заттық суреттер: алжапқыш, аспаздың ақ қалпағы, қызыл кіреші бар ақ халат, қызыл кіреші бар ақ қалпақ, пышақ, ожау, кәстрөл, тақтайша, орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет, тоқаш, тандыр нан, батон наны, піспенан (печенье), электр пеші.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР Сурет-таңбалауыштар: батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье); орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет.

Батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье), орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет сияқты азық-түлік түрлерінің нақпішіндері.

Ожау, пышақ, табақша, кәстрөл тағы басқа ойынға қажет ойыншықтар.

Алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Суретті көрсету.

Асүйде жасыл алжапқыш пен ақ қалпақ киген аспаз күлімдеп тұр. Аспаз ас әзірлеп жүр.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Асүй".

Біздің асүй білгенге,

Тыныш орын емес қой.

Бұл бөлмеде аспаз ағай,

Жұмыс істейді, ой-хой!

Мына кәстрөл көжеге
Толып тұр. Кел, дәмін көр!
Ыстық пештен піспенанды,
Алып шықты. Алып көр!

Пісіп қалған тағамның
Ұмытпаймын иісін,
Өнерлі аспаз ағамның,
Қадірлеймін адал ісін.

Кіріспе әңгімелесу.

- Балалар, мына маманды сендер таныдыңдар ма?
- Иә. Бұл – аспаз.
- Аспаз екенін қалай білдіңдер?
- Балалар ойларын айтады.
- Пештің үстінде не пісіп жатыр екен? Көже болса керек ... Жақсы.
- Үстелде нелер бар? Үстелдің үстінде сарымсақ, сәбіз бар. Ыдыста қызанақ бар.
- Балалар, аспаз жұмыс істейтін бөлмесін біз "асүй" деп айтамыз. Қайталаймыз, асүй. Жақсы.
- Балалар, сендер асүйде аспаз болғыларың келе ме? Аспаз болып ойнап көрейік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Ас әзірлеуге не қажет?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Балаларға ас әзірлеуге қажет азық-түлік түрлерін анықтау, аспаздың қимылдарын пысықтау.

Шарты. Аспаздың киімін тиянақтау, ас әзірлеуге керекті азық-түлікті таңдап алу шарт.

Барысы.

Балалар ас әзірлеуге қажет азық-түліктер мен аспазға қажет киім үлгісін таңдайды.

Балалардың алдына екі панноға екі бөлек сурет ілінеді

- сол жаққа - күнделікті киілетін киім киген ер адамның суреті,
- аспаздың суреті;
- электр пешінің суреті.

– Балалар, сендер нені көріп отырсыңдар?

– Қазір көптеген суреттер арасынан сендер аспазға қандай киім керектігін тауып, мына адамның жанына апарасыңдар.

– Мына пештің айналасына пісірілетін азық-түліктер мен көгөністерді апарасыңдар.

Балалардың барлығы кілемде жайылған (үстелде жайылған) суреттермен жұмыс істеуге шақырылады.

Заттық суреттер: алжапқыш, аспаздың ақ қалпағы, қызыл кіреші бар ақ халат, қызыл кіреші бар ақ қалпақ, пышақ, ожау, кәстрөл, тақтайша, орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет, тоқаш, тандыр нан, батон наны, піспенан (печенье), электр пеші.

– Жарайсыңдар. Орындарыңа отырыңдар, балалар.

– Динара, сен неге мына қалпақ пен алжапқышты алдың? Иә. Бұл аспаздың киімі.

Қызыл кіреші бар халат пен қалпақты алмадыңдар ғой? Иә. Бұл дәрігердің киімі.

– Балалар, ал мына электр пешінің айналасына қарайық.

– Жәния, бұл жерден азық та емес, көгөніс те емес заттарды алып тасташы. Неге алып тастадың?

Иә. Олар аспаздың жұмысына қажет емес. Жарайсың.

Саусақ жаттығуы. Дина Ахметова. "Нан илейді Нұрай".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)

Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)

Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)

Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)

Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқас салу)

Жалпақтап.

Балалардың қимылдары педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасалады.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

Ойынды іске асыру.

"Не пісіреміз?" іс-тәжірибе жаттығуы.

– Балалар, біз қазір не істедік? Иә. Біз қамырды илеп, нан пісірдік.

– Нанды қайда пісіреді? Кастрөлге ме? Жоқ, ыстық пештің ішіне пісіреді. Жарайсыңдар.

– Дамира, осы заттардың арасынан ыстық пешке пісіретін заттардың суреттерін жеке жинап берші.

Тоқаш, батон, тандыр, піспенан (печенье) суреттері жеке панноға жиналады.

Балалар үшін батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье) таңбалауыштары қорапта дайын жатады.

– Балалар, ал мына заттармен не істеуге болады?

– Егер оларды кастрөлге салса, не пісіп қалады екен? Көже пісіріледі. Жарайсыңдар.

– Дархан, көжеге қандай азық-түліктерді қосамыз?

Орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, еттің суреттері жеке панноға жиналады.

Балалар үшін орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, еттің таңбалауыштары қорапта дайын жатады.

– Балалар, көжені пісіру қимылдарын қайталайықшы.

Балалар педагогтің соңынан азықты "пышақпен кесу" қимылдарын қайталайды.

– Жарайсыңдар, балалар.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Ас әзірлеу".

Балаларға "ас әзірлеу" үшін өз үстелдеріндегі орындары жарамды болады.

Балаларға алжапқыштар мен қалпақтарды кию мүмкіндігі беріледі.

Жалпы, әр балаға пісіруге қажет азық-түліктердің нақпіндерінің жинақтамалары болуы тиіс, сонда таңбалауыштар тек баланың қимылдарына себеп болады.

– Ал енді, сендер мына таңбалауыштардың топтамаларынан өздеріңе қажеттісін алып, өз орындарыңа отырып, ас әзірлеуді көрсетіңдер.

Балалардың ойын желісіне тез ілесіп, оның ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз етуі үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.

Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Сен не істеп жатырсың?", "Оны қалай пісіресің? Пешке саласың ба? Кастрөлге саласың ба?", "Таңбалауышыңда қандай сурет бар?", "Сен нені пісіресің?"

Ойын барысында жеткіліксіз азық-түлікті көрші баладан сұратуға болады: "Сәбізің жоқ екен ...

Сәбізді Мерхаттан сұрашы ... Сәбізді қалай сұрайсың?"

Ойын аяқталған заттарды, атрибуттарды орнына салып жинауды бақылау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Ас әзірлеу" ойыны. Жарайсыңдар.
- Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Аспаз болдыңдар.
- Кастрөлге не пісірдік? Иә. Көже пісірдік. Көжеге не салдық? Жарайсыңдар.
- Балалар, барлық азықты кастрөлге пісіруге бола ма? Нан мен тоқашты, піспенанды (печенье) қайда салып пісіреміз? Иә. Нан өнімдерін ыстық пешке салып пісіреміз. Жарайсыңдар.
- Балалар, сендер бүгін керемет аспаз болдыңдар! Нан өнімдерің тәтті екен. Көжелерің дәмді екен.
- Ата-аналарың сендерді мақтан тұтады. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:03.05.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Бақшаны егеміз" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балаларға көктемгі дала жұмыстары туралы түсіндіру, егінші мамандығы туралы жалпы мағлұмат беру, бақшаны егу жұмыстарына қажет құралдарымен таныстыру. Балалардың "Бақшаны егеміз" ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, достыққа, еңбекшілдікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Диқан" сөзінің мағынасын түсіндіру; белсенді сөздік қорға "дәндер", "топырақ", "егеді", "тегістейді", "суарады" сияқты сөздерді енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Гүлденген көктем туралы бейнеролик көрсетіледі.

Суреттер сериясы:

- 1) асқабақ дәнін ыдыстағы топыраққа егу.
- 2) жүйектерде көгөністердің өскені.

Заттық суреттер: ақ алжапқыш, көк алжапқыш, құрылысшы қалағы, егіншінің күрегі, тарақ, тырнауыш, құрылысшының қолғабы, егіншінің бес саусаққа киілетін қолғабы, шәйнек, су құйғыш, мөлдір қапта дәндер, мөлдір қапта кәмпиттер.

Бейнеролик немесе сурет: топырақтан көшет шығады.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Алжапқыш, жайма, төртбұрышты ыдыс, қара топырақ, қалақ, тырнауыш, су құйғыш, сүлгі, табақшада дәндер.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Алжапқыштар, үстелдің бетіне жаймалар, әрбір бала үшін төртбұрышты ыдыстар, қара топырақ, қалақтар, тырнауыштар, су құйғыштар, сүлгілер, табақшада дәндер.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Бейнероликті немесе суретті көрсету.

Гүлденген көктем туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Көктемгі бау-бақша".

– Күннің көзі күйдіргіш,

Ағаштарға су керек.

Құдықтан су толтырып,

Құямыз бір-бір шелек.

Жауындарды шақырып,

Күнде күтіп жүреміз.

Бау-бақшаның гүлдерін,

Тамашалап көреміз.

Көбелектер, жәндіктер

Ұшып қонды гүлдерге,

Нәрін татып, нәзіктер

Бау-бақшаға келуде.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, бұнда қай мезгіл суреттелген?

– Көктем екенін қалай білдіңдер?

– Гүлденген ағаштар мен жайнаған гүлдері – адамның еңбегі.

– Адам гүлдер мен жеміс ағаштарын баптап қана қоймайды, көгөністерді де салады.

– Егістік даласына дәнді егетін адамды диқан дейді. Балалар, қайталаңдар. Диқан.

– Ал біз бақшаны егеміз. Біз егінші боламыз. Қайталаймыз. Бақшаға көгөністердің дәндерін егеміз.

– Ойынға дайынсыңдар ма, балалар? Қазір "Бақшаны егеміз" ойынын ойнап көрейік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Егіншіге не керек?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Бақшаны екенде қолданылатын құралдар мен заттар топтамасын, олардың қажетін анықтау.

Шарты. Егіншіге қажетті құралдарды айту, ажырату, құралдарды қолдану қажетін білу шарт.

Барысы.

Суреттер сериясын зерттеу.

1) асқабақтың дәнін ыдыстағы топыраққа егу.

– Балалар, бұл суретте дәнді топыраққа егеді. Дәнді не істейді? Топыраққа егеді.

2) жүйектерде көгөністердің өскені.

– Балалар, бұнда не өсті? Иә. Көгөністер өсті. Тамаша.

– Балалар, бұндай көгөністерді өсіру үшін көптеген құралдар керек. Мына суреттер арасынан егіншіге қажеттілерді жинап алайық.

Балалардың алдына егіншіге және басқа мамандыққа қажетті материалдар (суреттері) жайылады.

Заттық суреттер: ақ алжапқыш, көк алжапқыш, құрылысшы қалағы, егіншінің күрегі, тарақ, тырнауыш, құрылысшының қолғабы, егіншінің бес саусаққа киілетін қолғабы, шәйнек, су құйғыш, мөлдір қапта дәндер, мөлдір қапта кәмпиттер.

Бірнеше бала шығып суреттерді екі бөледі, егіншіге қажет құралдарды топтарға жинайды.

– Балалар, мына заттарды қайталайық. Алжапқыш, күрек (қалақ), тырнауыш, перчаткалар, су құйғыш, дәндер.

Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Біз бақшаны егеміз".

Біз бақшаны егеміз,

Жерді қазып береміз.

Жүйектерге дәндерді салып,

Былай-былай себеміз.

Біз бақшаны егеміз,

Тегістетіп береміз.

Су құйғышпен суарып,

Былай-былай себеміз.

Балалар қимылдарды әуенжазбаның ырғағына сай, педагогтің көрсетуіне ұқсатып жасайды.

Ойынды іске асыру.

"Дәнді қалай егеді?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балаларға алжапқыштар, үстелдің бетіне жаймалар, әрбір бала үшін төртбұрышты ыдыстар, қара топырақ, қалақтар, тырнауыштар, су құйғыштар, сүлгілер, табақшада дәндер үлестіріледі.

Педагогтің үстелінде балаларға берілетін құралдар жинақтамасы болады.

Балалар жарты шеңберге немесе шеңберді айнала тұрғызылады.

– Балалар, мен егінші боламын. Мына ыдысқа жиналған қара топырақ. Қайталаймыз. Мен қалақпен топыраққа шұңқыр қазамын, дәнді саламын, қалақпен үстін жабамын. Тағы да мына таяқшамен жүйек жасаймын, дәндерді бір-бірден, араларына орын қалдырып жүйек түбіне тастаймын. Жүйекті топырақпен жабамын.

– Балалар, дәндерден көшет шығу керек.

Суретті көрсету: топырақтан көшет шығады.

Балалардың дайындықтары жеткілікті деңгейде болса, педагог өзіне көмекке бір баланы алады, балаға дәнді топыраққа салу, су құйғышпен суару әрекеттерін жасатады.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Бақшаны егеміз."

Балаларға "бақшаны егу" үшін өз үстелдеріндегі орындары жарамды болады.

- Балалар, егінші болу үшін, топырақты шашпай, жұмысты таза жасау керек.
- Егіншілер, қазір барлықтарың өз дәндеріңді топыраққа егіп көріңдер.
- Қаламқас, бірінші біз не істейміз? Иә, топыраққа шұңқыр қазамыз. Жарайсың.
- Әмір, бұдан кейін не істейміз? Иә. Дәнді саламыз.
- Топырақты немен тегістейміз? Тырнауышпен. Жақсы.
- Дәннің көшет болып өсуі үшін, не істеу керек? Су құю керек.
- Балалар суды көп құю керек емес. Түстен кейін тағы да құйып қоямыз.

Балалар суды тым көп құйып қоймас үшін, су құйғыштарда судың шамалы болғаны дұрыс.

Балалардың ойын желісіне тез ілесіп, оның ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.

Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Сен не істеп жатырсың?", "Шұңқырды немен қазасың?", "Топырақты немен тегістедің?"

Ойын аяқталған жағдайда, заттарды, атрибуттарды орнына салып жинауды бақылау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Бақшаны егеміз" ойыны. Жарайсыңдар.
 - Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Егінші болдыңдар.
 - Егінші болып, не істедіңдер? Дәндерді топыраққа ектік. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
 - Балалар, дәндерден көгөністер шығу үшін, біз не істеуіміз керек? Иә. Су құйғышпен суаруымыз керек.
 - Сендер бүгін еңбекқор, төзімді, нағыз егінші болдыңдар. Көгөністерің тез өссін. Жарайсыңдар!
- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:01.03.2022жыл

Вариативті компонент – Әлеумет

Тақырыбы:"Жол қозғалыс" ойыны

Оқу қызметінің мақсаты Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту; жол жүру ережесінің жаяу жүргіншіге қатысты тараптарымен таныстыру; жүргізуші мен жаяу жүргіншіге қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгерту; жол қозғалысының қарапайым белгілерімен таныстыру. Балалардың сөздік қорын ойын барысында молайту; жүргізуші мен жаяу жүргінші, жол полициясы рөлдерін сомдауда шығармашылық іскерліктерін қалыптастыру; жол қозғалысының қарапайым белгілерін есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Балаларды қоғамдық тәртіпке бағынуға және тәртіп ережелерін бұлжытпай орындауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс"Жаяу жүргінші", "жүргізуші", "полиция", "бағдаршам", "жүргінші жолағы", "полиция ысқырығы", "жол ережесі" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдерӘңгіме, бейнебаян көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгіме, ойынға дайындық, іскерлік ойын, қимыл жаттығуы, шығармашылық әрекет, рефлексия, ғажайып сәт, ойын барысын пысықтау және қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАРЖол қозғалысының суреті, полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, автобус, ұшақ, жүргінші балалар, жүргінші ата мен әже, бала, бағдаршам таңбалауыштары, қасқыр, яхта, дауылпаз, ырғақты, темпі баяу, көңілді әуенжазбасы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

"Жүргіншілер", "жүргізушілер" қалташалары.

Рөлдер. Бағдаршамның түстері бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Бейнероликті көрсету.

Жол қозғалысы туралы бейнеролигі және суреті көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Бағдаршамдар ұйықтамайды."

Бағдаршамдар ұйықтамайды,

Жымыңдайды, жымыңдайды.

Бір қарасаң – қып-қызыл,

Екі десе – сап-сары.

Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.

Көзі көп, біреу басы.

Кіріспе әңгімелесу.

– Жол қозғалысы бейнеролигі жабылмай, тоқтатылып тұрады.

– Балалар, мына көшедегі қозғалыста нелер бар?

– Иә. Көліктер бар. Жақсы. Олар қайда жүріп жатыр? Олар жолда жүріп жатыр.

– Балалар, көліктерді жүргізушілер айдайды. Жүргізушілер. Қайталайық. Жарайсыңдар.

– Көліктердің жолы кең, жалпақ. Көліктер тез жүреді.

– Көліктерден басқа кімдер бар екен? Бұлар – жүргіншілер. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

Жүргіншілер қайда жүріп жатыр?

– Жүргіншілер жаяужолда (тротуар) және жол ортасындағы жүргінші жолағында жүріп жатыр.

Қайталаймыз, жауужол және жүргінші жолағы. Жарайсыңдар.

– Жүргіншінің жолы тар, жіңішке.

– Балалар, есте сақтаңдар! Көлік жол үстінде жүреді, жүргінші жаяужолда немесе ала жолақта жүреді.

– Балалар, жүргіншілер мен көліктер неге бөлек жүреді? Жүргіншіні көлік басып кетпеуі керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

"Көшеде не бар?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Көшедегі жол қозғалысына қатысушыларды анықтау, жол ережелерін пысықтау.

Шарты. Жол қозғалысына қатысушы тараптардың қозғалыс орындарын ажырату, бағдаршамның қажетін айту шарт.

Барысы.

Ойынды өткізуге құралдар немесе құралдардың суреттері қолданылады.

– Балалар, "Жол қозғалысы" ойынын ойнау үшін, сендер көше жолында кездеспейтін бейнелерді бөлек алып тастайсыңдар.

Заттық суреттер: полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, мотоцикл, автобус, жүргінші бала, жүргінші ата, қасқыр, кеме, ұшақ, күшік, доп, дауылпаз.

– Сымбат, қандай суреттерді таңдадық? Айтып көр: полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, мотоцикл, автобус, жүргінші бала, жүргінші ата, күшік. Ойынды ойнату үшін балалардың жол қозғалысы ережелері жөнінде жалпы білімдері болуы тиіс. Ойын барысында білімді пысықтау маңызды.

Уақыт жеткілікті болса, осындай сұрақтар да қоюға болады: "Қасқырды, кемеңі, ұшақты неге алмадыңдар?"

Ойынның алдында ауқымды жұмыстар жасалынуы тиіс, сонда балалардың сұрақтарға жауап беру, жаттығуларды орындау жылдамдығы жоғары болады.

– Балалар, неге допты алып тастадыңдар? Иә. Доппен жолда ойнауға болмайды. Жарайсыңдар!

Сергіту сәті. "Жолда қалай жүреміз?"

Серіту сәтінде орташа ырғақты, дыбысы басылыңқы әуенжазбасы қосылады.

Жаттығу алдында педагог балаларды "жүргізуші" және "жүргінші" етіп екі топқа бөледі.

"Жүргіншілерге" мойындарына "жүргінші" белгілері ілінеді.

"Жүргізушілерге" мойындарына "жүргінші" белгілері ілінеді.

Ойын алаңы немесе аула алаңы, бормен кең және тар жолдарға сызылып бөлінеді.

– Балалар, мына кең жолақ – көліктер жүретін үлкен жол. Жүргізушілер, келіңдер рөлдеріңді бұраңдар! Үлкен жолмен жүріңдер! Жарайсыңдар! Стоп! Кері қайтыңдар! Жарайсыңдар!

– Ал енді, жүргіншілер, қайдасыңдар? Мына жіңішке жолмен жүре ғойыңдар! Кері қайтыңдар! Жарайсыңдар!

Балалардың барлығын бір деңгейге тұрғызу.

– Балалар, ал енді барлықтарың, өз жолдарыңмен жүріп көріңдер! Жарайсыңдар! Тамаша.

Балаларды өз орындарына отыруға шақыру.

Ойынды іске асыру.

"Бағдаршамға қарайық" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар өз қалташаларымен (белгілерімен) қалады.

"Полицей" және "бағдаршам" рөлін педагогтің өзі атқарады. Педагог қолындағы бағдаршам таңбалауыштарын қажетті жерде алмастырып тұрады.

Салынған жолды көлденең кесіп, ала "жүргінші жолағы" төселеді.

"Жүргізушілер" уақытша орындарында отырады.

- Балалар, мына жолақты сендер естеріңде сақтадыңдар ғой? Бұл не? Иә. Жүргінші жолағы. Жарайсыңдар.
- Жүргіншілер! Мұқият болыңдар! Мен бағдаршамның жасыл түсін көрсетіп тұрмын, сендер жүргінші жолағын басып өтесіңдер! Жарайсыңдар!
- Жүргіншілер! Мұқият болыңдар! Мен қызыл түсті көрсетіп тұрмын, сендер жолды баспай тұрыңдар! Тоқтаңдар! Жарайсыңдар!
- Жаттығу бір-екі рет қайталанады.
- Жүргіншілер, орындарыңа барып отырыңдар.
- Мен жүргізушілерді шақырамын.
- Жүргізушілер! Мұқият болыңдар! Мен бағдаршамның жасыл түсін көрсетіп тұрмын, сендер көлік жолымен жүріп өтесіңдер! Жарайсыңдар!
- Жүргізушілер! Мұқият болыңдар! Мен қызыл түсті көрсетемін ... Тоқтаңдар! Жарайсыңдар!
- Жаттығу бір-екі рет қайталанады.
- Жүргізушілер, орындарыңа барып отырыңдар.

Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жол қозғалысы."

- Ойын алдында кейбір балалар қалташаларын алмастыруы мүмкін.
- "Жүргінші" болған балалар қолдарына ойыншықтарын алып жүреді.
- "Жүргізуші" балалар рөлдерін ауыстырады.
- Ойын басталуы мен барысы педагог тарапынан реттеліп, түзетіліп отырады.
- Түстерді ауыстыру балалар үшін екі түрлі қимылдарды орындау болып саналады.
- Кейбір жағдайда балалардың барлығы "жүргізуші" болғысы келеді, сондықтан тәрбиеші барлық балаға рөлдер мен "жүргіншінің" қалташаларын дайындап қоюға міндетті. Ойын тек "жүргізушілер" арасында ойнатылады.
- Ойын аяқталған жағдайда заттарды, атрибуттарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Жол қозғалысы" ойыны. Жарайсыңдар.
- Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Жүргінші, жүргізуші болдыңдар.
- Жүргіншілер не істедіңдер? Жүргізушілер не істедіңдер? Жарайсыңдар.
- Балалар, жол ережесін біреу бұзды ма? Бұзбады. Неге? Иә. Бағдаршамның түсіне қарадық? Жарайсыңдар.
- Балалар, бүгін сендер жол ережелерін сақтадыңдар, мұқият, тәртіпті болдыңдар. Жарайсыңдар!
- Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

«Күншуақ» тобының
2021-2022 оқу жылына
Вариативтік компонент
Шығармашылық «Жапсыру»
Күнтізбелік-тақырыптық
(жылдық)оқу жоспары

Вариативті компонент-шығармашылық жапсыру

№	Тақырып	Мақсаты	Сағат
1	«Доппен жаттығу»	Мақсаты: Балаларға ермексаз қасиеттері туралы түсініктер беру, доптың қасиеттері және ойындар түрлері туралы баяндау. Тұтас ермексаз кесектерінен қажетті көлемде бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, дөңгелектетіп илеп, үлкен және кішкентай, түрлі-түсті доптарды мүсіндеу техникасын пысықтау; дөңгелектерді қағаз бетінің белгілі жерлеріне жапсыруға үйрету, жазықтықты бағдарлау қабілетін жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ой қабілетін дамыту.	1
2	«Бақа»	Мақсаты: Балаларды бақа денесінің негізгі құрылымымен таныстыру, бақаның мезгілге сай тіршілігі туралы мағлұматтар беру. Көлемі және орналасуы түрлі сопақша пішіндерін бір тұтас бақа бейнесіне біріктіріп, жапсыру амалдарына үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту.	1
3	«Жапырақтар түсіп жатыр»	Мақсаты: Балаларға күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы мағлұматтар беру, ағаштардың жапырақтарсыз қалуын түсіндіру; ермексаздың бір бөлігін үзіп немесе жұлып алу дағдысын жетілдіру. Сары және қызыл сары, қызыл ермексаз кесектерінен жұлынған бөліктерді қағаз бетіне салынған ағаштардың ұшар бастарына, ағаш түбіне жапсыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, зейінді, көз мөлшерін дамыту	1
4	«Пештен тандыр нан пісіреміз» Ұжымдық жұмыс	Мақсаты: Балаларды нан өнімдерінің бірі, тандыр нанды пісіру амалымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды тиянақтау; дөңгелек пішіннің қасиеттері жөнінде білімдерді пысықтау.	1
5	«Қарбыздың бөлігі»	Мақсаты: Балаларға адамның күз мезгіліндегі еңбегінің түрлері туралы түсініктер беру, жеміс пен көгөністер туралы білімдерін тиянақтау, қарбыздың жидек екені туралы ұғым беру	1
6	«Қоянның жаңа тоны»	Мақсаты: Балаларға қоянның сұр тонын ақ тонға ауыстырып, қысқа дайындалуы ерекшелігін таныстыру, қоянның дене құрылымын пысықтау; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғымдарды қайталау	1
7	«Алақай қыс келді»	Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде қардың жауатыны, шыршаның жасыл түсін сақтайтыны туралы түсініктер беру. Шырша бейнесін сызбаны жасыл таяқшалармен басып жасау амалдарына үйрету; ақ түсті ермексаздан дөңгелектелген дақтарды қатты қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға жаттықтыру; дөңгелектеу және таяқшаны есу техникаларын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту.	1
8	« Шыршаны безендірейік» Ұжымдық жұмыс	Мақсаты: Балаларға барлығына ортақ шырша сұлбасын түрлі-түсті қағаздан жасалған, шарлар мен тамшыларды жапсырып, безендіру тәртібін көрсету; қысқы мерекелер туралы түсініктерді тиянақтау.	1
9	«Жылы бөкебай»	Мақсаты: Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін жетілдіру, бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтерін бекіту; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. Ермексаздар бөліктерін тура есу, дөңгелектеу, тіктөртбұрышты пішінге жапсыру техникасын жетілдіру; бөкебай сұлбасын әртүрлі ою элементтерін белгілі тәртіпте алмастырып безендіруге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялды, зейінді дамыту	1
10	«Аңдарға қысқы үйшік »	Мақсаты: Балаларға жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде түсініктер беру, қарапайым үй бөлшектері туралы ұғымдарды тиянақтау; аңдарға қамқорлық жасау туралы түсіндіру. Қағаздан ұзын жолақтарды жыртып алу техникасын жаттықтыру, дайын пішінді желімдеп, үйдің бөлшегі ретінде белгілі жерге жапсыру әдебін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойын, көз мөлшерін, зейінді дамыту.	1
11	«Әртүрлі балықтар жүзіп жүр» Ұжымдық жұмыс	Мақсаты: Балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі жөнінде мәлімет беру, балықтардың денесінің ерекшеліктеріне көңіл аудару; аквариум балықтарын күту тәртібінің негіздерімен таныстыру. Ермексаз бөліктерін есу, дөңгелектету, жалпайту техникаларын жетілдіру, балықтың сұлбасын түрлі-түсті таяқшалар, дөңгелектер арқылы безендіру әдебіне машықтау; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілетін, эмоциялар мен түйсікті дамыту	1
12	«Кір жуу машинасы»	Мақсаты: Балаларға тұрмыстық техника кір жуу машинасымен таныстыру, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі көмегі туралы мағлұматтар беру; машинаның сыртқы құрылысымен таныстыру.	1
13	«Құстың балапаны»	Мақсаты: Балаларға көктемде жылы жақтан қайтып келетін жыл құстарының балапандауы туралы мәліметтер беру; құстардың жалпы дене құрылысы жөнінде білімдерді тиянақтау. Құс балапанының маркермен салынған сұлбасын ермексаз бөліктерімен толтыруға үйрету; сары ермексаз кесегінен ұсақ бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, балапан сұлбасына жапсырып, басу тәсілдерін жетілдіру;	1

		қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды дамыту.	
14	«Піспе нан»		1
15	«Ғарыш аспаны әдемі»	Мақсаты: Балаларға ғарыш туралы жалпы мағлұматтар беру, ғарыштағы денелер мен бейнелердің сыртқы келбеттерінің айырмашылықтарын түсіндіру. Ермексазбен белгілі мүсіндеу тәсілдерін қолданып, ғарыштағы бейнелер мен денелерді жазықтың бетіне орналастыру техникаларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиял, түйсік, танымдық қызығушылықтарын дамыту	1
16	«Үш аюдың шелектері»	Мақсаты: Заттардың өлшем қасиеттеріне сүйеніп, үлкеннен кішкентайға қарай бір бағытта қатар орналастыруға үйрету; кескіндердің шеттерін желімдеу техникасын жетілдіру; ойлау, танымдық қызығушылықтар қабілеттерін арттыру, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	1
17	«Танк»	Мақсаты: Балаларға Отан қорғаушылар туралы жалпы ұғым беру, әскери көліктер құрылысының негізгі ерекшелігімен таныстыру; танкінің дайын сызбаның сұлбасын ермексазбен басу амалдарын көрсету.	1
18	«Көк қанатты көбелек»	Мақсаты: Балаларды көбелек жәндігі бейнесімен таныстыру, көбелектің тіршілігі жөнінде мәліметтер беру; жәндіктердің табиғаттағы орны туралы баяндау.	1
			18

Күні:01.09.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Доппен жаттығу»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға ермексаз қасиеттері туралы түсініктер беру, доптың қасиеттері және ойындар түрлері туралы баяндау. Тұтас ермексаз кесектерінен қажетті көлемде бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, дөңгелектетіп илеп, үлкен және кішкентай, түрлі-түсті доптарды мүсіндеу техникасын пысықтау; дөңгелектерді қағаз бетінің белгілі жерлеріне жапсыруға үйрету, жазықтықты бағдарлау қабілетін жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балалардың ойындарда белсенді болу қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға дөңгелек пішіні тәріздес заттардың аттарын айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту сәті, суретті көрсету, затты зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, ауада көрсету, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

- 1- қолдарын жоғары көтеріп тұрған бірнеше баланың суреті.
 - 2- сол балалардың қолдарында бір-бір доп бар.
- Ермексаздан доптар жапсырылған үлгі беті.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Түрлі-түсті үлкенді-кішілі доптар, қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың суреттері, бірнеше бала салынған суреттер, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қимыл жаттығуы. "Біз алғыр, зерек баламыз".

- Қанекей, балалар, денемізді шынықтырайық!
- Мына себеттерден бір-бір доптан екі қолға алып, шеңберге тұра қалыңдар.
- Жарайсыңдар!

Бірғақты әуенжазбасы қосылады.

Біз алғыр, зерек баламыз,
Допты қос қолға аламыз.
Кезек аяқпен жүріп,
Марш басамыз, марш басамыз.

Көтеріміз жоғары, (қолдар жоғары, аяқтың ұшына тұру)
Міне, тұрмыз ұзарып.
Оңға, солға шайқаймыз, (оңға-солға еңкею, қарама-қарсы аяқ ұштарын алмастырып, қойып тұру)
Допты мықтап ұстаймыз.

Төмен түсіп отырсақ, (аяқты созып, басылып отыру, допты жерге тигізіп, тіреп ұстау)
Алдымызда ойнатсақ,
Доп бір орнында тұрмайды, (доппен ойнау, домалату)
Домалайды, домалайды.

- Балалар, доптарды ортаға қарай домалатып жіберейік.
- Доптар алаңда жата тұрсын. Қазір барлығымыз өз орындарымызға барып отырайық, қызықты іс жасайық.

1.2. Суретті көрсету.

Суретте қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың бейнелері салынған.

- Балалар, суретте не көріп отырсыңдар? Иә. Балалар не істеп тұр? Балалар қолдарын жоғары көтеріп тұр.
- Мына балалар біз сияқты алғыр, шымыр болғысы келеді. Бірақ олардың ойынайтын доптары жоқ. Қанекей, түрлі доптар жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу.

Допты көрсету, қасиеттерін әңгімелеу.

– Алдияр, доптың бірін бері әкеліп берші. Жарайсың!

– Доптың пішіні қандай? Иә. Доптың пішіні дөңгелек. Дөңгелек екенін қалай тексеруге болады? Иә. Домалатуға болады. Жарайсың.

– Домалатып көр. Жарайсың. Отыра ғой.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

– Балалар, дөңгелектерді қалай мүсіндейтінімізді есімізге түсірейік.

– Кесектен бір бөлік үзіп алып алақан арасына саламыз. Бөлікті дөңгелектеп есеміз.

– Қайталайық. Дөңгелектеп есеміз. Жарайсыңдар.

– Ал, енді мен жасалған дөңгелекті тақтайша бетінде домалатып көрейін.

– Балалар, доп домалады ма? Иә. Асқар, жарайсың, домалады.

– Мына суреттегі балаларға тезірек, доптарды үлестірейін.

– Әрбір баланың қолына допты жапсырып беремін.

– Міне, балалар доптармен ойнап тұр.

– Балалар, сендер де өз суреттеріңдегі балаларға доптарды мүсіндеп беріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы.

– Балалар, дөңгелек пішіндерді қалай мүсіндейміз? Кесектен жұлынып алынған бөлікті алақан арасына саламыз.

Саусақтарды тік созып, айқастыра айналдырып, бөлікті дөңгелектейміз.

Педагог балалардың алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, қимылдағандарына көңіл аударады.

Дөңгелектеп, дөңгелектеп,

Біз жасаймыз дөңгелекті.

Кім мұқият, кім зерек?

Кімде дайын дөңгелек?

– Бахтияр, суық ермексазды қолмен ұстасақ ол қандай болады? Иә. Ол қатты. Дұрыс.

– Бізге ермексаздың қандай болғаны керек? Иә. Ермексаз жұмсақ болуы керек.

– Дамиля, ермексазды қалай жұмсартуға болады? Иә, оны жылыту керек. Жарайсың.

– Қалай жұмсақ етеміз, кім біледі? Жарайсың, Ерасыл, қолда ұстап отыру керек. Жақсы.

2.4. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың суреті ұсынылады.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Мүсіндеу барысында балаға: "Сен не істеп жатырсың?" сияқты сұрақты қоюға болады.

Балаға өз қимылдарын, "ермексаздан мүсіндедім", "бөлік жұламын", "дөңгелектеймін" сияқты сөздермен сүйемелдеуге шақыру.

Көмек ретінде тәрбиеші дөңгелектеу техникасын өзінің кесегінде көрсетеді.

Доптардың түсін және көлемін әрбір бала өздігінен таңдайды.

Егер баланың кейбіреуі өз үлгісін басқалардан жылдам жасап қойса, басқа парақтағы салынған балалардың суретін толтыртқызу ұсынылады.

Мүсіндеу іс-әрекеті аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын сүлгімен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, қараңдар! Біздің қонақ балаларымыздың қолдарында не бар? Иә. Жарайсыңдар, доптар бар.
- Балалар, енді сендер доссыңдар. Мына суреттегі балаларға үлкен көмек бердіңдер. Достар бір-біріне көмектеседі. Қайталайық. Тамаша. Ал, енді барлығымыз доптармен тағы да ойнайық.

Күні: 15.09.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: « Бақа»

Оқу қызметінің мақсаты: Балаларды бақа денесінің негізгі құрылымымен таныстыру, бақаның мезгілге сай тіршілігі туралы мағлұматтар беру. Көлемі және орналасуы түрлі сопақша пішіндерін бір тұтас бақа бейнесіне біріктіріп, жапсыру амалдарына үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Табиғат құбылыстарын бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бақаның көзі бадырақ", "беті жалпақ", "сопақша" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту сәті, суретті көрсету, затты зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, ауада көрсету, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аудиожазбаны тыңдау.

Бақа дыбысының аудиожазбасы.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Бақаның суреті.

Тіке жатқан қағаз бетіне жапсырылған бақаның үлгісі. Бақаның денесі сопақша, басы сопақша (көлденең), қол-аяқтары да сопақша, көлемі шағын.

Тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы.

Жапсыруға ыдыста екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай дөңгелек жасыл түсті пішіндер жинақтамасы.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбалары.

Ыдыстарда екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай дөңгелек жасыл түсті пішіндер жинақтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Бақаның дыбысы естіледі.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не?
Көрейікші.

Суретті көрсету.

Бақаның суреті көрсетіледі.

– Бақа, сен бұнда не істеп жүрсің? Қайдан келдің?

1.2. Көркем сөз.

Мына сөздерді жұмбақ ретінде де қолдануға болады.

Бақа:

– Менің мекенім – батпақ,

Басым үлкен, жалпақ.

Мен ешқашан да жатпаймын,

Отырамын да бақылдаймын.

Ытқып секіремін, жүрмеймін,

Аузым үлкен болса да күлмеймін.

– Балалар, қыста мен ұйқыға кетемін. Қазір күз болса да, ешкім менімен бірге ән айтыспайды. Сендердің ойындарыңды көрейінші.

Педагог:

– Балалар, біз мына бақа сияқты көп бақа жасап берсек, олар бақылдап, ән айтысады. Бақаға достар жасаймыз ба?

Ендеше бастайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Бақа".

Балаларға тіке жатқан қағаз бетіне жапсырылған бақаның үлгісі көрсетіледі: денесі сопақша, басы сопақша (көлденең), қол-аяқтары да сопақша, көлемі шағын.

– Балалар, бақада не бар? Алтынай, айта ғой. (Көрсеткішпен көрсету). Басы, денесі, аяқтары, көздері. Жарайсың.

– Құндыз, бақаның түсі қандай? Иә. Түсі жасыл. Бақаға жасыл болу не үшін керек? Иә. Шөптің арасына жасырынып отыру үшін. Шөптің арасында бақа көрінбейді.

– Балалар, бақаның суретіне қараса, қандай пішіндерді көруге болады? Иә. Сопақшаларды көреміз. Жарайсың, Шырын. Көрсеткішті қолданып отыру.

– Сопақшалардың көлемі бірдей ме? Бірдей емес. Қандай сонда? Үлкен және кішкентай. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы көрсетіледі. Жапсыруға екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай жасыл түсті дөңгелек пішіндер қажет болады.

– Балалар, мынау бақаның сызбасы.

– Абылай, мынау не болуы мүмкін? Бұл бақаның денесі мен басы.

– Осы дене бөлшектерін бірінші тәртіпте жапсырамын.

Уақытты үнемдеу мақсатында, бөлшектің барлығы желімденіп дайын жатуы керек.

– Пішінді желімдеу үшін, оны арғы жаққа аудару керек. Желімді пішіннің шеттеріне жағамын. Сызбаның үстінен тура салып жапсырамын, майлықпен сүртемін.

– Басында осы тәртіпте желімдеп, сызбаның суретіне қарап жапсырамын.

– Дариға, тағы жапсыратын не қалды? Иә. Бақаның аяқтары. (Көрсету).

– Балалар, міне, бақаның жанына тағы бір бақа келді. Сендер де осындай сүйкімді достарды жапсырып, жасап көріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Бақалар".

Біз көңілді баламыз, (алақандарды алға ашып көрсету)

Біз бақалар боламыз, (төрт саусақты біріктіріп, бас бармаққа соққылау)

Саусақтарды тікірейтіп, (саусақтарды созу)

Шапалақты соғамыз. (шапалақтау)

Біз көңілді баламыз, (алақандарды алға ашып көрсету)

Біз бақалар боламыз, (төрт саусақты біріктіріп, бас бармаққа соққылау)

Алақандарды көрсетіп, (алақандарды алға ашып көрсету)

Оңға, солға бұлғаймыз. (алақандарды синхронды шайқау)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Балалар қимылдарды орындай отырып, сөздерді педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай айтып отырады.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, бақаны жапсырғанда жұмысты неден бастаймыз? Үлкен сопақшалардан бастаймыз. Жарайсыңдар.

– Кішкентай сопақшалар не болады? Иә. Аяқтары болады.

– Балалар, артық желімді немен сүртеміз? Иә. Майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы, жапсыруға ыдыста екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай жасыл түсті дөңгелек пішіндер жинақтамалары беріледі.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптарды алып отыру керек: "бақаның көзі бадырақ", "беті жалпақ", "сопақша", "желімді жағамын", "сүртіп аламын".

Балалардың жұмысты орындау техникалары, тазалықты сақтау әдебі бақыланады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, сендер бүгін не жапсырдыңдар? Иә. Бақаны жапсырдыңдар. Жарайсыңдар.

– Балалар, қаншама көп бақаның шыққанын көріп отырсыңдар? Біздің бақа өзімен бірге ән айтысатын достардың

табылғанына қуанышты.

– Қорлан, сен бақаның басын жапсырғанда нені байқадың? Бақаның басы жалпақ, сопақша сияқты ...

– Бүгінгі оқу қызметінде сендер өте ұғымтал, байқағыш және зерек болдыңдар. Бақалар өте әдемі болып шықты. Жарайсыңдар. Сау болыңдар.

Күні: 29.09.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: « Жапырақтар түсіп жатыр»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы мағлұматтар беру, ағаштардың жапырақтарсыз қалуын түсіндіру; ермексаздың бір бөлігін үзіп немесе жұлып алу дағдысын жетілдіру. Сары және қызыл сары, қызыл ермексаз кесектерінен жұлынған бөліктерді қағаз бетіне салынған ағаштардың ұшар бастарына, ағаш түбіне жапсыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, зейінді, көз мөлшерін дамыту. Балалардың әсемдікті түсіну сезімдерін қалыптастыру, тиянақтылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін, жұламын", "ұшарына жапсырамын", "ағаштың түбіне жапсырамын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ақтөс күшік.

Түрлі-түсті жапырақтар салынған қорапша.

Қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған ағаш ұшар басына, ағаштың түбіне ермексаздан жапсырылған "жапырақтардың" сурет үлігісі, "жапырақтар", үлкен кесектен үзіліп жұлынған бөліктер қызыл, қызы сары, сары түсті.

Қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған жапырақтарсыз ағаш бейнесі.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Вальс ырғағындағы әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жапырақтарсыз ағаш бейнесі салынған қатырма қағаз (картон) беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Күздің келгенін білдіретін вальс әуенжазбасы.

– Балалар, қандай тамаша әуен! Бұл не болуы мүмкін? Иә. Күз келді.

Ғажайып сәт.

Қорапты көрсету.

– Балалар, Алтын күз бізге қорапшада ерекше сыйлықтар жіберіпті.

– Балалар, мына қорапта не бар екен? Көрейік.

Педагог қолдарын қорапқа салып, көптеген түрлі-түсті жапырақтарды алып, қорапқа қайтадан тастайды.

Көркем сөз. "Жапырақтар".

Үзіліп, ұшып барады,

Сары жаңбырдай жауады

Жапырақтар, жапырақтар,

Қағаздай болып шашылады.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, жапырақ деп мен неге айтамын? Иә. Жапырақтар ағашта өскен, енді түсіп жатыр.

– Жапырақтардың түсі бірдей ме? Қандай? Жарайсың, Лаура, сары, қызыл сары, қызыл.

Қолды төмен түсіріп, қораптың ішінен Ақтөсті алып шығу.

– Ақтөс, сәлеметсің бе! Сен бұнда не істеп жүрсің?

– Балалар, амандасайық, бізге Ақтөс күшік те келіп қалыпты.

– Балалар, Ақтөс үйілген жапырақтардың арасына кіріп ойнауды жақсы көреді.

– Мына жапырақтар қайдан жиналған? Иә. Ағаштардан жиналған.

– Иә. Ағаштардың жапырақтары күзде түсіп қалады, себебі қыс келіп қар жауады, бұталар сынып қалуы мүмкін.

– Қанекей, біз де Ақтөсті қуантып, ермексаздан түсіп жатқан жапырақтарды жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған ағаштың ұшар басына, ағаштың түбіне ермексаздан жапсырылған "жапырақтардың" сурет үлгісі көрсетіледі. "Жапырақтар", үлкен кесектен үзіліп, жұлынған бөліктер қызыл, қызы сары, сары түсті.

– Балалар, бұл не? Иә. Ағаш пен жапырақтар.

– Мына ағаш қай жыл мезгілінде тұр? Жазда тұр ма? Күзде тұр. Дұрыс.

– Күзде тұрғанын қалай білдіңдер? Жапырақтары сары, қызыл сары, қызыл түсті. Жарайсың, Жайна.

– Жапырақтар қайда бар? Ағаштың ұшар басында. Қайталаймыз. Жақсы.

– Жапырақтар тағы қай жерде бар? Иә. Ағаштың түбінде бар. Жарайсыңдар.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға қатырма қағаз (картон) бетіне салынған ағаш бейнесі көрсетіледі.

– Балалар, мен үлкен, сары түсті кесекті аламын да кішкентай бөліктерді кезекпен үзіп немесе жұлып аламын.

– Осы бөліктер жапырақтар, оларды ағаштың ұшар басына, ағаштың астына, түбіне саусақпен басып, жағып жапсырамын.

Уақытты үнемдеу мақсатында аяқталмаған үлгіні әрі қарай қойып, дайын үлгіні көрсетуге болады.

– Қараңдар, балалар, мен қызыл сары, қызыл ермексаздардан жапырақтарды жапсырып қойдым.

– Балалар, менің қолым былғанып қалды, майлықпен тазалап сүртемін. Ермексаздар кесектерін орнына, қорапшаға саламын. Кезек сендерде.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Қолдар жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)

Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)

Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)

Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, үлкен кесектен екі саусақтардың ұштарымен үзген болайық. Жарайсыңдар.

– Енді қағаз бетіне жағып жапсырайық. Жарайсыңдар.

Педагог балалардың саусақтарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, үстел бетіне жақпалаумен тигізіп, сипалау қимылдарына көңіл аударады.

– Балалар, жұмысымыздың соңында біз не істейміз? Иә. Саусағымызды майлықпен сүртеміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым, жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "ағаштың ұшар басына", "ағаштың түбіне".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған жұмыс мақтау, оқу қызметін пысықтау.

– Мінекей, балалар, қандай тамаша жұмыстар жасалды!

– Бүгін сендер не істедіңдер? Иә. Ағаштан түскен жапырақтарды қағазға жағып жапсырдық. Тамаша.

– Жапырақтардың барлығы түсіп қалды ма? Дұрыс айтасың, Сәбира, жапырақтар ағаштың ұшар басында бар. Жарайсың.

– Қырмызы, сен қандай түстерді қолдандың? Тамаша.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, Ақтөс күшік те сендердің жұмыстарыңа қарап, таңқалып отыр. Өте әдемі шықты. Енді ол сендердің жапырақтарыңмен ойнайды. "Сау болыңдар!"– деп айтады.

– Балалар маған да сендердің жұмыстарың өте ұнап тұр. Сендер бүгін шыдамды, тиянақты балалар болдыңдар. Жарайсыңдар. Демалайық.

Күні: 13.10.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Пеште тандыр нан пісіреміз» Ұжымдық жұмыс.

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларды нан өнімдерінің бірі, тандыр нанды пісіру амалымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды тиянақтау; дөңгелек пішіннің қасиеттері жөнінде білімдерді пысықтау. Дөңгелек пішінді тандыр нан кескіндеріне желімді жағып, барлық балаға ортақ пеш сұлбасының ішіне қатарларға жапсыру техникасына үйрету, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру, майлықпен жапсырылған пішінді басып отыру техникасын пысықтау; зейінді, көз мөлшерін дамыту, көпшілікпен бірге әрекет жасау білігін қалыптастыру. Балаларды нанды қадірлеуге, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "тандыр нан", "пешке жапсырамын", "майлықпен сүртемін" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, суретті зерттеу, жапсыру тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдарын қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аланның суреті, ойыншығы.

Тандыр нан пісіретін пештің суреті.

Тандыр нан пісіретін пештің кескінінің іші тандыр нанның қатарларымен толтырылған.

Тандыр нанның екі суреті: дөңгелек, сопақша.

Тандыр нан пісіретін пештің нансыз кескіні, жапсыруға негіз үлгісі.

Ырғақты, көңілді әуенжазбалары.

Көрсеткіш.

Тандыр нанның екі түрлі пішінді дайын кескіндері, ыдысқа құйылған желім, қылқалам, жайма, тіреуше, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тандыр нанның екі түрлі пішінді дайын кескіндерінің ыдыстардағы жинақтамалары, желім құйылған ыдыстар, қылқаламдар, тіреушелер, жаймалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты әуен естіледі.

– Балалар, бүгін біз табиғатқа саяхатқа шығамыз.

Саяхатымыз ұзақ болады, қарнымыз ашып қалуы мүмкін. Балалар, қарнымыз ашып қалмас үшін не істеуге болады екен? Жарайсыңдар. Азықтанып алу керек.

Ғажайып сәт.

Аланның келгені көрсетіледі.

Алан:

– Балалар, сәлеметсіңдер ме?

– Мен де сендермен табиғатқа саяхатқа шыққым келеді. Ал азықты менің әжем пісіріп береді. Ол азық – тандыр нан.

1.2. Суретті көрсету.

– Бірақ менің әжем қонақта. Ал тандырды пеште пісіруге болады.

Тандыр нан пісіретін пештің суреті көрсетіледі.

Педагог

– Алақай! Балалар, мен таптым. Бәріміз осы тандыр нанды бірігіп пісірейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Суретті зерттеу.

Балаларға тандыр нанды пісіретін пештің суреті тағы да көрсетіледі.

– Балалар, мынау тандыр нанды пісіретін пеш. Шалқар, мынау не? Тандыр нанды пісіретін пеш. Жақсы.

– Пештің ішінде не бар? Иә. Тандыр нан бар.

– Тандыр біреу ме? Тандырлар көп. Жарайсыңдар.

– Тандырдың пішіндері неге ұқсайды? Иә. Дөңгелекке ұқсайды. Сопақшаға ұқсайды. Тамаша.

– Балалар, тандырдың түстері әртүрлі ме? Олар бірдей. Қандай түс екен? Иә. Сары, қоңыр. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балалардың алдына тандырды пісіретін пештің тандырсыз кескіні ілінеді.

– Балалар, мына пешке көптеген тандырдың дөңгелек және сопақша қамырлары дайын.

– Мен бір тандыр пішінін жаймаға аударып, шетінің бойына желімді жағамын, қылқалам тереушеге.

– Пішінді аударып, пештің бір бұрышына жапсырамын. Майлықпен үстінен басып, шетін сүртемін.

– Тағы да бір сопақша тандырды екінші қатардың басына жапсырамын, майлықпен артық шыққан желімді сүртемін.

– Балалар, ары қарай менің күшім үлкен пешті толтыруға жетпейді, сендердің көмектерің керек.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)

Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)

Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)

Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)

Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу)

Жалпақтап.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

- Балалар, біз тандырдың қамырына желімді қалай жағамыз?
- Иә, қылқаламды желімге маламыз. Пішінді аударып, жаймаға саламыз.
- Бір саусақпен шетін басып тұру керек.
- Қылқалам тіреушеге.
- Пішінді қайта аударып, көздеген жерге жапсырамыз.
- Майлықпен үстінен басып, шығып кеткен желімді сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздігінен жапсыру.

Ұжымдық жұмыс болуына байланысты, әрбір баланың өз пішініне желімді жағып, кезекпен келіп, ешкімге кедергі болмай, пештің сұлбасына жапсыру тәртібі қадағаланады.

Балаға "Сен нені жапсырасың?", "Пішіні қандай?", "Майлықты не үшін алдың?" сияқты сұрақтарды қойып отырған дұрыс.

Балаға "тандыр нан", "пешке жапсырамын", "майлықпен сүртемін" деген сөздер мен фразаларды айтқызу маңызды.

Педагог баланың жұмысын қолдап, мақтауға міндетті.

Балаға көмек қажет болса, педагог жапсыру, желімдеу тәсілдерін өз қағаз үлгісінде орындауы қажет.

Көмектің тағы бір түрі баланың қимылдарына нұсқаулар беріп отыру. Мысалы, "кескінді аудара ғой", "қылқаламды тіреушеге қой", "майлықпен үстінен бас".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін біз немен айналыстық? Иә. Тандыр нанды пісірдік. Жарайсыңдар.
- Бөлек жапсырдық па, бірге жапсырдық па? Бірге жапсырдық. Не үшін жапсырдық?

Кейіпкермен қоштасу.

– Алан өте қуанышты, себебі барлығымызға тандыр нан пісіп тұр, саяхатқа шығуға болады. Алан сендердің ұйымшыл, ұқыпты болғандарыңды көріп, әжесіне мақтап барады. "Сау болыңдар!" – дейді.

– Иә, балалар, бүгін көптеген тандыр нан пісірілді. Саяхатқа шыққанда қарнымыз тоқ болып жүреді. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні: 27.10.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Қарбыздың бөлігі»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға адамның күз мезгіліндегі еңбегінің түрлері туралы түсініктер беру, жеміс пен көгөністер туралы білімдерін тиянақтау, қарбыздың жидек екені туралы ұғым беру. Ермексазды алақан арасында дөңгелектеп илеу, таяқша етіп есу техникаларын жетілдіру, қарбыздың сыртқы жасыл қабын қызыл қатырма қағаз (картон) негізінің шетіне жалпақтап жапсыруға үйрету; қара кесектен үзімдерді саусақтар арасында илеп, есіп, қарбыз дәндері ретінде қызыл қағаз негізіне жапсырып отыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, пішінді қабылдау, көз мөлшерін дамыту. Балаларда адамның еңбегін құрметтеу деген сезімді қалыптастыру, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін, жұламын", "ұзын таяқшаны есемін", "қарбыз – жидек" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, көркем сөз, жұмбақ, суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сүлгімен жабылған себет.

Қарбыздың суреті.

Қарбыздың бір бөлігінің кескіні,

Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі қатырма қағаздағы (картондағы) кескіні. Көк картон қағазға қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған. Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.

Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескінінің суретті бастамасы. Көк қатырма қағазына (картон) қызыл, дөңгелектің жартысы жапсырылған.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескінінің суретті бастамасы, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Сүлгімен жабылған себет көрсетіледі.

– Балалар, бұл қайдан келген төмпешік?

– Ішінде не бар екенін көру алдында мен сендерге жұмбақты жасырып берейін.

Көркем сөз. Жұмбақты жасыру.

Бау-бақшада бар жүйек,
Сол жүйекте бар жидек.
Дөп-дөңгелек, төмпешік,
Өсіп жатыр дәу жидек.

Теріп алса ... Қайдағы!
Ауыр екен салмағы!
Бұл не деген дәу жидек?!
Көтеруге күш керек.

– Балалар, бұл не? Кім тапты?

1.2. Сурет (зат) бойынша әңгімелесу.

Сүлгіні алып тастау, қарбыздың суретін көрсету,

- Қараңдар, бұл не?
- Балалар, қарбыз – ол жидек. Қайталаймыз.
- Бірақ өте үлкен, бірақ өте тәтті жидек.
- Қаламқас, қарбыздың сыртын ұстасақ, сипасақ қандай екен? Иә. Сырты қатты, жылтыр. Қайталаймыз, балалар. Жарайсыңдар.
- Қарбыздың түсі қандай? Иә. Түсі жасыл, қара жолақтары бар.
- Балалар, біз бір қарбызды көп бөліктерге бөлуіміз керек. Бір қарбыз ешкімге жетпейді.
- Қарбыздың ішінде не бар екен? Біз қарбыздың ішін жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған. Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.

- Балалар, бұл қарбыздың кесілген бөлігі.
- Балалар, қарбыздың сыртқы қабығының түсі қандай? Иә. Қабығының түсі жасыл. Қайталаймыз.
- Қарбыздың ішкі жағының түсі қандай? Түсі қызыл. Жарайсың, Аймара.
- Қызылдың ішінде не бар? Иә. Дәндері бар. Түсі қандай? Иә. Түсі қоңыр. Жарайсыңдар.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған.

- Балалар, қарбыздың несін жапсыру қажет? Иә. Жасыл қабығын жапсырамыз. Жақсы.
- Мен жасыл кесектен бір бөлікті бөліп аламын, тақтайша үстінде дөңгелектеймін, содан соң таяқша етіп есемін.
- Таяқшам жіңішке, ұзын болуы тиіс. Таяқшаны қызыл жарты дөңгелектің шетінің үстіне саламын. Саусақтарыммен басып-басып жапсырамын.

- Егер ермексаз жеткіліксіз болып жатса, тағы да бір бөлікті бөліп алып, есемін, шетке жапсырамын.
 - Енді маған не керек? Иә, қарбыздың дәндері керек. Қоңыр ермексаздан кішкентай көптеген үзімдерді жұлып аламын. Үзімдердің әрқайсысын дөңгелектеймін, есемін, қызылдың үстіне басып жапсырамын.
 - Міне, менде қарбыздың бір бөлігі дайын.
- Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Дөңгелек пішіндер өте көп:

- Алма, апельсин, картоп,
- Адамның басы дөңгелек,
- Дөңгелек екен ойыншық доп.

Балалар үстел бетінде дөңгелек пішіндерді саусақтармен салып отырады.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

- Балалар, қарбыздың бөлігін жасауды неден бастаймын?
- Есуді көрсетейік, жарайсыңдар.
- Дәндерін қалай жасаймыз?
- Иә. Үзіп, жұлып отырамыз, дөңгелектейміз, қызылдың үстіне жапсырамыз. Жарайсыңдар.

Педагог балалардың саусақтары мен алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, тақтайшаға басып, дөңгелектеу немесе есу қимылдарына көңіл аударады.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үздім, жұлдым", "ұзын таяқшаны есемін", "қарбыз – жидек".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, қандай тамаша жұмыстар жасап шықтыңдар! Бұл не? Иә. Қарбыздың бір бөлігі.
- Қарбыз көгөніс пе? Иә. Қарбыз – жидек.
- Біз бүгін сыртын жасадық па? Неден жасадық? Қалай?
- Ал, ішіне не салдық? Иә. Қоңыр дәндерін жасадық.
- Балалар, бүгін сендер ерекше ұқыпты, еңбекқор болдыңдар. Ересек адамдар сияқты күзде қысқа қорек дайындап

шықтыңдар.

Оқу қызметі аяқталды, сау болыңд

Күні:10.11.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Қоянның жаңа тоны»

Оқу қызметінің мақсаты:Балаларға қоянның сұр тонын ақ тонға ауыстырып, қысқа дайындалуы ерекшелігін таныстыру, қоянның дене құрылымын пысықтау; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғымдарды қайталау. Алдын-ала көлденеңінен жыртылып қойған ұзын қағаз жолақтарын алуға үйрету; ұсақ ақ қағаз бөліктерін қоянның бейнесіне, шетінен шықпай жапсыру амалдарына жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылысын бақылауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "сұр қоян", "ақ қоян", "терісі жұмсақ", "жыртып аламын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, кіріспе әңгімелесу, көркем сөз, үлгіні зерттеу, суретті көрсету, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Табиғат аясында жасырынып отырған қоян туралы бейнеролик.

Ақ қоян бейнесінің жасанды үлгісі. Қоянның ақ терісі (қағаздан жыртылып алынған) қоянның сұлбасына тиістіріліп жапсырылған қағаз бөліктері.

Екіге бөлінге сурет-сызбалар:

- 1) сол жақта қоянның басы мен құлақтары, оң жақта аюдың басы, құлақтары дөңгелек;
- 2) сол жақта қоянның денесі мен кішкентай құйрығы, оң жақта түлкінің денесі мен ұзын құйрығы.

Сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреті.

Ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамасы және дайын жыртылған ұсақ қағаздар бөліктерінің жинақтамасы.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреттері.

Ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.

Балаларға табиғат аясында жасырынып отырған қоян туралы бейнеролик көрсетіледі.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, бүгін біз күзгі табиғат аясына барамыз. Табиғат аясында қандай қызықтар бар екен?

– Балалар, сендер нені көріп отырсыңдар?

– Мұқият қараңдар ... Бұтаның түбінде ... не отыр? Иә. Жарайсың, Бағлан, бұл – қоян.

– Қоянның жүнінің түсі қандай? Иә. Жүнінің түсі сұр. Дұрыс айтасыңдар.

– Сұр түсті қоян бұтаның арасында көрінбейді. Қоян неге бері шықпайды екен?

1.2. Көркем сөз. "Қоян неге қорқақ?" (үзінді)

Қоян неге жалтақ?

Оның жаны қорқақ,

Қорқақ қоян, жалтақ,

Қайда қашып бармақ?

Қашар еді бірақ,

Келеді қыс аппақ,

Қоян содан қорқақ,

Денесі сұр, сатпақ.

– Балалар, сұр қоян неге қорқып отыр?

– Иә. Қыс келсе ақ қар жауады, ал қоянның тоны әлі де ақ емес. Біз қоянға ақ тонды жасап берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Ақ қоян".

Балаларға ақ қоян бейнесінің жасанды үлгісі көрсетіледі. Қоянның ақ терісі ақ қағаздан жыртылып алынған, қоянның сұлбасына тиістіріліп жапсырылған қағаз бөліктері.

– Балалар, мынау не? Қоянда не бар? Иә. Басы, денесі, құлақтары, аяқтары, құйрығы бар.

– Балалар, қоянның құлақтары аюдың құлағына ұқсай ма? Неге? Иә. Қоянның құлағы ұзын. Ал құйрығы түлкінің құлағына ұқсай ма? Құйрығы кішкентай.

Жарайсыңдар.

– Балалар, қоянның терісінің түсі қандай? Егер қоянның терісін ұстап, сипап көрсек қандай болар екен? Иә. Қоянның терісі жұмсақ. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

Балаларды аралап үлгінің үстінен сипату. Ұсақ қағаздардан жапсырылып жасалған қоянның "терісін" ұстағанда шынымен жұмсақ болып сезіледі.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреті көрсетіледі.

Жапсыруға ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамасы және дайын, жыртылған ұсақ қағаздар бөліктері қажет.

– Балалар, мына жатқан қағаз жолақтарын мен ұсақ бөліктерге жыртып бөлемін.

Алдын-ала жыртылып дайындалған, ыдысқа салынып қойған қағаздар жинақтамасы көрсетіледі.

– Мен осы қылқаламмен қоянның бүкіл бейнесін желімдеймін. Қылқаламда желім бітсе, қайта желімді жағамын.

Қылқалам тіреушеге.

– Енді қағаз бөліктерін кезекпен қоянның денесінің шеттеріне жапсырамын. Қараңдар, мен бос жер қалдырмаймын.

– Міне, қоян аппақ тонды киіп алды. Тон өте қалың, жылы.

– Қанекей, балалар, сендер қояндарыңа ақ тон кигізіңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)

Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)

Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)

Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді қайталайды.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Қоянға тонды жасау үшін, біз не істейміз?

– Қағаздардан көп бөліктер жыртып аламыз. Жарайсыңдар.

Балалар желімді үшбұрыштардың қай жерлеріне жағамыз? Иә. Шеттеріне.

– Желім бітіп қалса, не істейсіңдер? Иә. Қайта аламыз. Жақсы.

– Қылқаламмен желімді жағып болғаннан кейін, оны қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге қоямыз. Жарайсың, Рақым.

– Балалар құрақты үшбұрыштардан құрап, жапсырған кезде бір-бірімізді итермейміз, тақтаға кезек келеміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Қағазды жырту тәсілі кейбір балаларға қиынға соғып, жылдамдықтары төмендеу болуы мүмкін.

Әрбір балаға қағазды жыртуға мүмкіндіктер беріледі, бірақ алдын-ала жыртылып қойған қағаз бөліктері балалардың ыдыстарына толықтырылып салынып қойылуы тиіс.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Мынау не?", "Сен не істеп отырсың?", "Қайда жапсырдың?", "Қайда жақтың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "сұр қоян", "ақ қоян", "терісі жұмсақ", "жыртып аламын", "денесіне жағамын".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмыс орнын тазалау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін біз не істедік?

– Балалар, қараңдаршы, қояндар өзгерді ме? Несі өзгерді? Иә. Сұр тонды ақ тонға ауыстырдық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Қоянның тоны қандай болды? Иә. Тоны жұмсақ, жылы, ақ болды. Тамаша.

– Балалар, сендер бүгін қоянға көмек жасағанда тиянақты, төзімді болдыңдар. Қоян қардың үстінде, ештеңеден қорықпай, жүгіріп жүреді. Жарайсыңдар.

– Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні: 24.11.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Алақай, қыс келді»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға қыс мезгілінде қардың жауатыны, шыршаның жасыл түсін сақтайтыны туралы түсініктер беру. Шырша бейнесін сызбаны жасыл таяқшалармен басып жасау амалдарына үйрету; ақ түсті ермексаздан дөңгелектелген дақтарды қатты қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға жаттықтыру; дөңгелектеу және таяқшаны есу техникаларын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды қоршаған ортадағы құбылыстарды байқауға, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін", "жұламын", "ұзын таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "қар барлық жерде бар" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Тиіннің суреті.

Үкінің суреті.

Қалың орманға қардың жауғаны туралы бейнеролик.

Көк қатты қағаз бетінде жасыл шыршаның үстінен ақ қардың жауғаны туралы жұмыс үлгісі. Жасыл шырша жасыл ермексаздан есіліп жасалған таяқшалардың сызбалы жапсырмасынан, ақ қар дөңгелектелген ұсақ шарлардың жапсырмаларынан жасалған.

Көк қатты қағаз бетінде шыршаның сызбасы салынған суреттің негізі.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қарапайым шыршаның сызбасы салынған көк қағаз беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Тиіннің суреті көрсетіледі.– Балалар, бұл келген не? Иә. Тиін.

– Сәлеметсің бе тиін? Біздің жаққа қайдан келдің?

Тиін:

– Мен өз інім үшін жылы, қалың ағаш іздеп жүрмін. Бірақ ағаштардың барлығы жалаңаш тұр. Күн суық, Жапалақ жалаңаш ағаштардың арасынан мені тез тауып алады. Маған қорған болатын ағашты тауып беріңдерші

.– Балалар, тиінге қорған болатын қандай ағаш келеді?

– Қанекей, орманға барып көрейік.

1.2. Бейнероликті көрсету.

Балаларға қалың орманға қардың жауғаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. "Қыс келді қалың орманға".

Қыс келді қалың орманға,

Суық мұздармен ойнап ауада,

Қар жаудырып, орап боранға,

Ақ тонды кигізіп жасыл шыршаға.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, сендер нені көрдіңдер? Иә. Орманда қар жауып тұр. Жарайсыңдар.

– Балалар, қар жазда жауа ма? Дұрыс, қар тек қыста жауады.

– Қардың түсі қандай? Иә. Қар аппақ. Жарайсыңдар.

– Байқадыңдар ма, орманда қандай ағаштар өсіп тұр? Иә. Шыршалар өсіп тұр. Жарайсыңдар.

– Шыршалар?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға көк қатты қағаз бетінде жасыл шыршаның үстінен ақ қардың жауғаны туралы жұмыс үлгісі көрсетіледі.

Жасыл шырша жасыл ермексайдан есіліп жасалған таяқшалардың сызбалы жапсырмасынан, ақ қар дөңгелектелген ұсақ шарлардың жапсырмаларынан жасалған.

– Балалар, мына ағашты сендер танып отырсыңдар ғой. Шырша екенін қалай білдіңдер? Шырша жасыл. Жарайсыңдар.

– Шырша қыста неге жасыл болады? Кім біледі? Себебі шыршаның жапырақтары жоқ. Шыршаның бұтақтарында инелер бар. Балалар, қайталаймыз. Есте сақтаймыз. Жарайсыңдар.

– Тиін шырша бұталарының арасына кіріп кетсе, жапалақ оны көре ала ма? Көрмейді. Алақай!

– Ендеше шыршаның үстіне жауған қарды жасап көрейік, тиін бізден көмек күтеді.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

– Балалар, мен ермексаз кесегін аламын, алақандарыма қысып жылытамын. Енді менің кесегім жұмсақ. Зере, менің кесегім қандай болып шықты. Иә. Жұмсақ болды.

– Кесектен бөліктерді үзіп аламын, тақтайша үстіне салып, таяқшалар есемін. Міне, қаншама көп таяқша бар.

– Енді шыршаның сызбасына қарап, сызықтардың үстінен таяқшаларды басып, әдемілеп жапсырамын.

– Менің шыршам дайын. Жапалақтан қорған бар.

– Ақ кесектен көптеген ұсақ бөліктерді жұлып аламын. Әрқайсысын дөңгелектеймін.

– Көк парақтың барлық жеріне басып, жақсылап жапсырамын.

– Енді тиін қалың қармен жамылған шыршада тұрса тонбайды.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтай ..."

Темпі орташа, вальс әуенжазбасы қосылады.

Ақшақарлар қалықтай (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)
Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)
Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)
Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)
Мамықтай жерге түсіп, (алақандармен жоғарыдан бұлғап, төмен қарай түсіру)
Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге қою)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, қарды жасауды неден бастаймыз?
– Есуді көрсетейік. Шыршаның бұталарына жапсырамыз. Жарайсыңдар.
– Жауған қарды қалай жасаймыз?
– Иә. Үзіп алып отырамыз, дөңгелектейміз, қағазды барлық жеріне жапсырамыз. Тағы да жұлып аламыз, барлық жеріне жапсырамыз.
– Міне, қаншама көп қар жауды! Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтары мен алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, тақтайшаға басып дөңгелектеу немесе есу қимылдағандарына көңіл аударады.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына көк картон қағазға қарындашпен салынған шыршаның сызбасы беріледі.
Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым", "кесектен жұлып алдым", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "қар барлық жерде бар".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қараңдаршы, қандай керемет жұмыстарды жасап шығардыңдар!
– Бүгін біз нені жасадық? Иә. Шыршаны қатты қағазға ермексаз арқылы жапсырдық. Қарды жапсырдық.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, тиін сендерге өте риза болды, алғысын айтып жатыр. Тиінге шырша бұталары арасында жылы болады, ол жапалақтан да жасырынып қалады.
– Балалар, бүгін сендер табиғатты аялап, жабайы аңдарға көмектеріңді бердіңдер. Жарайсыңдар.
Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Күні: 08.12.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Шыршаны безендірейік» Ұжымдық жұмыс.

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға барлығына ортақ шырша сұлбасын түрлі-түсті қағаздан жасалған, шарлар мен тамшыларды жапсырып, безендіру тәртібін көрсету; қысқы мерекелер туралы түсініктерді тиянақтау. Жұмсақ қағазды саусақтар мен алақандар арасына шиыршықтау, дөңгелектеу техникаларын жетілдіру; шырша сұлбасы бетінің барлық жеріне түрлі-түсті жасанды шарларды жапсыру іскерліктерін арттыру, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, түйсікті дамыту. Балаларда әсемдікті бағалау негіздерін қалау, оларды ұйымшылдыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "шиыршықтаймын", "дөңгелектеймін", "суға тигіземін", "мыжғылаймын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техника амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, бейнероликті көрсету.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, жаңа жылдың келуін білдіретін, әуенжазбасы.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Суреттер сериясы:

- 1) алаңдағы жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті;
- 2) алаңда шарлар және ойыншықтармен безендірілген жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті.

Шырша сұлбасына панно немесе тақта.

Қағаз бетіне салынған, жасылға боялған шыршаның сұлбасы.

Түрлі-түсті, шаршы пішінді жұмсақ қағаз қиықтарының жинақтамалары.

Түбіне су құйылған жайпақ ыдыс.

Желім, тіреуше, қылқалам, жайма, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Түрлі-түсті, шаршы пішінді жұмсақ қағаз қиықтарының жинақтамалары.

Түбіне су құйылған жайпақ ыдыстар.

Желімдер, тіреушелер, қылқаламдар, жаймалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, жаңа жылдың келуін білдіретін, әуенжазбасы қосылады.

1.2. Суретті көрсету.

Балаларға алаңдағы жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті көрсетіледі.

- Балалар, нені көріп отырсыңдар? Иә. Жабайы аңдар, орман тұрғындары шыршаны айнала қоршап тұр.
- Қалай ойлайсыңдар, олар шыршаның жанына не себептен жиналған?
- Иә. Орман тұрғындары да Жаңа жыл мерекесін қарсы алғысы келеді, бірақ оларда әдемі ойыншықтар жоқ.
- Балалар, шыршаны адамдар не себептен безендіреді. Иә. Себебі, қыста ағаштар жалаңаш тұрады, ал шыршаның жасыл инелері бар. Жасыл киген шырша сияқты.

Көркем сөз. "Аппақ қарда жасыл шырша".

Аппақ қарда жасыл шырша

Өсіп тұрғанын, көрген барша.

Оның күлкісін көрейік,

Ойыншықтармен безендірейік.

– Қанекей, жасыл шыршаны безендіріп берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні (қағаздан жасалған шар мен тамшыны) зерттеу.

Балаларға жұмсақ қағаздан шиыршықталған тамшылар мен дөңгелектелген шарлардың үлгілері көрсетіледі.

- Балалар, қараңдаршы, мынау не? Иә. Шырша ойыншықтары. Жарайсыңдар. Оларды не деп атауға болады? Иә. Тамшылар, шарлар. Жарайсың, Бекжан.
- Шарлар пішіндері неге ұқсайды? Иә. Дөңгелекке ұқсайды.
- Ал, тамшылар неге ұқсайды? Иә, сопақшаға ұқсайды. Дұрыс.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына панноға не тақтаға, барлықтың жұмысына ортақ алаң болатын шыршаның қағаздан қиылған сұлбасы ілінеді.

Ойыншықтардың жасалу үлгісін көрсету үшін түрлі-түсті шаршы пішінді жұмсақ қағаздардың қиықтарын қолдануға болады.

Ойыншықтардың нақтылығын қамтамасыз ету үшін, жайпақ ыдыстың түбіне суды құйып қоюға болады.

- Балалар, мына шыршаны безендіреміз. Ол үшін мен ойыншықтарды қалай жасайтынымды көрсетейін.
- Шарды жасау үшін мен шаршы пішінді қағазды алып, суға сәл тигізіп, саусақтармен мыжғылап, алақандар арасына салып, шиыршықтап дөңгелектеймін. Міне, шар жасалды.
- Енді қылқаламмен желімді шардың бір ұшына жағамын, шыршаның бұтасына жапсырамын да ұстай тұрамын.
- Тамшыны жасау алдында мен қағазды суға тигізіп, оны мыжғылап есемін. Міне, тамшы. Желімді жағып, шыршаның тағы бір жеріне жапсырып, ұстай тұрамын.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Шыршада, шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)

Қояндар өседі, қонжықтар.

Шыршада, шыршада өседі алтын алма,

Алтын алманы жұлып алма.

– Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)

Саусаққа тиеді, байқа!

Шырша, шырша сыйлықты бермейді,

"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. (шапалақтау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдарын және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, саусақтармен қағазды қалай мыжғылаймыз? Көрсетіңдер. Жарайсыңдар.

– Қалай дөңгелектейміз? Қалай есеміз? Жарайсыңдар.

– Балалар, қағазды мыжғылау алдында суға тиігізіп алуды ұмытпаңдар.

– Тағы да нені ұмытпаймыз? Иә. Жапсырғанымызды біраз ұстап тұру қажет екенін ұмытпайық. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына жайманы, ыдыста түрлі-түсті жұмсақ қағаздардың шаршы пішінді қиықтарын, бір үстелге ыдыс түбінде суды, желімді, тіреушені, қылқаламды дайындап қою керек.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасайсың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптарды алып отыру керек: "суға тигіземін", "мыжғылаймын", "дөңгелектеймін", "есемін".

Балалардың қағазды дөңгелектеу, шиыршықтау тәсілдерін, үстел үстінде тазалықты сақтау, майлықпен саусақты сүрту әдебін, жапсыруда бір-біріне кедергі болмау амалдарын бақылау қажет.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгінгі біздің жұмысымыз ұнады ма? Жарайсыңдар!

– Не істегендерің ұнады? Иә. Шыршаны безендірдік.

– Шыршаны немен безендідіңдер? Иә. Ойыншықтармен безендірдік.

– Арыстан, ойыншықтарды қалай жасадық? Иә. Дөңгелектедік. Шиыршықтадық. Жарайсың.

Суретте көрсету.

Балаларға алаңда шарлар және ойыншықтармен безендірілген жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті көрсетіледі.

– Қараңдар, балалар, ойыншықтар қалай жарқырап тұр. Шыршаның барлық бұтағына ілінген. Орман тұрғындары сендерге өте риза.

– Балалар, сендер бүгін өте таза, ұқыпты болдыңдар, бір-біріңе кедергі жасамай, ұйымдасып жұмыс істедіңдер.

Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Жаңа жыл туралы шағын бейнероликті көрейік.

Күні: 22.12.2021ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Жылы бөкебай»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін жетілдіру, бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтерін бекіту; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. Ермексаздар бөліктерін тура есу, дөңгелектеу, тіктөртбұрышты пішінге жапсыру техникасын жетілдіру; бөкебай сұлбасын әртүрлі ою элементтерін белгілі тәртіпте алмастырып безендіруге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялды, зейінді дамыту. Балаларда өзіне-өзі қызмет ету қағидаларын қалау; сәндік өнер көздеріне деген қызығушылыққа, ұқыптылыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бөкебайды безендіремін", "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "кезек-кезек жапсырамын", "кезек-кезек саламын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, мүсіндеу, жапсыру тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, ырғақты, ертегінің басталуын білдіретін әуенжазбасы.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

суреттер сериясы немесе бейнеролик:

- 1) балапанның жазда бөкебайды киіп алғаны туралы сурет;
- 2) балапанның қыста терезенің алдына шығып, жалаңаяқ тұрғаны туралы сурет;
- 3) балапанның қысқы аулада аққаланың қасында, қолына күрек ұстап, қысқы киімде, бөкебайда тұрғаны туралы сурет.

Сары, жасыл түсті қатты қағаз беттеріне ермексаздан оюлар жапсырылған (безендірілген) бөкебайлар үлгілері.

Оюлардың түрлері таяқшалар мен дөңгелектерден жасалған.

Тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаз беті.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаз беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар беріледі.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты, ертегінің басталуын білдіретін әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бүгін мен сендерге ерекше оқиғаны әңгімелеп берейін.

1.2. Бейнероликті немесе суреттер сериясын көрсету.

1. Балапанның жазда бөкебайды киіп алғаны туралы сурет көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Сары басты балапан".

Сары басты балапан,

Мойнына орап алған.

Ыстық күндері, пай-пай,

Жүні жылы бөкебай!

– Бөкебайың жазда кеш!

Терлеп тұрсың! Қане, шеш!

Балапан ше? Тіл алмайды,

Бөкебайды тастамайды.

Жаз біткенде – сары бас,

Қысты күні жалаңаш.

Бөкебайды таба алмай,

Отыр, сыртқа шыға алмай.

2. Балапанның қыста терезенің алдына шығып, жалаңаяқ тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға сары немесе жасыл түсті қатты қағаз бетіне белгілі тәртіпте орналасқан, оюлармен безендірілген, бөкебайлардың үлгілері көрсетіледі. Бөкебайдың оюлары түсті ермексаздан жасалып, қатты қағазға қатармен жапсырылған таяқшалар және дөңгелектерден тұрады.

Балаларға педагогтің қолынан жасалып шыққан түрлі қарапайым оюлармен безендірілген бөкебайдың бір-екі үлгісі көрсетіледі.

– Балалар, мынау не? Иә, бөкебайлар. Дұрыс.

– Бөкебайлар пішіндері қандай пішінге ұқсайды? Тіктөртбұрышқа ұқсайды.

– Бөкебайлар бірдей ме? Несі бірдей емес. (Түстерді айтқызу).

– Қандай оюлармен безендірілген? Иә. Таяқшалар және дөңгелектер. Жарайсыңдар.

– Осы оюлар қалай орналасқан? Иә. Кезек-кезек қатарға орналасқан. Қайталаймыз. Жақсы.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға сары немесе жасыл түсті, тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаздың беті көрсетіледі.

– Балалар, мына бөкебайды безендіру үшін, мен оның түсіне қараймын.

– Егер түсі сары болса, мен сары ермексазды таңдамаймын.

– Сонымен, үлкен көк кесектен бірнеше бірдей бөліктерді үзіп аламын.

– Әрбір бөлікті дөңгелектеп, содан соң тақтайшаға есемін. Қараңдар, менде бірнеше таяқшалар пайда болды.

– Енді бөкебайдың сол жағынан оңға қарай тіке жапсырамын. Таяқшаны салдым, саусақтармен басып-басып, әдемілеп жапсырамын.

– Балалар, қараңдаршы, осы таяқшадан кейін мен орын тастаймын, тағы да жапсырамын, орын тастаймын, тағы да жапсырамын ...

– Міне бөкебай әдемі ала таяқшаларға толды.

- Енді мен қызыл кесектен бірнеше бөліктерді жұлып аламын. Дөңгелектеймін.
- Зарина, мен таяқшалар арасын неге ашып тастадым? Әрине, осы бос орындарға мен тағы да бір оюларды жапсырамын.
- Дөңгелектерді таяқшалардың араларына жапсырамын.
- Қалай екен? Шынымен әдемі.

Балалардың қалауларына сай бөкебайдың тек түрлі-түсті таяқшалармен безендірілген нұсқасы көрсетіледі.

2.3. Саусақ жыттығуы. "Ою саламыз".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Зергер бала боламыз,

Оюды саламыз:

Бұлақ, (ішке қарай шиыршықтау)

Дөңгелек, (шеңбер салу)

Ирек, (толқындар жасау)

Қанат, (қос қолмен бұлғау)

Гүлдер, (алақандарды жайып, тігінен көрсету)

Көбелек. (қос қолды айқастырып, бұлғау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

- Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
- Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
- Балалар, жұмысымыз біткенде не істеміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына қатты қағаздан қиылған тіктөртбұрышты қатты қағаз беті беріледі.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "кезек-кезек жапсырамын".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, менің ойымша бүгін біз көптеген жақсы істер бітірдік. Біз не істедік? Иә. Сарыбас балапанға жылы ұзын бөкебай жасап безендірдік.
- Руслан, бөкебайды біз қандай оюлармен безендірдік? Иә. Таяқшалар мен дөңгелектер. Жарайсың.
- Сырым, сен ермексазбен қандай қимылдар жасадың? Иә. Дөңгелектедің, естің. Тамаша.
- Қаламқас, сен қандай түстерді қолдандың? Жарайсың.
- Балалар, сендердің бөкебайларың әртүрлі бір-біріне ұқсамайды. Өте әдемі оюлармен безендірілген.

Суретті көрсету.

3. Балапанның қысқы аулада аққаланың қасында қолына күрек ұстап, қысқы киімде, бөкебайда тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

- Қараңдаршы, балалар, балапан анасының тілін алып, қыста жылы киімді киіп, далаға ойынға шықты. Қандай тамаша! Сендердің көмектерің тиді.
- Балалар, рақмет! – деп балапан алғыс айтады.

– Балалар, бүгін сендер балапанға нағыз дос, жанашыр, ұйымшыл балалар болдыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Күні: 12.01.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Аңдарға қысқы үйшік»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде түсініктер беру, қарапайым үй бөлшектері туралы ұғымдарды тиянақтау; аңдарға қамқорлық жасау туралы түсіндіру. Қағаздан ұзын жолақтарды жыртып алу техникасын жаттықтыру, дайын пішінді желімдеп, үйдің бөлшегі ретінде белгілі жерге жапсыру әдебін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойын, көз мөлшерін, зейінді дамыту. Балаларда аңдардың тіршілігіне деген байқағыштықты дамыту, ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "жолақты жыртып аламын", "желімді жағамын", "сүртіп аламын", "аңдарға үйшік" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балаларға қарлы боранның дыбысы естіледі.

Қарлы боран туралы бейнеролик.

Суреттер сериясы:

- 1) қыс мезгілінде терезесі мен шатыры жоқ үйшіктің аяқталмаған суреті;
- 2) жаз мезгіліндегі үйшіктің толық суреті.

Тіке жатқан қағаз бетінің төменгі жағына салынған шаршы пішінді, қоңыр түсті үйдің қабырғасының суреті.

Ыдыста сары түсті қағаз және көгілдір пішінді дөңгелектер жинақтамасы. Әрбір дөңгелекке аңның сызбалы бейнесі салынған.

Көрсеткіш.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үйшіктің тек қабырғасының сызбасы салынған қағаз парақтары; ыдыстарда сары түсті қағаздар, аңдардың беттері салынған дөңгелек пішіндер жинақтамалары; жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Балаларға қарлы боранның дыбысы естіледі.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не болуы мүмкін?

1.2. Бейнероликті көрсету.

Қарлы боран туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, қараңдаршы. Бұл қарлы боран. Қайталаймыз.

– Қарлы боран қыста болады. Далада өте суық, қараңғы.

Көркем сөз.

Қыс ешкімді аямайды,

Қарлы боранды айдайды.

Қарлы боран – аппақ жау,

Қалдырады таудан тау.

Аңдар тоньп қашады,

Қарындары ашады.

Кім салады үйшікті?

Кім береді көмекті?

Суретті көрсету.

Аяқталмаған үйшік суреті көрсетіледі. Үйшіктің тек қабырғасы бар, терезесі мен шатыры жоқ.

– Қараңдаршы, мына тұрған үйшіктің қабырғасы ғана. Үйшіктің несі жоқ? Иә. Шатыры жоқ, терезесі жоқ.

– Қарлы боран терезе мен шатырды сындырыпты. Шатыр мен терезені қайта салу керек.

– Олай болса, балалар, аңдарға қысқы үйшікті жөндеп, салып берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына панноға не тақтаға, үйшіктің жазғы алаңда тұрған толық суреті көрсетіледі.

– Дария, мынау не? Мынау – үйшік. Дұрыс. Үйшік туралы айтып берші.

Балаға көрсеткішті беріп, жауап беруге көмектесу.

– Жарайсың, Дария, шатыр, қабырға, терезе.

– Шатыр неден жасалған? Балалар, шатыр кепкен шөптен жасалған.

- Терезенің шынылары қандай пішінге ұқсайды? Иә. Дөңгелектерге ұқсайды.
- Балалар, терезенің шынысын салсақ, аңдар тезірек үйшікке кіріп алады.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Қағаз бетінің төменгі жағына салынған шаршы пішінді, қоңыр түсті үйдің қабырғасының суреті көрсетіледі.

Жұмыс жасау тәсілдерін көрсету үшін, сары түсті қағаз және көгілдір пішінді дөңгелектер керек. Әрбір дөңгелекке аңның сызбалы бейнесі салынған.

– Балалар, үйшікке қар кіріп кетпес үшін, мен шатырды сары шөппен жабамын. Ол үшін мына сары қағаздың шетінен ұзын жолақшалар жыртып аламын.

– Қылқаламға желім аламын, жыртылған бөлікті жайма үстіне аударып желімдеймін. Қылқалам тіреушеге. Бөлікті аударып, мына шаршы пішінді қабырғаның үстіңгі жағына жапсырамын. Екінші бөлікті желімдеп, шатырдың екінші жағына жапсырып қоямын. Майлықпен артық желімді сүртіп аламын.

– Міне, шатыр дайын.

– Ыдыста түрлі аңдардың бейнелері бар дөңгелектің бірін алып, аударып, жайма үстінде желімдеймін.

– Терезені бір шаршы бөлігінің үстіне жапсырамын.

Уақытты үнемдеу мақсатында алдын-ала желімденген дөңгелектерді қалған терезенің бөліктеріне тез жапсырып, майлықпен сүртіп қоюға болады.

– Балалар, менің үйшігіме аңдар кіріп алыпты. Ендігі кезек сендерде.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)

Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)

Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)

Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Педагог мимика мен саусақ қимылдарын қолданумен қатар, пантомиманы орнымен енгізіп отыру керек. Балалардың тақырыпқа деген қызығушылықтары арта түседі.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, шатырды жапсыру үшін біз не істейміз? Иә. Сары қағазды жыртамыз. Көрсетейік. Жақсы.

– Тағы да не істейміз? Әрине, терезеге шыны саламыз. Жарайсыңдар.

– Балалар, егер желім тысқа шығып кетсе, не істейміз? майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына сары қағаз беттері, аңның сызбалы бейнелері салынған көгілдір дөңгелектер беріледі.

Балалардың жұмысты орындау техникалары, тазалықты сақтау әдебі бақыланады.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "жолақты жыртып аламын", "желімді жағамын", "сүртіп аламын".

Үйшікке қажет шынылар саны төрттен көп болуы керек, әрбір бала өзіне ұнайтын аңның бейнесін жапсыруға мүмкіндік алады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін біз қандай қызықты жұмыс жасадық? Иә. Аңдарға үйшік салып бердік.
- Шатырды қалай жасадық? Жыртып алдық, Жапсырдық. Жарайсыңдар.
- Ғалия (Ермек, Арман, Қуат, Альфия), үйшікке сен қандай аңдарды тұрғыздың?
- Балалар, бүгін аңдар қарлы боранға қалмай, жылы үйшікте тұратын болды.
- Сендер өте мейірімді, қамқор балаларсыңдар. Жарайсыңдар! Рақмет, сау болыңдар.

Күні:26.01.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Әр түрлі балықтар жүзіп жүр» Ұжымдық жұмыс

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі жөнінде мәлімет беру, балықтардың денесінің ерекшеліктеріне көңіл аудару; аквариум балықтарын күту тәртібінің негіздерімен таныстыру. Ермексаз бөліктерін есу, дөңгелектету, жалпайту техникаларын жетілдіру, балықтың сұлбасын түрлі-түсті таяқшалар, дөңгелектер арқылы безендіру әдісіне машықтау; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілетін, эмоциялар мен түйсікті дамыту. Балаларда эстетикалық талғам негіздерін қалау, байқампаздыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "сұлбасын безендіремін", "аквариум" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сарғыш Марғаудың суреті.

Алтын балықтың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнеролик.

Балықтың бір-екі сурет үлгісі. Балықтардың денелері түрлі оюлар элементтерімен безендірілген.

Үлкен қағаз бетінде балалар санына сай балықтар бейнелерінің сызбалы суреттері. Балықтар денелерінің оюлары маркермен салынған (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Ғажайып сәт.

Сарғыш Марғау қонаққа келеді.

– Балалар, қараңдаршы, бүгін Сарғыш Марғау үндемей, тыныш келіп тұр. Оған не болғанын сұрайықшы.

– Марғау, бүгін сен неге тыныш жүрсің?

Марғау:

– Мен балықтардың тілін білгім келеді? Олар сөйлегенде дыбыстарын шығармайды.

Педагог:

– Бұл қалай екен. Көрейікші.

Бейнероликті көрсету.

Алтын балықтың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Балық".

Балық жүзіп қоймайды,

Қанаттарымен бұлғайды,

Сүңгіді, жылпылдайды,

Суға неге батпайды?

Балық сөйлей білмейді,

Тыңдасаң – үндемейді.

Аузын ашып қоймайды.

Мүмкін, суға тоймайды?

Кіріспе әңгімелесу

– Балалар, қандай тамаша! Мынау не? Жарайсыңдар. Бұл – балық.

– Балық емес, құс па? Балық пен құстарды ажыратуға бола ма?

– Иә. Балық суда жүзеді. Қайталаймыз. Жақсы. Ал құс ... ұшады.

– Балалар, мына ыдысты біз не деп айтамыз? Иә. Бұл – аквариум. Қайталаймыз. Жеңіс, қайтала. Жарайсың.

– Шынымен, балықтар дыбыстарын шығармайды екен.

Кідіріс ұстау.

– Марғау, біз сенімен тыныш қана сөйлесіп көрейік.

Марғау:

– Балалар, мен аквариумда көп балық ұстайын деп едім, бірақ оларды бояй алмаймын. Көмектесіңдерші.

– Балалар, Марғауға көмектесейік. Содан соң балықтарға жем береміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына бір-екі балықтың сурет үлгілері көрсетіледі. Балықтар денелері түрлі оюлар элементтерімен безендірілген.

- Балалар, мына балықтар бірдей ме? Несі бірдей емес? Иә. Оюлары бірдей емес.
 - Қарлығаш, бірінші балықтың қандай оюларын білесің? Айтып көрші. Таяқшалар, нүктелер. Жарайсың.
- Балалар балықтарда бар оюлардың түстерін, түрлерін айтады.

Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына үлкен қағаз бетінде балалар санына сай балықтардың бейнелері көрсетіледі. Балықтар денелерінің оюлары маркермен салынған (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

- Балалар, балықты безендіру үшін, мен оның оюларының түрлеріне, түстеріне қараймын.
 - Сызықтар болса, мен ермексазбен не істеймін? Иә. Ермексаз бөлігін есемін. Жарайсың, Шолпан.
 - Нүктелер болса, мен не істеймін? Иә, Олжас, мен бөлікті дөңгелектеймін.
 - Балалар, егер ол толқын болса, мен бөлікті ұзындау есіп, балық денесінің үстіне салып, толқын ізін қайталап басамын.
- Балаларға кез келген балықтардың белгілі оюларын қайталау амалдары көрсетіледі.
- Балалар, барлықғымыз жабылып, аквариумдағы балықтарды әдемі безендірейік.

Саусақ жаттығуы. "Балықтар".

Балық жүзіп қоймайды, (қос алақанмен ары-бері бұлғау)

Қанаттарымен бұлғайды, (екі қолдың саусақтарымен жыбырлату)

Сүңгиді, жылпылдайды, (алақандарды жұдырықты ашып-жабу)

Суға неге батпайды? (шапалақтау)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Балалар қимылдарды орындай отырып, сөздерді педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай айтып отырады.

Ауада жаттығуы.

- Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
- Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
- Балалар, жұмысымыз біткенде, не істейміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
- Балалар, балықтарды безендіргенде бір-бірімізді итермей жүреміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың алдында балалар санына сай түрлі балықтардың сызбалары салынған қағаз беті ілінеді.

Балалардың әрқайсысы өздеріне ұнайтын балықты таңдап, безендіреді.

Педагог, балалардың үздіксіз тізбекте жұмысты жасату мақсатында, жылдам істейтін балаларды қағаздың алдына, салмақты балаларды ермексазбен техникаларды жетілдіруге бөліп отырады. Содан соң, балалар топтары өзара орындарын алмастырып жүреді.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп-жұламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "оюмен безендіремін".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда, балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, қараңдаршы, Сарғыш Марғау өте көңілді!
- Бұл не себептен, қалай ойлайсыңдар?
- Иә. Біз көп балықтарды безендірдік. Қайталайық.
- Бізде көп түрлі-түсті, үлкен, кішкентай балықтар шықты. Жақсы.
- Айфара, балықты сен немен безендірдің? Қарындашпен? Қылқаламмен бе? Ермексазбен безендірдің. Жарайсың.
- Балалар, енді мына балықтарға жем беруге де болады.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, Сарғыш Марғау сендерге өте риза. Бұндай көп балықты ол әлі де көрмеген. Сендерге ойынға тағы да келіп тұрады.

Марғау:

– Балалар, сау болыңдар! – дейді.

– Бүгін, балалар, сендер ұйымшыл, шығармашыл болып, көп қуаныш сыйладыңдар. Аквариумда әдемі балықтар жүзіп жүр. Оқу қызметі аяқталды. Біз аквариумдағы балықтарға жем берейік.

Күні:09.02.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Кір жуу машинасы»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға тұрмыстық техника кір жуу машинасымен таныстыру, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі көмегі туралы мағлұматтар беру; машинаның сыртқы құрылысымен таныстыру. Дөңгелек пішінді кескіндерді қатарға тізіп, ортаға орналастырып жапсыру тәсілдерін жетілдіру; көз мөлшерін, қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, танымдық қызығушылықтарды дамыту. Балалардың қоршаған әлем заттарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру, зеректікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бір қатарға жапсырамын", "дөңгелектер бірдей", "кезек-кезек саладым", "майлықпен сүртемін", "ортаға жапсырамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

- 1) киген киімдеріне бояудың дақтары жұққан Алан мен Дананың суреті;
- 2) киімі таза Алан мен Дананың суреті.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Суреттер сериясы:

- 1) бір қатарда тұрған тоңазытқыш, электр пеші, кір жуу машинасы, шаңсорғыш суреті;
- 2) кір жуу машинасы.

Кір жуу машинасының жасанды үлгісі. Үлгі пішіні - қатты қағаз, үстіңгі көлденең шетіне көлемдері бірдей дөңгелектер жапсырылған, ортасында үлкен дөңгелек. Үлкен дөңгелекте киімдер бірінің үстіне бірі салынған.

Тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіні.

Панно, көрсеткіш.

Ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер жинақтамасы, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелек.

Бұндай түрлі киімдер салынған дөңгелектер саны бірнешеу.

Ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіндері.

Ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелектер жинақтамалары.

Үлкен дөңгелектер саны бірнешеу, әрқайсысында киімнің бірі салынған.

Ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Ғажайып сәт.

Алан мен Дананы көрсету. Үстілеріндегі киімдеріне бояудың дақтары жұққан.

– Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті.

– Сәлеметсіңдер ме, Алан, Дана! Сендердің үстілеріңе не болған?

– Балалар, кім айтады, бұл не?

Балалар Алан мен Дананың киімдеріндегі бояулы дақтар туралы айтады.

– Иә, бояулы дақтар. Алан мен Дана көп сурет салып, тазалықты сақтамады.

– Оларға не істеу керек? Киімді тез жуып, кептіру үшін, не керек екен?

Суретті көрсету.

Бір қатарда тоңазытқыш, электр пеші, кір жуу машинасы, шаңсорғыш көрсетіледі.

Балалар кір жуу машинасын таңдайды.

– Бұл не?

Көркем сөз. "Кір жуу машинасы".

Қолданады оны барлығы,

Себебі қажет киімнің тазалығы.

Қуанады оған үлкені және жасы,

Себебі бос тұрмайды кір жуу машинасы.

– Балалар, бүгін біз кір жуу машинасын жапсырып жасап, Алан мен Дананың киімдерін жуып берейік. Анасы жұмыстан келгенше таза болсын.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына кір жуу машинасының жасанды үлгісі көрсетіледі. Үлгі пішіні қатты қағаздан, үстіңгі көлденең шетіне көлемдері бірдей дөңгелектер жапсырылған, ортасында үлкен дөңгелек бар. Үлкен дөңгелекте киімдер бірінің үстіне бірі салынған. Бұндай түрлі киімдер салынған дөңгелектер көп болы тиіс, кез келген бала өзіне ұнайтын кімді "кір жуу машинасына жуады".

– Балалар, бұл не? Иә. Кір жуу машинасы. Қайталаймыз.

– Кір жуу машинасының пішіні неге ұқсайды? Иә, тіктөртбұрышқа ұқсайды.

– Кір машинасында не бар? Иә. Дөңгелектер. Дөңгелектер қайда орналасқан? Жоғарыдағы қатарда орналасқан. Сұлтан,

қайтала. Жақсы.

- Балалар, бұл батырмалар. Қайталаймыз.
- Ортасында не бар? Иә. Бұл дөңгелек кірді жинап, жуатын барабан. Қайталаймыз.
- Балалар, үстіңгі және ортадағы дөңгелектер бірдей ме? Ортада үлкен дөңгеле бар.

Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына кір жуу машинасының бейнесіне негіз болатын пішіні тіктөртбұрышты қатты қағаз ілінеді, үстіңгі көлденең шеті сызықпен бөлінген.

Техникаларды орындау үшін ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер жинақтамасы, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелек керек. Бұндай әртүрлі киімдер салынған дөңгелектер саны бірнешеу.

- Балалар, мен үстіге бірдей дөңгелектер қатарын жапсырамын.
- Бірінші дөңгелектің бетін жаймаға аударамын, қылқалам арқылы шеттерін желімдеймін. Қылқалам тіреушеге, дөңгелекті аударамын, үстіңгі сол жақ бұрышқа жапсырамын, үстінен майлықпен басамын. Уақытты үнемдеу мақсатында барлық дөңгелек жапсырылған дайын нұсқа көрсетіледі.
- Енді кезек үлкен дөңгелекке, барабанға келді. Мен, ммм ... , көйлекті таңдаймын, сондықтан көйлек салынған дөңгелекті аламын, желімдеймін, жапсырамын. Үстін майлықпен басып, жақсылап сүртемін.
- Міне, менде кір жуу машинасы дайын. Көйлек жуылып жатыр.
- Балалар, сендер де машинаға қажетті киімді жууға салыңдар, жақсылап жапсырыңдар.

Саусақ жаттығуы. "Кір жуамыз".

Кез келген темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)

Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)

Мыжғылаймыз, мыжғылаймыз. (жұдырыққа қысып, ашу)

Үйкелейміз, үйкелейміз. (алақандарды өзара үйкелеу)

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)

Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)

Қысамыз, ілеміз. (қимылды көрсету)

Жіпке кептіреміз. (үрлеу)

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)

Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)

Үтіктеймі, үтіктейміз, (қимылды көрсету)

Ойынға киеміз. (шапалақтау)

Саусақ жаттығуы балалар үшін таныс болуы керек, орындауда артық уақыт алмайды, балалардың тақырыпты түсінуге деген ынтасын күшейтеді.

Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

- Балалар, кір жуу машинасын, жапсыру үшін біз неден бастаймыз? Иә. Сол жақ бұрыштан.
- Кішкентай дөңгелектен бе? Үлкен дөңгелектен бе? Иә. Кішкентайдан.
- Кішкентай дөңгелектерді қалай жапсырамыз? Қатарға жапсырамыз.
- Үлкенді ортаға. Жарайсыңдар.
- Желім бітіп қалса, не істейсіңдер? Иә. Қайта алып, жағамыз. Жақсы.

- Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.
- Майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.

Өздік жұмыс.

Балалардың әрқайсысына тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіні, ыдыста бірнеше бірдей дөңгелек, бірнеше киім үлгісі салынған үлкен дөңгелектер жинақтамалары ұсынылады.

Баланың әрқайсысы бір киім үлгісін таңдап, өз дөңгелегін жапсырады.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "сол жақ бұрышқа", "кезек-кезек жапсырамын", "ортаға жапсырамын", "кір жуу машинасы".

Шығармашылық жұмысты таза орындау шарттары тексерілуі керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін біз қандай жақсы әрекеттер жасадық? Иә. Алан мен Дананың киімдерін жуып бердік.
- Ол үшін біз не істедік? Иә. Кір жуу машинасын жапсырдық.
- Самал (Ескендір, Дариға, Бауыржан), сен нені жудың? Жарайсың.

Кейіпкермен қоштасу.

Суретті көрсету.

Алан мен Дана таза киім киіп алды.

– Балалар, қараңдаршы, сендердің көмектерің арқылы Алан мен Дананың киімдері таза болып шықты. Осыдан бастап, олар анасын ренжіптей таза жүреді. Рақметін айтып, сендермен қоштасады. Жарайсыңдар!

– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті, қамқор болдыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Демалайық.

Күні: 23.02.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Құстың балапаны»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға көктемде жылы жақтан қайтып келетін жыл құстарының балапандауы туралы мәліметтер беру; құстардың жалпы дене құрылысы жөнінде білімдерді тиянақтау. Құс балапанының маркермен салынған сұлбасын ермексаз бөліктерімен толтыруға үйрету; сары ермексаз кесегінен ұсақ бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, балапан сұлбасына жапсырып, басу тәсілдерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды дамыту. Балалардың көктем мезгіліндегі өзгерістерге, құстардың тіршілігіне деген зеректігін қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "кесектен үзіп алдым", " кесектен жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "балапанның денесіне", "үлпілдеген", "мамықтай", "құстың балапаны" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалық амалдарды көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздігінен мүсіндеу, жасалған мүсін үшін мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балаларға құстардың көктемде шықылдап, шулап жатқанын білдіретін әуенжазбасы.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Мазмұнды сурет. Құстар ағаш бұтақтарына ұя салып, балапандап жатыр.

Құстың балапанының суреті. Балапан сызбасының үстінен ермексаздан үзілген бөліктер басылған.

Қатты қағаз бетіне балапанның сары маркермен салынған сұлбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Балаларға құстардың көктемде шықылдап, шулап жатқанын білдіретін әуенжазбасы қосылады.— Балалар, қандай тамаша! Бұл нелердің дыбыстары? Иә. Құстардың дыбыстары.

– Бұл құстар неге шулайды екен? Кім біледі? Құстар көктем мезгілін қарсы алып жатыр.

Суретті көрсету.

Құстардың ағаш бұтақтарында ән салып жатқаны туралы суретті көрсету. Тағы бір құстар ұя жасап, балапандарын шығарып жатыр.

Көркем сөз. "Жыл құстары сәлемін беріп ...".

Жыл құсы көктемге сәлемін беріп,

Ұшады аспанның аясына,

Ұсақ-түйек құрттарды теріп,

Асығып қонады ұясына.

Не бар ұяда? Жұмыртқалар,

Шығады кезек балапандар.

Балапандар отырады ұяда жалықпай,

Балапандар денесі – үлпілдек мамықтар.

– Балалар, құстар көктемде ұяларына жұмыртқа басады, балапандайды.

– Балалар, кейбір жұмыртқалардан әлі де балапан шықпаған, сондықтан біз балапандардың жұмыртқалардан шығуына көмектесейік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу.

Балаларға құстың сары балапанының суреті көрсетіледі. Балапан сызбасының үстінен ермексаздан үзіліп немесе жұлынып алынған бөліктері басылған.— Балалар, мынау не? Иә. Бұл – құстың балапаны. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Құстың балапанында не бар? Кім айтады?

Көрсеткішті қолдану.

– Балапанда басы, денесі, құйрығы бар. Жарайсың, Ескендір.

– Басында не бар? Иә. Тұмсығы, көзі бар. Жарайсың, Айдана.

– Балалар, балапанның үстінде не бар? Иә. Бұл қауырсындар емес, бұл мамықтар. Қайтала, Дидар. Жақсы.

– Балапанның үсті мамықпен қапталған. Қайталамыз.

– Балапанның денесі үлпілдек. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

Техникалық амалдарды көрсету.

Балаларға қатты қағаз бетіне балапанның сары маркермен салынған сұлбасы, үлгінің негізі көрсетіледі.

– Балалар, сендердің алдарыңда балапанның сұлбасы, бірақ үсті мамықтармен қапталмаған.

– Мен сары ермексаздың кесегінен кезек-кезек ұсақ бөліктерді үзіп аламын. Бөліктерім көп болсын. Ермексаздан тағы да жұлып аламын.

– Енді бөліктерді балапан сұлбасының бойымен басып, жапсырып шығамын.

– Құралай, мен не істедім? Ермексазды үзіп алдым, жарайсың.

– Сырым, тағы да не істедім? Иә. Бөліктерді басып, жақсылап жапсырдым. Қай жерлеріне? Сұлбасының бойына. Жақсы.

– Сұлбасының ішіне де бөліктерді жапсырамын.

– Егер бөліктерім бітіп қалса, не істеймін? Иә. Ермексаздан тағы да жұлып аламын.

– Міне, мамықтары үлпілдеген балапан дайын. Кезек сендердікі, балалар.

Саусақ жаттыуы. «Балапан».

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Балапаным, балапан,

Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау)

Суға бірге барайық, (шапалақтау)

Саған бидай шашайық!

Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау)

Қанатыңды соқ-соқ-соқ.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

Ауада жаттығу.

– Балалар, үлкен кесектен екі саусақтың ұшымен үзген болайық. Жарайсыңдар.

– Енді қағаз бетіне жағып жапсырайық. Жарайсыңдар.

Педагог балалардың саусақтарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, үстел бетіне жақпалаумен тигізіп, сипалау қимылдарына көңіл аударады.

– Балалар, жұмысымыздың соңында біз не істейміз? Иә. Майлықпен саусақтарды сүртеміз.

Өздік жұмыс.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Бұл не?", "Сен не істеп отырсың?", "Қайда жапсырып жатырсың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым", "кесектен жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "балапанның денесіне", "үлпілдеген", "мамықтай", "құстың балапаны".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, қандай тамаша жұмыстар!
- Бүгін сендер не істедіңдер? Иә. Ермексазды балапанның сұлбасына жапсырдық. Жарайсың, Ардақ.
- Балалар, сендердің балапандарың өте әдемі шықты. Мамықтары үлпілдек.
- Міне, қаншама сап-сары балапан шықты! Балапандар өсіп, жаз бойы бізге әдемі ән салып береді.
- Бүгін оқу қызметінде сендер зерек, тиянақты балалар болдыңдар. Жарайсыңдар. Демалайық.

Күні: 09.03.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Піспе нан»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларды дөңгелек піспенан (печенье) үлгілерімен таныстыру, дөңгелек пішінді безендіру амалдарын көрсету, нан өнімдері жөнінде ұғымдарды тиянақтау. Дөңгелек пішін сұлбасын дөңгелек бөлітермен безендіру амалдарымен таныстыру, дөңгелектің шеттері мен ортасына белгілі бөлшектерді кезекпен орналастыру техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, дамыту. Балалардың сәндік өнер үлгілеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, үйлесімділікке, әдептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "үстіге", "төменге", "солға", "оңға", "ортаға", "арасына", "піспенан" (печенье) сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

1) иығына сөмке ілген, бір қолына бір піспенанды (печенье) қолына ұстап, қалғанын жерге шашып алған, көңілсіз тұрған

Дананың суреті;

2) табақшада көп піспенанның суреті;

3) көңілденіп тұрған Дананың суреті.

Суреттегі табақшада көп піспенан бар, біреуі қырына аударылып оюлары көрініп тұр.

Шеттері мен ортасы безендірілген дөңгелек пішінді піспенанның жасанды үлгісі. Дөңгелек бөлшектері әртүрлі бейнелермен әшекейленген.

Үлгінің дөңгелек пішінді негізі.

Ыдыста бөлшектердің (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) топтамалары.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Панно не тақта, көрсеткіш.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үлгінің дөңгелек пішінді негіздері.

Ыдыстарда бөлшектердің (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) топтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Ғажайып сәт.

Иығына сөмкесін іліп, бір қолына піспенан (печенье) ұстап, қалғанын жерге шашып алған, көңілсіз Дананың суреті көрсетіледі.

– Сәлеметсің бе, Дана! Сен қайдан келе жатырсың?

Дана:

– Сәлеметсіңдер ме! Мен қонақтан келе жатырмын. Сендерге көптеген осындай піспенанды сарқытқа алып келдім.

– Міне, менің сөмкем. Қап, қандай өкінішті, піспенаным үгітіліп қалыпты. Жерге шашылып қалды.

Педагог:

– Қап, әттеген-ай, Дана, піспенаның үгітіліп қалыпты. Сөмкеңде бүтін піспенан қалмапты.

– Балалар, Данаға піспенан пісіріп, көңілін көтерейікші.

Суретті көрсету.

Табақшада көп піспенан бар, біреуі қырына аударылып тұр, оюлары көрінеді.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Піспенан".

Піспенан ұннан азық,

Беті оның болса да жазық,

Толады түрлі оюларға,

Тәтті балдай балаларға.

Піспенанды илейді ұннан.

Пісіреді пеште, ол да нан.

Бауырсақтай ыстық жемейді оны,

Піспенанды суығанда жеген жақсы.

– Балалар, піспенан – нан өнімі, оны аяқ астына тастауға, жерге шашуға болмайды. Қайталаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу. "Піспенан"

Балаларға шеттері мен ортасы безендірілген дөңгелек пішіннің сұлбасы көрсетіледі. Дөңгелек бөлшектер әртүрлі бейнелермен әшекейленген.

Бөлшектер (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) бірнеше топтамалар болып ұсынылады.

– Балалар, мынау не? Иә. Бұл – піспенан.

– Піспенанның пішіндері неге ұқсайды? Иә. Олар дөңгелекке ұқсайды.

– Піспенанның қай жерлері безендірілген? Иә. Шеттері мен ортасы.

– Піспенанның шеттеріндегі дөңгелектер бір-біріне тиістіріліп жатыр ма? Жоқ. Оюлардың арасы ашық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

Жапсыру амалдарын көрсету.

– Балалар, менің алдымда көптеген бір-біріне ұқсас және ұқсамайтын оюлардың бөлшектері бар. Біреуінде жұлдызша, біреуінде жапырақ, басқа біреуінде күн немесе гүл бар.

– Мен безендіруді шеттерден бастаймын. Мен жапырақтарды таңдаймын. Бірінші оюды үстіңгі шетке жапсырамын ... Екінші оюды төменге жапсырамын ... Үшінші оюды сол жаққа, төртіншіні оң жаққа.

– Міне, менде төрт ою жапсырылды.

– Енді мен гүлдерді аламын. Бір гүлден жапырақтардың араларына жапсырамын.

Уақытты үнемдеу мақсатында бөлшектерді алдын-ала желімдеп қою керек.

– Балалар, ал мынау (көрсету) – піспенанның ортасы. Ортасына күн оюын жапсырамын.

– Міне, менде піспенан бар. Сендер де Данаға піспенан пісіріп, әдемілеп безендіріп беріңдер.

Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".

Балалардың әрқайсысына қатты қалың қағаздан қиылған дөңгелек пішіндер бір-бірден үлестіріледі.

Пішіндердің үстел басында алдын-ала жатқаны дұрыс.

Балаларға оларды қолына алу ұсынылады.

Дина Ахметова. "Дөңгелек".

Ұстап тұрмын дөңгелек,

Пішіні оның дөңгелек.

Саусақтармен жүреміз,

Бұрыштарды іздеймін.

Бұрыштары жоқ екен,

Дөңгеленген доп екен,

Дөңгелек қой күн мен ай,

Айналады тоқтамай.

Балаларға дөңгелекті зерттеу, шеттерімен жүргізу, үстел басында дөңгелетіп жүргізу.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, дөңгелек піспенанды безендіру үшін, оюларды қай жерлеріне жапсырамыз? Иә. Үстіне, төменге, солға, оңға, араларына, ортаға.

Көрсеткішпен көрсетіп тұру.

– Кім есіне сақтап қалды? Жарайсыңдар.

- Балалар, майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.
- Жұмысты таза жасаймыз.

Өздік жұмыс.

Балалардың әрқайсысына дөңгелек қатты қағаз кескіні, ыдыста дөңгелек жинақтамалары ұсынылады. Дөңгелектерде жұлдызша, күн, жапырақ, гүл сияқты ою элементтері салынған.

Баланың әрқайсысы өзіне қажет ою үлгілерін таңдап, әдемілеп жапсырады.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үстіге", "төменге", "солға", "оңға", "ортаға", "арасына".

Шығармашылық қабілеттері, желімді жағу сапасы, жұмысты таза орындау шарттары тексерілуі керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін бізде қонақта кім болды?
- Дана бізге неге келді? Иә. Ол бізге піспенан әкелу үшін келді.
- Піспенанды неден илейді? Иә. Ұннан.
- Балалар сендердің піспенандарың бірдей ме? Неге?
- Оюлары әртүрлі. Сәния, сен оюларды қай жерлерге жапсырдың? Жарайсың.

Кейіпкермен қоштасу.

– Қараңдар, балалар, Дана сендердің піспенандарыңды сөмкесіне толтырып алыпты, сендерге де қалды.

Көмектерің үшін рақмет айтады. Осыдан бастап ол піспенанды жерге шашпайды. Адамның еңбегін қадірлеу керек.

Қайталаймыз.

Дана:

– Балалар, сау болыңдар! – дейді.

– Балалар, сендер ұқыпты, шыдамды, зерек болдыңдар. Жұмыстарыңды таза орындап шықтыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Демалайық.

Рефлексия. "Сарқыттан ауыз тиейік".

Дөңгелек пішінді піспенанмен шай ішу.

Күні:30.03.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Ғарыш аспаны әдемі» Ұжымдық жұмыс.

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларға ғарыш туралы жалпы мағлұматтар беру, ғарыштағы денелер мен бейнелердің сыртқы келбеттерінің айырмашылықтарын түсіндіру. Ермексазбен белгілі мүсіндеу тәсілдерін қолданып, ғарыштағы бейнелер мен денелерді жазықтың бетіне орналастыру техникаларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиял, түйсік, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Балалардың байқағыштық пен ізденімпаздық негіздерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "ғарыш аспаны", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "ізіне жапсырамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ғарыш әлемін білдіретін әуенжазбасы.

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Бейнеролик немесе сурет: ғарыштың белгілі көрінісі; ала дақтары бар планеталар ұшып барады, жұлдыздар жымыңдап тұр, ұсақ жұлдыздар нүктедей ғана, күн жұлдызы жарқырап тұр.

Көрсеткіш.

Ғарыш денелерінің жеке сызбалы суреттері: екі түрлі планета, бір-екі әртүрлі жұлдыздар, күн жұлдызы.

Ғарыш аспанын білдіретін сурет негізі: ғарыш денелері балалар санына сай маркермен сызбалы түрде салынған.

Денелер сызбалары түрлі оюлармен безендірілген (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Ғарыш әлемін білдіретін әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не? Бұндай дыбыстарды біз әлі де естемегенбіз ...

– Бұл ертегі ме? Бұл көңілді ойындар ма?

Бейнероликті немесе суретті көрсету.

Ғарыштың белгілі көрінісі көрсетіледі. Ала дақтары бар планеталар ұшып барады, жұлдыздар жымыңдап жатыр, ұсақ жұлдыздар нүктедей ғана, күн жұлдызы жарқырап тұр.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Қараңғы аспан, ғарыш ...".

Қараңғы аспан, ғарыш,

Ғарышта дыбыс жоқ, тыныш.

Ғарыштың түні суық,

Мың жұлдыздар қалса туып.

Ғарышта планеталар ұшады,
Жұлдыздар жымың-жымың жанады.
Ғарыш аспаны ештеңеге ұқсамайды,
Ұқсамаса да, өзіне баурайды.

Кіріспе әңгімелесу.

- Балалар, бұл әлемді біз не деп айтамыз? Бұл – ғарыш. Жарайсыңдар. Адамдар оны "ғарыш аспаны" деп те айта береді.
- Сәлимә, мына ғарыш аспанында сен нені танып отырсың? Жарайсың. Ғарышта жұлдыздар бар. Қайтала, Ержан.
- Күләш, тағы да нені таныдың? Иә. Күн жарқырап тұр. Қайтала, Зере.
- Ақиқат, ал мына дөңгелек ала дақтары бар заттар нелер? Бұл біздің жеріміз сияқты планеталар. Планеталар. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
- Балалар, ғарыш аспаны өте алыс. Ғарышты зерттеу керек. Ғарышты зерттейтін адамдар ғарышкерлер деп аталады. Қайталаймыз.
- Біреулерің ғарышкер болғыларың келе ме?
- Балалар, сендер өскенде ғарышқа ұша аласыңдар.
- Бүгін біз ғарыштың суретін салып көрейік. Бірақ қылқалам немесе қарындашпен емес, ермексазбен саламыз. Ермексазбен сурет салуға дайынсыңдар ма? Ендеше бастаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына бірнеше ғарыш денелерінің жеке сызбалы суреттері көрсетіледі: планета, жұлдыз, күн.

- Балалар, мына ғарыш денелерін тануға болады. Бұлар нелер? Кім біледі? Иә. Жұлдыз, планета, күн. Жарайсыңдар.

Көрсеткішпен көрсетіп отыру.

- Қажымұрат, планета нені жапсыру арқылы жасалған? Иә. Мынау жалпақ дөңгелектер. Қайталаймыз.
- Асқат, ал жұлдыздар қалай жасалған? Иә. Таяқшаларды айқастыра жапсырған. Тамаша.
- Күн ше? Иә. Дөңгелектер пен таяқшалар. Жарайсыңдар.

Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына үлкен қағаз бетінде балалар санына сай ғарыш денелерінің бейнелері көрсетіледі. Денелер маркермен салынып, әдемі безендірілген (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

- Балалар, жұлдыздар мен күн сәулелерін жапсыру үшін ермексазды есіп, таяқшаларды сызықтарға жапсырамын.
- Планеталардың ішін безендіру үшін, күнді жасау үшін ермексазды дөңгелектеп, әдемілеп жапсырамын.
- Балалар, менің күшім бүкіл денелерді безендіру үшін жетпейді, сондықтан барлығымыз жабылып, денелерді безендіріп, мына ғарыш аспанын бірге салайық.

Саусақ жаттығуы. "Зымыран боламыз".

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Қане, зымыран боламыз,

Қолдарымызды қосамыз, (алақандарды қосу)

Саусақтарды тік ұстап,

Жұлдыздай ұшып барамыз. (орнынан қосылған күйінде жоғары көтеру)

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

Саусақ жаттығуы кезінде педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде

айтуға міндетті.

Сөздерді әндетіп айтып отыру балалар үшін өте қызықты.

Ауада жаттығу.

- Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
- Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
- Балалар, жұмысымыз біткенде, не істейміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
- Балалар, ғарыш аспанын безендіргенде бір-бірімізді итермей жүреміз.

Өздік жұмыс.

Балалардың алдында балалар санына сай ғарыш объектілерінің сызбалары салынған қағаз беті ілінеді.

Балалардың әрқайсысы өздеріне ұнайтын балықты таңдап, әдемілеп безендіреді.

Педагог балаларға жұмысты үздіксіз тізбекте жасату мақсатында жылдам істейтін балаларды қағаздың алдына, салмақты балаларды ермексазбен техникаларды жетілдіруге бөліп отырады. Содан соң, балалар топтары өзара орындарын алмастырып жүреді.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "ғарыш аспаны", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "ізіне жапсырамын".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Алақай! Біздің суретіміз жарқырап тұр. Балалар, неге жарқырап тұр?
- Иә, біз жұлдыздарды, планеталарды, күнді салдық. Жарайсың, Әлихан.
- Тахмина (Сымбат, Әлия), сен нені салдың? Немен безендірдің? Жарайсың!
- Темірбек, сен ғарыш денелерін қарындашпен безендірдің бе? Қылқаламмен бе? Ермексазбен безендірдің. Жарайсың.
- Балалар, ғарышта өте тыныш және суық, сондықтан ғарышкерлер ғарышта шуламайды, жылы скафандр киім ұшады, зерттеулер жасайды.
- Бүгін, балалар, сендер шығармашыл, ізденімпаз болдыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Қазір тыныш отырып, әдемі әуенді тыңдап көрейік.

Рефлексия. "Ғарыш әуенін" тыңдау, біраз уақыт тыныштықта отыру.

Күні:13.04.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Үш аюдың шелектері»

Оқу қызметінің мақсаты:

Заттардың өлшем қасиеттеріне сүйеніп, үлкеннен кішкентайға қарай бір бағытта қатар орналастыруға үйрету; кескіндердің шеттерін желімдеу техникасын жетілдіру; ойлау, танымдық қызығушылықтар қабілеттерін арттыру, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың адам мен табиғат тіршілігінде болып жатқан өзгерістерге деген зеректігін, байқағыштығын қалыптастыру; еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "үлкен шелек", "орташа шелек", "кішкентай шелек", "майлықпен басамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аюлардың аяқтарын баяу басқандарын білдіретін әуенжазбасы.

Ырғақты, тепі орташа әуенжазбасы.

"Үш аю" ертегісінен үш кейіпкердің суреті.

Көрсеткіш.

Көлемі үш түрлі (солдан оңға қарай – үлкен, орташа, кішкентай) бір қатарға тізіліп жапсырылған үш шелектің үлгілері.

Әрбір шелек бөшке, гүл және көбелек белгісімен безендірілген.

Төменде түзу сызық салынған көлденең жатқан қағаздың беті.

Ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Төменде түзу сызық салынған көлденең жатқан қағаз беттері.

Ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Аюлардың аяқтарын баяу басқандарын білдіретін әуенжазбасы естіледі.

– Балалар, тыңдап отырсаңдар, бізге бүгін қонаққа біреу келе жатқан сияқты.

Суретті көрсету.

"Үш аю" ертегісінен үш кейіпкердің суреті көрсетіледі.

– Бұл кейіпкерлерді кім танып қойды?

– Әрине, бұл үш аю.

– Үш аю қандай ертегіден келіп тұрғанын білесіңдер ме? Иә. "Үш аю" ертегісі.

– Балалар, аюлар бізге нені айтқысы келеді екен? Тыңдап көрейік.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Үш шелек".

Біз үш аюмыз,
Орманда жүрміз.
Көктем келді деп, оянып едік,
Әлі де тәтті бал жемедік.

Аралар гүлден бал жинау керек,
Суарылмай тұр гүл мен желек.
Біз адамға көмектесейік,
Бізге керегі үш шелек.

Кіріспе әңгімелесу.

- Сәлеметсіңдер ме, аюлар!
- Біздің балалар кішкентай болса да, шелектерді жасап беруге дайын. Иә, ғой, балалар?
- Балалар, аюлардың денелері бірдей ме? Бірдей емес.
- Мына үлкені – әке аю.
- Мына орташасы – ана аю.
- Мына кішкентайы – қонжық.
- Самат, қайтала. Жарайсың.
- Осы үш аюға үш: үлкен, орташа, кішкентай шелектерді жасап берейік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу.

Балаларға көлемі үш түрлі (солдан оңға қарай – үлкен, орташа, кішкентай) бір қатарға тізіп жапсырылған үш шелектің үлгісі көрсетіледі. Әрбір шелек бөшке, гүл және көбелек белгісімен безендірілген.

- Балалар, мына суретте нені көріп отырсыңдар? Иә, бұл – шелектер.
- Шелектер бірдей ме? Балалар, шелектердің көлемдері қандай? Жақсы, үлкен, орташа, кішкентай. (Көрсеткішпен көрсетіп отыру)
- Балалар, шелектер бір-біріне тағы да несімен ұқсамайды?
- Иә. Үлкен – күлгін, орташа – сары, кішкентай – қызыл.
- Бибігүл, сен тағы да ұқсамайтын белгілерді таптың ба? Иә. Суреттері ұқсамайды. Жарайсың.

. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға көлденең жатқан қағаз беті көрсетіледі. Қағаздың төменгі жағына түзу сызық салынған.

Жапсыру жұмыстарына ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер қажет.

- Балалар, мына сызық біз үшін жердің беті болады.
 - Мен ең үлкен, күлгін шелектің кескінін алып, жаймаға аударамын, қылқаламмен желімді шеттерінің бойымен жағамын. Егер желім бітіп қалса, қылқаламға қайта толтырамын да кескінге жағамын. Қылқаламды тіреушеге қоямын. Саусақтың ұштарымен алып, қағаздың сол жақ бетіне аударып салып, әдемідеп жапсырамын.
 - Балалар, мен үлкен, күлгін түсті шелекке бөшкені жапсырамын. Үстінен майлықпен басып, шетіне артық шыққан желімді сүртемін.
 - Жапсыру кезегі кішкентай әлде орташа шелекте ме? Жарайсың Асқар, орташада.
- Уақытты үнемдеу мақсатында ортаңғы шелектің де, дайын екі шелектің жапсырылған үлгісі көрсетіледі.
- Балалар, соңында кішкентай шелекті жапсыру кезегі келді.

Уақытты үнемдеу мақсатында бастапқы үлгіні көрсетуге болады.

– Балалар, міне, үш аюға үш шелек дайын. Енді сендердің кезектерің келді.

Саусақ жаттығуы. "Желектер".

Бірғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)

Діңгекпенен теңселер, (қолдарды шыңтаққа қойып, шайқау)

Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)

Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.

Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, жапсыруды қандай шелектен бастаймыз? Үлкен шелектен. Жақсы.

– Үлкен шелекті қағазды қай жағына жапсырамыз? Сол жаққа жапсырамыз. Жарайсыңдар.

– Ал, мына сызық не үшін керек? Иә. Ол жердің беті, сол сызықтың үстінен жапсырамыз. Ұмытпаңдар.

– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.

– Майлық не үшін керек? Желімді сұрту үшін. Тамаша.

Өздік жұмыс.

Балалардың әрқайсысына төменде түзу сызық салынған ақ қағаз беті беріледі.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үлкен шелек", "орташа шелек", "кішкентай шелек", "майлықпен басамын".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмысты таза жасау әдебін айтып отыру шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, сендер бүгін көп жұмыс жасадыңдар. Қандай жұмыс екен? Иә. Шелектерді жапсырдыңдар.

– Томирис, сен қанша шелек жапсырдың? Үш шелек. Тамаша.

– Серік, сенде шелектер бірдей болды ма? Қандай? Жарайсың.

– Балалар, аюлар алқапқа шығып желектер мен гүлдерге көп су құйып, баптап күтті. Енді еңбек еткен жерде не болды екенін көрейікші.

Бейнероликті көрсету.

"Гүлденген дала" атты бейнеролик көрсетіледі. Ағаштар гүлдеп тұр. Бал арасы құлпырып тұрған гүлдерден нәр жинап жүр.— Көрдiңдер ме? Сендердiң еңбектерiң ақталды. Сендер бүгiн тиянақты, еңбекқор болдыңдар. Жарайсыңдар.

Рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Күні:27.04.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Танк»

Балаларға Отан қорғаушылар туралы жалпы ұғым беру, әскери көліктер құрылысының негізгі ерекшелігімен таныстыру; танкінің дайын сызбаның сұлбасын ермексазбен басу амалдарын көрсету. Ермексазды есіп, дөңгелектеп дайын танкі сұлбасына жапсырып, толық қанды танк көлігін жасап шығару амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, көз мөлшерін дамыту, ақыл-ой мүмкіндіктерін жетілдіру. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік негіздерін қалыптастыру, зеректікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "жалпақтаймын", "шынжыр", "дөңгелектер", "басы", "аузы" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ақтөстің суреті.

Бейнеролик. "Ақтөс ізбен жүр".

Әскери көліктің жерде қалдырған жолақ іздерінің суреті.

Қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы.

Танкінің суреті.

Шегірткенің суреті.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Көрсеткіш.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбалары, ермексаз жинақтамақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Ғажайып сәт.

Ақтөс келеді.

– Сәлеметсің бе, Ақтөс!

Ақтөс:

– Сәлеметсіз бе!

Педагог:

– Сен бірдеңені іздеп жүрген сияқтысың.

Бейнеролик. "Ақтөс ізбен жүр".

Ақтөс іздерді иіскеп жүр, құйрығын сермеп қояды. Шынжырдың ізін көріп, барлық іздерді иіскеп, жүгіре кетеді. Адамның іздерін иіскеп, адамға жетеді. Құстың ізін иіскеп, құсқа жетеді. Қоянның ізін иіскеп, қоянға жетеді. Шынжыр ізін тауып, қалмай, танкке жетеді де, үріп қояды. Отырып, күлімдейді.

Суретті көрсету.

Балаларға әскери көліктің жерде қалдырған жолақ іздері көрсетіледі.

– Балалар, мен өте қызықты іздер тауып алғанмын.

– Қалай ойлайсыңдар, бұл не?

Суретті көрсету.

Танкінің суреті көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Танк".

Танк – бұл жай көлік емес,

Күнде жолдарда жүрмес.

Танк таумен жүреді,

Танк суда жүзеді.

Танк тек қана ұшпайды,

Парашютпен түсіп, айдайды,

Себебі ол әскери көлік,

Отан қорғаушы көлік.

– Балалар, Ақтөс күшік танкіні іздеп кетпесін деп, біз бүгін оған көптеген танкілер жасап берейік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу. "Танк".

Балаларға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым суреті көрсетіледі. Танкінің басы, аузы, шынжыры, дөңгелектері бар.

– Балалар, бұл не? Иә. Бұл – танк.

– Ажара, танк жай көлік пе? Жүк машинасы ма? Танк – әскери көлік. Жарайсың.

– Танкіде не бар? (Көрсеткішті қолдану). Иә, басы, шынжыры, аузы, дөңгелектері бар. Дұрыс айтасың, Асқар.

– Балалар, танкінің түсі қандай? Иә. Танкінің түсі жасыл болады. Жарайсыңдар.

– Танкінің түсі жасыл, өйткені ол шегіртке сияқты жасырынып жүреді, шегіртке сияқты барлық жолсыз жерде жүре береді.

Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы көрсетіледі. Жұмыс дайын болғанда танкінің аузы мен шынжыр дөңгелектері ермексазбен басылады. Аузы жалпақталған таяқша, шынжыр дөңгелектері жалпақталған шарлар.

– Балалар, мына танкіде не жетіспейді? Иә, аузы мен дөңгелектері. Осы бөліктерді жасап көрейік.

– Танкі аузының пішіні неге ұқсайды? Болат, айтшы? Иә. Сопақшаға. Дұрыс.

– Мен жасыл кесектен бөлікті үзіп аламын, дөңгелектеймін, содан соң таяқшаға есемін. Осы таяқшаны жалпақтаймын, танкінің басына оң жақтан тиістіріп жапсырамын.

– Тағы не жеткіліксіз? Иә, Алтын, дөңгелектер керек. Дөңгелектер, Аслан, қандай пішінге ұқсайды? Иә. Дөңгелектерге

ұқсайды. Мен не істеуім керек? Иә. Дөңгелектеймін.

– Балалар, кесектен бірнеше бірдей ұсақ бөліктерді үзіп аламын. Әрқайсысын дөңгелектеймін, жалпақтаймын. Содан соң кезекпен солдан оң жаққа жапсырамын.

– Балалар, егер дөңгелектер жеткіліксіз болса, тағы да үзіп, жапсыруға болады.

– Балалар, сендерде де осындай мүмкіндік бар. Танкілерді жасап көріңдер.

Саусақ жаттығуы. "Шынжыр".

Шынжыр дөңгелектерге қап,

Бұраң-бұраң жорғалап,

Шыр-шыр басып қарбалап,

Жүріп жатыр, саптан сап.

Саусақ жаттығуын орындағанда, балалар, саусақтарды жұдырықтарға қысып, аяқтардың санының үстінен, өзінен алға қарай, айналдыра басып, жылжытып отырады.

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Ауада мүсіндеу.

– Балалар, танкінің аузын қалай жасаймыз? Біз таяқшаны тік есеміз. Көрсетейік. Жарайсыңдар.

– Дөңгелектерді қалай жасаймыз? Иә. Дөңгелектейміз. Көрсетіңдер. Жарайсыңдар.

Педагог балалардың алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, саусақтардың тік созылғандарына, қимылдағандарына көңіл аударады.

Өздік жұмыс.

Әрбір балаға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы үлестіріледі.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "жалпақтаймын", "шынжыр".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда, балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін сендерге қиын болды ма? Нені жасадыңдар?

– Танкіні не үшін жасадық? Иә. Ақтөс, басқа іздерді іздеп, жоғалып кетпесің деп.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, Ақтөс күшік құйрығымен бұлғап тұр ... Өте қуанышты. Сендер жасаған танкілердің іздерін зерттейді.

Ақтөс күшік:

– Сау болыңдар! – деп айтады.

– Балалар, Ақтөс қана емес, мен де өте қуаныштымын, біздің танкілеріміз мықты дөңгелектерімен тез жүретін болады.

Сендер жасаған танк біздің Отанымызды қорғайды.

– Рақмет сендерге. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды.

Күні: 11.05.2022ж.

Вариативті компонент-шығармашылық

Тақырыбы: «Көк қанаты көбелек»

Оқу қызметінің мақсаты:

Балаларды көбелек жәндігі бейнесімен таныстыру, көбелектің тіршілігі жөнінде мәліметтер беру; жәндіктердің табиғаттағы орны туралы баяндау. Көбелектің қанаттары сұлбасының үстінен дайын дөңгелектерді жапсыру техникасын жетілдіру; дөңгелектердің түстері мен көлемдеріне қарап, үлкенін, оның үстінен кішкентай дөңгелекті орналастыру тәртібін ұстануға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді, көлемдерін ажырату, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың эстетикалық талғамдарының, әсемдікті бағалау қабілетінің негіздерін қалау; байқағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үлкен дөңгелек", "кішкентай дөңгелек", "майлықпен басамын", "кішкентайын үлкенінің үстіне", "көбелек" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, ырғақты, темпі орташа әуенжазбалары.

"Жеті түстің суреттері" бейнеролигі. Кемпірқосақ жеті жолақтардың тізілуі арқылы пайда болады, көбелекке, күн, гүлдер, аспан, шөптерге, сайқымазаққа, әртүрлі балаларға айналады.

Көбелек суреті: қанаттардың ұштарына дөңгелек пішінді оюлар жапсырылған, үлкеннің үстінде кішкентай дөңгелек.

Қанаттарында оюлары жоқ көбелектің суреті.

Ыдыста бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қанаттарында оюлары жоқ көбелектің сұлбасы салынған қағаз беттері.

Ыдыстарда бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бүгін бізге ерекше қонақ келеді ғой деймін. Оны білу жұмбақты шешіп көріңдер.

Көркем мөз. Жұмбақ жасыру. "Көбелек".

Қанаттарын қағады,

Бірақ құсқа жатпайды.

Түстері оттай жанады,

"Кемпірқосақ" деп айтпайды.

Бейнероликті көрсету. "Жеті түстің суреттері" (бастамасы).

Балаларға жеті түстің әртүрлі заттарға айналатынын көрсету. Кемпірқосақ жеті жолақтардың тізілуі арқылы пайда болады. Жеті жол жүріп келіп, жеті тамшы болып шашылады: 1) көбелекке айналады; 2) күн, гүлдер, аспан, шөптерге айналады; 3) сайқымазаққа айналады; 4) түрлі-түсті киім киген, түрлі балаларға айналады.

Көбелек суретін көрсету.

Егер, сурет емес бейнеролик болса, бірінші жартысы көрсетіледі, көбелек бейнесінде тоқтатылып тұрады.

– Балалар, сендерге бейнеролик ұнады ма?

– Бұл ұшып келген не? Иә. Көбелек.

– Балалар, көбелек – жәндік. Ол көктемде, гүлдер шыққанда ұшады, нәр жинайды. Көбелектер жәндіктер болмаса, гүлдер мен жемістер шықпайды.

– Балалар, осындай көбелектер көп болсын десек, біз көбелектерді де жасап көрейік. Келістік пе?

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үлгіні зерттеу "Көбелек".

Балаларға көбелек бейнесі көрсетіледі. Көбелектің қанаттарының ұштарына дөңгелек пішінді оюлар жапсырылған: үлкеннің үстінде кішкентай дөңгелек.

– Балалар, мынау не? Мынау – көбелек. Дұрыс айтасың, Альмира.

– Оның көбелек екенін қалай білдің? Жарайсың. Себебі қанаттары бар.

– Балалар, көбелектің түсі бірыңғай ма? Қандай түстерді көріп отырсыңдар? Жарайсыңдар.

– Балалар, көбелектің оюлары бар ма? Қандай оюлар? Иә. Бұл – дөңгелектер.

– Дөңгелектердің көлемі бірдей ме? Үлкен, кішкентай көбелектер. (Көрсеткіштерді қолдану) Жарайсыңдар.

Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға қанаттарында оюлары жоқ көбелектің бейнесі көрсетіледі.

Жапсыру жұмыстарына ыдысқа бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер салынады.

– Балалар, мен көбелектің қанаттарын безендіру үшін үлкен дөңгелектерді ғана аламын. Санат, түстерін ата. Күлгін дөңгелектер үлкен. Жарайсың.

– Мен үлкен дөңгелекті жаймаға аударып саламын, жақсылап желімдеймін. Қылқалам тіреушеге, саусақ ұшымен алып, жоғарыдағы қанатқа жапсырамын. Екінші, үшінші, төртінші үлкен дөңгелектерді алып, дәл солай желімдеп, қанаттарының ұштарына жапсырамын.

Уақытты үнемдеу үшін дөңгелектерді алдын-ала желімдеп қою қажет.

– Балалар, енді көлемі қандай дөңгелектерді жапсырамыз? Иә. Кішкентай дөңгелектерді жапсырамыз.

Желімдеудің бір нұқсасын көрсету.

– Міне, дөңгелектер жапсырылды, майлықпен үстілерінен басып, сүртіп шығамын.

– Қалай, балалар, сендерге көбелек ұнап тұр ма? Олай болса, сендер де осындай көбелектерді жапсырып көріңдер.

Саусақ жаттығуы. "Көбелек".

Алақан бастарын қосайық, (қос қолдың бас бармақтарын тиістіру)

Көбелектей ұшайық. (саусақтармен бұлғау, қанаттарын қағуға еліктеу)

Қанаттармен бұлғайық,

Гүл шоғына қонайық. (саусақтардың ұшын үстел басына тигізу)

Қонсақ, біраз жүрейік, (саусақтарды алмастырып, жүріске еліктеу)

Саусақтармен билейік. (саусақтармен үстел бетіне соққылау)

Билеп болсақ, қояйық,

Тынышты бала болайық. (алақандарды тізеге салу)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Педагог көркем сөз жолдарын ерекше ырғақпен, жылдамдықпен айтады.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, көбелектің оюларын жапсыру үшін көлемі қандай дөңгелектерді таңдаймыз? Иә. Үлкен дөңгелектерді.

– Үлкен дөңгелектердің үстіне нені жапсырамыз? Иә. Кішкентайларын. Жарайсыңдар.

– Балалар, қылқаламда желім бітсе, не істейміз? Қайта желімге маламыз. Жарайсыңдар.

– Егер жапсыруда желім пішіннің сыртына шықса, не істейміз? Майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.

Өздік жұмыс.

Әрбір балаға қағазға салынған көбелектің қанаттарында оюлары жоқ сұлбасы үлестіріледі.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жапсырдың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үлкен дөңгелек", "кішкентай дөңгелек", "майлықпен басамын", "кішкентайын үлкенінің үстіне", "көбелек".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмысты таза жасау әдебін айтып отыру шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, байқадыңдар ма, қаншама көп жұмыс жасадық?

– Бүгін не істедік? Көбелекке оюларды жапсырдық. Дұрыс айтасың, Еркежан.

– Керім, көбелектің оюларын сен қалай жапсырдың? Үлкеннің үстіне кішкентай дөңгелекті жапсырдың. Жарайсың.

– Айсұлтан, көбелекте қандай түстер болды? Ұмытып қалсаңдар, бейнероликті соңына дейін көрейік. Басынан бастайық.

Бейнеролик ұзақ емес, сондықтан балалар үшін жеңіл қабылданады.

Бейнероликті көрсету. "Түстер".

– Балалар, көбелектерің әсем, түрлі-түсті оюлары бар екен, жапсыруларың таза шықты.

– Оқу қызметінде сендер байқағыш, тиянақты бала болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.



Бекітемін:
ЖӘС «Жарылқасын»
бөбекжай-балабақша
менгерушісі :
А.Саржанов

31.08.2021ж

**«Жарылқасын» бөбекжай балабақшасының
«Бәйтерек » ересек тобының
2021 –2022 оқу жылына арналған
Вариативтік компоненттің бағдарламасының
перспективтік жоспары**

Тәрбиеші: А.Омарова

«Бір ғажайып ермексаз»

Вариативтік компоненттің бағдарламасының перспективтік жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Күз сыйлығы»	Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету.	1
2	«Себет»	Балаларға себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету. ұсақ қол, саусақ қимылдарын дамыту. Жұмыс барысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.	1
3	«Саңырауқұлақ»	Ермексаздан саңырауқұлақтар бейнесін жасай білуге үйрету,саңырауқұлақ аяғын ермексазды ширатып сопақша түрге келтіру,қалпағын ермексазды домалатып алып,жалпақтау арқылы жасауға үйрету.Баланың ой-қиялын кеңейту, жұмыс істей білу дағдысын дамыту.	1
4	«Тасбақа»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап	1
5	Көңілді күшік	Қалдық заттарды пайдаланып ермексаздан күшік бейнесін жасауды үйрету.Баланың ой қиялын дамыту.Шығармашылықпен қызмет етуге баулу.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	1
6	«Торғай»	Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, ұзу арқылы торғайды мүсіндей алуға үйрету.Саусақ маторикаларын дамыту.Дайын қамырдан жасалған торғайды әдемілеп гуашпен бояуға ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
7	«Алтын балық» (тұзды қамырмен)	Балаларға балық туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін жалғастыру.Балықты әдемі ұсақ тастармен немесе боялған бұршақтармен безендіруді үйрету. Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біріне біріктіруді дамыту. Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.	1
8	«Көкөністер, жемістер»	Балаларға көкөністер, жемістер туралы білім беру.Ермексаз түстерін таңдап алу арқылы жемістер мен көкөністер түрлерін алақан арасына салып домалату,ширату,созу,қосу әдісін пайдаланып жасауды үйрету.Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Саусақ машықтарын дамыту.	1
9	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» (Тұзды қамырмен)	Өз қолдарымен тұзды қамырдан себет жасауға үйрету.Тұзды қамырды илеп,соз,есу,жалпақтау теңестіре,тігінен, көлденеңнен бекіту дағдыларын жетілдіру.Себетті ұсақ тастар немесе моншақтармен безендіру,жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыру.	1
10	«Жұлдызқұрт»	Балаларға ермексаздан жұлдызқұрт денесін жасауға керекті түсті таңдап алуды ұсыну.Алақан арасында домалату ,бір біріне қосу арқылы жұмыс жасауға үйрету.	1
11	«Кірпі»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру инесіне шилер пайдалану (тіс шұқығыш)	1
12	«Көбелек»(түрлі түсті ермексазбен)	Түрлі түсті ермексаздарды пайдаланып көбелектің бейнесін жасауды үйрету.Түстерін сәкестендіріп қоса білуге, саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту,ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.	1
13	Әдемі қуыршақ	Балаларға қуыршақтың дене бөліктері туралы білім беру.Ермексаздан қуыршақ бейнесін мүсіндеуді,керек түстерді алуды ұсыну.Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.. Ермексаздан мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
14	Үй жануары ешкі.	Балалардың үй жануары ешкі туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ермексаздан ешкі бейнесін мүсіндеуге үйрету.Саусақ машықтарын жаттықтыру.	1
15	«Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттар қосып ермексазбен	Балалардың ермексазбен керексіз заттарды пайдаланып құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	1

	жұмыс		
16	«Балапандар»	Балаларға тұзды қамырды пайдаланып балапандар бейнесін мүсіндеп жасауға ынталандыру, тұзды қамырмен ұқыпты жұмыс жасауға жаттықтыру.	1
17	«Жасыл шырша»	Балаларға ермексаздан шырша жасауға үйрету. Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен қызмет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	1
18	«Айдарлы әтеш»	Үй құстары туралы түсініктер беру, ермексазбен және қалдық материалдарды пайдаланып, әтеш көрінісін бейнелеу. Қалдық материалдарды пайдаланып біріктіру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу; Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, көрсету	1
19	«Аққала»	Ақ түсті ермексаздардан бөліктерді біріктіру амалын, заттың құрлымын, пропорциясын сақтауға үйретуді жалғастыру, шығармашылық қиялдарын дамыту.	1
20	«Пингвин»	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.	1
21	«Шымшық торғай»	Балалардың торғайлар туралы білімдерін кеңейту. Шымшық торғай денесін қарастыру арқылы ермексазбен жұмыс жасауға ынталандыру.. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.	1
22	«Мысық»	Балаларға мысық бейнесін ермексаздан жасауға үйрету. Ермексазды бөліктерге бөліп алып, ширату, есу, домалату, созу тәсілдерін пайдалану. Шығармашылықтарын дамыту.	1
23	«Көңілді шеберхана»	Тұзды қамырдан немесе сазбалшықтан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.	1
24	«Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)»	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау. Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.	1
25	«Қой»	Балаларды қойдың денесін ермексазбен қала мүсіндеуге болатынымен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.	1
26	«Қамшы өру»	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.	1
27	«Құстар ұясы»	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.	1
28	«Желкенді қайық»	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. Ой қиялдары мен шығармашылықтарын әрі қарай нығайту.	1
29	«Тиін»	Балаларды тиін үлгісімен таныстыру, үлгі бойынша жұмыс жасауға баулу. Ермексаздан тиін денесін мүсіндеп жасап алу арқылы, шығармашылыққа баулу.	1
30	«Ұлттық ою өрнектермен безендірілген қуыршақ»	Балаларға қуыршақ, ұлттық ою - өрнек туралы білім беру; Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту.	1
31	«Үйрек»	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; үйрек үлгісін көру, ермексаздан мүсіндеп жасауға жаттықтыру. Шығармашылыққа баулу.	1
32	«Тостаған»	Балаларға ұлттық ыдыстар туралы білім беру. Тостаған ыдыс түрімен таныстыру. Ермексаздан тостағанды мүсіндеуді үйрету. Ыдыс сыртына әртүрлі ермексаз түстерін пайдаланып өрнекпен безендіруді жалғастыру. Ұлттық ыдыстарды әшекелейуге деген ынталарын арттыру.	1
33	«Менің сүйікті ертегім»	Түрлі түсті ермексаздардан өздерін ұнаған ертегі кейіпкерлерін мүсіндей білуді жалғастыру. Ой қиялдарын дамыту, бөліктерді біріктіре білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.	1
34	«Кеме» (қатты картон мен жұмыс, қалдық заттар)	Балаларды картон қағаздар мен қалдық бұйымдардан кеме жасауға үйрету. Картонды домалақтап қиып, кеме үлгісін жасау арқылы әр түрлі ұсақ таяқшаларды бекітіп жасауға үйрету. Қалдық заттармен біріктіру. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту	1
35	«Өз бетінше жұмыс»	Балалардың өз қалауы бойынша ермексазбен қалдық заттармен жұмыс жасауға бейімдеу. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.	1
36	«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	1

Күні: 02.09.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Бір ғажайып ермексаз» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Күз сыйлығы»

Мақсаты: Білімділік: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту.

Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету.

Көрнекілігі: Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар. тұзды қамыр.

Сөздік жұмыс: қамқорлық, төрт түлік мал. Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Қостілділік компоненті: алма-яблоко, қияр-огурец.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушы</p> <p>Ізденту ұйымдастырушы</p>	<p>- Балалар, бізде бүгін ерекше күн. - Біз оқыту іс-әрекетімізді шаттық шеңберінен бастайық.</p> <p>Ия балалар, әрбір арайлап атқан таңымызға, келген жаңа күнімізге қуанайық.</p> <p>-деп оқу іс-әрекетімізді бастайық.</p> <p>Бүгін аптаның нешінші күні? Жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар? Айларын атаңдар. Күз мезгілі екенін қалай білеміз?</p> <p>-Дұрыс айттыңдар.</p> <p>-Балалар, біз күз мезгілі туралы тақпақ білеміз бе? Қанекей кім айтады?</p> <p>-Ғажайып сәт: Көңілді әуенмен, күз кіреді.</p> <p>Сары жібек көйлегімді желбіретіп, Жапырағын ағаштың селбіретіп. Тойға бөлеп елімді «Күз» боп келдім Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.</p> <p>Балалар, біз де күзге тақпақ айтып берейік.</p> <p>-Рахмет балалар! - Мен сендерге ойын алып келдім.</p> <p>- Жарайсыңдар балалар! Дәмін татып қай жеміс екенін тез және тура таптыңдар.</p>	<p>Күннің көзі ашылды, Көкке шуақ шашылды. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Ал қанекей бәріміз! Сәлем дейік үлкенге Сәлеметсіздер ме Апайлар!!! Бізбен бірге бар әлем Қуанады балаша. Қуанышка бөленген Өмір қандай тамаша!</p> <p>Балалар сұрақтарға толық және нақты жауап береді.</p> <p>Ағаштардан сары, қызыл, қоңыр жапырақтар ұшып жерге түседі. Ауа-райы суық болады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жылы киінеміз</p> <p>Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала бай дала, Алтын астық айнала.</p> <p>Түсіп жатыр аулада Ағаштардан жапырақ. Алтын күзім келді ма? Сарғайыпты жапырақ.</p> <p>Жомарт күз Жемісті мол теретін «Күз» дос екен біздермен Бәрін тауып беретін, Жомарт екен «Күз» деген!</p> <p>Ойын: «Дәміне қарай тап!»</p>

<p>Рефлексивті коррекциялау</p>	<p>Сергіту жаттығуы.</p> <p>Ойын: «Ғажайып қоржын». мақсаты: қоржыннан алған жеміс-көкөністерді атау.</p> <p>Алма – домалақ, түсі қызыл, сары, жасыл, дәмі тәтті. Қияр – сопақша, түсі жасыл. Сәбіз – түсі қызыл-сары, өте дәмді. Анар – домалақ, дәмі қышқыл-тәтті. Барлық көкөніс пен жемістер дәруменге бай. Алма мен қиярдың мүсінін жасалу тәсілін балаларға көрсетіп, оларды екі орталыққа бөлу: I – Жемістер орталығы. мақсаты: алманың мүсінін алақан арасында тұзды қамырды есіп жасау.</p> <p>II – Көкөністер орталығы. мақсаты: қиярдың мүсінін алақан арасында тұзды қамырдан жасау.</p> <p>Қонаққа кім келді? Қандай жеміс пен көкөністің мүсінін жасадық? Ұйымдастырылған оқу іс-ірекетін берілген тақырыпта сұрақ-жауап арқылы қортындылау, балаларды мақтау.</p>	<p>Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз. Алма теріп аламыз, Жүзім теріп аламыз. Сәбіз, қияр тереміз, Бәрін себетке саламыз, Тобымызға келеміз, Қолымызды жуамыз. Орнымызды табамыз.</p> <p>Балалар сергіту сәтін іс-қимылмен жасайды.</p> <p>Алма, қияр, сәбіз, анар.</p> <p>«Шебер қолдар» тақырыбында балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.</p> <p>Күз келді! Алма, қияр.</p> <p>Балалар өзінің іс-әрекетін әңгімелейді, мүсіндеген жұмысына баға береді.</p>
--	--	--

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабарлар болуы: Күз мезгілінде барлық жеміс, көкөністер пісіп, жиын-терім болатынын түсіне білді.

Қалыптасқан әдет: Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетіне қызығушылық танытады.

Істей біледі: Балалар өз бетімен іс-әрекет жасап, алма мен қиярдың мүсінін жасауды меңгере білді.

Күні: 09.09.2021ж

Білім саласы: Вариативтік бөлік

Ұйымдастырылған оқу оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз» (Мүсіндеу

Тақырыбы: Себет

Мақсаты: Балаларға себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.

ұсақ қол, саусақ қимылдарын дамыту.

Жұмыс барысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Ермексаз, тақтайша, сулы орамал, алжапқыш, кескіш

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>Есік қағылады. Тәрбиеші балалардың назарын дыбыс шыққан жаққа аударады. Бөлмеге бағбан кейпіндегі қария кіреді.</p> <p>- Сәлеметсіңдер ме, балалар?! - Кәне, балалар, атайға орын берік, алыстан жол жүріп, шаршап келген болар.</p> <p>Тәрбиеші: - Иә, атай, бізге қандай өтінішпен келдіңіз? Айта отырыңыз.</p> <p>Атай: - Балалар, өздерің білетін боларсыңдар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде барлық жемістер мен көкөністер пісіп жетіледі. Менің бақшамда өскен жемістер мен көкөністерді жинайтын себетім жоқ. Сендер өте шебер, еңбекқор балалар деп көмек сұрай келдім. Маған бірнеше себет керек болып тұр.</p> <p>Тәрбиеші: - Кәне, балалар, атайдың өтінішін орындауға дайынбыз ба? Жұмысты бастамас бұрын себеттің түрлерімен танысып алайық. Себеттің әр түрлі пішіндегі түрлері (дөңгелек, сопақша, төртбұрыш). Балалар атаймен амандасып, үлкеенге құрметтерін білдіру мақсатында атайға орындық ұсынады.</p>	<p>Күз мезгілі. - Иә, дайынбыз</p>
<p>Ұйымдастыру-іздістіру</p>	<p>Тәрбиеші тазалық шараларын сақтау қажеттігін ескертеді. Жасайтын себеттерінің түсін, түрін балалардың өздеріне таңдатады.</p> <p>- Ермексазды 2 бөлікке бөлеміз. Бұл себеттің астыңғы және үстіңгі жағын жасау үшін керек.</p> <p>1- жолы. Табанын жасау. Алақан арасына салып, домалақтаймыз және тақтайша үстінде тегістеп жалпақтаймыз.</p> <p>2- жолы. Есу арқылы қабырғаларын жасаймыз. Сопақша пішінге келтіріп, бірдей 6-7 бөлікке бөліп, тақтайша үстінде ширатып созамыз.</p> <p>Сергіту сәті: <i>Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - әжем, Орман терек – әкем, Шылдыр шүмек – шешем, Титтей бөбек – мен.</i> (Е. Өтетілеуов.)</p> <p>Дөңгелек пішінді ермексаздың шетін кескішпен тегістейміз, шеткі бөлігіне біртіндеп иілген ермексазды ию арқылы ұштарын біріктіріп, жабыстырып орналастырамыз.</p> <p>- Балалар, себеттің қандай бөлігі жетпей тұр? Тұтқасын да дәл осындай ширатылған ермексаздан жасаймыз.</p> <p>Есілген ермексаздың екі шеткі бөлігін қабырға ұштарына жабыстырамыз, тегістейміз.</p> <p>Тәрбиеші жұмыс барысында қиналған балаларға көмектеседі.</p> <p>- Балалар, себетіміз дайын болса, бағбан атайға сыйға тартуымызға болады. Балалар саусақтарын қимылдатып, өлеңді айтады.</p> <p>- Тұтқасы. Балалар бір- біріне көмектеседі. Балалар себеттерін атайға береді.</p>	<p>Денелері сергиді</p> <p>- Тұтқасы. Балалар бір-біріне көмектеседі. Балалар себеттерін атайға береді.</p>

Рефлексивті-түзетушілік	Бағбан атай балаларға алғысын білдіріп, бағынан жинап келген құрамы дәруменге бай көкөністер мен жемістерін тарту етеді. Тәрбиеші балалардан қандай затты мүсіндеп үйренгендерін сұрайды. Мүсіндеген заттарының қажеттілігін естеріне сала отырып, ойларын қорытады. Мадақтау арқылы еңбектерін бағалайды. Бүгінгі сабақта мүсіндеп жасаған заттар туралы айтады.	Сұрақтарға жауап береді
--------------------------------	---	-------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: себеттің қажеттілігі, түрлері туралы мәліметтерді;

Игереді: мүсіндеу барысында түрлі тәсілдерді пайдалануды;

Менгереді: тазалық шараларын сақтауды, ауызекі сөйлеу де себет сөзін мағынасына қарай дұрыс қолдануды.

Күні: 16.09.2021ж

Бөлімі: Вариативтік

Тақырыбы: «Саңырауқұлақ»

Мақсаты: Балаларға себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.

ұсақ қол, саусақ қимылдарын дамыту.

Жұмыс барысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ермексаз, тақтайша, сулы орамал, алжапқыш, кескіш.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
-----------------------------	--------------------------------	-------------------------------

<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p>	<p>Жылулық шеңбері</p> <p>Амансыз ба, күн! Амансыз ба, дос! Амансыз ба, шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба, ғасыр!</p> <p>Балалармен мақал- мәтел айту.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 2. Атадан мал қалғанша, тал қалсын. <ul style="list-style-type: none"> • Бұл мақалды не жайында айтылған. 	<p>Балалар шаттық шеңберін жасайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • гүл
<p>Ізденуші-ұйымдастырушы</p>	<p>Бүгінгі оқу оқу – қызметімізде – саңырауқұлақпен танысамыз.</p> <p>Саңырауқұлақ орманда өседі. Саңырауқұлақтың көптеген түрлері бар. Саңырауқұлақтың адам жеуге болтын және болмайтын улы түрлері бар.</p> <p>Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Саңырауқұлықты жасап үйренеміз.</p> <p>Ермексазды т екіге бөлу арқылы саңырауқұлық жасау. Қалпағы мен аяғын дайындап бір біріне қосып бекітеді, жұмысты тиянақты аяқтау.</p> <p>Сергіту сәті Дидактикалық ойын: «Ойлан тап» Мақсаты: Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. Шарты: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. Балалар бүгін біз ермексаздан не жасадық? Сендер саңырауқұлақтар жасар кезде қиындық болды ма? Жұмыстарын бағалап мақтайды.</p>	<p>Қағаздан саңырауқұлақ жасайды.</p> <p>Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.</p> <p>Өз жұмыстарына риза болады.</p>
<p>Рефлексивті-түзетуші</p>		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Гүл түрлерін білді.

Не меңгерді: Саңырауқұлақ туралы мәліметті меңгерді.

Нені игерді: Қағаздан саңырауқұлақ жасай алады.

Күні: 23.09.2021ж

Бөлімі: Вариативтік бөлім

Тақырыбы: «Тасбақа»

Мақсаты: Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекілігі: жаңғақтан , ермексаздан жасалған тасбақа.

Билингвизм: тасбақа – черепаха.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p> <p>Ізденуші-</p>	<p>Жылулық шеңбері</p> <p>Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.</p> <p>Балаларға теледидардан тасбақа жайында деректі фильм көрсетемін.</p>	<p>Жылы лебіз білдірді.</p>

<p>Рефлексивті-түзетуші</p>	<p>Балалар жұмысы.</p> <p>Ойын.Күшік бізбен дос</p> <p>Ойын мақсатын балаларға түсіндіреді.</p> <p>Күшік нені жақсы көреді?</p> <p>Күшік немен ойнағанды ұнатады?</p> <p>Балалар жұмыс жасайды.</p> <p>Қорытындылау.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	<p>Сүйекті</p> <p>Доппен әртүрлі жауаптар</p>
------------------------------------	---	---

Не білді: Пайдалануға жарамсыз заттардың пайдасы тиетінін.

Не меңгерді: Қалдық заттардан тышқан жасауды.

Не істей алады: Тышқан жасай алады.

Күні: 14.10.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Бір ғажайып ермексаз» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Алтын балық»(тұзды қамырмен)

Мақсаты: Білімділік: Балаларға балық туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін жалғастыру.

Дамытушылық: Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біріне біріктіруді дамыту.

Тәрбиелік: Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Балықтардың суреттері, аквариум.

тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам сүлгі,әдемі ұсақ тастар,немесе боялған бұршақтар (горох).

Қостілділік компоненті: Балық – рыба.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>Бәрі бірге шаттық шеңберін тұрып қайталайды.</p> <p>Жұмбақ жасыру:</p> <p>Шаңқ-шүңк еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. Бұл не? - Балалар, дұрыс шештіңдер. Бүгінгі мүсіндеу ерекше болмақ. Өйткені біз жай балық емес, ертегідегі біздің тілегімізді орындай алатын балықты мүсіндейміз. Ол үшін біз балықтар туралы жан-жақты мәлімет алайық. - Балықтың аттарын білесіңдер ме? - Балықтар қайда тіршілік етеді?</p> <p>Жануарлар мен жәндіктер жерде және суда тіршілік етіп көбейсе, ал балықтар тек қана суда ғана тіршілік етіп көбейеді. Балықтардың 22000-нан астам түрі бар</p>	<p>Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз. Міне біздер қандаймыз! Орман, көлге, шыңға біз Саяхатқа шығамыз. Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз! Әрқашан тілектес, Досыңа көмектес! Ол- балық.</p>

	деп есептеледі.	Балықтар - негізінен судағы тіршілікке бейімделген жануар. Жүзу жағынан олар өзге жануарлардан асып түседі: Балықтар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс, дем алады. Желбезек арқылы балықтарға суда араласқан оттегі түседі.
Іздену барлау	<p>1. Балықтың денесін жасау үшін тұзды қамырды алақанға салып, айналдыра отырып домалақ пішінге келтіру.</p> <p>2. Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы жалпақтау.</p> <p>3. Қанатын есу.</p> <p>4. Құйрығын есу, жалпақтау арқылы жасайды</p> <p>5. Заттарды бір-біріне біріктіру. (денесіне қанаттарын, құйрығын өз қалаулары бойынша әсемдеу. Заттарды бір-біріне біріктіруде, саусақ ептілігімен пішінді бұзбай таза, ұқыпты орындауға қадағалау.) балықтың үстін безендіру үшін әдемі ұсақ тастарды немесе боялған бұршақпен әдемілеу</p> <p>Тосын сый:</p> <p>6. Осы кезде өзен, су тасқыны естіледі. Су перісінің қызы кіреді.</p> <p>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!</p> <p>- Балалар, мен су перісінің қызымын, суда ғана өмір сүремін. Мен сендердің балықты мүсіндеп жатқандарыңды көріп, еңбектеріңе риза болып, аквариум ала келдім, өйткені балық суда ғана тіршілік етеді.</p> <p>Тәрбиеші: - Рақмет, сізге су перісі!</p> <p>Біз жай балықты емес, тілегімізді орындайтын балықты мүсіндедік аквариумыңызға рақмет!</p> <p>Сергіту сәті:</p>	<p>Түп-тұнық мөлдір суда Балық жүзіп жүр екен Біресе керіледі, біресе жиырылады Біресе құмға тығылады.</p>
Рефлексивті – қорытындылау	<p>Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру.</p> <p>- Балалар ақ тілектеріңді айтып, балықтарыңды мына аквариумға жібере қойыңдар.</p> <p>- Жұлдыз, сен қандай тілек айтасың?</p> <p>Су перісі балалардың жұмыстарына баға береді.</p> <p>Балалар өз бетінше жұмыс жасайды</p>	<p>Балалар мүсіндеген балықтарын көрмеге қояды.</p> <p>- Сіздерге денсаулық, бақыт тілеймін. т.с.с.</p>

Күтілетін нәтиже Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

Менгерген : Түстерді ажырата біледі.

Істей біледі: Мүсіндей алады

Күні: 07.10.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Бір ғажайып ермексаз» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Торғай»

Білімділік: Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, ұзу арқылы торғайды мүсіндей алуға үйрету. Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Торғайдың суреті. Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Қос тілділік компоненті : Мүсіндеу – лепить. Торғай-птица.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушы	Ғажайып сәті: Есік тарсылы естіледі. Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді. Еркежан: Балалар менің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма?	Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-таныстарымыз! Балалар қызығушылық танытады. Балалар, оның ермексаз екенін айтады. Тұзды қамырды жеуге болмайды.
Іздену - барлау	Тұзды қамырмен не істеуге болады? Сендер маған мүсін жасауды үйретесіңдер ме? Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын. Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды. Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек. Ермексазды таратып береді.	Тұзды қамырмен мүсіндер жасауға болады. Жарайды, бізбен бірге отыр, біз саған мүсін жасауды үйретеміз. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

	<ul style="list-style-type: none"> • Балалар, осы тұзды қамырмен біз бүгін торғайды жасап үйренеміз. • Сендер торғай туралы қандай тақпақ білесіңдер? <p>Сергіту сәті:</p>	<p>Торғай, торғай тоқылдақ. Жерден бидай шығып алып, Бөтекесі бүлкілдеп, Отыр талда шықылдап.</p> <p>Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.</p>
Рефлексивті - қорытындылау	<p>Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды.</p> <p>Рахмет сендерге балалар, енді мен тұзды қамырдың не үшін керек екенін білетін боламын. Сау болыңдар - деп кетеді.</p>	<p>Балалар өздерінің мүсіндерін Еркежанға береді. Мен, торғай жасадым - деп өз жасаған мүсіндерінің аттарын айтады.</p>

Күтілетін нәтиже :

Нені игереді: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Менгерген : Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Күні: 21.10.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Бір ғажайып ермексаз» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Көкөністер, жемістер»

Мақсаты: Балаларға көкөністер, жемістер туралы білім беру. Ермексаз түстерін таңдап алу арқылы жемістер мен көкөністер түрлерін алақан арасына салып домалату, ширату, созу, қосу әдісін пайдаланып жасауды үйрету. Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Саусақ машықтарын дамыту.

Көрнекіліктер: Көкөністер мен жемістердің суреттері;

Құрал – жабдықтар: ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышақ.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Блингвалды компонент: көкөніс – овать;

Жеміс – фрукты;

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, неше жыл мезгілі бар? - Атап айтыңдаршы. Қазір жылдың қай мезгілі? -Балалар, есікті біреу қағып тұр. Бұл аю екен ғой. -Аю саған не болған көңіл күйін жоқ қой? -Олай болса, қазір менің балаларым көкөністер мен жемістер туралы айтып береді. -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Көкөністерге не жатады? -Жемістерге не жатады? -Жарайсыңдар, балалар! Өте тамаша. -Ал, енді барлығымыз шаршадық. Олай болса, орнымыздан тұрамыз. Сергіту сәт:	4 Күз Аюдың жауабы Балалардың жауаптары.

	<p>Қорбандаған аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп, алайық, Қалтамызға салайық. -Барлығымыз орнымызға отырдық. -Ал, енді ермексазбен жұмыс істеу ережесін есімізге түсірейік. 1) ермексазды ауызға салмаймыз; 2) ермексазды бір – бірімізге лақтырмаймыз; -Олай болса, жұмысымызды бастайық. -Барлығымыз көккөністер мен жемістерді мүсіндеп болдық па? -Жарайсыңдар, балалар. Өте тамаша шықты. Ойын: «Көкөністер мен жемістер» Ойын шарты: Шашылған көкөністер мен жемістерді әуен арқылы екі топқа бөлініп жинайды. Көкөністерді көк кәрзеңкеге, жемістерді қызыл кәрзеңкеге жинатамыз.</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге кимылдар жасау арқылы сергіту сәтін орындарды.</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге ережелерді еске түсіреді.</p> <p>Балалар мүсіндеген көкөніс пен жемістерінен көрме жасайды.</p> <p>Балалар, қызықты ойын ойнайды.</p>
Рефлексиялық кезең	<p>-Балалар қонаққа кім келді? -Аю нені білмейді екен. -Қандай сөздерді жаттадық? -Бүгін қандай сөздерді айттық.</p>	<p>-Аю.</p> <p>Балалар сұраққа толық жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені меңгереді: Ермексазбен жұмыс жасауды.

Нені біледі: Көкөністер мен жемістер туралы толық біледі;

Нені білу керек: Көкөністер мен жемістерді ермексаздан мүсіндеуді;

Күні: 28.10.2021ж

Бөлімі: Вариативтік «Бір ғажайып ермексаз

Тақырыбы: «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» (тұзды қамырмен)

Мақсаты: Өз қолдарымен тұзды қамырдан себет жасауға үйрету. Тұзды қамырды илеп, созу, есу, жалпақтау теңестіре, тігінен, көлденеңнен бекіту дағдыларын жетілдіру. Себетті ұсақ тастар немесе моншақтармен безендіру, жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекі құралдар: ермексаз, тұзды қамыр, с, себет, себет, слайд, ұсақ тастар, моншақтар

Билингвизм: Себет-корзина.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	<p>Жылулық шеңбері Балалар жылы лебіз білдіреді. Бір біріне көтеріңкі көңіл сыйлауды ұсынады. Күз мезгілі туралы әңгімелесуге шақырады.</p>	
Ізденуші-ұйымдастырушы	<p>Әңгімелесу. Балалармен күз мезгілінің ерекшелігі, күзгі еңбек жайында әңгімелесемін. Піскен жемісті, көкөністі себетке жинап жатқан балаларды көрсетіп әңгімелеймін. Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз тұзды қамырдан себет жасаймыз. Балаларға себет жасау әдісін көрсетіп, түсіндіремін. Балалар жұмыс жасайды. Жасаған себеттерін ұсақ тастармен немесе моншақтармен әшекейледі ұсынамын. Мақал-мәтел 1. Еңбек түбі зейнет.</p>	<p>Балалар мұқият тыңдайды.</p> <p>Жұмыс жасайды.</p>

Рефлексивті-түзетуші	Өз жұмыстарын бағалайды.	
----------------------	--------------------------	--

Күтілетін нәтиже

Не білді: Жұлдызқұртты жасауды.

Не меңгерді: Жер жаңғақты ағаш жапырақтарын пайдалану арқылы жұлдызқұрт жасауды.

Не істей алады: Бастаған ітерін аяқтауды.

Күні: 11.11.2021ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Кірпі»

Мақсаты: Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру, инелеріне шилер пайдалану .

Көрнекі құралдар : шишкалар, ермексаз, тіс шұқығыш.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p>	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар!</p> <p>Тәрбиеші балаларға кірпінің жасалу ретін көрсетіп, түсіндіреді.</p> <p>Балаларға шишкалар мен ермексазды үлестіріп беру.</p> <p>Шишка мен ермексазды біріктіре отырып кірпі жасайды.</p> <p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетекшілерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.</p>

Рефлексивті-түзетуші		
----------------------	--	--

Күтілетін нәтиже

Не білді: Пайдалуға жарамсыз заттарды қолдануды.

Не меңгерді: Шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауды.

Не істей алады: Пайдалуға жарамсыз заттардан кірпі жасай алады.

Күні: 18.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік бөлімі «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Көбелек» (түрлі түсті ермексазбен)

Мақсаты: Түрлі түсті ермексаздарды пайдаланып көбелектің бейнесін жасауды үйрету. Түстерін сәкестендіріп қоса білуге, саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы кескіш, көбелек бейнесінің үлгісі.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ – жауап, әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! Тәрбиеші балаларды көбелекпен оның қасиеттерімен, пайдасымен таныстырады. Көбелектердің түрлері өте көп екенін және олардың немен қоректенетінін түсіндіріп өтеді. Суретпен жұмыс. Көбелектер суреттері. ерекше көбелектер суреттерін көрсетеді. Ермексаздан көбелектер бейнесін мүсіндеуді көрсетеді. Қанаттарын өздеріне ұнаған түстерді алып қосуға болатынын түсіндіріп, жұмыс жасауға ынталандырады. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.</p> <p>Дидактикалық ойын. Түстеріне қарай көбелектерді</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар суретке қарап әңгіме құрайды.</p> <p>Балалар жұмысты тәрбиешінің көмегімен орындайды.</p>

Рефлексивті-түзетуші	гүлдерге қондыр. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетекшіліктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	
-----------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже

Не білді: Көбелектер түрлерін

Не меңгерді: жіпті қайшымен қиып алуды.

Не істей алады: Бастаған жұмыстарын тиянақты аяқтау.

Күні: 25.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариатив «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: Әдемі қуыршақ

Мақсаты: Балаларға қуыршақтың дене бөліктері туралы білім беру. Ермексаздан қуыршақ бейнесін мүсіндеуді, керек түстерді алуды ұсыну. Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ермексаздан мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекіліктер: Қуыршақтың суреттері;

Құрал – жабдықтар: ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышақ.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Дұрыс қуыршақ. -Біздің топта қуыршақ бар ма? -Онымен кімдер ойнайды? -Әдемі қуыршақты мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік. Ережені еске түсіреді. -Балалар, шаршадыңдар ма? -Олай болса, серігіп алайық. Сергіту сәті: Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттын тіліндей иіліп солға бір. Бір адым алға, Бір адым артқа. Бір отырып, Бір тұрып. Орнымызды табайық. -Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып,	-Қуыршақтарды. -Иә. -Қыздар. Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді. -Иә. Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындады.

	ермексаздан әдемі қуыршақты мүсіндейік. -Мүсіндеген әдемі қуыршақтардан көрме ұйымдастыру.	Балалар ермексазбен әдемі қуыршақты мүсіндейді. Мүсіндеген қуыршақтарынан көрме ұйымдастырады.
Рефлексиялық кезең	-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қуыршақтар туралы толық біледі;

Нені білу керек: Қуыршақтарды ермексаздан мүсіндеуді

Нені меңгереді:Әдемілікті сезінеді.

Күні: 02.12.2021ж

Бөлімі: Вариатив «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы:Ұй жануары ешкі

Мақсаты: Балалардың үй жануары ешкі туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ермексаздан ешкі бейнесін мүсіндеуге үйрету. Саусақ машықтарын жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Ешкінің суреттері;

Құрал – жабдықтар:ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышақ.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Дұрыс ешкі. -Біздің топта ешкінің ойыншығы бар ма? -Ешкіні мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік. Ережені еске түсіреді. -Балалар, шаршадыңдар ма? -Олай болса, серігіп алайық. Сергіту сәті: Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттын тіліндей иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай – ақ. -Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып, ермексаздан ешкіні мүсіндейік. -Мүсіндеген ешкілерден көрме ұйымдастыру.	-Ешкіні -Иә. Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді. -Иә. Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындайды. Балалар ермексазбен ешкіні мүсіндейді.

		Мүсіндеген ешкілерінен көрме ұйымдастырады.
Рефлексиялық кезең	-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ешкі туралы толық біледі;

Нені білу керек: Ешкілерді ермексаздан мүсіндеуді;

Нені меңгереді: Ұй жануарларына қамқор болуды.

Күні:09.12.2021ж

Бөлімі: Вариативтік бөлік «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Жол белгілері» .Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс

МақсатыБалалардың ермексазбен керексіз заттарды пайдаланып құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.

Қажетті құрал: Ермеказ, түрлі-түсті қағаз, қорапша, қайшы

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шенбері» ойыны Шеңберге тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздігіру	«Пойыз ойыны Балаларды пойыздың басы етіп бір баланы алып, вагондары етіп қалған балаларды тіркеп кедергілерден жүргізу. Кім үзіліп қалса сол ойыннан шығады. Балаларға жол белгілерінің суреттерін көрсетіп балаларға таныстыру. Жол белгілерін жасау реттілігі. Жарамсыз заттарды пайдаланып жол белгілерін жасау. Алдымен түрлі-түсті қағазды қию арқылы бағдаршамның қызыл, жасыл, сары түстерін дөңгелек етіп қиып алу. қиылған дөңгелектерді ермексазбен біріктіру	
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, нені ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу оқу-қызметін	Сұрақтарға жауап береді

	аяқтайды.	
--	-----------	--

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Жол белгілерін.

Нені игереді: Бағдаршам жасау.

Нені біледі: Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап, оны беруді.

Күні: 30.12.2021ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Жасыл шырша»

Мақсаты: Балаларға ермексаздан шырша жасауға үйрету. Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен қызмет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру

Көрнекі құралдар: Суреттер, шырша үлгі, ермексаздар, тақтайша, арнайы кескіш.

Әдоқу-тәсілі: Сұрақ – жауап, әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы кұш	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.</p> <p>Қыс мезгілінің ерекшеліктері, қыстағы мейрамдар. Жаңа жыл мейрамы шырша жайлы мағлұмат беру. Балалармен қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы, қар туралы сұрақ-жауап алу.</p> <p>Жаңа жыл мейрамының басты нысаны шыршаны жасау. Тәрбиеші балаларға шыршаның жасалу ретін түсіндіреді.</p> <p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетекшіліктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Және қыс мезгілінің ерекшеліктерін атайды.</p> <p>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.</p>

Рефлексивті-түзетуші		
----------------------	--	--

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Жарамсыз заттарды пайдалану.

Нені игереді? Шырша жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя біледі.

Күні: 23.12.2021ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: Балапандар

Мақсаты: Балаларға тұзды қамырды пайдаланып балапандар бейнесін мүсіндеп жасауға ынталандыру, тұзды қамырмен ұқыпты жұмыс жасауға жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Балапандардың суреттері; Тұзды қамыр, тақтайша, арнайы кескіш, тұзды қамырдан жасалған ешкі бейнесінің үлгісі

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.;

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Дұрыс балапан. -Біздің топта балапанның ойыншығы бар ма? -Балапанды мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік. Ережені еске түсіреді. -Балалар, шаршадыңдар ма? -Олай болса, серігіп алайық. Сергіту сәті: Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттын тіліндей иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай – ақ. -Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып, ермексаздан балапанды мүсіндейік.	-Балапанды -Иә. Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді. -Иә. Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындады.

	-Мүсіндеген балапандардан көрме ұйымдастыру.	Балалар ермексазбен балапанды мүсіндейді. Мүсіндеген балапандарынан көрме ұйымдастырады.
Рефлексиялық кезең	-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Балапан туралы толық біледі;

Нені білу керек: Құстарды ермексаздан мүсіндеуді;

Нені меңгереді; Ермексазбен жұмыс жасау ережесін.

Күні: 13.01.2022ж

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Вариатив «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: Айдарлы әтеш.

Мақсаты: Ұй құстары туралы түсініктер беру. Ермексазбен қалдық материалдарды пайдаланып, әтеш көрінісін бейнелеу.

Қалдық материалдарды пайдаланып жапсыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу;

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, көрсету.

Көрнекі құралдар : Ермексаз, қалдық заттар, әтеш бейнесінің үлгісі. Тақтайша, арнайы кескіштер, сұрткіш.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	Шаттық шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы тандаймыз. Күлімдеген күндейміз Ренжуді білмейміз Қуанамын менде!, Қуанасың сенде! Атқан таңға қарап. (Балалар шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын біргелікте айтады) Балалар қазір өлкемізде жылдың қайсы мезгілі? (күз) - Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? (ауа райы салқындай бастайды, адамдар жылы киімдерін киеді, жапырақтар сарғайып жерге үзіліп түседі, егін пісіп	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.

<p>Рефлексивті-түзетуші</p>	<p>жетіледі, құстар жылы жаққа ұшып кетеді т.б.) -Дұрыс айтасындар балалар дегенмен жылы жаққа ұшпай қыстап қалатын құстар да бар. Олар кептер, торғай, сауысқан, қарға. Оқу жұмысымызды бастамас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер шешуін тауып көріңдер. Жұмбақ: Бұрап қойған сағаттай, айғайлайды таң атпай айғалайды таң атпай. Ал, әтеш қандай құс? (үй құсы) Біз бүгінгі сабағымызда осындай әдемі айдарлы әтештің көрінісін ермексазға қосып қалдық материалдарды пайдаланып мүсіндейміз. Жұмысымызды бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: Айдарын тарап басында , Қонды ағаш басына Қыт-қыт деп, қыт-қыт деп, Оятады баршаны Жұмыс жасау жолдарымен таныстыру. Әтештің денесін ермексаздан жасап аламыз. әтештің құйрықтарын Әтештің денесін мүсіндеп болған соң, айдарына қызыл қарандаштан шыққан қалдықты пайдаланамыз. Тұмсығында дәл солай сүйір қалдықты жабыстырамыз. Ал, көздеріне ермексазды пайдаланып қара түсті түйме жабыстырамыз. Осылайша біздің әсем айдарлы әтешіміз дайын болады. Міне біздің «Айдарлы әтешіміз» дайын болды.</p> <p>-Әтеш қандай құс түріне жатады екен? (үй құсы) - Әтеш қалай шақырады? (ку-ка- ре- ку) - Әтешті қандай материалдарды пайдаланып жапсырдық? (қалдық материалдарды. Қарандаштарды ұштағанда пайда болған қалдықтардан).</p> <p>Бүгінгі оқу іс-әрекетіндегі көңіл-күйлерің, шыдамдылықтарың үшін алғыс айтамын.</p>	<p>Әтеш</p>
-----------------------------	---	-------------

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Әтеш денесін ұшталған қарындашпен безендіруді.

Нені игереді? Қиылған дайын үлгі бойынша жұмыс істеуді..

Нені біледі? Бір-біріне қуаныш сайлауға жұмылдару.

Күні: 13.01.2022ж

Бөлімі: Вариативтік «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Аққала» (қалдық заттардан)

Мақсаты: Ақ түсті ермексаздардан бөліктерді біріктіру амалын, заттың құрлымын, пропорциясын сақтауға Ермексаз, аққала сурет үлгісі а үйретуді жалғастыру, шығармашылық қиялдарын дамыту.

<p>Оқу-қызмет кезеңдері</p>	<p>Тәрбиешінің оқу-қызметі</p>	<p>Балалардың оқу-қызметі</p>
<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p>	<p>Жылулық шеңбері Амансыз ба, күн! Амансыз ба, дос!</p>	<p>Балалар шаттық шеңберін</p>

<p>Ізденуші- ұйымдастырушы</p> <p>Рефлексивті- түзетуші</p>	<p>Амансыз ба, шеңбер! Әнге қос! Аққала келеді. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсындар?</p> <p>Аққала неше бөліктен тұрады? Қуанады. Қазір қыс мезгілі. Шана тебеміз. Шаңғымен сырғанаймыз. Сырғанақ барамыз, коньки тебеміз. Қардан аққала жасаймыз, деп айтып береді.</p> <p>Аққала өзінің суретінің жоқ екенін айтып балаларға шағымданады. Қазір аққаланың көңілін көтеру үшін, оның бейнесін ермексаздан құрастырамыз. Аққаланың неден жасалатынын, неше бөліктен тұратынын сұрау. Қауіпсіздік ережесін еске түсіру. Тәрбиешінің түсіндірмесі. Сергіту сәті. Ал балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Үлкен шеңбер құрған соң, Алақанды ұрайық Оң жақтағы балаға, Сол жақтағы балаға, Шапалақта шапалақ Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. Содан соң тәрбиеші көрсете отырып рет-ретімен жапсырады. Балалардың жұмысқа кірісулері. Қызығушылық танытады. Мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балаларды мақтап- мадақтау. Балалар өздеріне ұнайтын жұмыстарын бағалайды.</p>	<p>жасайды.</p> <p>Қызығушылық танытады. Мұқият тыңдайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен орындайды. Жұмысқа кіріседі. Қауіпсіздік ережесін айтып береді.</p> <p>Пенопласты үгітіп, қағазға жапсырады.</p>
---	--	--

Күтілетін нәтиже

Не білді: Құрылыс материалдары жайлы

Не менгерді: қалдық заттардан да әр түрлі бұйымдар құрауға болатынын

Не істей алады: Бөліктерді біріктіру амалын, заттың құрлымын, пропорциясын сақтауды

Күні: 20.01.2022ж

Бөлімі: Вариативтік бөлім

Тақырыбы: «Пингвин»

Мақсаты: Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекі құрал : пластикалық бөтелке , ермексаз.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы	

<p>Ізденуші- ұйымдастырушы</p>	<p>лебіз білдіреді.</p> <p>Балаларға теледидардан пингвин жайында деректі фильм көрсетемін.</p> <p>Балаларға пингвин бірмекенді тұқымына жататынын ,оның суда да тіршілік ететінін әңгімелеп, түсіндіремін.</p> <p>Пингвин-антарктидада өмір сүреді. Ақ қара аралас түсті болады.</p> <p>Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйренеміз.</p> <p>Мүсіндеудің әдоку-тәсілін көрсетемін.</p> <p>Балалар жұмыс жасайды.</p> <p>Қорытындылау.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	<p>Жылы лебіз білдірді.</p> <p>Мұқият тыңдайды.</p> <p>Қызыға тамашалады.</p>
<p>Рефлексивті-түзетуші</p>		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

Не меңгерді: Пингвин денесін жасауды.

Не игерді: Достық сезімді.

Күні: 27.01.2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Вариатив. «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Шымшық торғай»

Мақсаты: Балалардың торғайлар туралы білімдерін кеңейту. Шымшық торғай денесін қарастыру арқылы ермексазбен жұмыс жасауға ынталандыру.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекіліктер: Шымшықтың суреттері;

Құрал – жабдықтар: ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышақ.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
<p>Мотивация – қозғаушы кезең</p>	<p>-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз.</p> <p>Армысың Алтын күн!</p> <p>Армысың Жер ана!</p> <p>Армысың балабақша,</p> <p>Қайырлы таң достарым.</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.</p>
<p>Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең</p>	<p>-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар?</p> <p>-Дұрыс шымшық.</p> <p>-Біздің топта шымшықтың ойыншығы бар ма?</p> <p>-шымшықты мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік.</p> <p>Ережені еске түсіреді.</p> <p>-Балалар, шаршадыңдар ма?</p> <p>-Олай болса, сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір,</p> <p>Сағаттын тіліндей иіліп солға бір.</p> <p>Оң аяқ, сол аяқ</p> <p>Жаттығу оңай – ақ.</p> <p>-Сергіп алдық, ал енді орнымызға отырып, ермексаздан шымшықты мүсіндейік.</p> <p>-Мүсіндеген шымшықтан көрме ұйымдастыру.</p>	<p>-Шымшықты</p> <p>-Иә.</p> <p>Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді.</p> <p>-Иә.</p> <p>Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындады.</p> <p>Балалар ермексазбен шымшықты мүсіндейді.</p> <p>Мүсіндеген</p>

		шымшықтарынан көрме ұйымдастырады.
Рефлексиялық кезең	-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Шымшық туралы толық біледі; Шымшықты мүсіндеуді;

Нені білу керек: Құстарды ермексаздан мүсіндеуді;

Нені меңгереді: Таза ұқыпты жұмыс жасауды.

Күні: 03.02.2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Вариатив. «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Мысық»

Мақсаты: Балаларға мысық бейнесін ермексаздан жасауға үйрету. Ермексазды бөліктерге бөліп алып, ширату, есу, домалату, созу тәсілдерін пайдалану. Шығармашылықтарын дамыту.

Көрнекіліктер: мысықтардың суреттері;

Құрал – жабдықтар: ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышак.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Блингвалды компонент: мысық - кошка;

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, неше жыл мезгілі бар? - Атап айтыңдаршы. Қазір жылдың қай мезгілі? -Балалар, есікті біреу қағып тұр. Бұл Мақта қыз екен ғой. -Мақта қыз саған не болған көңіл күйін жоқ қой? -Олай болса, қазір менің балаларым мысық тауып береді. -Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Балалар, біз мысық кейіпкер бар қандай ертегіні білеміз? -Жарайсыңдар, балалар! Өте тамаша. -Ал, енді барлығымыз шаршадық. Олай болса, орнымыздан тұрамыз. Сергіту сәт: Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір оңға, бір солға.	-төрт -Қыс Дымбілместің жауабы Балалардың жауаптары.

	<p>Бір отырып, бір тұрып. Орнымызды табайық. -Барлығымыз орнымызға отырдық. -Ал, енді ермексазбен жұмыс істеу ережесін есімізге түсірейік. 1) ермексазды ауызға салмаймыз; 2) ермексазды бір – бірімізге лақтырмаймыз; -Олай болса, жұмысымызды бастайық. -Барлығымыз мысықты мүсіндеп болдық па? -Жарайсыңдар, балалар. Өте тамаша шықты. Ойын: «Мысық пен тышқан» Ойын шарты: Бір бала мысық, бір бала тышқан болады. Ал қалған балалар шенберде тұрады. Мысық тышқанды ұстау керек.</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге қимылдар жасау арқылы сергіту сәтін орындарды.</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге ережелерді еске түсіреді.</p> <p>Балалар мүсіндеген мысықтарынан көрме жасайды. Балалар Мақта қызға мүсіндеген мысықтарын сыйлады.</p> <p>Балалар, қызықты ойын ойнайды.</p>
Рефлексиялық кезең	<p>-Балалар қонаққа кім келді? -Мақта қыз не іздеп жүр екен? -Қандай сөздерді жаттадық? -Бүгін қандай сөздерді айттық.</p>	<p>-Мақта қыз. Балалар сұраққа толық жауап береді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Негіз біледі: Мысық туралы толық біледі;

Негіз білу керек: Жануарларды ермексаздан мүсіндеуді;

Негіз меңгереді: Бір біріне көмектесе біледі.

Күні: 10.02.2022ж

Бөлімі: Вариативтік бөлім «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Көңілді шеберхана»

Мақсаты: Тұзды қамырдан немесе сазбалшықтан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекі құрал: Тұзды қамыр немесе сазбалшық, түрлі-түсті гуаш қылқалам, сүлгі.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-козғаушы күш	Жылулық шеңбері Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балалармен ойын ұйымдастыру арқылы көңілді шеберхана жасау. Балаларға қажетті құрал-жабдықтарды беріп қағаздан әр түрлі ойыншық жасауға үйрету. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Сергіту сәті Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті.	Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	Балалар жұмыс жасайды. Қорытындылау. Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не біледі: Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

Негіз игереді? Дөңгелектеу конус жасауды

Нені меңгерді: құрал жабдықтарды дұрыстап пайдаланады.

Күні: 12.05.2022ж

Бөлімі: Вариативтік бөлім

Тақырыбы: «Өз бетінше жұмыс»

Мақсаты: Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекі құрал: түрлі түсті қағаз, желім, пластикалық бөтелкелер, ермексаз.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балалармен әңгемелесу арқылы не ұнайтынын, қандай зат жасағысы келетінін сұрау. Балалар өз ойларында жүрген жұмыстарын айтып жасату. Мысалы: қорапша, ойыншық салатын қалта, доп. Балалар жұмыс жасайды. Сергіту сәті Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті. Балалардың жұмысын бақылап, жасай алмаған жерлерін айтып түсіндіру. Қорытындылау.	Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Нені біледі: Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

Нені игереді? Қиылған дайын үлгі бойынша пішінді қию.

Нені меңгерді: Бір-біріне қуаныш сайлауға жұмылдару.

Күні:17.02.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)

Мақсаты: Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып киып, желімдеп,бетіне ине қадағыш жасау.

Көрнекі құралдар:мочалка (губка),желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Балаларға аналары жайлы айтуын ұсынады. - Аналарымызды жақсы көремізба? - Аналарымызға көмектесемізба? - Олай болса анамызға сыйлық жасайық. <ul style="list-style-type: none">• Тәрбиеші балаларға жұмсақ мочалканы (губкны) алма пішінінде киып алу.• Қиылған пішінді желімдеу арқылы бетіне ине қадағыш жасау.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Және Аналарын өте жақсы көретінін,оларға үнемі қолғабыс ететінін айтады. Сыйлық жасауға қуана келокүеді. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетекшілерін атап , түрлі-түсті қағазбен киып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Аналарға қолғабыс етуді.

Нені игереді? Ине қадағыш жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні : 24.02.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: Қой

Мақсаты: Балаларды қойдың денесін ермексазбен қала мүсіндеуге болатынымен таныстыру.Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету.Әдемілікке баулу.

Көрнекіліктер: Қойдың суреттері;

Құрал – жабдықтар:ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышақ.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар? -Дұрыс қой. -Біздің топта қойдың ойыншығы бар ма? -Қойды мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік. Ережені еске түсіреді. -Балалар, шаршадыңдар ма?	-Қойды -Иә. Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді.

	<p>-Олай болса, серігіп алайық. Сергіту сәті: Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттын тіліндей иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай – ақ. -Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып, ермексаздан қойды мүсіндейік. -Мүсіндеген қойлардан көрме ұйымдастыру.</p>	<p>-Иә.</p> <p>Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындады.</p> <p>Балалар ермексазбен қойды мүсіндейді.</p> <p>Мүсіндеген қойларынан көрме ұйымдастырады.</p>
Рефлексиялық кезең	<p>-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.</p>	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қой туралы толық біледі;

Нені білу керек: Қойларды ермексаздан толық мүсіндеуді;

Нені меңгереді:Ережені сақтай білуді.

Күні:03.03.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Қамшы өру»

Мақсаты: Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету.Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру.Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар :Түрлі түсті жіптер.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.</p> <p>Балаларға қамшының түрлерін сурет арқылы көрсету.Қамшыны атқа мінерде қолданатынын түсіндіру.Ата-бабаларымыз ертеде атты көлік қылған ,ал қамшы көмекші құрал екенін түсіндіру. Балаларға қамшы өруді үйрету. - әр түсті үш жіпті өру және оның ұштарын бекіту. - және оны таяқшаға байлауды үйрету.</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.</p>
Рефлексивті-түзетуші	<p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетекшіліктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.</p>	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Әр түсті үш жіпті өруді үйрену.

Нені игереді? Өз колдарымен бұйым жасауды.
Нені біледі? Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.

Күні: 10.03.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Кұстар ұясы»

Мақсаты: Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.

Көрнекі құралдар: пластикалық ыдыс.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p>	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.</p> <p>Балаларға құстар туралы түсінік беру.Теледидардан құстар туралы деректі фильм көрсету.Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру.</p> <ul style="list-style-type: none"> Тәрбиеші балаларға құстың ұясын жасалу ретін түсіндіреді. <p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетекшіліктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Құстар туралы қызықты мәлімет алады.</p> <p>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.</p>
<p>Рефлексивті-түзетуші</p>		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Пластикалық ыдыстан ұя жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні: 17.03.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: Бір ғажайып ермексаз (мүсіндеу)

Тақырыбы: «Желкенді қайық»

Мақсаты:Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.Ой қиялдары мен шығармашылықтарын әрі қарай нығайту.

Көрнекі құралдар:Суреттер, жаңғақ қабығы, ермексаз.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p>	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p>

<p>Рефлексивті-түзетуші</p>	<p>Тәрбиеші балаларға су көліктері туралы мәлімет беру.Кеме, қайық,желкенді қайық суреттерін көрсетіп әңгімелесу.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тәрбиеші балаларға желкенді қайықты жасалу ретін түсіндіреді. • Жаңғақ қабығына ермексазды толтыру. • Дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. <p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетокутіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.</p>	<p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Қайық туралы қызыға тыңдайды.</p> <p>Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.</p>
------------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Қайық туралы.

Нені игереді? Жаңғақ қабығынан желкенді қайық жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя біледі.

Күні:31.03.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Тиін»

Мақсаты:Балаларды тиін үлгісімен таныстыру,үлгі бойынша жұмыс жасауға баулу.Ермексаздан тиін денесін мүсіндеп жасап алу арқылы,шығармашылдыққа баулу

Көрнекі құралдар :Тиін үлгісі.Түрлі-түсті бисер,желім,

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушы күш</p> <p>Рефлексивті-түзетуші</p>	<p>Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.</p> <p>Тәрбиеші балаларға тиін жайлы наутбуктан слайд көрсетеді.Тиін жайлы толық мағлұмат беру.</p> <p>Тәрбиеші балаларға тиін жасалу ретін түсіндіреді.</p> <p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жету жетістіктерін атап , түрлі-түсті бисермен жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.</p>	<p>Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар жұмысты тәрбиешінің көмегімен орындайды.</p>

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Ұшақ туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағазды бекітудің қарапайым әдокутерімен танысады.

Нені біледі? Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарына сәйкес келуін қадағалап отырады.

Күні:14.04.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Үйрек» (табиғи заттардан)

Мақсаты. Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; үйрек үлгісін көру, ермексаздан мүсіндеп жасауға жаттықтыру.Шығармашылыққа баулу.

Көрнекі құралдар : Үйрек суреттері,ермексаз,тақтайша,кескіш,сүрткіш.

Әдіс -тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы кұш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларға құстар туралы түсінік беру.Теледидардан құстар туралы деректі фильм көрсету.Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру.Құстардың ішінде үйрек туралы толық мағлұмат беру. Тәрбиеші балаларға үйректің жасалу ретін түсіндіреді. Ермексазды пайдалану арқылы үйрек жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетокутіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты тәрбиеші көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Бүктеу әдокуі арқылы үйрек жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя біледі.

Күні:05.05.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Кеме» (қатты картон мен жұмыс,қалдық заттар)

Мақсаты:Балаларды картон қағаздар мен қалдық бұйымдардан кемеңі жасауға үйрету.Картонды домалақтап қиып, кеме үлгісін жасау арқылы әр түрлі ұсақ таяқшаларды бекітіп жасауға үйрету.Қалдық заттармен біріктіру.Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту

Көрнекі құралдар:Қатты картон қағаз,түрлі түсті бояулар,желім,қалдық заттар,таяқшалар.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы кұш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	Тәрбиеші балаларға кеме түрлерін слайд арқылы көрсету.Су көліктері жайлы толық мәлімет беру. Тәрбиеші балаларға кемеңің жасалу ретін түсіндіреді.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

<p>Рефлексивті-түзетуші</p>	<p>Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.</p> <p>Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетокутіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.</p>	<p>Балалар жұмысты тәрбиеші көмегімен орындайды.</p>
------------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Кеме туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Саусақтарды ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя біледі.

Күні :07.04.2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: вариатив «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: Ұлттық ою – өрнекпен безендірілген қуыршақтың киімі

Мақсаты: Балаларға қуыршақ, ұлттық ою - өрнек туралы білім беру;Ойлау, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту

Көрнекіліктер: Қуыршақтың киімінің, ұлттық ою - өрнектердің суреттері;

Құрал – жабдықтар:ермексаз, тақтайша, ермексаз кесетін арнайы пышақ.

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
<p>Мотивация – қозғаушы кезең</p>	<p>-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.</p>	<p>Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.</p>
<p>Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең</p>	<p>-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Дұрыс қуыршақтардың киімдері. -Біздің топта қуыршақ бар ма? -Онымен кімдер ойнайды? -Қуыршақтың киімдерін мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік. Ережені еске түсіреді. -Балалар, шаршадыңдар ма? -Олай болса, серігіп алайық. Сергіту сәті: Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттын тіліндей иіліп солға бір. Бір адым алға, Бір адым артқа. Бір отырып, Бір тұрып. Орнымызды табайық. -Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып, ермексаздан қуыршақтың киімдерін әдемі ұлттық ою – өрнектермен безендіріп мүсіндейік. -Мүсіндеген қуыршақтардың әдемі киімдерінен көрме ұйымдастыру.</p>	<p>-Қуыршақтардың киімдерін. -Иә. -Қыздар. Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді. -Иә. Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындады. Балалар ермексазбен қуыршақтың киімдерін ұлттық ою - өрнектермен мүсіндейді. Мүсіндеген қуыршақтардың ұлттық ою – өрнектермен безендірілген киімдерінен көрме ұйымдастырады.</p>
<p>Рефлексиялық кезең</p>	<p>-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қуыршақтар, ұлттық ою - өрнектер туралы толық біледі;

Нені білу керек: Қуыршақтарды ермексаздан мүсіндеуді;

Күні: 21.04.2022ж

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі.Вариатив «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: Тостаған

Мақсаты: Балаларға ұлттық ыдыстар туралы білім беру.Тостаған ыдыс түрімен таныстыру.Ермексаздан тостағанды мүсіндеуді үйрету.Ыдыс сыртына әртүрлі ермексаз түстерін пайдаланып өрнекпен безендіруді жалғастыру.Ұлттық ыдыстарды әшекелейуге деген ынталарын арттыру

Көрнекіліктер: Тостаған үлгісі ,Түрлі-түсті ермексаз,тақтайша,кескіш,сұрткіш

Әдіс – тәсілдер: сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері, қызықты сәт, ойын.

Іс – әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Мотивация – қозғаушы кезең	-Балалар, қане шеңбер болып тұрамыз. Армысың Алтын күн! Армысың Жер ана! Армысың балабақша, Қайырлы таң достарым.	Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы – қозғаушы кезең	-Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Дұрыс ыдыстар -Біздің топта ыдыстар бар ма? -Онымен кімдер ойнайды? -Ұлттық ыдыстарды мүсіндеудің алдында ермексазбен жұмыс жасау ережелерін есімізге түсірейік. Ережені еске түсіреді. -Балалар, шаршадыңдар ма? -Олай болса, серігіп алайық. Сергіту сәті: Сағаттын тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттын тіліндей иіліп солға бір. Бір алға, Бір артқа. Бір отырып, Бір тұрып. Орнымызды табайық. -Серігіп алдық, ал енді орнымызға отырып, ермексаздан ұлттық ыдыстарды әдемі безендіріп мүсіндейік. -Мүсіндеген ұлттық ыдыстардан көрме ұйымдастыру.	-Ыдыстар -Иә. -Қыздар. Ермексазбен жұмыс жасау ережелерін еске түсіреді. -Иә. Тәрбиешімен бірге қимыл – қозғалыс арқылы сергіту сәтін орындады. Балалар ермексазбен ұлттық ыдыстарды мүсіндейді. Мүсіндеген әдемі безендірілген ұлттық ыдыстардан көрме ұйымдастырады.
Рефлексиялық кезең	-Балалар біз нені мүсіндедік? -Не туралы әңгімелестік? -Ұйымдастырған көрмені талдау. Балаларды мадақтау.	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ыдыстар, ұлттық ою - өрнектер туралы толық біледі;

Нені білу керек: Әртүрлі ыдыстарды ермексаздан мүсіндеуді;

Нені меңгереді: Ұлттық ыдыстар түрлерін.

Күні:19.05.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Бір ғажайып ермексаз»

Тақырыбы: «Шығармашылық көрме ұйымдастыру»

Мақсаты: Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.

Көрнекі құралдар :Суреттер, жасаған жұмыстар.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Оқу-қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу-қызметі	Балалардың оқу-қызметі
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Балалар біз жыл бойғы жасаған жұмыстарымыздан көрме жасадық. Жануарлар ит жасадық. Қысқы көріноқу аққала, жаңа жылдық безендіру.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

Рефлексивті-түзетуші	Құстардың көптеген түрлері үйрек, көгершін, пингвин жасауды үйрендік. Досымызға арнап альбом жасадық.Мамаларымызға арнап ине қадағыш жасадық. - Балалар, жасаған жұмыстарын өте керемет біз жыл бойы көптеген заттарды жасауды үйрендік. - Ата-аналарымызға да ұнады.	
-----------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Өздері жасаған жұмыстарын көрмеге қою.

Нені игереді? Өз-өздерін мадақтауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді

Вариативтік компоненттің бағдарламасының перспективтік жоспары
Математика негіздері

Ай аттары	Тақырыбы	Мақсаты	С/с
Қыркүйек	1. Зообаққа барамыз	Балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру; балалардың зейінін дамыту.	1
	2. Цирк әртістері	Балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту	1
Қазан	3. Үш марғау	Балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	1
	4. Көңілді саяхат	Балаларды 4 санымен және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін, ұғымдарын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту.	1
Қараша	5. Алан мен Дана қонақта	Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; ойлау қабілеттерін жетілдіру.	1
	6. Аю циркте қандай өнер көрсетеді?	Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуге үйрету; реттік санау, теңдіктерден теңсіздіктер жасай алу дағдыларын нақтылау.	1
Желтоқсан	7. Еркежан әже қонаққа келді	Балаларды заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда - төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әр түрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру; логикалық ойлауларын дамыту.	1
	8. Үшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады	Балаларды геометриялық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту; тапсырмаларды дұрыс орындауға, пішіндерді бір-бірімен салыстыруға, қорытынды жасауға ынталандыру.	1
Қантар	9. Уақыт түсінігі	Балаларды уақыттың бөліктері туралы (таңертен, күндіз, кеш, түн) түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру.	1
	10. Кел, салыстырайық!	Балаларда заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықты түсіндіруге үйрету; шамасын көз мөлшермен анықтауға, ұзындығы, ені, биіктігі әртүрлі көрсеткіштері өсе беретін тәртіппен орналастыруға жаттықтыру; геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау.	1
Ақпан		Балаларды 5-ке дейін тура және кері санау; сан мен цифрларды сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын дамыту; танымдық қабілеттерін арттыру;	1

Наурыз	11. Тапсырмаларды орындаймыз	оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту. Балаларды көрші сандар ұғымымен таныстыру; 5 көлеміндегі сандардың көршілерін дұрыс тауып, оларды атауға үйрету; реттік санаудың мағынасын ашу және бес көлемдегі реттік санау дағдыларын қалыптастыру; 1-5 сандар мен олардың сандар қатарындағы орны туралы білімдерін бекіту.	1
	12. Алан мен Дананың сүйікті кейіпкерлері	Балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.	1
	13. Ғажайып сандық	Балаларда геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру; 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін, қол моторикасын жетілдіру; адамгершілікке тәрбиелеу.	1
Сәуір	14. Қызыл телпекке көмектесейік	Балаларда уақытты бағдарлай алу; "кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдарын түсіндіре отырып, оларды ажырата білу дағдыларын дамыту; тәулік бөліктері туралы білімдерін жетілдіре отырып, оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту; логикалық ойлау қабілеттерін, зейіндерін жетілдіру.	1
	15. Алан ертең сапарға шығады	Балаларды заттарды қалыңдығы, ұзындығы, ені бойынша салыстра білуге және салыструда "кең-тар", "ұзын-қысқа", "қалың-жұқа" сөздерін пайдалана білуге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту; өз беттерінше жұмыс істеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
Мамыр	16. Қоян балабақшаға барады	Балаларда кеңістікте бағдарлай алу; өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтау дағдыларын дамыту; "жоғарыда", "төменде", "алыс", "жақын", "сол жақ", "оң жақ" ұғымдарын бекіту; оқу қызметіне қызығушылықтарын оята отырып, достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.	1
	17. Кеңістікте бағдарлауды үйренеміз	Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.	1
	18. Математика әлеміне саяхат		
Барлығы			18

Күні:01.09.2021ж

Зообаққа барамыз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 1 саны және цифрымен таныстыру; 1 цифрдың дұрыс жазуға үйрету, математика оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру; ой-өрісін, зейінін дамыту; табиғатты қорғауға, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"1 саны", "1 цифр", "Зообақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Миға шабуыл, ғажайып сәт, әңгімелесу, "Аңдарды қоректендір", "Орнын тап" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Күз мезгіліне байланысты суреттер, зообак, билеттер, піл, аю, тырна суреттері, ұлыған қасқыр, 1 цифрі, "Зообак" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жұмыс дәптері, 1 цифрі, дидактикалық ойындарға арналған үлестірімелі материалдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Миға шабуыл.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың күз мезгілі.

- Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде үш ай бар.

- Күз мезгілінің айларын атап беріңдерші. Қыркүйек, қазан, қараша.

- Қазір күз мезгілінің қай айы? Қазір күз мезгілінің қараша айы.

- Қараша айында ауа-райы қандай болады? Қараша айында ауа-райы суық болады. Біртіндеп қар жауа бастайды.

1.2. Ғажайып сәт.

- Балалар, зообакқа баруға қалай қарайсыңдар? Балалар қуана келіседі. Қызығушылық танытады.

- Бірақ, балалар зообакқа кіру үшін билет керек. Педагог балаларға билеттер таратып береді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Өңгімелесу.

Педагог интербелсенді тақтадан піл, аю және тырнаның суреттерін көрсетеді.

- Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар? Піл, аю, тырна.

- Аю, піл, тырна нешеу? Үшеу.

- Неше аю? Бір аю.

- Неше піл? Бір піл.

- Неше тырна? Бір тырна.

Осы кезде қасқырдың ұлыған дауысы естіледі.

Бұл не? Бір нәрсе ұлиды? Ол не? Бұл қасқыр.

Интербелсенді тақтада қасқырдың суреті пайда болады.

Қасқыр нешеу? Қасқыр біреу.

- Ол неге жалғыз? Оның достары жоқ, ешкім онымен дос болмайды.

- Балалар, сендер білесіңдер ме, қасқырды басқа жануарлармен достастыру үшін 1 цифр керек.

Интербелсенді тақтада 1 цифр пайда болады.

- Қане, балалар. Менің соңымнан ауада 1 цифр жазып көрейікші. Балалар қолдарын көтеріп, ауада жазады.

2.2. Дидактикалық ойын: "Аңдарды коректендір"

Педагог тақтаға аңдардың суретін іледі. Ал, тамақтардың суреті үстел үстінде. Балалар үстелден тамақтың суретін алып, аңдардың қасына қояды. Мысалы: аю балды жақсы көреді, аюдың қасына балы бар суретті қояды.

2.3. Сергіту сәті.

2.4. Дидактикалық ойын: "Орнын тап".

Педагог тақтаға бірдей суреттерді бір қатарға орналастырады. Мысалы: кірпілер, кеселер, доптар және т.б. әр қатарда заттардың саны әртүрлі. Бала бір цифр бар картаны алып, оны тек бір зат бейнеленген қатарға қою керек.

- Жарайсыңдар! Балалар, тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.

2.5. Дәптермен жұмыс.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін қандай санмен және цифрмен таныстық? 1 санымен, цифрымен таныстық.
- Бұл цифр неге ұқсайды? 1 саны тырнаға ұқсайтынын айтады.
- Жарайсыңдар, балалар. Бүгінгі оқу қызметіне белсенді қатыстыңдар.

"Жүректен жүрекке" шеңбері

- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.
- Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні: 15.09.2021ж

Цирк әртістері

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру; балалардың зейінін дамыту.

Сөздік жұмыс

"2 саны", "2 цифры", "Цирк әртістері" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, әңгімелесу, "Цирктің әртістері" дидактикалық ойыны, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Цирк өнері, цирк әртістеріне байланысты суреттер, 2 цифр.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жұмыс дәптері, 2 цифрі, билеттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Біз әдепті баламыз"

Әдеп сақтап аманда,

Әрбір адал адамға.

Жасасаң бір қамқорлық,

Қайтарады саған да.

1.2. Педагог:

- Балалар, сендер циркке барғанды ұнатасыңдар ма? Балалардың еркін жауаптары.

Педагог балаларға кім билеттерді дұрыс алса солар ғана циркке бара алатындарын айтады. Қазір күз мезгілі болғандықтан 2 жапырақ салынған билеттерді алуды өтінеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.

- Циркте кім барлық жұртты көңілдендіреді?

Цирк алаңында неше сайқымазақ бар?

Бұл сайқымазақтың аты-Бим. Бимде неше скрипка бар? Бір скрипка бар. Балалар 1 цифрын көрсетеді.

- Қараңдаршы, алаңға тағы бір сайқымазақ шықты. Оның аты-Бом.
- Неше сайқымазақ болды? Екі сайқымазақ болды.
- Оларда неше скрипка бар? Бір және бір, 2 болатынын айтады.

Балалар 2 санымен танысады, ауада жазады.

- Бим және Бом фокус көрсете бастады. Балалар қызығушылық танытады.

2.показать как клоун поднимает платок.

- Бим екі қорапты орамалмен жауып тұрып, сиқырлы сөздер айтып еді, сол жерде екі құс пайда болды.

- Қандай құстар пайда болды? Тауық пен аққу.

Ал, Бом екінші қорапшаны ашып, сиқырлы сөздер айтып еді, ол жерде суреттер пайда болды. Бұл суреттер осы екі құстың қайсысына ұқсайды? 2 цифры аққуға ұқсайды, өйткені аққудың да иілген мойны, құйрығы бар.

- Дұрыс айтасыздар!

2.2. Дидактикалық ойын: "Цирктің әртістері"

Педагог тақтаға цирк қызметкерлері бейнелеген суреттер орналыстырады.

- Бүгін циркте әртістер жұп болып өнер көрсетеді. Яғни тек 2-ден ғана әртістер өнер көрсетеді.

Балалар жұп болып өнер көрсететін цирк қызметкерлері бейнеленген суреттерді іріктеп алады да, жанына екі цифрлерін қояды.

2.3. Сергіту сәті.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін циркте қандай әртістер өнер көрсетті? Балалардың еркін жауаптары.

- Олар нешеден болды? Екіден болды.

- Бүгін біз қандай санмен және цифрамен таныстық? Екі санымен және цифрімен таныстық.

Рефлексия.

Егерде көңіл күйлерің жақсы болса, екі цифрын, керісінше болса, бір цифрын көрсетіңдер.

Күні:29.09.21ж

Үш марғау

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс

"Барлығы қанша?", "Үш марғау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, миға шабуыл, түсіндіру, дидактикалық ойын: "Балық аулау", логикалық есептер, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үштүрлі үйшік, ақ, сұр және қара түсті мысықтар, үштүрлі цифрлар бар үйшіктер, "Тез отырамыз!" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты балықтар, 1,2,3 сандар, жұмыс дәптері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері:

"Достық" шеңбері
Достарменен бір жолда,
Иықтасып жүреміз.
Қиындықта қол ұшын,
Береріне сенеміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог тақтаға 3 үйшік және 2 марғаудың (ақ және сұр) суретін іледі.

- Қараңдаршы, мына үйшіктерді үш марғау өмір сүріпті.
 - Біріншісі - ақ, екіншісі - сұр екен. Ал үшіншісі.. Бірақ ол қайда? Мүмкін мен дұрыс санамаған шығармын? Балалар педагогпен бірге тексереді, қорытынды санды айтып, 2 санын көрсетеді.
 - Ол мында жасырынып қалыпты (педагог үшінші марғауды алып шығады).
 - 2 марғау болған еді, тағы біреу жүгіріп келді. Неше марғау болды? 3.
 - Үшінші марғаудың түсі қандай? Қара.
 - Қара марғау не үшін тығылып қалғанын мен білетін сияқтымын. Екі марғаудың үйшігінде сандар бар, ал онда жоқ.
 - Қане, біз оған көмектесейік, үйшіктерді санайық. Марғауларды санайды.
 - Қара марғаудың үйшігінде қандай сан тұру керек? 3 саны тұру керек.
- Педагог қара марғаудың үйшігіне 3 санын қояды.

Барлығы қанша үйшік? Барлығы 3 үйшік.
Педагог балаларға саусақпен ауада 3 санын жазып көрсетеді. Балалар педагогтің соңынан қайталайды.

2.2. Дидактикалық ойын: "Балық аулау"

Марғаулар балық аулауға баруды ұйғарды.

- Ақ марғау 1 балық ұстады.
- Балалардан тақтаға 1 марғауды қоюды өтінеді. Оң қолмен сол жаққа қоюды ескертеді. Тақтаға 1 балықты қояды, оң жаққа 1 санын қояды.
- Сұр марғау бір балық және тағы бір балық ұстады. Тақтаға қою әдісін пайдаланып, 2 балықты қояды, оң жағына керекті санды қояды.
 - Сұр марғау неше балық ұстады? Сұр марғау көп балық ұстады.
 - Қай сан артық: 1 немесе 2? 2 саны артық.
 - Қара марғау 2 балық және тағы 1 балық ұстайды. Қара марғау неше балық ұстады? Санайды және оң жағына 3 санын қояды.
 - Марғаулардың қайсысы ең көп балық ұстады? Қара марғау ең көп балық ұстады.

2.3. Логикалық есептер.

1. Үш алманы бақтағы,
Кірпі барып жинады,
Ең әдемі тәттісін,
Түлкіге ол сыйлады.
Ыдыстағы алманың,
Санап көрші қалғанын.
- Ыдыста неше алма қалды? Ыдыста екі алма қалды.

2. Сатып екі сәбізді,
Қойды үйрек себетке,
Тағы косса біреуін,
Нешеу болмақ әдетте? Болады үш сәбіз.

3. Ақ тауықтың алдында 1 балапан,
Артында 2 балапан,
Ақ тауықтың балапаны,
Қанша болды балақан? Ақ тауықтың балапаны болды үшеу.

2.4. Сергіту сәті.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін бізге неше Марғау келді? Бүгін бізге үш марғау келді.
- Біз бүгін қандай санмен және цифрмен таныстық? 3 санымен таныстық.
- Дұрыс айтасыңдар!
- 3 саны неге ұқсайды? Балалардың еркін жауаптары.
- Балалар, жарайсыңдар! Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Жаксылыққа құмармыз"
Жаксылыққа құмармыз,
Жаксы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!
Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні:13.10.2021ж

Көңілді саяхат

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 4 санымен және цифрмен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін, ұғымдарын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс

"4 саны", "4 цифры", "Тиындарды тамақтандыр", "жаңғақ", "станция", "саяхат", "төңкерілген орындық" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, дидактикалық ойындар "Тиындарды тамақтандыр", сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Паравоз, станция "Жаттығу", тиындар, жаңғақтар, 1 ден 4-ке дейінгі сандар суреттері, 4 санына байланысты суреттер, себет, "Апта күндері" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жұмыс дәптері, саңырауқұлақтар, жаңғақтар суреттері, дидактикалық ойынға байланысты үлестірмелі материалдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Ақ тілек"

Педагог балаларды шеңберге жинап, бір-біріне тілек айтуды өтінеді. Балалар бір-біріне тілектер айтады. Жағымды көңіл-күй сыйлайды. Үстелді жағалай отырады.

1.2. Ғажайып сәт.

- Балалар, менімен бірге саяхатқа шыққыларың келеді ме? Иә. Олай болса бәріміз менің соңымнан қатар болып тұрамыз.

- Енді, паровоз болып, саяхатқа кеттік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, біз бірінші станцияға келіп тоқтадық.

Бірінші станция.

"Жаттығу".

Станция "Жаттығу"

- Біраз математикаға байланысты жаттығулар орындап алайық.

- Балалар, өткен оқу қызметтерінде қандай сандармен таныстық?

- 2 санының алдында қандай сан бар? Ал, 3 санының соңында қандай сан бар?

- Ал, 3 санынан кейін қандай сан бар? Иә, дұрыс айтасындар, 4 саны.

- Жарайсындар!

- Ал, енді паравозға отырамыз. Әрі қарай жолға шығамыз.

Станция "Жаттығу"

- Біраз математикаға байланысты жаттығулар орындап алайық.

- Балалар, өткен оқу қызметтерінде қандай сандармен таныстық?

- 2 санының алдында қандай сан бар? Ал, 3 санының соңында қандай сан бар?

- Ал, 3 санынан кейін қандай сан бар? Иә, дұрыс айтасындар, 4 саны.

- Жарайсындар!

- Ал, енді паравозға отырамыз. Әрі қарай жолға шығамыз.

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Міне, балалар. Екінші станцияға келдік.

- Екінші станцияда бізге тиындарды қоректендіру керек.

Дидактикалық ойын: "Тиындарды тамақтандыр"

Педагог тақтаға 3 тиын қойылады (әрбіреуінде 1-3-ке дейінгі цифрлар қойылған)

Педагог баланы тақтаның жанына шақырып, тиынға жаңғақ беруді ұсынады.

- Балалар, тақтада барлығы неше тиын, неше жаңғақ? Барлығы 3 тиын, 3 жаңғақ.

Педагог тақтаға тағы бір тиынды іледі.

- Тақтада неше тиын болды? 4 тиын болды. Дұрыс айтасындар!

Балалар педагогпен бірге ауада 4 цифрын жазады.

2.2. Жұмбақ жасыру.

Орындықты төңкердік,

Оны "бестен" кем көрдік.

Ол қай сан?

- Иә, 4 саны.

Педагог балаларға интербелсенді тақтадан сурет көрсетеді.

- Балалар, осы сурет ішінде қандай заттар 4 санына ұқсайды.

2.3. Дидактикалық ойын "Тәтті алмалар"

- Балалар, сендердің алдыларында екі бөлікке бөлінген алмалар жатыр. Әр алманың ортасында дәндері бар.
- Айман, қарашы, сенің қолыңдағы алмада неше дән бар? Иә, үш дән бар. Демек үш санын қыстырғышпен алмаға қыстырасың.

2.4. Сергіту сәті.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, жарайсыңдар! Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар! Саяхатымыз қызықты болды.
- Бүгін біз қай санмен және цифрмен таныстық? 4 санымен және цифрымен таныстық.
- 4 саны неге ұқсайды? 4 саны орындыққа, жалауға ұқсайтынын айтты.

Рефлексия.

Педагог тақтаға себетті іледі.

- Егерде бүгінгі оқу қызметі көңілімнен шықты десеңдер, онда мына себетке саңырауқұлақтар, көңілімнен шықпады десеңдер жаңғақ салыңдар.

Күні:27.10.2021ж

Алан мен Дана қонақта

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Сәйкестендірдім", "5 саны", "5 цифры", "Ілмек", "Марғаулар" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, "Марғауларды жоғалтып алдық", "Сәйкестендір" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкерлер: Алан мен Дана, конструкторлар, 4,5 сандары, ілмек суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жұмыс дәптері, дидактикалық ойындарда қолданылатын үлестірмелі материалдар, қызыл түсті жұлдызшалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Біз әдепті баламыз"

Әдеп сақтап аманда,

Әрбір адал адамға.

Жасасаң бір қамқорлық,

Қайтарады саған да.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға топқа Алан мен Дана келгенін айтады.

- Балалар, тобымызға қонаққа келген Алан және Данамен амандасайық.

- Олар бізбен бірге оқу қызметіне қатысқысы келеді екен. Келісеміз бе балалар? Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.

Педагог конструктор текшелерін тұрғызады, бір мұнара бір текшеге қарағанда төмен.

- Қараңдаршы, неше мұнара көріп тұрсыңдар? Екі мұнара. Бұл Аланның мұнарасы. Ал бұл, Дананың мұнарасы.
 - Кімнің мұнарасы кіші? Дананың мұнарасы кіші.
 - Кімнің мұнарасы биік? Аланның мұнарасы биік.
 - Кімнің құрылысына текше аз кетті? Дананың құрылысына аз кетті.
 - Аласа мұнара неше текшеден тұрады? 4 текшеден тұрады, 4 санын көрсетеді.
- Дананың мұнарасында 4 текше болды, біз тағы біреу қостық. Барлығы неше болды? Тағы біреу қоссақ 5 болады.
- 5 санымен таныстырады, ауада жазуды ұсынады. Балалар 5 санын ауада жазады.

Балалар, 5 саны неге ұқсайды? Балалардың еркін жауаптары.

Педагог тақтадан екінші суретті көрсетеді.

Қараңдаршы, 5 саны ілмекке ұқсайды екен.

2.2. Дидактикалық ойын: "Марғауларды жоғалтып алдық"

Педагог әр балаға 1 ден 5 санымен белгіленген үйшік және кішкентай 5 марғау белгіленген карточкалар үлестіріп береді.

Әр марғаудың мойнында 1-ден 5-ке дейінгі нүктелері бар қарғылар бар.

- Балалар, Алан мен Дана бізге кішкентай марғаулар алып келіпті.
- Мұқият қарасаңдар, олардың мойындарында қарғылары бар.
- Қазір сендер қарғылардағы нүктелерді санап, сол нүктеге байланысты үйшіктердің санымен сәйкестендіріп орналастырасыңдар.

2.3. Сергіту сәті.

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ

Қоссақ егер екеуін

Болады екен он саусақ.

2.4. Дидактикалық ойын "Сәйкестендір".

Педагог әр балаға суреттер бейнеленген карточкалар мен 1-5-ке дейінгі сандарды үлестіріп береді. Балалар суретте неше зат бейнеленгенін санайды және цифрларды суреттермен сәйкестендіреді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін бізге қонаққа кімдер келді? Алан мен Дана келді.
- Біз бүгін қандай санмен және цифрмен таныстық? 5 саны және цифрымен таныстық.
- Балалар, Алан мен Дана сендерді бүгінгі оқу қызметіне белсене қатысқандарыңды, ақылды балалар екендеріңді айтты.
- Жарайсыңдар!
- Оқу қызметіне белсене қатысқандарың үшін сендерге жұлдызшалар беремін.

Жүректен жүрекке" шеңбері

"Жақсылыққа құмармыз"

Жақсылыққа құмармыз,

Жақсы адам боп шығамыз.

Таза сәби жүректен,

Қабылдаңыз мың алғыс!

Күні:10.11.2021ж

Аю циркте қандай өнер көрсетеді?

Оқу қызметінің мақсаты

Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуге үйрету; реттік санау, теңдіктерден теңсіздіктер жасай алу дағдыларын нақтылау.

Сөздік жұмыс

"Геометриялық дене", "Шар", "Текше", "Цилиндр" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, дидактикалық ойындар "Не артық?", "Ұқсас затты тап", "Көршілер", сергіту сәті, үлестірмелі материалдармен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: Аю, цирк аюының суреті, цилиндрлер, цилиндр пішінді заттар, екі жолағы бар карточкалар, геометриялық денелер, төрт аю, төрт цилиндр суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты екі жолағы бар карточкалар, 4 цилиндр, 4 аю суреті, цилиндр, текше, шар денелері, 1,2,3,4,5 сандары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Қоңырау"

Қоңырау біздің сиқырлы,

Сыңғырлап тағы ән салды.

Шақырды түріп ұйқыңды,

Шеңберге тұр, - деп баршаңды!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға қонаққа Аю келгенін хабарлайды.

- Балалар, қонаққа келген Аюмен амандасып алайық. Сәлеметсің бе! Аюды қуана қарсы алады, қызығушылық білдіреді.

- Аю циркте өнер көрсетеді екен. Бір күні аюдың табанына кішкене бөрен ілінді. Оған бөренемен ойнаған ұнады. Ол бөренемен циркте қандай өнер көрсетуі мүмкін? Балалардың жауаптары.

- Иә, балалар. Ол бөренені айналдырады, артқы аяғымен бөренемен жүреді екен.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Не артық?"

Педагог тақтаға төрт цилиндр және арасына текше қояды. Балаларға не артық екенін табуды ұсынады.

- Балалар, тақтада не көріп тұрсындар? Цилиндр.

- Неше цилиндр көріп тұрсындар? Қане, санайықшы. 1,2,3,4.. Төрт цилиндр.

- Тағы не көріп тұрсындар? Текше. Иә, балалар. Неше текше көріп тұрсындар? Бір текше.

- Осы геометриялық денелердің арасында не артық? Текше артық. Балалар текшені алып тастайды.

2.2. Дидактикалық ойын: "Ұқсас затты тап"

Педагог балаларға топ бөлмесінде цилиндрге ұқсас заттарды табуды ұсынады. Цилиндрге ұқсас заттарды тауып, үстелдің үстіне қояды.

2.3. Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бұрыламыз оңға бір,

Бұрыламыз солға бір,
1,2,3 демімізді алайық.

2.4. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Екі жолақты карточкалар ұсынады.

Мысалы, мынандай тапсырмалар ұсынылады:

Жоғарғы жолаққа 3 аю, астыңғы жолаққа 4 цилиндр қойып, қайсысы кем, неге, толық жауап беруді айтады.

Аю цилиндрдан кем, сондықтан тағы бір аю қою керек. Жақсы.

2.5. Дидактикалық ойын: "Көршілер"

"Көршілер" міндетін сандар, заттар, суреттер, геометриялық пішіндер атқаруы мүмкін.

- Балалар, цилиндрді алып, оның көршілері текшелер болатындай етіп қойындар. Цилиндрді алып, текшелерді цилиндрдің оң жақ және сол жағына қояды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін не туралы айттық? Цилиндрмен таныстық.

- Цилиндр дегеніміз не? Қандай геометриялық дене? Бұрыштары жоқ, бөренеге ұқсас геометриялық дене.

- Қандай ойындар ойнадық? "Не артық?", "Көршілер" ойындарын ойнадық.

Рефлексия.

Егерде, бүгінгі оқу қызметіміз көңілдеріңнен шықса, аюға циркте өнер көрсету үшін үлкен цилиндрлер, көңілдеріңнен шықпаса, кішкене цилиндрлер беріңдер. Балалар өз көңіл-күйлерін білдіреді.

Күні:24.11.2021ж

Еркежан әже қонаққа келді

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда - төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әр түрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру; логикалық ойлауларын дамыту.

Сөздік жұмыс

"Артық - кем", "қанша болса сонша", "тең", "жоғарыда - төменде", "оң - сол жақта" "бірдей" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, әңгімелеу, "Заттарды топта", "Жеміс жинау", "Жоғарыда-төменде" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: Еркежан әже, көкөністер мен жемістер, себет, көк аспан, жасыл шалғын, өзен суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты дидактикалық ойында қолданылатын алмалар мен сәбіздер, рефлексияда қолданылатын қызыл және жасыл алмалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ғажайыптар әлемін білдіретін әуенжазбасы қосылады.

Ғажайып сәт.

Балалар, Еркежан әже біздің тобымызға қонаққа келіп қалыпты.

- Қане, әжемен амандасайықшы. Сәлеметсізбе!

1.2. Әңгімелеу.

- Балалар, Еркежан әже базарға барып, жемістер мен көкөністер әкеліпті. Бірақ олардың бәрі араласып кетіпті. Педагог балаларға әжеге көкөністер мен жемістерді ажыратып беруді ұсынады. Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Заттарды топта"

Педагог интербелсенді тактадан немесе тактаға жемістер мен көкөністерді араластырып қойып, балалардан олардың аттарын атап, ажыратуды сұрайды.

Балалар жемістер мен көкөністерді ажыратады.

- Иә, алма, апельсин, анар, банан, лимон жемістерге, ал сәбіз, қызанақ, картоп, қияр, пияз көкөністерге жатады.

- Балалар, жемістер қайда өседі? Ағаштың басында өседі.

- Ал, көкөністер ше? Бакшада, жерде өседі. Иә, дұрыс айтасыңдар.

Педагог екі баланы шақырып, тактаға оң қолымен солдан оңға қарай төрт жемісті жоғары, бес көкөністі төменге орналастыруды сұрайды. Балалар тапсырманы орындайды. Оң қолымен солдан оңға қарай төрт жемісті жоғары, бес көкөністі төменге орналастырады.

- Не артық, жемістер ме көкөністер ме? Көкөністер артық екенін айтады.

- Оны қалай білуге болады? Көкөніс пен жемістерді беттестіреді.

- Жемістер мен көкөністер тең болу үшін не істеу керек? Тағы бір жемісті қосу керек екенін айтады.

- Енді жемістер мен көкөністер қанша болды? Тең болды.

- Жемістер қанша? Көкөніс қанша болса сонша.

- Тамаша! Жарайсыңдар!

2.2. Дидактикалық ойын: "Жеміс жинау"

Педагог тактаға екі себет іледі, бірінші себетке көкөністер, екінші себетке жемістерді санап, салыстыруды ұсынады.

Себетке үш алма, екі сәбіз салады, санап, жемістер көкөністерден артық екенін айтады.

- Жақсы, жарайсыңдар балалар! Енді, біраз сергіп алайық.

2.3. Сергіту сәті.

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр.

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым.

Жоғары - төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

2.4. Дидактикалық ойын: "Жоғарыда - төменде"

Педагог балаларды кезекпен шақырады. Бала үстелдің қасына келіп, әртүрлі заттар бейнеленген бір карточканы таңдайды да, сол заттың кеңістіктегі орнын көрсетеді.

Мысалы, егер бала ұшақты алса, онда ол оны жоғарғы жағына, ал егер аюдың суретін алса төменге орналастырады.

Педагог балалардың таңдауына байланысты сұрақтар қояды

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

- Балалар, жарайсыңдар! Еркежан әженің тапсырмаларын өте жақсы орындап шықтыңдар!

- Еркежан әже сендерге сонымен қатар тәттілер де алып келіпті.

- Қазір оқу қызметінің соңында сендерге үлестіріп беремін. Қане, әжемен қоштасайық.

Балалар кейіпкермен қоштасады.

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Балалардың жауаптары.

Педагог балалардың жауаптарын талдайды.

Рефлексия.

- Егер бүгінгі көңіл күйлерің жақсы болса, қызыл алма, төмен болса жасыл алма таңдап алуды ұсынады. Балалар оқу қызметінен алған әсерлерін, көңіл-күйлерін білдіреді.

Күні:08.12.2021ж

Үшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды геометриялық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту; тапсырмаларды дұрыс орындауға, пішіндерді бір-бірімен салыстыруға, қорытынды жасауға ынталандыру.

Сөздік жұмыс

"Бөлік", "Бөлшек", "Қабырға", "Бұрыш" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, әңгімелеу, дидактикалық ойындар "Біреу және көп", "Көршілер", бейнежазбану көрсету, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үйшік суреті, үшбұрыш және дөңгелек, "Дөңгелек дөңгелейді", "Сергіту сәті" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты "Біреу және көп" дидактикалық ойынына байланысты үлестірмелі суреттер, 1,2,3,4,5 сандары, үшбұрыш, дөңгелек, текше, цилиндр суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Қоңырау"

Қоңырау біздің сиқырлы,

Сыңғырлап тағы ән салды.

Шақырды түріп ұйқыңды,

Шеңберге тұр, - деп баршаңды!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, қызық ертегі тыңдағыларың келеді ме? Балалар қызығушылық танытады.

Әңгімелеу.

- Балалар, қазір сендерге "Үйшік" ертегісін айтып беремін. Бұл-ерекше ертегі.

Жазық далада орналасқан үйшік. Ол аласа да, қысқа, биік те емес. Ерекше бір үйшік. Үйшікке бір үшбұрыш келеді. Қақпаның жабық екенін көреді де, "Ей, құлып, ашыл жылдам!" дейді.

- Міне, үшбұрыш үйшікке кіргісі келеді екен.

- Балалар, қалай ойлайсыңдар? Егер де үшбұрыш сөйлей алған болса өзі жайлы не айтар еді? "Менің үш қабырғам, үш бұрышым бар, менің түсім қызыл"- деп айтар еді.

- Үшбұрыш үйшікке кіргісі келеді, бірақ сиқырлы дауыс оған: "Балалармен ойна, сонда кіргіземін",-деді.

2.2. Дидактикалық ойын: "Біреу және көп"

Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді.

Мысалы:

- Амира, мына суретте не бейнеленген екен? Иә, бұл суреттің бір жағында бір кірпі, ал екінші жағында бес кірпі бейнеленген екен.

- Қайсы көп? Иә, бес кірпі көп. Дұрыс айтасың. Жарайсың!

2.3. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады.

Үшбұрыш: "Бұл кім?" деп сұрайды.

Педагог:

- Қараңдаршы, кім келіпті? Дөңгелек.

- Олай болса, балалар. Үшбұрыш пен дөңгелекті салыстырайықшы. Балалар пішіндерді салыстырады.

- Үшбұрыштың үш бұрышы бар, өткір бұрыштары бар. Дөңгелек домалақ, бұрыштары жоқ.

Қараңдаршы, дөңгелек не істей алады? Ол дөңгелейді екен.

- Міне, балалар. Үшбұрыш пен дөңгелек екеуі бір үйшікті тұрыпты.

2.4. Сергіту сәті.

2.5. Дидактикалық ойын: "Көршілер"

"Көршілер" міндетін сандар, заттар, суреттер, геометриялық пішіндер атқаруы мүмкін.

- Балалар, үшбұрышты алып, оның көршілері дөңгелектер болатындай етіп қойыңдар. Дөңгелектерді алып, үшбұрыштың оң жақ және сол жағына қояды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, үйшікте қандай пішіндер тұрады? Үйшікте үшбұрыш пен дөңгелек тұрады.

- Үшбұрыш пен дөңгелектің қандай айырмашылығы бар екен? Үшбұрыштың үш бұрышы бар, өткір бұрыштары бар.

Дөңгелек домалақ, бұрыштары жоқ.

- Жарайсыңдар! Жақсы, балалар.

"Жүректен жүрекке" шеңбері

"Жақсылыққа құмармыз"

Жақсылыққа құмармыз,

Жақсы адам боп шығамыз.

Таза сәби жүректен,

Қабылдаңыз мың алғыс!

Уақыт түсінігі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды уақыттың бөліктері туралы (танертең, күндіз, кеш, түн) түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру.

Сөздік жұмыс

"Танертең", "Күндіз", "Кеш", "Түн", "Кеше", "Бүгін" сөздерін пайалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, жұмбақ жасыру, дидактикалық ойындар "Жалғастыр", "Өз орнына қой", сұрақ-жаттығу ойыны, сергіту сәті, "Апта күндері" тапсырма жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер, доп, "Көңіл-күй" бейнежазбасы, "Апта күндері" тапсырма жаттығуына байланысты сурет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты ұйықтап жатқан, қол жуған, тамақ ішкен, теледидар көрген бала суреттері, әртүрлі түсті дөңгелектер, тәулік бөліктеріне қатысты әртүрлі іс-әрекеттер көрсетілген суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды шаттық шеңберіне шақырады.

Шаттық шеңбері.

Күнім күліп арайлы,

Тереземнен қарайды.

Достарыммен шеңберге,

Тұрғанымды қалайды.

1.2. Жұмбақ жасыру.

Қар мұз еріп, су көбейіп,

Сай салаға толады.

Бүршік жарып, жарық ашып,

Гүл бәйшешек басады. (Көктем)

Қойының толы жеміске,

Көк майсалы еңісте.

Көбелек қуып ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың. (Жаз)

Жапырақты бояды,

Атырапты бояды.

Бояп - бояп барлығын

Сап - сары ғып қояды. (Күз)

Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қарға омбығып,

Бет домбығып,

Сырғанап балалар ойнайды. (Қыс)

Сонымен, көктем, жаз, күз, қыс, бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? Жыл мезгілдері деп айтамыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Жалғастыр"

Бұл ойынды доппен ойнау түрінде өткізуге болады. Педагог қысқа сөз тіркесін айтып, допты лақтырады. Доп тиген балаға тиісті уақытты айтуды ұсынады. Мысалы:

- Біз серуенге..... бардық. Біз серуенге күндіз бардық.
- Біз..... сурет саламыз. Біз ертең сурет саламыз.

2.2. Сұрақ-жаттығу ойыны:

- Күндіз күн шыкса, түнде не көрінеді? Түнде ай көрінеді.
- Балабақшаға таңертең келіп, үйге қашан қайтамыз? Үйге кешке қайтамыз.
- Кеше сәрсенбі болса, бүгін қай күн? Бүгін бейсенбі.
- Музыка оқу қызметі қашан болды? Музыка оқу қызметі кеше болды.

2.3. Дидактикалық ойын: "Өз орнына қой"

Педагог әр балаға іс-әрекеттер бейнеленген суреттер таратады. (ұйықтап жатқан бала, теледидар көрген бала, тамақ ішіп отырған бала, қол жуып тұрған бала суреті) Балалар суретке мұқият қарайды және рет-ретімен қояды. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді.

Ұйықтап жатқан бала-түн.

Қол жуған бала-таңертең.

Тамақ ішкен бала-түс мезгілі.

Теледидар көрген бала-кеш мезгілі.

2.4. Сергіту сәті.

2.5. "Апта күндері" тапсырма жаттығуы.

Педагог балаларға апта күндерін білдіретін түрлі-түсті дөңгелектер таратады.

Балалар музыка бойынша жүгіріп, тоқтаған кезде апта күндерінің орналасу тәртібімен сапқа тұрады.

2.6. Педагог оқу қызметін пысықтау мақсатында балаларға тәулік бөліктері және соған сәйкес іс-әрекеттер көрсетілген суреттерді үлестіріп береді. Балалар тәулік бөліктерінің атауларын атайды және соған сәйкес суреттерді жапсырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін не туралы айттық? Кеше, бүгін, таңертең, күндіз, кешке, түн ұғымдарымен таныстық.
- Кеше, бүгін, таңертең, күндіз, кешке, түн ұғымдарын бір сөзбен қалай айтамыз? Тәулік бөліктері деп айтамыз.
- Балалар, сендер тапсырмаларды жақсы орындап шықтыңдар!
- Жарайсыңдар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері

"Өзімді-өзім сақтаймын".

Кәнеки, шеңберге тұрып, бір-бірімізге, туыстарымызға және жер бетіндегі барлық адамдарға шын жүректен зор денсаулық тілейік.

Өзімді-өзім жақтаймын,

Денсаулықты сақтаймын.

Жүректен жылы соншама,

Тілейміз саулық баршаға!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні:12.01.2021ж

Кел, салыстырайық!

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықты түсіндіруге үйрету; шамасын көз мөлшермен анықтауға, ұзындығы, ені, биіктігі әртүрлі көрсеткіштері өсе беретін тәртіппен орналастыруға жаттықтыру; геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Биік-аласа", "Кең-тар", "Жуан-жіңішке", "Ұзын-қысқа" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, қайталау, дидактикалық ойындар "Зат неге ұқсайды?", "Жасырынбақ", сұрақ-жаттығу ойыны, сергіту сәті, "Салыстыр" тапсырма-жаттығуы, "Жайып қой" тапсырма жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" жылулық шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

"Биік-аласа", "кең-тар", "жуан-жіңішке", "ұзын-қысқа" ұғымдарына байланысты суреттер, "Хоки-поки" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты әр түрлі заттар салынған сурет, қарындаш, матрешкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Балабақша"

Дастарымен бір жолда,

Иықтасып жүреміз.

Қиындықта қол ұшын,

Береріне сенеміз.

1.2. Ғажайып сәт.

- Балалар, Математика деген елде, Шама деген қалада бір қиын жағдай болды. Бұл қала тұрғындарына көмек керек екен. Балалар қызығушылық танытады.

- Шама деген қалаға барып, оның тұрғындарына тапсырмаларды орындау арқылы көмек көрсетеміз бе? Балалар көмек беруге ынталанады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Зат неге ұқсайды?"

Педагог балаларға сопақша, дөңгелек, шаршы және үшбұрыш пішіндерін көрсетеді.

- Балалар, қандай пішіндерді көріп тұрсындар? Балалардың жауаптары.

- Олай болса, балаларға бөлме ішінде сопақша (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) пішіндес заттарды тауып айтуды ұсынамын. Балалар есіктің тіктөртбұрышқа ұқсайтындығын, сағаттың дөңгелекке ұқсайтындығын, терезенің шаршыға ұқсайтындығын және т.б. айтады.

2.2. Дидактикалық ойын: "Жасырынбақ"

Педагог балаларға әр түрлі заттар салынған сурет таратып береді. Балалар әр заттың қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айтады және геометриялық пішіннің суретін салады. Мысалы: теледидардың астына-шаршыны салады, жұмыртқаның астына-сопақшаны салады.

2.3. Сұрақ-жаттығу ойыны:

- Егер үстел орындықтан биік болса, орындық қандай? Орындық аласа.

- Егер жол соқпақтан кең болса, соқпақ қандай? Соқпақ тар.

- Егер сызғыш қарындаштан ұзын болса, қарындаш қандай? Қарындаш қысқа.

- Егер арқан жіптен жуан болса, жіп қандай? Жіп жіңішке.

Балаларға төмендегі тапсырмаларды ұсынады. Орындалу ретін түсіндіріп, дұрыс орындауларын қадағалайды. Тапсырмаларды орындайды.

2.4. Сергіту сәті.

2.5. "Салыстыр" тапсырма-жаттығуы.

Баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жуандығы әр түрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Қай таяқша ұзын немесе қысқа екенін айтуды ұсынады. Ұзындығын өлшеу арқылы заттарды салыстырады. Педагог балалардың таңдауларына байланысты сұрақтар қояды.

2.6. "Жайып қой" тапсырма жаттығуы.

Педагог балалардың назарын үстелдің үстіндегі матрешкаға аударады. Балаларға матрешкалардың өсу ретімен немесе кему ретімен тәртіппен орналастыруды ұсынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Бүгін не туралы айттық? Заттарды ені, биіктігі, ұзындығы бойынша салыстырдық.
- Тапсырмаларды жақсы орындағандары үшін Шама қаласының тұрғындарының атынан рақмет. Тұрғындарға көмек көрсеткендеріне қуаныш сезім білдіреді.

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Әдеп сақта әманда"

Әдеп сақтап әманда,

Әрбір адал адамға.

Жасасаң бір қамқорлық,

Қайтарады саған да.

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні: 26.01.2022ж

Тапсырмаларды орындаймыз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 5-ке дейін тура және кері санау; сан мен цифрларды сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын дамыту; танымдық қабілеттерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Тура санаймыз", "Кері санаймыз", "Сан мен цифрды сәйкестендір", "Тәулік бөліктер", "Таң", "Күн", "Кеш", "Түн" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, "Сәйкестендір", "Қаңқыз үстіндегі нүктелер", "Тәулік бөліктері" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан сурет көрсету, хатты оқу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Себет, тапсырмалар жазылған ұлпақарлар, нүктелері бар қаңқыз суреттері, 1,2,3,4,5 сандары, "Көңіл-күй" бейнежазбасы, хат.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты тіктөртбұрыштағы кеселер салынған суреттер, қаламдар, тәулік бөліктері және сол уақытта жасалатын іс-әрекеттер көрсетілген карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог:

- Балалар, бес саусағымызды көрсетеміз.
- Қане, бес саусақтың атын атайық. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.
- Иә, сендердің бүгінгі көңіл-күйлерінде осы бес саусақтай болу керек.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог кенеттен үстелдің астынан себет алып шығады.

- Балалар, бұл себет қайдан шықты екен?
 - Себеттің ішінде ұлпа қарлар бар екен.
- Педагог ұлпақарларды алып қарайды да, балаларға:
- Қарандаршы, әр ұлпа қарларда тапсырмалар жасырынып тұр. Балалар қызығушылық танытады

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Сәйкестендір" дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға тіктөртбұрыштағы кеселер салынған суретті таратып береді. Балалар әрбір тіктөртбұрыштағы кеселердің санына сәйкес цифрларды бастырып жазады.

2.2. "Қаңқыз үстіндегі нүктелер" дидактикалық ойыны.

Педагог тақтаға үстіндегі нүктелер саны әртүрлі қаңқыздардың суретін іледі.

Педагог бір баланы қасына шақырып, қаңқыздарды санауды ұсынады. Кейін екінші баланы шақырып кері санау керектігін айтады.

- Балалар, сонымен қаңқыздардың саны нешеу болды? Бесеу. Жақсы.

Педагог қасына бір баланы шақырады.

- Рүстем, келе ғой.

Бір қаңқызды көрсетіп, оның үстіндегі нүктелерді санап, нүктелер санына сәйкес сан мен цифрды сәйкестендіру керектігін айтады.

2.3. Сергіту сәті.

2.4. "Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға тәулік бөліктері және сол уақытта жасалатын іс-әрекеттер көрсетілген карточкаларды үлестіріп береді. Балалар тәулік бөліктерін атайды және соған сәйкес суреттерді сәйкестендіреді.

2.5. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударады.

- Қарандаршы, кептер ұшып келді. Өзімен бірге хат алып келіпті.
- Бұл хаттың ішінде не деп жазылған екен? Балалар қызығушылық танытады.

Педагог хатты ашады да, оқиды.

- Балалар, бұл хат Еркежан әжейден екен.
- Біздің балабақшада алған білімдерімізді пысықтау мақсатында тапсырмалар жіберіпті.
- Балалар, сендерге тапсырмалар ұнады ма? Қызықты болды ма? Иә!
- Жарайсындар! Еркежан әжеге рақмет айтайық. Рақмет!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Дидактикалық ойындар ойнадық.

- Маржан, 1-ден 5-ке дейін санап берші.
- Ал, кім маған 5-тен 1-ге дейін санап береді? Руслан санай ғой. Жаксы. Жарайсың!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні:09.02.2022ж

Алан мен Дананың сүйікті кейіпкерлері

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды көрші сандар ұғымымен таныстыру; 5 көлеміндегі сандардың көршілерін дұрыс тауып, оларды атауға үйрету; реттік санаудың мағынасын ашу және бес көлемдегі реттік санау дағдыларын қалыптастыру; 1-5 сандар мен олардың сандар қатарындағы орны туралы білімдерін бекіту.

Сөздік жұмыс

"Көрші сандар", "Көршілерін тап", "Көршілерін ата"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, интербелсенді тақтадан үйлердің суреттерін көрсету, "Көршілерін ата", "Сандарды ретімен қой", "Кезекке тұр" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, жұмбақ жасыру, оқу қызметін пысықтау, кейіпкерлермен қоштасу, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкерлер: Алан мен Дана, үйлер, цифрлармен белгіленген үйлер, ертегі кейіпкерлері, дәрігер Айболит, аңдар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты "Жарайсың!" белгілері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды.

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз,

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог топқа Алан мен Дананың келгенін хабарлайды. Балалар кейіпкерлермен амандасады.

Балалар, Алан мен Дана ертегі оқығанды ұнатады екен. Олар сүйікті ертегі кейіпкерлерін қатар орналастыруды ұйғарыпты.

- Біз оларға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог тақтаға немесе интербелсенді тактадан үйлердің суреттерін көрсетеді. Әр үйде ертегі кейіпкерлері орналасқан.

- Кәне, кім айтады, қандай кейіпкерлерді танып тұрсындар? "Мақта қыз бен мысық" ертегісіндегі Мақта қыз, "Үш торай" ертегісіндегі Нуф-Нуф, "Алдар көсе" ертегісіндегі Алдар көсе, "Үш аю" ертегісіндегі әке аю және "Арыстан мен тышқан" ертегісіндегі Арыстан кейіпкерлерін көріп тұрмыз. Жақсы.

2.2. Дидактикалық ойын: "Көршілерін ата"

- Балалар, әр үйдің өз көршілері бар.

- Бірінші мен соңғысында бірден, ал қалғандарында екіден.

Педагог балаларға кейіпкерлердің көршілерін атауды ұсынады. Балалар интербелсенді тақтаға қарап, кейіпкерлердің көршілерін атайды. Мысалы: Мақта қыздың көршілері- Нуф-Нуф пен Алдар көсе.

- Балалар, Алдар көсе үйі Мақта қыз үйінің қай жағында орналасқан? Алдар көсе үйі Мақта қыз үйінің оң жағында орналасқан.

- Ал, Нуф-Нуф үйі ше? Ал, Нуф-Нуф үйі Мақта қыз үйінің сол жағында орналасқан. Иә. Жақсы.

2.3. Дидактикалық ойын: "Сандарды ретімен қой"

Алан мен Дана ертегі кейіпкерлерін орналастырғаннан кейін үйдің нөмірлерін ашады.

Міне, балалар. Әр кейіпкердің көршілерін атағаннан кейін, үйлердің нөмірлері қанық түске боялды.

- Бірақ олар ретсіз тұр. Педагог балаларға үйлерді дұрыс орналастыруды ұсынады.

Балалар үйдің нөмірлері ретсіз тұрғанын байқайды, кателерін жөндейді.

2.4. Сергіту сәті.

- Балалар, тапсырмаларды орындап біраз шаршаған боларсындар.

- Қане, сергіп алайық.

Қырау қатып жағаға,

Аяз беттен өбеді.

Бірі мініп шанаға,

Бірі шаңғы тебеді.

2.5. Жұмбақ жасыру.

- Балалар, Алан мен Дана тағы қандай ертегі кейіпкерлерін ұнатады екен? Қалай ойлайсындар? Балалардың еркін жауаптары.

- Балалар, олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын. Балалар қызығушылық танытады.

Көзілдірігінің астымен қарай отырып,

Үлкенді де, кішіні де,

Құстарды да, аңдарды емдейтін кім? (Дәрігер Айболит)

Иә, балалар. Дұрыс таптындар. Алан мен Дананың тағы бір сүйікті ертегі кейіпкері дәрігер Айболит екен.

Педагог тақтаға дәрігер Айболит және одан алыстау әр жерге аңдардың суретін іледі. (түлкі, түйе, қасқыр, арыстан, қоян)

- Қарандаршы, дәрігер Айболитке емделу үшін қанша аң келді? Бір түлкі, бір түйе, бір қасқыр, бір арыстан, бір қоян.

- Барлығы қанша аң? Тақтадағы аңдарды санайды, барлығы бес аң.

- Балалар, әр келген аң ең бірінші болып дәрігер Айболитке қаралғысы келеді екен.

- Қалай ойлайсындар, дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді? Балалардың еркін жауаптары.

- Дәрігер Айболит аңдарға кезекке тұруды ұсынды.

2.6. Дидактикалық ойын: "Кезекке тұр"

Педагог балаларға аңдар естеріне сақтау үшін аңдарды кезекке тұрғызуды ұсынады.

Қоян өзінің нешінші екенін ұмытып қалыпты, қанеки көмектесіп жіберіндерші.

- Түлкі де баласын тербетуге кетіп, келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты.

- Арыстан ұялы телефонмен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді? Аңдарды рет-ретімен, кезекке тұрғызады. Аңдардың қайсысы қай жерде тұрғанын санап, орнына қояды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Жылы сөз"

- Кімнің есінде, біз неге шеңберімізді "Жүректен жүрекке" деп атадық? Балалардың еркін жауаптары.

Жүректен шыққан жылы сөз,

Жүрекке барып жетеді.

Жылы сөзден дос жүрегі,

Мейірімге толып кетеді.

Балалар шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні: 23.02.2022ж

Ғажайып сандық

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Дөңгелек", "Шаршы", "Үшбұрыш", "Геометриялық пішіндер" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, геометриялық пішіндердің моделін көрсету, сұрақ-жауап, "Ғажайып қап",

"Геометриялық мозаика" дидактикалық ойыны, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сандық, қағаздан жасалған геометриялық пішіндер: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы модельдері, "Сәлем" бейнежазбасы, геометриялық пішіндерден құралған суреттер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап, геометриялық пішіндер, пішіндер салынған қағаз, қалам.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Шақырамын сендерді,

Жолдастарым кел бері

Толтырайық шаттыққа,

Дөнгеленген шеңберді.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог топқа сиқырлы сандық алып кіреді.

Балалар, менің қолымдағы сандық жай сандық емес, сиқырлы сандық болу керек.

- Қарандаршы, оның ішінде не бар екен? Балалар қызығушылық танытады.

Педагог сандықтың ішін ашып, қағаздан жасалған геометриялық пішіндердің моделін алып шығады.

- Сандықтың ішінде геометриялық пішіндердің моделдері бар екен.

- Қандай геометриялық пішіндердің моделін көріп тұрсындар? Дөңгелек, шаршы және үшбұрыш. Жаксы.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бұл қандай пішін? Дөңгелек.
- Дөңгелек неге ұқсайды? Допка ұқсайды және көліктің дөңгелектеріне ұқсайды. Солай емес пе? Иә. Педагог қасына бір баланы шақырып:
- Арман, келе ғой. Қарашы дөңгелек домалайды ма? Иә, дөңгелек домалайды. Дұрыс айтасың. Бала қолына қағаздан жасалған дөңгелектің моделін алып домалатады.
- Жақсы, орнына барып отыра ғой.
- Ал, бұл қандай пішін? Бұл үшбұрыш.
- Майра, үшбұрыштың неше бұрышы бар? Санайықшы. 1,2,3. Иә, үшбұрыштың үш бұрышы бар.
- Балалар, үшбұрыш домалай алады ма? Үшбұрыш домалай алмайды.
- Майра, үшбұрышты қолына алып сипап, сезіп көрші.
- Үшбұрыштың бұрыштары қандай? Өткір.
- Үшбұрышты неге домалата алмаймыз? Себебі үшбұрыштың бұрыштары домалауға бөгет жасайды.
- Жақсы. Жарайсың! Орнына барып отыра ғой.
- Менің қасыма Аслан келеді. Келе ғой.
- Аслан бұл қандай пішін? Шаршы.
- Шаршы неге ұқсайды? Шаршы терезеге, үйге ұқсайды.
- Аслан, шаршының неше бұрышы бар? Шаршының төрт бұрышы бар.
- Бала қолына қағаздан жасалған шаршының моделін алады. Сипап, сезеді, көреді.
- Жақсы, рақмет.
- Балалар, шаршыда домалай алмайды, себебі шаршының бұрыштары бөгет жасайды.

2.2. Дидактикалық ойын: "Ғажайып қап"

Педагог балаларға ішінде қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап үлестіріп береді. Балаларға қаптың ішінен белгілі бір пішінді табу тапсырмасын береді. Балалар қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді дәйекті түрде тексереді.

2.3. Сергіту сәті.

2.4. Дидактикалық ойын: "Геометриялық мозаика"

Педагог балаларға тактадан геометриялық пішіндерден құралған заттардың суретін көрсетеді және геометриялық пішіндерді үлестіріп береді.

Балалар үлгіге мұқият қарап, дәл сол үлгіні қайталайды.

2.5. Педагог балаларға пішіндер салынған қағаз үлестіріп береді.

Бос тіктөртбұрыштарға қалдырылған пішіндердің суретін салу және екінші геометриялық пішіндерді өзіне таныс заттардың суретіне айналдырып салу керектігін айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін қандай геометриялық пішіндер туралы сөйлестік? Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.
- Дөңгелек неге ұқсайды? Допка ұқсайды және көліктің дөңгелектеріне ұқсайды.
- Дөңгелек домалайды ма? Иә, дөңгелек домалайды.
- Үшбұрыштың неше бұрышы бар? Үш бұрышы бар.
- Үшбұрышты неге домалата алмаймыз? Себебі үшбұрыштың бұрыштары домалауға бөгет жасайды.
- Тағы қандай пішін туралы сөйлестік? Шаршы туралы сөйлестік.
- Жақсы. Шаршы неге ұқсайды? Терезеге, үйге ұқсайды. Дұрыс.
- Жарайсындар, балалар! Бүгінгі оқу қызметіне де белсенді қатыстындар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

- Бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні:09.03.2022ж

Қызыл телпекке көмектесейік

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру; 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін, қол моторикасын жетілдіру; адамгершілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Қасқыр", "Аю", "Түлкі", "Геометриялық пішіндер", "Дөңгелек", "Шаршы", "Үшбұрыш", "Сандар", "Тура санаймыз", "Кері санаймыз" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, "Ғажайып қап", "Дәл осындай пішінді тап", "Санды санау", "Сикырлы пішіндер" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: Қызыл телпек, қасқыр, аю, түлкі, геометриялық пішіндер бейнеленген карточкалар, 1-ден 5-ке дейінгі сандар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап, геометриялық пішіндер бейнеленген карточкалар, геометриялық пішіндер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырады күніміз.
Жарқырайды даламыз.
Қайырлы таң,
Қайырлы күн, балалар!

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог қонаққа Қызыл телпектің келгенін айтады.

- Балалар, Қызыл телпекпен амандасайық. Сәлеметсің бе, Қызыл телпек!
- Қызыл телпекпен бірге саяхатқа шығуға қалай қарайсыңдар? Балалар қызығушылық танытады.
- Балалар, Қызыл телпек апасына өзі пісірген бәліштерін апару керектігін айтып жатыр.
- Ал, Қызыл телпектің апасы қайда тұрады? Орманның екінші жағында тұрады. Иә.
- Ал, орманда жануарлар мекен етеді.
- Біз, Қызыл телпекке жолдағы кедергілерден өтуге көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

Педагог балаларға әрбір ормандағы ағаштың түбінде аңдардың отырғанын ескертіп, тапсырманы орындағанда кедергіден өтетінін айтады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу

Қызыл Телпек жолда келе жатып, шыршаның жанынан өтіп бара жатқанда алдынан қасқыр шыққанын, егерде оның тапсырмасын орындамаса, Қызыл телпекті жеп қоятынын айтады.

Дидактикалық ойын: "Ғажайып қап"

Педагог балаларға ішінде қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап үлестіріп береді. Балаларға қаптың ішінен белгілі бір пішінді табу тапсырмасын береді. Балалар қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді дәйекті түрде

тексереді.

2.2. Педагог Қызыл телпек балаларға көмектескені үшін рақмет айтқанын айтады.

Ары қарай келе жатқанда аюдың шыққанын, егер тапсырмасын орындамаса, жеп қоятынын айтады. Балалар Қызыл телпекке көмектесуге ынталанады.

Дидактикалық ойын: "Дәл сондай пішінді тап"

Педагог балалардың алдында үш - төрт түрлі геометриялық пішіндер бейнеленген карточкалар үлестіріп береді. Педагог өзінің карточкасын көрсетеді (немесе атайды, карточкадағы пішіндерді тізімдейді). Балалар бірдей карточкаларды тауып, оны көтеруі керек.

2.3. Сергіту сәгі.

Сыңғыр, сыңғыр, сыңғырлар,
Құлағымда сырғалар.
Оң қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.
Саусақтарда сақина,
1, 2, 3, 4, 5.

2.4. Тағы да ары қарай жүріп келе жатқанда алдынан түлкі шыққанын, түлкі қолындағы сандарды санап алмай тұрғанын, көмек қажет екенін айтады.

Дидактикалық ойын: "Санды санау"

Педагог тақтаға 1-5-ке дейінгі сандарды іледі, балаларға тура және кері санауды ұсынады.

2.5. Қызыл телпек апасының үйіне келсе, құлып тұрғанын, оны ашу үшін, тапсырманы орындау керектігін айтады.

Дидактикалық ойын: "Сиқырлы пішіндер"

Балаларға әр түрлі геометриялық пішіндерден үй құрастыруды ұсынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қызыл телпек кедергілерден өтіп, апасына жетеді.

- Міне, балалар Қызыл телпек өзінің апасымен кездесті.
- Қызыл Телпек кедергілерден сендердің көмегімен өткеніне, сендерге алғыс білдіріп жатыр.
- Қане, балалар. Қызыл телпекпен қоштасайық. Сау бол, Қызыл телпек!
- Бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Қызыл телпекпен бірге жануарлардың тапсырмаларын орындадық.
- Қандай тапсырмаларды орындадық? Балалардың еркін жауаптары.
- Жақсы, жарайсындар, балалар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Жылы сөз"

Жүректен шыққан жылы сөз,
Жүрекке барып жетеді.
Жылы сөзден дос жүрегі,
Мейірімге толып кетеді.

Күні:30.03.2022ж

Алан ертең сапарға шығады

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда уақытты бағдарлай алу; "кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдарын түсіндіре отырып, оларды ажырата білу дағдыларын дамыту; тәулік бөліктері туралы білімдерін жетілдіре отырып, оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту; логикалық ойлау қабілеттерін, зейіндерін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Скафандр", "Ғарышкерлер мерекесі", "Кеше", "Бүгін", "Ертең", "Дүйсенбі", "Сейсенбі", "Сәрсенбі", "Бейсенбі", "Жұма", "Сенбі", "Жексенбі", "Танертең", "Күндіз", "Кеш", "Түн" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, ғажайып сәт, интербелсенді тақтадан сюжетті суреттер көрсету, дидактикалық ойындар "Бұл қай кезде болады?", "Сиқырлы доп", суретпен жұмыс, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: скафандр киген Алан, ғарыш туралы сурет, сурет салып тұрған, балабақшаға және зообаққа бара жатқан Алан суреттері, "Апта күндері" бейнежазбасы, доп.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты төрт бөлікке бөлінген, тәулік бөліктерін білдіретін дөңгелектер, тәулік бөліктерін білдіретін сюжетті суреттер, ағаштың суретін салынған қағаздар, қарындаштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

Көкке ұшамын -
Ұшқыш болар баламын.
Соңына ерем
Ер ғарышкер ағаның.
(Тұманбай Молдағалиев)

Балалар, қазір көктем мезгілінің нешінші айы? Екінші айы.

- Осы ай қалай аталады? Сәуір айы деп аталады.

- Балалар, сәуір айында бір мереке бар. Ол-ғарышкерлер мерекесі.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға топқа қонақ келгенін айтады.

- Қараңдаршы, топқа Алан келіпті.

- Ол не киіп алған? Скафандр киіп алыпты.

- Балалар, не себепті Алан скафандр киіп алды деп ойлайсындар? Балалардың еркін жауаптары.

Педагог балалардың жауабын толықтыра келе:

- Иә, балалар. Алан ғарышкер болғысы келеді екен.

- Бірақ, ең бірінші ғарышқа ұшу үшін Алан балабақшада алған білімін толықтыру керек.

- Балалар, Аланға білімін толықтыру үшін, сонымен қатар өзіміздің де білімімізді толықтыруға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға интербелсенді тақтадан немесе тақтада сюжетті суреттер көрсетеді.

Баланың үш күндегі күн тәртібі бейнеленген.

- Қараңдаршы, суретте кімді көріп тұрсындар? Иә, бұл Алан.

- Алан, кеше не істеді? Айта ғой, Мариям. Иә, Алан кеше сурет салды.

- Мансұр сен айтшы. Алан бүгін қайда барды? Алан бүгін балабақшаға барды.

- Ал, Алан ертең не істейді? Алан ертең зообаққа барады.

- Жаксы, жарайсындар!

2.2. Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?"

Педагог әр балаға төрт бөлікке бөлінген, тәулік бөліктерін білдіретін дөңгелек және тәулік бөліктерін білдіретін сюжетті суреттер үлестіріп береді.

Балалар сюжетті суреттерге байланысты тәулік бөліктерін білдіретін дөңгелекке орналастырады.

2.3. Суретпен жұмыс.

Педагог балаларға қағазда үш ағаштың суреті салынған қағазды үлестіріп береді.

Ертең ағашта қанша жапырақ қалатын болса, сонша жапырақтың суретін салу керектігін айтады.

2.4. Сергіту сәті.

2.5. Дидактикалық ойын: "Сиқырлы доп"

Мақсаты: "Кеше, бүгін, ертең" ұғымдарын бекіту.

Шарты:

Педагог балаларға кезек - кезек доп лақтырады. Әр бала "кешкегі", "ертеңгі", "бүгінгі" істеген іс - әрекеттерін айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі оқу қызметіне барлықтарың белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар!
- Алан сендерге алғыс білдіріп жатыр. Қане, барлығымыз Аланмен қоштасайық. Сау бол!
- Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қандай тақырыпта болды? Уақыт туралы болды.
- Сендер қандай ұғымдарды білесіңдер? "Кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдарын білесіңдер. Иә. Тамаша!
- Қане, барлығымыз шеңберге тұрайық.

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Достар"

Достар бірге жүреміз,

Бірге ойнаймыз, күлеміз.

Бірге балық аулаймыз,

Міне, біздер қандаймыз!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні: 13.04.2022ж

Қоян балабақшаға барады

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды заттарды қалыңдығы, ұзындығы, ені бойынша салыстра білуге және салыструда "кең-тар", "ұзын-қысқа", "қалың-жұқа" сөздерін пайдалана білуге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту; өз беттерінше жұмыс істеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Қалың", "Жұқа", "Қысқа" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Жұмбақ жасыру, ғажайып сәт, дидактикалық ойындар "Қоянға көмек", "Өз орнына орналастыр", "Гүлдер алаңы", кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: қоян, папка, көктем мезгіліне байланысты суреттер, "қалың-жұқа" ұғымына байланысты суреттер, қысқа, ұзын қарындаштар, көліктер, жолдың суреті, кең және тар гүл сауыттары, ұзын және қысқа сағақты гүлдер, "Көңіл-күй" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты әр балаға қысқа, ұзын қарындаштар, "қалың-жұқа" ұғымына байланысты суреттер, қысқа, ұзын қарындаштар, көліктер, жолдың суреті, кең және тар гүл сауыттары, ұзын және қысқа сағақты гүлдер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Жұмбақ жасыру.

Қар мұз еріп, су көбейіп,

Сай салаға толады.

Бүршік жарып, жарық ашып,

Гүл бәйшешек басады.

Бұл қай мезгілде болдады? (Көктем)

Иә, дұрыс айтасындар! Қазір жылдың көктем мезгілі.

- Көктем мезгілінде табиғат құбылыстарында қандай ерекшеліктер орын алады? Балалардың еркін жауаптары.

1.2. Ғажайып сәт.

- Қарандаршы, біздің топқа қоян келіп қалыпты.

- Қане, қоянмен амандасайық. Сәлеметсің бе! Балалар қоянды қуана қарсы алады, амандасады.

- Балалар, қоянда балабақшаға келгісі келеді екен. Бірақ көп нәрсені білмейді.

- Қоян сендерден көмек сұрай келіпті.

- Қоянға көмектесеміз бе? Балалар қоянға көмектесуге дайын екендерін айтады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға көк ұзын қарындаш, жасыл қысқа қарындаш ұсынады. Қолдарына алады, қызығушылық танытады.

- Сендердің алдарында екі қарындаштың айырмашылығы неде? Түсі мен өлшемінде.

- Қай қарындаш ұзындау екенін қалай білуге болады? Қарындаштарды бір-бірімен салыстырады, ұзын-қысқа анықтайды, көк қарындаш жасыл қарындаштан ұзын, жасыл қарындаш қысқа екенін анықтайды.

Педагог балалардың жауаптарын талдайды.

2.2. - Балалар, қоянның қолындағы папкаға назар аударайықшы.

- Оның ішінде не бар екен? Балалар қызығушылық танытады.

Қоян:

- Балалар, менің қолымдағы папканың ішінде көп суреттер бар. Сол суреттерге ұзақ қарадым. Бірақ суреттегі заттардың қайсы "қалың" , қайсы "жұқа" екенін ажырата алмадым.

Педагог:

- Балалар, қоянға суреттердегі заттардың "қалың-жұқа" екенін ажыратып береміз бе? Балалар қуана келіседі.

Дидактикалық ойын: "Қоянға көмек".

Педагог әр балаға "қалың-жұқа" ұғымына байланысты суреттерді таратады. Балалар үстелдің бір жағына тек "қалың" заттар бейнеленген суреттерді, ал екінші жағына тек "жұқа" заттар бейнеленген суреттерді орналастырады. Педагог балалардың жауаптарын талдайды.

Қоян:

- Жарайсындар, балалар! Сендерге рақмет! Мен енді, қай заттың қалың, қай заттың жұқа екенін білетін болдым.

2.3. Дидактикалық ойын: "Өз орнына орналастыр".

Педагог балалардың назарын интербелсенді тактадағы суретке аударады.

- Біздің қаламызда кең де, тар да көшелер бар.

- Адам жүретін жолдарды қалай атайды? Жаяу жүргіншілер жүретін жол дейді.

- Көліктер жүретін жол қалай аталады? Көліктер жүретін жол.

- Адамдар қандай көшелермен жүреді? Көліктер ше? Балалардың жауаптары.

Адамдар мен көліктерді өз орнына қоюды ұсынады. Көліктерді кең көшеге, адамдарды тар көшеге орналастырады.

Себебі көлік жүретін жол кең болу керек.

2.4. Сергіту сәті.

2.5. Дидактикалық ойын: "Гүлдер алаңы"

Педагог:

- Балалар, қоянмен бірге гүлдер аланына саяхатқа барып келсек қалай қарайсындар? Балалар қуана келіседі.

- Міне, гүлдер аланына келдік.

Жанында аузы кең және тар гүл сауыттары тұр. Педагог балаларға ұзын сабақты гүлдерді кең гүлсауытқа жинауды, қысқа сабақты гүлдерді тар ыдысқа салуды ұсынады. Педагог балалардың жауаптарын талдайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы айттық? Тар, кең, ұзын, қысқа, қалың, жұқа ұғымдары туралы айттық.
- Балалар, қоянның сендерге алғысы шексіз екен. Сендердің көмектерімен көп білім алғанын айтады.
- Балалар, қоянмен қоштасайық. Сау бол! Балалар қоянмен қоштасады.

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Өзімді-өзім сақтаймын".

Кәнеки, шеңберге тұрып, бір-бірімізге, туыстарымызға және жер бетіндегі барлық адамдарға шын жүректен зор денсаулық тілейік.

Өзімді-өзім жақтаймын,

Денсаулықты сақтаймын.

Жүректен жылы соншама,

Тілейміз саулық баршаға!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні:27.04.2022ж

Кеңістікте бағдарлауды үйренеміз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларда кеңістікте бағдарлай алу; өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтау дағдыларын дамыту; "жоғарыда", "төменде", "алыс", "жақын", "сол жақ", "оң жақ" ұғымдарын бекіту; оқу қызметіне қызығушылықтарын оята отырып, достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жоғары", "Төмен", "Алыс", "Жақын", "Сол жақ", "Оң жақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, ғажайып сәт, сурет көрсету, "Дала гүлдері", "Алыс-жақын" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, суретпен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: Қоян, Отан қорғаушылар күніне арналған сурет, карта, сергіту сәтіне арналған бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты карточкалар мен бақбақ және түймедақ гүлдер жиынтығы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

"Солдат боламын"

Қаймықпаймын суықтан,

Ыстыққа мен төзімді.

Бәріне де шыныққан

Солдат болам кезінде.

(Өнуарбек Дүйсенбиев)

- Балалар, көркем сөзде не туралы айтылған? Балалардың еркін жауаптары.
- Иә, балалар. Қазір көктем мезгілінің соңғы мамыр айы.
- Мамыр айында атап өтетін бірнеше мерекелер бар. Солардың бірі- 7 мамыр Отан қорғаушылар күні.

- Ал, Отанымызды қорғау үшін солдат болу керек.

1.2. Ғажайып сәт.

Балалар, біздің топқа қонақ келген секілді. Балалар қызығушылық танытады.

- Бұл Қоян екен.
- Қане, қоянмен амандасайық. Сәлеметсің бе!
- Балалар, Қоян ормандағы досына барамын деп адасып қалыпты.
- Қоянға досына баруға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға интербелсенді тақтадан немесе тақтадан картаның суретін көрсетеді.

- Қоянның досын көріп тұрсындар ма? Ол картаның қай жағында орналасқан? Жоғарғы жағында.
- Оң жағында ма, әлде сол жағында ма? Иә, дұрыс айтасындар. Сол жағында орналасқан.
- Балалар, Қоян досына бару үшін бірнеше тапсырмаларды орындау керек екен.
- Тапсырмаларды орындап, Қоянға көмектесуге дайынбыз ба? Иә! Олай болса кеттік!"

2.2. Дидактикалық ойын: "Дала гүлдері"

Педагог әр балаға карточкалар мен бақбақ және түймедақ гүлдер жиынтығын үлестіріп береді. Педагог бақбақ гүлдерін "жоғары" және түймедақ гүлдерін "төмен" орналастыру керектігін айтады.

2.3. Дидактикалық ойын: "Алыс-жақын"

Педагог балаларға айналасындағы заттарды мұқият қарап алу керектігін айтады. Бір баланы қасына шақырып "Сол жағында не орналасқан?", "Оң жағында ше?", "Саған жақын жерде не бар?", "Ал, алыс жерде не бар?" деген секілді сұрақтар қояды. Соңында педагог балаға екінші жакқа бұрылып, не өзгергенін сұрайды.

2.4. Сергіту сәті.

2.5. Суретпен жұмыс.

Педагог балаларға қонжықтар салынған қағазды үлестіріп береді. Сол жақтағы қонжықты сары, ал оң жақтағыны қоңыр түске бояу керектігін, оң жақтағы қонжықтың сол жағына үлкен шардың, ал оң жағына кішкентай шардың суретін салу керектігін айтады.

Педагог балаларды тапсырмаларды орындап отырған кезде, қадағалайды. Бағыт бағдар береді. Балаларға тапсырмаларға байланысты сұрақтар қояды, келесі тапсырманы береді.

Сол жақтағы цифр нешені көрсетсе, тіктөртбұрыштарға сонша жұлдызшалардың суретін салу керектігін айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, жарайсындар! Қоян сендерге досымен кездесуге көмектескендерін үшін алғыс білдіріп жатыр.
- Біз Қоянға не деп айтамыз? Оқасы жоқ! Тамаша!
- Балалар, қандай тапсырмаларды орындадыңдар?

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.
- Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Күні: 11.05.2022ж

Математика әлеміне саяхат

Оқу қызметінің мақсаты

Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Геометриялық пішіндер", "Дөңгелек", "Үшбұрыш", "Шаршы", "Ойыншықтар дүкені", "Ғажайып қап", "Кезек" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Интербелсенді тақтадан сурет көрсету, психогимнастика, әңгімелесу, "Көршілер", "Ғажайып қап", "Геометриялық мозаика" дидактикалық ойындары, "Салыстыр" тапсырма-жаттығуы, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көктемгі егістік, дүкен, дүкен сөрелеріндегі ойыншықтар, дүкенде кезекте тұрған балалар суреттері, қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар, геометриялық пішіндер, қарындаштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог интербелсенді тақтадан көктемде егістікпен айналысып жүрген адамдардың еңбегін көрсетеді.

- Балалар, қараңдаршы, көктемде адамдар трактормен жер жыртып, еңбектеніп жатыр, көріп тұрсындар ма? Қандай керемет!

Балаларға жарты минуттық психогимнастика өткізу мақсатында педагог:

- Күліп көкте күніміз (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жарасады үніміз (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Қуат берсін баршаға (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Ашық болсын күніміз (балалар қол білезіктерін айналдырады).

1.2. Педагог:

- Балалар, дүкенге саяхатқа барғыларын келеді ме? Балалар қызығушылық танытады, қуана келіседі.

- Қалай ойлайсындар, бұл дүкен қалай аталады? Ойыншықтар дүкені деп аталады.

- Дүкенде қандай ойыншықтар сатылады?

- Сендерде қандай ойыншықтар бар? Балалардың еркін жауаптары.

- Ойыншықтарды сатып алу үшін кезекке тұру керек.

- Санайықшы, неше бала кезекте тұр? Екі бала кезекте тұр.

- Енді, кезекте неше бала тұр? Енді төрт бала кезекте тұр.

- Кезекте кім 4-ші тұр? Дана 4-ші тұр.

- Қараңдаршы, кезекте тұрған балалардың ішінен кімнің бойы ұзын? Аланның бойы ұзын.

- Жарайсындар! Жаксы!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Көршілер"

"Көршілер" міндетін сандар, заттар, суреттер, геометриялық пішіндер атқаруы мүмкін.

- Балалар, цилиндрді алып, оның көршілері текшелер болатындай етіп қойындар. Цилиндрді алып, текшелерді цилиндрдің оң жақ және сол жағына қояды.

2.2. "Салыстыр" тапсырма-жаттығуы.

Баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жуандығы әр түрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Қай таяқша ұзын немесе қысқа екенін айтуды ұсынады. Ұзындығын өлшеу арқылы заттарды салыстырады. Педагог балалардың таңдауларына байланысты сұрақтар қояды.

2.3. Дидактикалық ойын: "Ғажайып қап"

Педагог балаларға ішінде қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап үлестіріп береді. Балаларға қаптың ішінен белгілі бір пішінді табу тапсырмасын береді. Балалар қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді дәйекті түрде тексереді.

2.4. Сергіту сәті.

Бір үйде біз нешеуіміз?
Кел санайық екеуіміз.
Бас бармағым - әкем,
Балаң үйрек – шешем,
Ортан терек – ағам,
Шылдыр шүмек – мен,
Кішкантай бөек – сен.
Бір үйде біз нешеуіміз?
Бір үйде біз бесеуіміз.

Балалар қимылдарын келтіре отырып, сергіп алады.

2.5. Дидактикалық ойын: "Геометриялық мозаика"

Педагог балаларға тактадан геометриялық пішіндерден құралған заттардың суретін көрсетеді және геометриялық пішіндерді үлестіріп береді.

Балалар үлгіге мұқият қарап, дәл сол үлгіні қайталайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не істедік? Иә, сандарды, геометриялық пішіндерді қайталадық.
- Оқу қызметінде біз қандай сандармен таныстық? 1-ден 5-ке дейінгі сандармен таныстық.
- Аймара, 4 санының көршілерін атап берші? Иә, 4 санының көршілері 3 пен 5.
- Ал, 2 санының көршісін кім атайды? 2 санының көршісі 1 мен 3. Жақсы.
- Марғұлан, қандай геометриялық пішіндерді білесің? Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек.
- Балалар, жарайсыңдар! Оқу қызметіне белсене қатыстыңдар. Тамаша!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Жақсылыққа құмармыз"
Жақсылыққа құмармыз,
Жақсы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!
Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Вариативтік компоненттің бағдарламасының перспективтік жоспары

Құрастыру

Ай аттары	Тақырыбы	Мақсаты	C/c
Қыркүйек	1. Мен және менің отбасым	Балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру; шығармашылық қабілеттерін арттырып, көркемдік талғамдарын дамыту; отбасы мүшелерін атап, сюжетті суреттерде не бейнеленгенін айту арқылы балалардың сөздік қорларын молайту; отбасы мүшелерін сыйлап, қадірлеуге тәрбиелеу.	1
	2. Көрнекті ғимарат	Балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу; ойын арқылы балалардың геометриялық денелер туралы түсініктерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту; балаларды жіптегі қауырсындарды үрлеу арқылы денсаулықтарын, қан айналым жүйелерін жақсарту; оқу қызметінен алған әсерлерін кемпіркосақтың түстері арқылы білдіруге ынталандыру.	1
Қазан	3. Күзгі ағаштар	Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш кимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштар суретін құрастыруға үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен киып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету; күз мезгілінің ерекшеліктерін атауға, табиғатты аялауға, адамның күзгі мезгілдегі еңбегін қадірлеуге, көмектесуге, достыққа тәрбиелеу.	1
	4. Бейбітшілік құсы - қарлығаш	Балаларды құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруға үйрету; балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; викториналық ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; көмек көрсетуге, достыққа тәрбиелеу.	1
Қараша	5. Жолдағы серігің	Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдары жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атай білу; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту; бір-біріне әрдайым көмектесуге, достыққа тәрбиелеу; бағдаршамның түстеріне қарай көңіл күйлерін, оқу қызметінен алған әсерлерін білдіруге ынталандыру.	1
	6. Зәулім сарай	Балаларды құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруға үйрету; балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; викториналық ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; көмек көрсетуге, достыққа тәрбиелеу.	1
Желтоқсан	7. Байтерек	Балаларды трафаретке макарон өнімдерін қойып "Байтерек" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіруде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қол саусақ моторикаларын дамыту; "Байтерек" жайлы, бас қаланың көрнекті жерлері туралы білімдерін толықтыру; шығармашылыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.	1
	8. Жаңа жылдық ойыншық	Балаларды мақта таяқшаларынан жаңа жылдық ойыншық: қойды құрастыруға үйрету; жаңа жылдық ойыншықтарды өз қолдарымен дайындауға деген қызығушылықтарын ояту; желіммен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; балалардың мақта таяқшаларынан құрастыру жасаудағы қабылдау қабілеттерін дамыту; қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап өту; қол саусақ моторикаларын дамыту.	1
Қаңтар	9. Қыс қызығы	Балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа	1

		жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу; қыс мезгілінің ерекшеліктері және қардың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.	
Ақпан	10. Қонаққа торғай келді	Балаларды табиғи материалдар: грек жаңғағы, ағаш бұтақтары және жер жаңғақтарынан құсты құрастыруға үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді бір-біріне жалғау дағдыларын қалыптастыру; құстардың түрлерін ажырата білуді дамыту, табиғатқа пайдасы жайлы мағлұмат беру; қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алу дағдыларын ойын арқылы дамыту.	1
	11. Мамандықтың бәрі жақсы	Балаларды шаршыдан шеңбер қиып, сайқымазақтың басын жапсыруға, қатар бойымен макарондарды қойып сайқымазақтың шашын жасауға, бет-әлпет белгілерін жапсырып, сайқымазақты құрастыруға үйрету; гофрленген қағаздарды бірнеше қайтара бүктеп бант жасауға үйрету; гофрленген қағаздармен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сайқымазақ мамандығымен таныстыру; мамандықтар және олардың құралдары жайлы білімдерін толықтыру; түстер және пішіндер жайлы білімдерін бекіту; қағаз бетінде дұрыс бағдарлауды үйрету.	1
	12. Бағдаршам	Балаларды лево құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру.	1
Наурыз	13. Аққу құсы әдемі	Балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, аққу туралы туралы білімдерін кеңейту; балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу.	1
	14. Сандықша	Балаларды құрамында: тактайшалар, білеу, кірпіштер бар құрылыс материалдар жинағынан сандықшаның кішкентай түрі кобдишаны құрастыруға үйрету; сандықша, әшекей бұйымдары туралы білімдерін кеңейту; көмектесуге, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу, дидактикалық ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; сұраққа толық жауапты талап ету.	1
Сәуір	15. Жайлауда	Балаларды лево құрылыс материалдарынан төрт-түлік малдың бірі- жылқыны құрастыруға үйрету; жайлау сөзіне түсінік беру; төрт-түлік мал: түйе, жылқы, қой, ешкі, сиыр туралы білімдерін толықтыру; викториналық ойынға белсене қатыстырып, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; жануарларды дыбыстары арқылы танып, ажырата білу; туған жердің табиғатының сұлулығын сезінуге, оны аялап қорғауға, қамқорлық сезімдерге тәрбиелеу.	1
	16. Бірлік болмай тірлік болмас	Балаларды қағазды бірнеше рет бүктеу(оригами) әдісі бойынша орыс халқының қызын құрастыруды үйрету; бірлік мерекесі жайлы білімдерін толықтыра отырып, балаларды ұлт өкілдерін ажыратуға, шығармашылыққа баулу; танымдық қабілеттерін дамыту; сұрақтарға тез жауап беруге, шапшаңдылыққа, өзге ұлт өкілдеріне сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.	1
Мамыр	17. Әсем көбелек	Балаларды қағазды оригами әдісі, соның ішінде қосұшбұрыштан көбелекті шығарып құрастыруға үйрету; құрастыру амалдарымен таныстыру; жәндіктер: көбелек жайлы білімдерін кеңейту; қағазды бірнеше қайтара бүктеу арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; қағаздан көбелек құрастыру барысында балаларды тиянақтылыққа тәрбиелеу; ой-өрісін кеңейту; көрсетілген дыбысқа сәйкес жәндіктердің атауын дұрыс табуға дағдыландыру; бір орында отырып жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
	18. Теңізші Ғабиттің бастан кешкен оқиғалары	Балаларды құрылыс материалдары: тактайша, кірпіш, призма, текше, цилиндр, жартылай цилиндрді пайдалана отырып су кемесін құрастыруды үйрету; су көліктері туралы білімдерін пысықтау; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру; затты заттың санына сәйкестендіру, ойлау қабілеттерін дамыту; достық, көмектесу ұғымдарын жетілдіру.	1
Барлығы			18

Күні:08.09.2021ж

Мен және менің отбасым

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру; шығармашылық қабілеттерін арттырып, көркемдік талғамдарын дамыту; отбасы мүшелерін атап, сюжетті суреттерде не бейнеленгенін айту арқылы балалардың сөздік қорларын молайту; отбасы мүшелерін сыйлап, қадірлеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "конус", "отбасы", "геометриялық дене", "отбасы ағашы", "әке мен анам" сөздері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, жұмбақ жасыру, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, сергіту сәті, құрастыру амалдарын көрсету, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "Отбасы ағашы", дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Қуыршақ Сәуле, әке мен ана бейнеленген сурет, "Әке мен анам" дайын үлгісі, түрлі-түсті жарты шеңберлер, түрлі-түсті фломастерлер, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, дидактикалық ойынға байланысты "ағаш" суреті.

2. Үлестірімелі материалдар

Бала санына байланысты түрлі-түсті жарты шеңберлер, түрлі-түсті фломастерлер, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, дидактикалық ойынға байланысты жапырақ формасында бейнеленген сюжетті суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз. "Менің отбасым" Ернұр Сейдахмет.

"Құлыным!" деп өбеді,
Мейірім - нұрын төгеді.
Тиянақты әр ісі,
Анам үйдің - ырысы!

Құйылғандай құрыштан,
Шаршамайды жұмыстан.
Күшті, шымыр білегі,
Әкем үйдің - тірегі!

1.2. Жұмбақ жасыру.

Онда әке-шешем тұрады,
Ата-әжем бауырым.
Бәрі бірге қосылып,
Бір ұғымды құрады.
Жауабы: отбасы.

- Дұрыс айтасындар, балалар. Отбасы деген барлығы бір шаңырақ астында тұратын туыс адамдар. Біздің ең жақын адамдарымыз. Отбасы адамдары бір-біріне әрдайым қамқор болып жүреді.

- Қараңдаршы, суретте кімдер бейнеленген? Атап көрейікші. Иә, жарайсындар. Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Иә. Отбасы.

- Тамаша, жарайсындар. Отбасы сөзін үштілде атап өтуге болады.

Ғажайып сәт.

Педагог топқа қуыршақ Сәуленің келгенін хабарлайды. Балалар қонақпен амандасады.

- Балалар, қараңдаршы, бүгін бізге қонаққа кім келді? Қонаққа қуыршақ Сәуле келді.

- Сәулеге біздің көмегіміз керек. Өзінің әкесі мен анасына сыйлық жасамақшы. Сәулеге көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Әке мен анам"

- Не көріп тұрсыңдар? Дұрыс әке мен ана.

- Неден құрастырылған? Қағаздан құрастырылған.

- Қандай геометриялық денені көріп тұрсыңдар? Конус. Конус - бұрыштары жоқ, дөңгелек сақина ретінде келеді.

- Қайталаймыз. Конус өлшемдері кеми беретін, бұрышы жоқ, дөңгелек келетін геометриялық дене.

- Енді, балалар мұқият қараймыз. Бұл қандай қағаздан құрастырылған екен? Түрлі-түсті, жұқа қағаздан құрастырылған. Жақсы.

- Қағаздың қандай түрлерін білеміз? Қағаздың түрлерін есімізге түсіріп көрейік. Қаатырма қағаз (картон), түрлі - түсті қағаз, жылтыр қағаз, барқыт қағаз. Қағаздың қандай қасиеттерін білесіңдер? Қытырлайды, тегістелмейді, бұрынғы қалпына келмейді, қағаздың бетінде жазуға болады.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету

- Алдымен бас қима үлгілерін аламыз. Бет-әлпет белгілерін фломастермен бояймыз.

- Балалар, түрлі-түсті қағазды аламын. Пішіні қандай? Жарты шеңбер. Қазір жарты шеңберді бұру арқылы конус жасап, шетінен желіммен жапсырамын. Не шықты? Конус. Дұрыс айтасыңдар. Конус шықты. Конус денесі болады.

- Қағаздың кіші бөлігінен тағы да қағазды бұру арқылы кіші көлемді екі конус жасаймын. Екі кіші конусты үлкен конусқа жапсырамын. Қолы да дайын. Мен не істедім? Қағаздың кіші бөлігінен тағы да қағазды бұру арқылы кіші көлемді екі конус жасадым. Денесіне басын жапсырамын. Міне, отбасының анасы дайын болды.

- Дәл осы реттілікті қайталаймыз. Міне, қағаздан әке мен ананы жасадық. Анасының көйлегіне қара түсті фломастермен дақтар салуға болады.

2.3. Сергіту сәті.

Ұсынылып отырған өлең жолдары балаларға таныс болуы керек. Педагог оқу қызметінің алдында 1-2 күн бұрын өлең жолдарымен таныстырып қояды. Балалар педагогпен бірге ілесіп осы өлеңді айтып, сергіп алады. Педагог өзінің шығармашылығына байланысты, әуенге сай қимылдарды жасай алады

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балалар педагогтың нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балалардың дұрыс жасап отырғандарын қадағалайды. Балалар жарты шеңберді бұру арқылы конус жасап, шетінен желіммен жапсырады. Педагог әр баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп отырады. Керек болса көмектеседі. Балаға "қандай дене шықты?", "мынау не?", "сен не істедің?", "сен нені құрастырып отырсың?" деген секілді сияқты сұрақтар қойып, балалардың өздік іс-әрекет барысын бақылап отыру қажет. Осы орайда, балаларға жекелей сұрақтар қоюға болады. Мысалы: "конус қандай геометриялық дене?", "конусты қалай жасадың?", "басқа қандай геометриялық денелерді білесің?" және т.б. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.

2.5. Дидактикалық ойын. "Отбасы ағашы"

Мақсаты: отбасы мүшелері жайлы толық сөйлем құрау іскерліктерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Педагог:

- Балалар, жел соғып, ағаштағы барлық жапырақтар жерге түсіп қалыпты. Сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Ол үшін ең алдымен ағаштың тамыры қай жерде орналасқанын анықтап алайық, ағаштың тамыры ол отбасының үлкендері, атамыз бен әжеміз болады. Балалар өздерінің ата мен әжесі туралы айтады. Әрі қарай ағаштың жоғарғы бөлігіне дейін туыстарын атап шығады. Сұрақ-жауап аяқталған соң, "сиқырлы қорап" қимыл қозғалыс ойыны ойнатылады. Ойын өлең жолдарымен сүйемелденіп келеді.

Атамнан басталар,

Әжемнен қосталар

Отбасым мынылар:

Ең жақын адамдар

Әке мен анам бар.

Өлеңнің соңғы жолында сиқырлы қорап кімнің қолында қалады, сол үстел үстіндегі жапырақ түрінде қиылған суретте не бейнеленгенін айтып, отбасы ағашына жапсырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

- Балалар, қуыршақ Сәуле бізге риза болды, алғысын білдіріп жатыр. Бізбен қоштасып, қайтамын дейді. Сау бол, Сәуле!

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Бүгінгі оқу қызметімізде біз не құрастырдық? Қағаздан әке мен ананы құрастырдық.

- Олар қандай геометриялық денеден құрастырылған? Конус. Жақсы. Конус қандай геометриялық дене? Конус өлшемдері кеми беретін, бұрышы жоқ, дөңгелек келетін геометриялық дене. Қайталайықшы. Жақсы. Жарайсыңдар.

- Балалар, қағаздың түрлерін білесіңдер? Қане, есімізге түсірейік. Оқу қызметінің басында біз атап өткен едік.

Балалардың еркін жауабы. Жарайсыңдар! Жақсы. Педагог балалардың жауаптарын толықтыра алады.

- Ал, қағаздың қандай қасиеттерін білесіңдер? Қытырлайды, тегістелмейді, бұрынғы қалпына келмейді, қағаздың бетінде жазуға болады.

- Конусты қандай пішіннен және қалай жасадыңдар? Жарты шеңберді бұру арқылы жасадық. Солай емес пе? Иә, жақсы.

- Жарайсыңдар! Бүгінгі оқу қызметіге өте белсенді қатыстыңдар. Сендерге ұнады ма? Ұнаса қане бәріміз "Жарайсың" белгісін көрсетейікші. Тамаша.

Көрнекті ғимарат

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу; ойын арқылы балалардың геометриялық денелер туралы түсініктерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту; балаларды жіптегі қауырсындарды үрлеу арқылы денсаулықтарын, қан айналым жүйелерін жақсарту; оқу қызметінен алған әсерлерін кемпіркосақтың түстері арқылы білдіруге ынталандыру.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "призма", "текше", "цилиндр", "тақтайша", "кірпіш", "пирамида", "ғимарат", "көрнекті ғимарат", "бірінші қабат", "екінші қабат", "қойдым", "тіредім", "түзедім" сөздері және сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

"Жүректен жүрекке" жылулық шеңбері, сұрақ-жауап, мақал-мәтел, суретпен жұмыс, құрастыру амалдарын көрсету, дем алу жаттығуы, өздік іс-әрекет, игровизор ойыны "артық затты тап", құрылыс нәтижесімен ойнату "тұрғындарды ғимаратқа орналастырамыз", дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия "кемпіркосақ".

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Құрамында тақтайша, кірпіш, цилиндр, текше, арка, призма, пирамида бар құрылыс материалдар жинағы, дайын "ғимарат" үлгісі, қаланың көрнекті жерлерінің суреті, ғимарат салып жатқан құрылысшылар суреті, кемпіркосақ суреті.

2. Үлестірмелі материалдар

Бала санына байланысты құрамында тақтайша, кірпіш, цилиндр, текше, арка, призма, пирамида бар құрылыс материалдар жинағы, игровизор ойынына байланысты суреттер, құрылыс нәтижесімен ойнату үшін әртүрлі аңдар (ойыншықтары), маркер немесе фломастер. дем алу жаттығуына байланысты жіпке байланған қауырсындар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Жылулық шеңбері. "Жүректен жүрекке"

- Балалар, барлықтарыңды "жүректен жүрекке" атты жылулық шеңберіне шақырамын. Бүгін қандай тамаша, керемет күн! Барлығымыз шеңбер болып тұрамыз. Қасымыздағы досымызға жылы сөз айтамыз.

Мысалы:

- Айжан сен бүгін ерекше құлпырып тұрсын. Көйлегін де әдемі екен. Жақсы. Барлық балалар қасындағы досына жылы сөздер айтады. Жылулық шеңберінен кейін педагог балалардың орындарына жайғасып отыруын сұрайды. Балалар үстелді жағалай отырады.

Мақал-мәтел.

Ана көркі - алдындағы баласы.

Қала көркі - үйі, орман, ағашы.

- Балалар, біз қай қалада тұрамыз?

- Дұрыс айтасыңдар. Біз Нұр-Сұлтан қаласында тұрамыз.

- Қаламыздың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?

- Балалар, бүгін біз Нұр-Сұлтан қаласындағы көрнекті ғимараттардың бірін құрастырамыз.

1.2. Суретпен жұмыс.

- Балалар суретке назар аударамыз. Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? Дұрыс, құрылысшылар.

- Құрылысшылар не істеп жатыр? Ғимарат салып жатыр, иә.

- Шеше қабатты ғимарат салып жатыр? Қане, санап жіберейікші. Иә, екі қабатты ғимарат салып жатыр.

- Ғимараттар біздің қаламызға көрік беріп тұрады. Ғимарат ішінде әртүрлі орталықтар, дүкендер бар.

- Ғимараттарды кез-келген адамдар сала береді ме? Қалай ойлайсыңдар? Жоқ. Осындай зәулім ғимараттарды арнайы мамандар ғана салады, оларды арнайы оқытады. Балалар, құрылыс материалдарынан құрылысшы болып көрнекті

ғимаратты құрастырайық. Қалай қарайсыңдар? Тамаша!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу. "Ғимарат"

- Балалар, не көріп тұрсыңдар? Ғимарат.
- Қараңдаршы, ғимараттың неше қабаты бар? Ғимараттың екі қабаты бар.
- Ғимарат неден құрастырылған? Ғимарат құрылыс материалдарынан құрастырылған.
- Қандай құрылыс материалдарын көріп тұрсыңдар? Тақтайша, кірпіш, цилиндр, текше, арка, призма, пирамида. Қайталаймыз. Тамаша. Педагог балаларға құрылыс материалдарын сипап-сезуге, қолдыраымен ұстап көруге ұсынады. Балалар әр құрылыс материалдарын ұстап көреді.
- Ғимараттың құрылымын атап көрейік. Іргетасы, қабырғалары, қабаттары, шатыры. Жақсы.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Ең бірінші пішіні шаршы тәріздес тақтайшаны үстел үстіне қоямын. Бұл ғимараттың іргетасы болады.
- Алдымен тақтайшаны үстел үстіне қоямын. Көлденең жатқызып кірпішті қоямын. Тақтайшаның екі жағына текшелерді қоямын. Саусақтарымен түзеймін.
 - Текшелердің үстіне цилиндрлерді қойып шығамын. Түзу қоямын. Ғимараттың бірінші қабаты дайын болып қалды. Тақтайшаны цилиндрлердің үстіне түзулеп қоямын. Саусақтарымен түзеймін.
 - Тақтайшаның үстіне, төрт жағына бір текшеден қойып шығамын.
 - Келесі, ғимараттың екінші қабатын құрастыру үшін текшелер керек. 4 дана текшені алып, тақташаның төрт бұрышының үстіне қоямын. Саусақтарымен түзеймін. Екі текшенің үстіне бір кірпіштен қоямын.
 - Ғимараттың алдына, текшелердің үстіне арканы қоямын.
 - Арканың үстіне призманы қоямын. Бұл ғимараттың шатыры болады.
 - Енді, пирамидаларды алып, арканың жанына қоямыз. Саусақтарымызбен түзейміз. Жақсы.
 - Мәне, ғимаратты құрастырдық.

2.3. Дем алу жаттығуы. "Қауырсын"

Әр баланың алдында жіпке байланған қауырсын тұрады. Қауырсынды үрлеу арқылы дем алу жаттығуын жасайды.

2.4. Өздік іс - әрекет.

Әрбір баланың алдына тақтайша, кірпіш, цилиндр, текше, арка, призма, пирамида бар құрылыс материалдар жинағы таратылады.

- Балалар, бізде құрылысшылар секілді ғимарат қалап көрейік. Балалар қуана келіседі. Әр баламен жеке түзету жұмыстары жасалынады. Құрылыс барысында "құрылыс материалының атауын ата", "сен не құрастырып жатырсың?", "бұл не?", "бірінші қабатты құрастырған кезде қандай құрылыс материалдарын қолдандың?" деген секілді сұрақтар қойылып отыруы шарт. Баладан "текше", "призма", "цилиндр", "тақтайша", "пирамида", "үстіне қойдым", "жанына тіредім", "колмен түзедім" секілді сөздер мен сөз тіркестерін пысықтауға болады. Бала сөздерді қайталай алмаса да, іс-тәжірибеде көріп, құрастыру амалдарын қайталаса, құрастыру амалын сөзбен сүйемелдеу әдетіне үйренеді.

2.5. Игровизор ойыны. "Артық затты тап"

Мақсаты: геометриялық денелер туралы түсініктерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Әр баланың алдына 3-4 сурет, маркер таратылады. Артық затты домалатып белгілеп қояды. Балалар артық затты айтады, не себепті белгілегендерін түсіндіреді. Педагог балалардан толық жауапты талап етеді. Әр баламен жекелей жұмыс жасайды. Ұсынылған суреттерді қағаз бетіне шығарып алып, ламинаттау керек. Маркердің (немесе фломастер) көмегімен балалар артық заттарды белгілейді. Ойын соңында ысқыш көмегімен сүртгіп тастауға болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Құрылыс нәтижесімен ойнату.

"Тұрғындарды ғимаратқа орналастырамыз" ойыны. Үйлердің әрбір бөлмесіне аңдарды және олардың достарын орналастырып ойнауға болады.

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар біз бүгін оқу қызметінде не істедік? Қаламыздағы көрнекті ғимараттың бірін құрастырдық.
- Ғимарат неше қабаттан тұрады? Ғимарат екі қабаттан тұрады.
- Ғимаратты кімдер салады екен? Кез-келген адамдар сала бере ма? Жоқ, құрылысты тек ғана арнайы оқыған мамандар, құрылысшылар салады.
- Ғимаратты неден құрастырдық? Құрылыс материалдарынан құрастырдық. Қандай құрылыс материалдарын қолдандыңдар? Тақтайша, кірпіш, цилиндр, текше, арка, призма, пирамида. Жақсы.
- Ғимараттың құрылымын атап көрейік. Іргетасы, қабырғалары, қабаттары, шатыры. Жақсы.
- Аймара, пішіні шаршы тәріздес тақтайша не үшін керек? Ол ғимараттың іргетасы болды. Иә, дұрыс. Жарайсыңдар!

Рефлексия "Кемпіркосақ".

- Балалар, мен сендердің оқу қызметінен кейінгі көңіл-күйлеріңді білгім келіп тұр. Ол үшін тақтада ілініп тұрған кемпіркосаққа, өздерін қалаған түсті таңдап беттестіресіңдер.

Қызыл - мазасызданып тұрмын;

Қызғылт сары(тоқсары) - бәрі тітіркендіргіш;

Сары - үйге қайтқым келді;

Жасыл - жұмысты жасағым келді;
Көгілдір - қызықты, белсендірек болғым келді;
Көк - қиын, бірақ қызықты болды;
Күлгін - қызықсыз, іш пыстырарлық.
- Жарадындар! Бүгінгі оқу қызметіміз өте қызықты өтті. Барлықтарын белсенді қатыстындар.

Күні: 06.10.2021ж

Күзгі ағаштар

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш кимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштар суретін құрастыруға үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету; күз мезгілінің ерекшеліктерін атауға, табиғатты аялауға, адамның күзгі мезгілдегі еңбегін қадірлеуге, көмектесуге, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "асқабақ тұқымы", "ағаш трафареті", "қойдым", "қиып алдым", "жапсырдым", "боядым", "күз мезгілі", "мыстан", "жалқаулық", "көмектестім" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Амандасу, көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: "Маша мен Аю" ертегісіндегі аю, "Ағаштар" дайын үлгісі, ақ қағаз, ағаш трафареті, қара қағаз, асқабақ тұқымдары, гуашь, су құятын ыдыс, екі дана қылқалам, қайшы, қылқаламға тіреуше, желім, желімге ыдыс, ағаш суреті, хат алып келген құс суреті, "сәлем" бейнежазбасы, сергіту сәтінде қолданылатын бейнежазба.

2. Үлестірілген материалдар

Бала санына байланысты ақ қағаз, ағаш трафареті, қара қағаз, асқабақ тұқымдары, гуашь, су құятын ыдыс, екі дана қылқалам, қайшы, қылқаламға тіреуше, желім, желімге ыдыс, дидактикалық ойынға байланысты емен, қайың, шырша, қарағай, шетен, тал, талшық, үйеңкі және ағаштардың жапырақтары, рефлексияда қолданылатын қызыл, сары, жасыл жапырақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлем

Көркем сөз.

"Күз келді".
Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан тыңда
Трактор қырда.

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.
(М. Әлімбаев)

- Балалар, өлеңде не туралы айтылған? Иә, күз мезгілі жайлы айтылған.
- Күз мезгілінде табиғат құбылысында қандай ерекшеліктер болады?
- Күз - берекелі, мол өнім беретін мезгіл. Нағыз тіршіліктің жандана бастаған уақыты - осы күзде. Қыбырлаған жәндік, жер бетіндегі барлық тіршілік атаулының қыстың қамымен қарбаласуы, көкте жылы жаққа топ-топ ұшқан құстар да күздің исін білдіріп тұр.

1.2. Ғажайып сәт.

- Педагог топқа "Маша мен Аю" ертегісіндегі аюдың келгенін айтады. Балалар қонақпен амандасады.
- Балалар, ертегідегі аю бізден көмек сұрап келіпті. "Жалқаулық" атты мыстан кемпір орманға шабуыл жасапты. Ормандағы барлық тіршілік иелері жалқаулана бастағанын айтады. Ең жаманы ормандағы ағаштардың барлығын жалқаулық бір жаққа тығып тастағанын айтады.
 - Балалар, орманды құтқаруға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі. Көмектесуге ниеттерін білдіреді.
 - Олай болса біз қазір орман тұрғындарына, орман ағаштарын қайтарып береміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Ағаштар"

- Балалар, не көріп тұрсындар? Күзгі ағашты көріп тұрмыз.
 - Қараңдаршы, күзгі ағаштар неден жасалаған? Балалардың еркін жауабы. Балалар, бұл асқабақ тұқымдары.
 - Тағы неден жасалған? Қағаздан жасалған, түрлі-түсті етіп боялған. Иә.
 - Ағаштың құрылымын атап өтейік. Діні, ағаштың ұшар басы, бұтақтары және жапырақтары.
 - Иә дұрыс айтасындар. Бүгін біз сендермен асқабақ тұқымдарынан және қағаздан орман тұрғындарына күзгі ағаш жасап береміз.
- Сол кезде мүмкін мыстан кемпір біздің көп екенімізді көріп, орман тұрғындарына жоламайтын болады.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Алдымен жасыл түсті қағаз бетіне ағаш трафаретін қойып, қарындашпен бастырып аламыз. Нобайы бойымен қиып аламыз.
- Дайын ағашты ақ қатты қағаздың дәл ортасына жапсырамын. Мен не істедім, балалар? Дайын ағаш қимаулігісін ақ қағаз бетіне жапсырдым.
- Ағаштың ұшар асқабақ тұқымдарын жапсырамын. Асқабақ тұқымдарын қызғылт-сары, сары, қызыл түстерімен бояймын.
- Міне, асқабақ тұқымдарынан жасалған ағаштарымыз дайын болды.

2.3. Сергіту сәті.

Шеңбер жасап жүреміз,
Шеңбер жасап жүреміз,
Шеңбер жасап жүреміз,
Тез отыра қалайық!

Шабамыз!
Шеңбер жасап шабамыз
Шеңбер жасап шабамыз
Шеңбер жасап шабамыз
Тез отыра қалайық!

2.4. Өздік іс-әрекет. "Күзгі ағаштар"

Балалар педагогтың көрсеткен жұмыс реттілігімен өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балаларға бағыт-бағдар береді. Балалардың ағаш трафаретін қағаз бетіне дұрыс бастырып, қайшымен дұрыстап нобайы бойымен қиып алғандарын қадағалайды. Қайшымен жұмыс жасау кезінде балалардан мұқияттылықты және қауіпсіздік ережелерін сақтауды сұрайды.

"Сен не жасап отырсың?", "бұл не?" "ағаштың құрылымын ата", "қайшыны дұрыстап ұста", "асқабақ тұқымдарын қандай түске бояймыз?" деген секілді сұрақтар қояды және балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?"

Мақсаты: таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атай білу.

Әр баланың алдына 8 түрлі жапырақтар және 8 түрлі ағаштардың суреттері таратылады. Қай ағаштың жапырағы екенін сәйкестендіру немесе беттестіру әдісі бойынша табады.

Кейіпкермен қоштасу.

- Балалар, аю, қарандар, орманнан хат келген секілді. Педагог хаттың ішін ашып оқиды, ормандағы жалқау атты мыстан кемпір бізден қорқып кетіп қалыпты. Ағаштарды да қайтадан өз орнына қойыпты. Енді мүлдем орманға, орман тұрғындарына жоламаймын дейді. Олардың достары көп екен дейді.

- Айттым ғой, балалар. Мыстан кемпір біздің орманға және орман тұрғындарына көмектесетінімізді біліп, бізден қорқып қашып кетті. Жарайсыңдар! Достық жеңді. Барлығымыз бірігіп мыстан кемпірді жеңдік.

Балалар кейіпкермен қоштасады. Аю алғысын білдіреді.

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Күз мезгілінде табиғат құбылысында қандай ерекшеліктер болады? Жаңбыр жауады, ағаштағы жапырақтар сарғайып түсіп қалады, мол өнім піседі.

- Иә, балалар. Күз - берекелі, мол өнім беретін мезгіл. Нағыз тіршіліктің жандана бастаған уақыты - осы күзде.

- Бүгін бізге қонаққа кім келді? "Маша мен Аю" ертегісіндегі аю келді.

- Не себепті аю біздің топқа келді? Аюға және орман тұрғындарына, ормандағы өсімдіктерге, ағаштарға біздің көмегіміз керек болды.

- Не болып қалыпты? Орманды "жалқаулық" атты мыстан кемпір жаулап алыпты, содан ормандағы барлық тіршілік иелері жалқаулана бастаған, және де ормандағы ағаштарды тығып тастаған.

- Иә. Балалар сендер қандай жақсы адамсыңдар. Орманды және орман тұрғындарын жалқаулықтан құтқардыңдар.

Жарайсыңдар!

- Сендер не жасадыңдар? Асқабак тұқымдарынан күзгі ағаштарды жасадық. Ағаштағы жапырақтардың түсін қандай түске боядыңдар? Қызғылт-сары, сары және қызыл. Жақсы. Тамаша!

Рефлексия. "Сәттілік ағашы"

Педагог тақтаға сәттілік ағашының суретін іледі. Әр балаға үш түсті жапырақтар таратылады.

Қызыл - оқу қызметі өте қызықты, өзім құрастырдым;

Сары - оқу қызметі қызықты, бірақ мен өзім құрастыруға қиналдым. Маған педагог көмектесті;

Жасыл - маған қызықсыз болды, ешнәрсе орындамадым.

Күні: 20.10.2021ж

Бейбітшілік құсы – қарлығаш

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып алып, дұрыстап бұғу арқылы қарлығашты құрастыруды үйрету; қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту; "көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру; қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірінен ажыратуды; қолдың саусақ моторикаларын, эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту; жасалған жұмыстың сапасына көңіл аудару және бағалау қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "қыстап қалатын құстар", "жыл құстары", "берекет", "мол өнім береді", "көктемгі әрекет, күзгі берекет", "бейбітшілік құсы", "қарлығаш", "құйрығы айыр", "бүгемін", "жолақ қиып аламын" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Амандасу, мақал-мәтел, аудиожазбаны тыңдау, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "құстарды ажырат", дайын жұмыс үшін мадақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия "Бес саусақ" әдісі.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

"Қайырлы таң" бейнежазбасы, күз мезгіліне байланысты суреттер, қарлығаш суреті, қарлығаш дауысы, "Қарлығаш" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, қара түсті қатырма (картон) қағаздар, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, ақ түсті қағаз, қара түсті фломастер, дидактикалық ойында қолданылатын көгілдір және жасыл түсті бөліктерге бөлінген шеңберлер.

2. Үлестірмелі материалдар

Бала санына байланысты қара түсті қатырма (картон) қағаздар, қайшы, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, ақ түсті қағаз, қара түсті фломастер, дидактикалық ойында қолданылатын жыл құстары және қыстап қалатын құстар суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Амандасу. "Қайырлы таң!"

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың күз мезгілі. Күз мезгілінде табиғат құбылысы қалай өзгереді? Күн суытады, жел соғады, жаңбыр жауады.
- Күз мезгілін неге алтын күз деп атайды? Себебі айналаның барлығы сары түске боялады.
- Күз мезгілі бізге не береді? Күз мезгілі бізге мол өнім береді.
- Күз мезгілінде неше ай бар? Атап беріндерші. Күз мезгілінде үш ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша.

1.2. Мақал-мәтел.

Күз - береке, байлықтың бастауы.
Көктемгі әрекет, күзгі берекет.

Балалар, бұл мақалда не туралы айтылған? Балалар өздерінің ойларымен бөліседі. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

- Күз берекенің бастауы. Молшылықты әкелетін мезгіл. Көктемде әрекет етіп, күзде еккен өнімің жемісін көреміз.

1.3. Аудиожазбаны тыңдау.

- Балалар, бұл ненің дауысы деп ойлайсыңдар? Құстың дауысы.
- Қай құстың дауысы? Қарлығаштың дауысы.

- Қарлығаш туралы не білесіңдер? Қарлығаш - бейбітшілік, мейірімділік құсы. Қарлығаштың бүкіл өмірі ауада өтеді, олар өте сирек демалады. Бұл құс аспанда ұшып келе жатып тамақтана алады, шыбын-шіркейлермен және масалармен қоректенеді. Егер оның ұясына бейтаныс құс кіріп кетсе, оған шабуыл жасамай, басқа ұяға көшіп кетеді. Олар адамдардан қорықпайды, тұрғын үйлердің шатырларында ұя сала береді екен.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Қарлығаш"

Қараңдаршы, менің қолымда не көріп тұрсыңдар? Қарлығаш құсы.

- Түсі қандай? Түсі қара. Құйрығы айыр. Қанаттары ұзын.
- Қарлығаш құсының құрылымын атап беріндерші. Қанаттары, айыр құйрығы, денесі басы, тұмсығы, көздері.
- Қарлығаш құсын қалай жасаған деп ойлайсыңдар? Қатырма қағаздан қанаттарын қиып алған. Жолақты екі бүктеп қарлығаш құсының денесін жасаған.
- Басын қалай жасаған деп ойлайсыңдар? Қара түсті қатырма қағаздан жолақ қиып, екі жақ ұшын бір-біріне жапсырған. Жақсы.

2.2. Қағаздан құрастыру амалдарын көрсету.

- Қара түсті қатырма қағаздан жолақ қиып аламын. Жолақтың бір ұшын екіге қиямын. Жолақты бір-біріне жапсырамын. Бұл құстың денесі мен айыр құйрығы болады.
- Ақ түсті қағаздан жолақ қиып аламын. Жолақтың бір жағындағы бұрыштарын қиып тастаймын. Қарлығаш денесіне жапсырамын.
- Қара түсті қатырма қағаздан тағы жолақ қиып аламын, ұштарын бір-біріне жапсырамын. Бұл құстың басы болады. Басы мен денесін бір-біріне жапсырамын.
- Қатырма қағаздан жолақ қиып аламын. Бұрыштарын үшкірлете келіп, доға жасай отырып құстың қанаттарын қиямын.
- Ақ қағаздан шеңбер қиып аламын да, құстың тұмсығына жапсырамын. Қара түсті фломастермен қарашығын саламын.

2.3. Сергіту сәті.

Көңіл-күй

Көңіл күй жақсы болса, ұр шапалақ,
Көңіл күй жақсы болса, ұр шапалақ,
Көңіл күй жақсы болса, ұр шапалақ, шапалақ,
Көңіл күй жақсы болса, ұр шапалақ!

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балалар педагогтің нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке кіріседі. Педагог жасай алмай отырған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар беріп отырады. "Сен не жасап отырсың?", "қарлығаштың түсі қандай?", "мынау қандай пішінге ұқсайды?", "қарлығаштың құйрығы қандай?", "қағаздан қарлығаштың қанаттарын қалай қиып аламыз?" деген секілді сұрақтар қойып отырады. Балалар педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап береді.

2.5. Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады)

Мақсаты: қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету.

Барысы: қыстап қалатын және жыл құстарын ажыратуды, қыстырғышпен түстерге сәйкес қыстыруды ұсынады.
- Балалар, қыстап қалатын құстар және жыл құстары деп қандай құстарды айтамыз? Қыстап қалатын құстар деп - қыстың келуімен оңтүстікке, яғни жылы жаққа ұшпайтын, өзінің мекенін де қалатын құстарды айтады. Ал жылы жаққа ұшып кететін құстарды - жыл құстары деп айтады.
- Қыстап қалатын құстарды көгілдір түсті шеңберге қыстырамыз, ал жыл құстарын жасыл түсті шеңберге қыстырамыз.

2. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Бүгін оқу қызметінде не істедіңдер? Қағаздан құрастырдық.
- Қарлығаш қандай құс екен? Бейбітшілік құсы.
- Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының айырмашылығы неде? Қыстап қалатын құстар деп - қыстың келуімен жылы жаққа ұшпайтын, өзінің мекенін де қалатын құстарды айтады. Ал жылы жаққа ұшып кететін құстарды - жыл құстары деп айтады.
- Балалар, қандай қағаздан қарлығаш құсын құрастырдыңдар? Қатырма қағаздан. Жақсы.
- Қарлығаштың құрылымын еске түсіейік. Қанаттары, айыр құйрығы, денесі басы, тұмсығы, көздері.
- Қарлығаштың денесін және басын қалай жасадыңдар? Жолақтарды қиып, бір-біріне бүгіп жапсырдық. Жақсы.

Рефлексия. "Бес саусақ" әдісі.

- Балалар бүгінгі оқу қызметінен не алдыңдар? Қазір "Бес саусақ" әдісі бойынша жауап бересіңдер.
- Барысы: балалар шеңбер болып тұрады. Сол қолымен оң қолындағы бір саусақты таңдайды.
Бас бармақ - көңіл күйім қандай болды?
Балан үйрек - оқу қызметінің барысында кімге көмектестім?
Ортаң терек - оқу қызметінде не қызықты болды?
Шылдыр шүмек - мақсатқа жеттім бе?
Кішкене бөбек - оқу қызметі жалпы ұнады ма?
Таңдаған саусаққа байланысты педагогтың сұрақтарына жауап береді. Оқу қызметін қорытындылайды.

Күні:03.11.2021ж

Жолдағы серігің

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдары жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атай білу; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту; бір-біріне әрдайым көмектесуге, достыққа тәрбиелеу; бағдаршамның түстеріне қарай көңіл күйлерін, оқу қызметінен алған әсерлерін білдіруге ынталандыру.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "құрастыру материалдарынан құрастырдым", "текше", "цилиндр", "кірпіш", "тақтайша", "призма", "көлік", "жеңіл көлік" сөздері және сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, суретпен жұмыс, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "көліктің қолдану мақсатын тап", көрме ұйымдастыру, кейіпкермен қоштасу, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, рефлексия "бағдаршам".

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: ұл бала Ержан, жеңіл көліктің суреті, кеме, қайық, ұшақ, тікұшақ, зымыран, поезд, жүк көлігі, жеңіл көлік суреттері, "Жолдағы серігің" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, "Жүргізуші" бейнежазбасы, құрамында: тақтайша, цилиндрлер, призмалар, кірпіштер және текшелері бар құрылыс материалдар жинағы, дидактикалық ойында қолданылатын көшелерді жүріп жүрген көліктер суреті.

2. Үлестірілген материалдар

Бала санына байланысты құрамында: тақтайша, цилиндрлер, призмалар, кірпіштер және текшелері бар құрылыс материалдар жинағы, дидактикалық ойында қолданылатын суреттер, рефлексияда қолданылатын бағдаршамның үш түсі.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

"Машина"

- Машина істе-серігің,
Жолға шықсаң-көлігің,
Айта қойшы, сен, інім,
Шығаратын оны кім?

Тас қорытып домнада
Металл құйса құрышшы,
Машинаны заводта
Жасар іскер жұмысшы.
(Оразақын Асқар)

Суретпен жұмыс.

Педагог балалардың назарын тактада немесе интербелсенді тактадағы суретке аударады.

- Бұл не балалар? Жеңіл көлік.
- Балалар, көлік дегеніміз не? Тасымалдаушы зат.
- Көліктің қандай түрлерін білесіңдер? Су көліктері, жүк көліктері, әуе көліктері, темір жол көлігі.
- Барлығымыз қайталайық. көліктің 4 негізгі түрлері бар: бірінші, суда жүретін көліктер: қайық және кеме. Өуеде жүретін көліктер: ұшақ, тікұшақ, және зымыранды жатқызуға болады. Темір жол көлігі: поезд. Ал, жерде жүретін көліктер өз ішінен екіге бөлінеді: жеңіл көлік және ауыр көліктер.
- Көліктер бізге не үшін керек? Бір жерден екінші жерге жету, ауыр жүктерді тасымалдау, апару үшін керек.

Педагог балалармен көлік және оның түрлерін еске түсіріп жатқан кезде, бір дыбыстар естіледі.

1.2. Ғажайып сәт.

- Ой, балалар. Бұл ненің дыбысы? Неге шу болып кетті? Балалар ойланып қалады.

Топқа жүргізуші Ержан келеді. Балалар қонақпен амандасады. Ержан жолда келе жатып, көлігінің сынып, от алмай тұрғанын айтады. Балалар жанашырлық сезім білдіреді. Ержан біздің балалардан көмек сұрап келгенін айтады.

- Балалар, Ержанға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

Педагог балаларға қонаққа көмектесуді, құрылыс материалдарынан көлікті құрастырып беруді ұсынады. Балалар қызығушылық танытады. Қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Жолдағы серігің"

- Мынау не? Көлік.
- Олжас, көліктің негізгі бөліктерін ата. Негізгі бөліктері кабинасы, шанағы, дөңгелегі. Жақсы.
- Көлік неден құрастырылған? Құрылыс материалдарынан құрастырылған.
- Қандай құрылыс материалдарын көріп тұрсыңдар? Призма, цилиндр, текше, тақтайша және кірпіштерден құрастырылған.
- Манат, айта ғой. Көліктің дөңгелектері қандай құрылыс материалдарынан жасалған? Цилиндрлерден. Жақсы.
- Ал, көліктің кабинасы ше? Кабинасы призмадан жасалған. Жақсы.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

Цилиндрлерді үстел үстіне араларын ашып қоямын. Үстіне тақтайшаны қоямын.

- Тақтайшаның бас жағына призманы жатқызып қоямын. Дәл солай жанына екінші призманы қоямын.
- Призманың артына толықтай тақтайшалардың үстіне кірпіштерді қойып шығамын. Аралары ашық болып қалмау керек. Саусақтарыммен түзеймін.
- Кірпіштердің үстіне тағы екі кірпішті көлденең жатқызып қоямын. Кірпіштердің артына тіреп төрт текшені қоямын. Бір-бірлеріне тіреп қоямын.

2.3. Сергіту сәті. Жүргізуші

3. Құйындатып келем мен,
Астым қанша белеңнен.
Ұшқан құспен жарыса,
Ұзап кеттім алысқа.
4. Асқар шыңнан асамын,
Газды аяқпен басамын...
5. Оңға –солға бұрамын,
Қаңбақтарды қуамын.
Мотор үні дүр-дүр,
Жолбарыстай гүр-гүр.
6. Дөңгелегім зыр-зыр,
Күннің көзі нұр-нұр.
Бозторғайлар шиық-шиық,
Бипілдетем бип-бип.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй сыйлау үшін құлаққа жағымды әуен қосып қою ұсынылады.

Балалар педагогтың нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке кіріседі. Педагог балаларға көмек керек болса көмектеседі, бағыт-бағдар береді. Балаларды мақтап отырады. Мақтау сөзін естіген балалардың оқу қызметіне деген қызығушылықтары артып, бар ынтасымен құрастыру амалдарын жасайды.

2.5. Дидактикалық ойын. "Көліктің қолдану мақсатын тап"

Мақсаты: балалардың көлік туралы білімдерін кеңейту; көліктің қандай мақсатта қолданылатынын анықтай білу іскерліктерін жетілдіру.

Педагог балалардың назарын суретке аударады.

- Қандай көліктерді көріп тұрсындар? Балалар өз жауаптарын айтады.

- Балалар, әр көліктің қолдану мақсаты бар.

Барысы: балалардың алдына көлік түрлерін және сол көліктің жүргізушілерінің суретін таратады. Балалар көлік және көлік жүргізушісін сәйкестендіру керек.

Мысалы: Бұл дәрігер мен медбике. Олар жедел жәрдем көлігімен жүреді. Науқастарға жедел жәрдем көлігімен барады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

Балалар, Ержан бізге алғысын білдіріп жатыр. Көліктің түрлерін жақсы біледі екенсіңдер. Барлық жасалған жұмыс жақсы жасалды. Жарайсындар! Ержанмен қоштасайық. Сау бол!

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Ержанға көмектестік. Біз оған қалай көмектестік? Көлік құрастырып бердік.

- Көлікті құрастыру үшін біз қандай құрылыс материалдарымен жұмыс жасадық? Цилиндрлер, тақтайша, призма, кірпіштер, текшелер. Жақсы.

- Көліктің құрылымын атап беріңдерші. Көліктің құрылымына көлік кабинасы, шанағы, дөңгелектері жатады. Жақсы.

- Көліктің қандай түрлерін білесіңдер? Балалардың еркін жауабы. Балалар қате, шатасып айтқан жағдайда педагог балалардың жауаптарын түзейді.

- Әр көліктің өзінің қолдану орындары бар. Әр көлікті әр түрлі мақсатта қолданады. Айтыңдаршы, жедел жәрдем көлігі не үшін керек? Оны қандай мақсатта қолданады? Онымен кімдер қозғалады? Балалардың жауаптары.

- Жақсы, жарайсындар!

Рефлексия "Бағдаршам".

Жұмбақ жасыру.

Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. Бағдаршам.

Балалар оқу қызметінен алған әсерлерін, құрастырған көліктерінің сапасын бағдаршамның түстерімен білдіреді.

- Балалар, бағдаршам дегеніміз не?

- Иә, жолдағы қозғалысты реттеуге арналған құрал. Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? Үш көзі бар: жасыл, қызыл, сары.

Жасыл - оқу қызметінен өте жақсы әсер алдым, құрастырған көлігім де тиянақты шықты;

Сары - оқу қызметінен жақсы әсер алдым, құрастырған көлігім орташа шықты;

Қызыл - оқу қызметінен ешқандай әсер алмадым, құрастырған көлігім де жаман шықты;
Рефлексия соңында педагог балалардың таңдауларына талдау жүргізеді.

Күні:17.11.2021ж

Зәулім сарай

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруға үйрету; балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; викториналық ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; көмек көрсетуге, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты кимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "зәулім сарай", "құрылыс материалдарынан құрастырдым", "шатырын призмадан құрастырдым", "бағанды түзедім" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

"Жүректен жүрекке" шаттық шеңбері, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, "Ғажайыптар әлеміне саяхат" викториналық ойын, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, кинезитерапия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Еремей патша, патшайым және балаларының суреті, паравоз суреті, паравоз дауысы, "Зәулім сарай" дайын үлгісі, құрамында текше, кірпіш, білеу, арка, призма бар құрылыс материалдар жинағы, викториналық ойында қолданылатын суреттер, "Бас, иық, тізе, аяқ" бейнежазбасы.

2. Үлестірілмеі материалдар

Бала санына байланысты құрамында текше, кірпіш, білеу, арка, призма бар құрылыс материалдар жинағы, викториналық ойында қолданылатын суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. "Жүректен жүрекке" шаттық шеңбері.

Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрындар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға тақтада немесе интербелсенді тақтада патша Еремейдің суретін көрсетеді.

- Балалар, бұл кім екен? Балалар өз жауаптарын айтады. Бұл патша Еремей.

- Ерте, ерте, ертеде пашталардың патшасы Еремей, оның патшайымы және үш қызы мен үш ұлдары болыпты. Жылдар өтіп, паштаның балалары өсіп кетіпті. Бір күні патша Еремей өзінің көмекшілеріне: ең керемет шеберлерді табындар, балаларым өсті, біз мына сарайға сыймаймыз. Бізге бұдан да үлкен зәулім сарай керек деп айтады екен.

- Балалар, мүмкін біз ең керемет шеберлер болып, патшаның бұйрығын орындап көрсек қайтеді. Балалар қызығушылық танытады, әрі қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Зәулім сарай"

Балалар, не көріп тұрсындар? Зәулім сарай.

- Зәулім сарай неден жасалған? Құрылыс материалдарынан жасалған.
- Қандай құрылыс материалдарын көріп тұрсындар? Текше, цилиндр, білеу, арка, кірпіш, призма.
- Балалар, зәулім сарай неше қабатты? Иә, зәулім сарай екі қабатты.
- Зәулім сарайдың қабырғаларын қандай құрылыс материалдарынан құрастырған? Текшелер мен кірпіштерден.
- Ал, зәулім сарайдың шатырын ше? Зәулім сарайдың шатырын құрастыру үшін призмалар мен кірпішті қолданған. Жақсы.
- Қазір біз Еремей патшаға құрылыс материалдарынан зәулім сарай құрастырып беретін боламыз.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

Текшелерді қоямын. Араларын ашып қоямын. Дәл осы текшелердің үстіне тағы бір-бір текшеден қоямын. Не шықты? Баған. Бағандарды бір-біріне біріктіру үшін білеуді пайдаланамын.

- Білеуді бағандардың үстіне жатқызып, көлденең қоямын.
- Білеудің үстіне арканы жатқызып қоямын.
- Арканың екі жағынан кірпіштерді тігінен, тұрғызып қоямын.
- Кірпіштердің үстіне тағы да білеуді көлденең жатқызып қоямын.
- Тағы бір кірпішті аламын. Тігінен тұрғызып білеудің ортасына қоямын.
- Призмаларды алып, тігінен тұрған кірпішке арқасымен тіреп қоямын.
- Енді, екі призманы аламын. Сарайдың екі жақ шетіне қоямын. Тіреп қоямын. Үстілерінен бір-бір призмадан қоямын. Міне, құрылыс материалдарын пайдаланып зәулім сарайды құрастырдық.

2.3. Сергіту сәті.

Сергіту сәті

Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Көз, ауыз, мұрын және құлақ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ.

2.4. Өздік іс-әрекет. "Зәулім сарай"

Балалар педагог көрсеткен өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балалардың құрастыру амалдарына сәйкес құрастырып отырғандарын қадағалайды. Педагог балаларға бағыт-бағдар береді. Керек болса көмектеседі. Балаға "үйдің шатырын құрастыру үшін қандай құрылыс материалдарын пайдаланасын?", "текшелерді біріктіру үшін не керек?", "кірпішті білеудің үстіне қалай қоясын?", "саусақтарымен түзеп қой", "бір-бірлеріне тіреп қой" деген секілді сұрақтар қояды және сұраққа толық жауапты талап етеді.

2.5. "Ғажайыптар әлеміне саяхат" викториналық ойын.

Педагог балаларға "Ғажайыптар әлеміне" саяхатқа баруды ұсынады.

- Балалар саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір-бірімізді сыйлап, тыңдауымыз керек.
- Қане, енді паровозға мініп, жолға шығайық.

Балалар, міне бірінші аялдамаға да келіп қалдық. Бірінші аялдама "Жұмбақтар" аялдмасы екен.

1. Дәмі де жоқ, түсі де жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ. (су)
2. Өуре болма теріп бекер,
Ұстай қалсаң еріп кетер. (қар)
3. Көкте жастық сөгілді,
Әппақ мамық төгілді. (қар)
4. Жас кезінде қара орман,
Жыл озған сайын ағарған. (шаш)
5. Күні бойы сен оны,
Екі аяқтап басасың.
Жатар кезде өзіңнен
Аулақтатып қашасың. (аяқ-киім)

Екінші аялдама. "Мақал-мәтел" аялдмасы.

Педагог балаларға мақал-мәтелдерді толықтыруды ұсынады.

1. Аққуды атпа, _____ досыңды сатпа.

- | | |
|-------------------------|-----------------------|
| 2. Жүз теңген болғанша, | жүз досың болсын. |
| 3. Ағаш тамырымен , | адам бауырымен мықты. |
| 4. Білімі жоқ адам, | тұзы жоқ тағам. |
| 5. Оқусыз білім жоқ, | білімсіз күнің жоқ. |
| 6. Жақсыдан үйрен, | жаманнан жирен. |
| 7. Ақыл азбайды, | білім тозбайды. |

Үшінші аялдама. "Бау-бақша" аялдмасы.

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ балалары тек ғана көкөністерді, екінші топ тек ғана жеміс-жидектерді жинап себетке салады

Балалар, жарайсыңдар! Барлық аялдаманың тапсырмаларына толықтай, барынша тырысып жауап бердіңдер. Жарайсыңдар! Тамаша! Енді тобымызға қайтайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін біз не істедік? Бізге қандай хабар келді? Бүгін біз зәулім сарай құрастырдық. Патша Еремейдің балалары өсіп, оларға бұданда үлкен зәулім сарайы керек болып қалыпты.

- Зәулім сарайды қандай материалдардан құрастырдық? Құрылыс материалдары: цилиндр, текше, кірпіш, білеу, арка, призмаларды пайдаланып құрастырдық.

- Зәулім сарайдың құрылымын атап беріндерші. Балалардың еркін жауабы.

- Зәулім сарайдың шатырын қандай құрылыс материалдардан құрастырдыңдар? Кірпіш пен призмалардан. Жақсы.

- Ал екі бағанды біріктіру үшін қандай құрылыс материалын пайдаландыңдар? Білеуді пайдаландық. Жақсы.

- Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Олай болса сендерге би терапиясын ұсынамын.

Кинезитерапия.

Кинезитерапия немесе би терапиясы. Балалар өз қалаулары бойынша, ешкімге бағынбай әнге билейді. Би арқылы балалар жағымсыз энергия мен эмоциялардан арылады. Оқу қызметі барысында шаршаған әсерден арылуға тиімді.

Күні: 02.12.2021ж

Байтерек

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды трафаретке макарон өнімдерін қойып "Бәйтерек" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіруде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қол саусақ моторикаларын дамыту; "Бәйтерек" жайлы, бас қаланың көрнекті жерлері туралы білімдерін толықтыру; шығармашылыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "Макарон", "бас қала", "Бәйтерек", "беттестірдім", "құрастырдым", "трафарет" сөздерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, ҚР әнұраны, суретпен жұмыс, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, викториналық ойын "Сықырлы кітаптың тапсырмалары" дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Ойыншық: қоян, "Қоянға көмектесеміз" дайын үлгісі, үй кескіні, үйдің шатырының кескіні, терезе, есік кескіні бейнеленген қағаз, негіз болатын шаршы пішінді қағаз, қайшы және желім.

2. Үлестірілмеі материалдар

Бала санына байланысты үй кескіні, үйдің шатырының кескіні, терезе, есік кескіні бейнеленген қағаз, негіз болатын шаршы пішінді қағаз, қайшы және желім, ақ қағаз, түрлі-түсті бояу, су құятын ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше .

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

Гүл жайнаған астанам менің Нұр-сұлтан!
Қазақстан Республикасының әнұраны.

Балалар "Отан" сөзін қалай түсінесіңдер? (балалар өз жауаптарын айтады)

- Иә, Отан дегеніміз- біздің еліміз, туған жеріміз.
- Біз қай мемлекетті тұрамыз? (Қазақстан)
- Бас қаламыздың аты қалай? (Нұр-сұлтан)
- Иә, балалар. Нұр-сұлтан қаласының көрнекті қандай жерлерін білесіңдер? (Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайы, Хан шатыр, Нұр Астана мешіті, Ақорда)

1.2. - Балалар, сендермен бүгін қаламыздың көрнекті ғимараттарының бірі- Бәйтерек туралы сөйлесетін боламыз.

Нұр-Сұлтан қаласындағы сәулет құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі.

- Қараңдаршы, неден жасалған? (балалар ойланып қалуы мүмкін.)
- Металлдан, әйнек пен бетоннан жасалған бұл «терек» сәулеттік мағынасы жағынан да, жасалуы жағынан да бірегей: биіктігі 105 метрлік металл құрамасынан, салмағы 1000 тоннадан жоғары бес жүзге жуық қададан тұрады.
- Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген бейтерек, күннің түсуіне қарай шар өзінің түсін өзгертеді екен.

- «Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады; жер асты бөлігі ұлттың тамыр жаюы, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерінің нышандарын білдіреді. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Байтерек"

Балалар, не көріп тұрсыңдар? (Бәйтерек)

- Бәйтерек, неден жасалған? (макароннан)
- Қараңдаршы, Бәйтерек неге ұқсайды? (балалар ойланып қалуы мүмкін)
- Байтерек ағашқа ұқсайды.

Расыменде, ағаштың құрылымына ұқсайды. Діңі және тәжі (ағаш ұшар басы) секілді.

- Балалар, сендерге бір аңыз айтып бергім келеді.
- Ертеде бір "Бәйтерек" атты керемет өмір ағашы болыпты. Ол ағаштың тамыры жер асты әлемін тепе-теңдікте ұстайды, діңі адамдар мен жануарлар әлемінде орналасады, ал тәжі аспан әлеміне енеді екен. Әр жыл сайын сикырлы самұрық құсы Бәйтерекке ұшып келеді. Бір жерде бұтақтардың арасында ол алтын жұмыртқасын салып кетеді екен, ол кейіннен күнге айналады. Егер Айдехар атты зұлым айдаһар Бәйтеректің етегінде тұрмаса, бәрі жақсы болар еді. Кейде ол жұмыртқаны ұрлап кетеді, бірақ Самұрық құс оны үнемі орнына қайтарып отырады.

- Қалай балалар, сендерге аңыз ұнады ма? (балалар жауаптарын айтады)

- Бүгін біз астанамыздың көрнекті ғимараттарының бірі- Бәйтеректі құрастыратын боламыз. (балалар қызығушылық танытады)

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Бәйтеректі құрастыру үшін бізге Байтеректің трафареті, макарон өнімдері, сары түсті жылтырлақ, қылқалам, желім қажет.

Бәйтеректің трафаретін аламын. Желіммен жабыстырмас бұрын, макарондарды трафареттің үстіне беттестіріп қоямын.

- Кейін төменнен жоғары қарай желімнің көмегімен макарон өнімдерін тігінен қойып жабыстырамын.

- Қараңдар, Байтеректің діңі дайын болды.

- Енді, тәжіне макарон өнімдерін көлденен қойып желімнің көмегімен жабыстырамын.

- Толықтай макарондарды жабыстырып болғаннан кейін, Байтеректі бояймыз.

- Байтеректің төменгі жағын қандай түспен боясақ екен? (балалар өз жауаптарын айтады)

Педагог түнгі уақыттағы Байтеректің суретін көрсетеді.

- Балалар, кешкі уақытта Байтерек осылай жанады. Қандай түс болып жанып тұр? (ашық көк)

- Олай болса, мен сендерге Байтеректің төменгі жағын ашық көк түспен бояуды ұсынамын.

- Кейін Байтеректің тәжін алтын түске бояймыз.

- Ол үшін бізге сары түсті жылтырлақтар керек.

- Бәйтеректің басына желімді жағамын да, сары түсті жылтырлақты саусақтарымның ұшымен алып, желімденген жерге себемін.

- Қараңдар, Бәйтеректің басы жылтырлап, алтын тәріздес болып тұр.

- Міне, біздің макарон өнімдерінен құрастырылған Байтерегіміз дайын.

2.3. Сергіту сәті "Өз еркімен билеу".

Асқар Жайлаубаевтың "Астана" атты әні қосылады. Балалар сергіп билеп алады.

2.4. Өздік іс-әрекет. "Байтерек"

Әр баланың алдына "Байтерек" трафареті, макарон өнімдері, түрлі-түсті гуашь, қылқалам, су құятын ыдыс,

желім қойылады.

Балалар өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог бағыт-бағдар беріп отырады. "Сен не құрастырып жатырсың?", "Бұл не?", "Қандай түске боядың?" және т.б. сұрақтар қойып отыруы шарт. Балаларға нұсқау беруі керек. "Макарондарды тігінен қой", "Енді жоғарғы бөлігіне макарондарды көлденең қой" деген секілді нұсқаулар айтып, өздік іс-әрекет барысын қадағалап отырады.

2.5. Викториналық ойын "Сықырлы кітаптің тапсырмалары".

Педагог балаларға топқа "Сықырлы" кітаптің келгенін айтады.

- Балалар, сықырлы кітап бізге құр көл келмепті. Оның бізге арналған тапсырмалары бар екен.

- Бірінші тапсырмасы "керісінше" деп аталады.

Педагог балаларға сөздер айтады, ал балалар сол сөздердің антонимдерін айту керек. Мысалы: алыс-жақын, жоғары-төмен, ұзын-қысқа, үлкен-кішкентай, арық-толық, жер-көк, от-су және т.б.

Балалар сұраққа тез жауап беруі керек.

- Кітаптің келесі тапсырмасы "Жәндіктерді ата"

Балалар педагогтың айтқан әріптерінен басталатын жәндіктердің атауын айту керек. Мысалы: "Қ" - қаңқыз, құрт, құмырсқа, қоңыз, қызыл қоңыз. "Ш" шегіртке; "А" ара, "К" көбелек және т.б.

Және де үшінші тапсырмасы "Үш затты ата"

Педагог балаларға "жиһаз" деп айтады да қолындағы добын бір балаға лақтырады. Кімнің қолында доп, сол үш жиһаздың аттарын айтады. Мысалы: орындық, үстел, шақф.

Ойын соңында "Сықырлы" кітап балаларға ойынның қызықты болғанын айтып, кетіп қалады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және пысықтау.

- Балалар, біз бүгінгі оқу қызметімізде қандай тақырыпта сөйлестік? (Отан туралы, туған қаламыз туралы сөйлестік)

- Балалар "Отан" сөзін қалай түсінесіңдер? (балалар өз жауаптарын айтады)

- Иә, Отан дегеніміз- біздің еліміз, туған жеріміз.

- Біз қай мемлекетті тұрамыз? (Қазақстан)

- Бас қаламыздың аты қалай? (Нұр-сұлтан)

- Нұр-сұлтан қаласының көрнекті қандай жерлерін білесіңдер? (Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайы, Хан шатыр, Нұр Астана мешіті, Ақорда)

- Бүгін біз не істедік? (макарон өнімінен "Бәйтеректі" құрастырдық)

- Жақсы, Бәйтерек неге ұқсайды? (балалар өз жауаптарын айтады)

- Бәйтерек туралы қандай аңыз білесіңдер? Естерінде қалды ма? (балалар аңызды айтып береді)

- Макарон өнімдерінен Бәйтеректі қалай құрастырдыңдар? (дайын суретке макарондарды жабыстырдық)

-Жақсы, Бәйтеректің төменгі жағына макарондарды қалай жабыстырдыңдар? (тігінен)

- Дұрыс, ал жоғарғы жағына көлденең жабыстырдық.

- Жақсы. Қалай безендірдіңдер? (Бәйтеректің тәжіне желімді жағып сары түсті жылтырлақтарды септік.)

- Жақсы, балалар. Міне макарон өнімінен жасалған Бәйтерек өте әдемі болып шықты.

Рефлексия.

Педагог балаларға Бәйтеректің боялмаған суретін және түрлі-түсті қарындаштарды таратады. Балаларға Бәйтеректің тәжін бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлеріне байланысты бояуды сұрайды.

Көгілдір түс- оқу қызметі қызықты өтті, алған әсерім керемет;

Күлгін түс- оқу қызметі қызықты болды, бірақ ешқандай әсер алмадым;

Қызыл сары түс- оқу қызметі қызықсыз болды, ешқандай әсер де алмадым.

Күні:15.12.2021ж

Жаңа жылдық ойыншық

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды мақта таяқшаларынан жаңа жылдық ойыншық: қойды құрастыруға үйрету; жаңа жылдық ойыншықтарды өз қолдарымен дайындауға деген қызығушылықтарын ояту; желіммен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; балалардың мақта таяқшаларынан құрастыру жасаудағы қабылдау қабілеттерін дамыту; қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап өту; қол саусақ моторикаларын дамыту.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "жаңа жылдық ойыншық", "мақта таяқшалары", "ойыншық қой", "қатар бойымен", "нобайы бойымен", "қиып аламын" "үй жануары", "құртақан" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

"Мейірімді сөздер" шеңбері, көркем сөз, ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, тыныс алу жаттығуы "қар себелеп тұр", өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "қар көшкіні", кейіпкермен қоштасу, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, көрме ұйымдастыру.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: "Қаршақыз бен құртақан" ертегісіндегі құртақан, қой суреті, "Ойыншық қой" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, мақта таяқшалары, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, қайшы, қатты қатырма қағаздан алдын-ала қиылған сопақша пішін, ақ қағаз, қарындаштар, қызғылт түсті бант, дидактикалық ойында қолданылатын омбықар, шана, қар ұшқыны, күн, ағаш, бас киім, қолғап, мойынорағыш, шаңғы, коньки суреттері.

2. Үлестірілмеі материалдар

Бала санына байланысты мақта таяқшалары, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, қайшы, қатты қатырма қағаздан алдын-ала қиылған сопақша пішін, ақ қағаз, қарындаштар, қызғылт түсті бант, дидактикалық ойында қолданылатын омбықар, шана, қар ұшқыны, күн, ағаш, бас киім, қолғап, мойынорағыш, шаңғы, коньки суреттері, рефлексияда қолданылатын жіпке байланған қар ұшқындары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

"Мейірімді сөздер" шеңбері.

Педагог допты қолына алып, балаларға жеке-жеке домалатып, мейірімді сөздер айтады, мысалы: ботақан, құлыншақ. Бүгін осы жақсы көңіл-күймен, алдағы келе жатқан мерекеге ойыншықтар жасайтындарын айтады.

Көркем сөз. Ізтай Мәмбетов "Қыс"

Жаңа айлардың жаңа қары

Жапалақтап жауады.

Жайлы бір леп таралады,

Жаңғыртады ауаны.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға топқа қонақ келгенін айтады.

- Балалар, бүгін бізге қонаққа кім келгенін білгілерін келеді ме? Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешімін тапсаңдар кім екенін айтамын.

Жұмбақ жасыру.

Басына қалпақ киеді,

Өзі сондай көңілді.

Бойы кіп-кішкентай болса да,

Өндегіп ол жүреді. (құртақан)

- Балалар, бұл "Қаршақыз бен құртақан" ертегісіндегі құртақан ғой.

Құртақан балалармен амандасады. Аяз ата жаңа жылдық ойыншықтар дайында деп оған тапсырма бергенін айтады. Бірақ ол үлгермей жатыр екен. Сол себепті балалардан көмек сұрап келгенін айтады. Балалар көмектесуге қуана келіседі.

- Балалар, ал қазір мен сендерге тағы бір жұмбақ жасырамын.

1.3. Жұмбақ жасыру.

Төрт тағанды бойы бар,

Момындық дұрыс ойы бар.

Кербезденіп жүрмейді,

Айналдырған тоны бар. (қой)

Иә, дұрыс айтасыңдар.

- Балалар, қой туралы не білесіңдер? Қой қандай жануар? Қой - үй жануары. Қой басқа үй малдарына қарағанда қолға ерте үйретілген.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Ойыншық қой"

- Балалар, не көріп тұрсыңдар? Қой.

- Бұл ойыншық неден жасалған? Мақта таяқшаларынан жасалған.

- Қой ойыншығының құрылымына не жатады? Басы, тұмсығы, тұмсығының белгілері, аяқтары, құлақтары.

- Басына не тағып алған? Басына бант тағып алған.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

Қағырма қағаздан алдын-ала қиылған сопақша пішінді қағазды жайма үстіне көлденең қоямын.

- Мақта таяқшаларын бас жағын қиып аламын.
- Сопақша пішінге нобайы бойымен мақта таяқшаларын қатар бойымен жапсырып шығамын. Толықтай пішінді жауып шығамын.
- Қағаздан сопақша пішін қиып аламын. Мақта табақшасын тігінен қоямын. Дәл осылай осы тігінен тұрған мақта таяқшасының жанына мақта таяқшаларын жапсырып шығамыз.
- Қарындашпен тұмсығының белгілерін (көздері, мұрыны және ауызы) саламыз.
- Қызғылт түсті бантикті ойыншықтың басына жапсырамыз.
- Ойыншық басын денесіне жапсырамыз.
- Мақта таяқшаларынан ойыншықтың аяқтарын жапсырамын.

2.3. Тыныс алу жаттығуы "Қар себелеп тұр".

Педагог әр балаға жіпке байланған қар ұшқыны таратылады. Алдарына қойып қар ұшқындарын үрлейді.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балаларға жағымды эмоционалды көңіл-күй сыйлау әуен қосып қоюға болады. Педагог әуеннің дауысын өзі реттейді. Балалар педагогтың нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балалардың дұрыс жұмыс жасап отырғандарына, қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтап отыруларын қадағалайды. Педагог балаларға бағыт-бағдар береді, көмек керек болса көмектеседі. Балаға "сен не істеп отырсың?", "бұл не?", "сопақшаны қалай қиып алдың?", "мақта таяқшаларын қалай жапсырасың?", "тұмсығының белгілеріне не жатады?" деген секілді сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді.

2.5. Дидактикалық ойын "Қар көшкіні".

Мақсаты: көру зейіні, тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.

Барысы: педагог балаларға сурет көрсетеді. Қар көшкінінің артында қандай зат, немесе жануар жасырылып тұрғанын айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

Балалар, құртақан қатты риза болып кетті. Сендерге алғысын білдіріп жатыр. Аяз атаға көмекшілері жайлы бәрін айтып беремін дейді. Аяз атадан жақсы сыйлықтар күтіндер дейді. Балалар қонақпен қоштасады.

Дайын өнімді мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың қыс мезгілі.
- Қыс мезгілінде біздің асыға күтетін қандай мереке келе жатыр? Жаңа жыл мерекесі келе жатыр.
- Балалар, шыршаны немен безендіреміз? Әртүрлі ойыншықтармен безендіреміз.
- Ойыншықтарды қайдан аламыз? Сатып аламыз.
- Ал, бүгін біз не істедік? Шыршаны безендіру үшін ойыншықтарды сатып алдық па? Жоқ, ойыншықтарды өзіміз жасадық.
- Бізге тобымызға кім көмек сұрап келді? "Қаршақыз бен жеті құртақан" ертегісіндегі құртақан келді. Аяз ата оған қандай жұмыс тапсырыпты? Жаңа жылдық ойыншықтарды жасауды тапсырыпты.
- Жаңа жылдық ойыншықты біз неден жасадық? Мақта таяқшаларынан жасадық. Иә, дұрыс айтасындар. Біз бүгінгі жаңа жылдық ойыншықты мақта таяқшаларынан жасадық.
- Қойдың құрылымын еске түсірейікші. Басы, денесі, аяқтары және құлақтары, тұмсығының бегілері.
- Жақсы. Жарайсындар. Бүгінгі оқу қызметіне белсене қатыстындар. Тамаша.

Көрме ұйымдастыру.

Педагог балалардың жасаған ойыншықтарынан көрме ұйымдастыруды ұсынады. Балалар қуана келіседі. Балалар дауыс беру арқылы "Ең үздік жаңа жылдық ойыншық" тандап алады.

Күні:29.12.2021ж

Қыс қызығы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету; қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу; қыс мезгілінің ерекшеліктері және қардың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "биік", "аласа", "қамал", "зембіл", "күрек", "ағаш", "шаңғы", "құрастырдым", "жұмаршақ қар" сөздері және сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, сергіту сәті, қардан құрастыру амалдарын көрсету, ұжымдық іс-әрекет, қимылды ойын "қар атыспақ", дем алу жаттығуы, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Қыс мезгілі көрсетілген суреттер, балалардың қарды домалатып жүрген суреттері, дайын қамал суреті, қар, ағаш, күрек, шелек, шана, ағаштан жасалған кішкентай қар таситын зембіл.

2. Үлестірмелі материалдар

Бала санына байланысты қар ұшқындары бар бөтелке, сурет, желім, ақ бет, шана, қар ұшқыны, күн, ағаш, бас киім, қолғап, мойынорағыш, шаңғы, коньки.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

- Балалар, қолымыздан ұстап, айналамызбен амандасайық.

Сәлем, сәлем,

Қалың қалай?

Достарменен бір жолда

Иықтасып жүремін.

Қиындықта қол ұшың

Береріне сенемін.

Қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың қыс мезгілі.

- Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Қыста қар жауады, боран соғады, аяз болады.

- Қыс мезгілінде неше ай бар? Кім толық атап береді? Қыс мезгілінде үш ай бар. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

1.2. Ғажайып сәт.

"Қыс қызығы" бізге сыйлық тастап кеткенін айтады. Ол үшін далаға серуенге шығуды ұсынады. Балалар серуенге шығатындарына қуанады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.

- Балалар, мынаны қараңдар, "Қыс қызығы" бізге не тастап кеткен? Қар тастап кеткен. (Екі себеттің іші толған қар)

- Қардың түсі қандай? Қардың түсі ақ.

- Қардың қандай қасиеттерін білесіңдер? Түссіз, ериді, дәмсіз, жеңіл, кристал тәрізді, қатады.

- Қараңдаршы балалар, біз қалай киініп алдық? Қалың киініп алдық

- Иә, қалың. Қыста күн суық, ызғарлы, аязды болады. Қыста адамдар жылы, қалың киініп жүреді. Өйткені күн суық. Қыс мезгілінде аспанды бұлт басып түнеріп тұрады. Қар ұшқындап, жапалақтап жауады. Қар жапалақтап ұзақ жауса, жер бетін түгел қар жамылып, айнала аппақ болып әсем көрініске енеді. Ағаштар ақ қырауға оранып, әдемі болып тұрады.

- Балалар, айтыңдаршы, сендер қамалдың не екенін білесіңдер ме? Бұрынғы соғыс заманында, қоршауда қалған жағдайда ұзақ соғысуға қажетті барлық жабдықпен жабдықталған қорғанды қамал деп айтады.

Бүгін біз сендермен қардан қамал құрастырамыз.

Қамал құрылысын бірге жоспарлауды ұсынады.

2.3. Сергіту сәті.

Боран соғады оң жақтан,

Боран соғады сол жақтан.

Қар лақтырып ойнасақ,

Су өтеді қолғаптан.

2.4. Қардан құрастыру амалдарын көрсету.

- Балалар алдымен қарға қар қамалының пішінін салу керек. Бұл шаршы, сопақ, тіктөртбұрыш және тағы басқалар болуы мүмкін.
- Балалар қар қамалының пішіні қандай болғанын қалайсыңдар? (сопақ)
- Таяқтың көмегімен жерге сопақша етіп сызып аламыз.
- Қамалдың көлемі ойнайтын бала санына сәйкес таңдалуы керек.
- Қарларды бір жерге үйеміз, оны үлкен, орташа және кіші көлемді етіп домалақтаймыз.
- Қарға салынған сызықтың мөлшері бойынша үлкен жұмаршақ қарларды қоямын.
- Осыдан кейін, олардың үстіне орташа көлемді жұмаршақ қарларды орнатып, қармен нығыздаймын.
- Мен не істедім? (үлкен жұмаршақ қардың үстіне орташа көлемді жұмаршақ қарларды орнатып, қармен нығыздадым).
- Жоғарғы бөлігіне кіші көлемді жұмаршақ қарларды нығыздап құрастырамын.
- Балалардың кіріп, шығуына орын болу керек. Аяғына дейін қорғанды қалап тастамаймыз. Біраз бөлігін ашық қалдырамыз.

2.5. Ұжымдық іс-әрекет. "Қыс қызығы"

Балаларға екі топқа бөлініп жасауды ұсынады. Ең алдымен қай жерден тұрғызатындарын белгілеп алады, өз қалауларымен екі топқа бөлінеді.

Бір топ қарларды қарды таситын зембілмен немесе шанамен тасып, жерге үйеді. Екінші топ үйілген қарларды домалақтайды. Сызықтың бойымен жұмыстың реттілігін сақтай отырып жұмарланған қарлардан қамал құрастырады.

2.6. Қимылды ойын "Қар атыспақ".

- Балалар қыз мезгілінде қандай ойындар ойнауға болады? Қыста шаңғы тебеді, сырғанақтан шанамен сырғанады, қармен атыспақ ойнауға да болады. Екі топқа бөлініп қазір бізде ""қар атыспақ"" ойынын ойнаймыз. Екі топқа бөлініп, қар атысып ойнауды ұсынады.

2.7. Дем алу жаттығуы "Шаңғы".

- Шаңғы теуіп келе жатқан секілді жүреміз де, мұрынымыздан "м-м-м" деп дем шығарамыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметін пысықтау.

- "Қыс қызығы " бізге не әкелді? Ақ ұлпа қарлар әкелді.
- Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Қыста қар жауады, боран соғады, аяз болады.
- Қардың қандай қасиеттерін білесіңдер? Түссіз, ериді, дәмсіз, жеңіл, кристал тәрізді, қатады.
- Қардың түсі қандай? Қардың түсі ақ.
- Қыста қандай ойындар ойнауға болады? Қар атыспақ, шаңғы тебу, сырғанақта сырғанау.
- Бүгін біз не істедік? Қардан қамал құрастырдық.
- Балалар, қардан қамал құрастыруды бастамас бұрын не істедік? Алдымен қарға қар қамалының пішінін салдық.
- Қар қамалының пішіні қандай болды? Сопақша.
- Жарайсыңдар, бүгінгі оқу қызметі өте қызықты болды! Жарайсыңдар!

Күні:19.01.2022ж

Қонаққа торғай келді

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды табиғи материалдар: грек жаңғағы, ағаш бұтақтары және жер жаңғақтарынан құсты құрастыруға үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді бір-біріне жалғау дағдыларын қалыптастыру; құстардың түрлерін ажырата білуді дамыту, табиғатқа пайдасы жайлы мағлұмат беру; қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алу дағдыларын ойын арқылы дамыту.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "табиғи материал", "құс", "қыстап қалатын құстар", "жыл құстары", "жаңғақ", "грек жаңғағы", "жер жаңғақ", "ермексаздан мойын жасадым", "басы мен денесін біріктірдім" сөздері және сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, шаттық шеңбері, ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, үлгіні зерттеу, табиғи материалдармен құрастыру амалдарын көрсету, дем алу жаттығуы "кімнің құсы алысқа ұшады?", өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "құстарды ажырат", көрме ұйымдастыру, кейіпкермен қошастау, рефлексия "эмоционалды көңіл-күй".

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: торғай, құстар суреті, ойын бөлмесінің терезесінің алдына ұшып келген торғай бейнежазбасы, "Табиғи материалдан құсты құрастырамыз", құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, грек және жер жаңғақтары, ермексаздар, ағаш бұтақтары, жайма, майлық.

2. Үлестірілген материалдар

Бала санына байланысты грек және жер жаңғақтары, ермексаздар, ағаш бұтақтары, жайма, майлық, дидактикалық ойында қолданылатын екі шеңбер, сарышымшық, суықторғай, торғай, қарға, сауысқан, бұлбұл, қарлығаш, қараторғай, шымшық торғай, мысықторғай суреттері, тыныс алу жаттығуында қолданылатын қағаздан жасалған құстар, рефлексияда қолданылатын суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Балалар ненің дауысы? Құстардың дауысы.

Иә, құстардың дауысы екен. Қандай тамаша! Қане, барлығымыз шеңбер бойына тұрып, бүгінгі күнімізбен амандасып алайық.

Шаттық шеңбері.

Балалар-ау, балалар,
Аман болсын аналар.
Құстарда да ана бар,
Құстарда да бала бар,
Кім сүймейді баласын.
Осылар еске түскенде,
Бір ойланып қаласың.

1.2. Ғажайып сәт.

Торғай ұшып келеді.

- Балалар, бүгін біздің балабақшамызға қонақ келіп қалыпты.
- Кім келгенін білгілерін келе ма?
- Олай болса, мен жасырған жұмбақтың шешімін табыңдар.

Жұмбақ жасыру.

Бір-ақ уыс көлемі,
Шыбын-шіркей қорегі,
Бау-бақшаны қорғайды. (Торғай)

- Балалар, торғаймен амандасып алайық. Сәлеметсізбе, здравствуйте, hello.
 - Өте жақсы балалар. Торғай ол не? Торғай ол құс.
 - Балалар, адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Құстар - табиғаттың бір бөлігі. Біз құстарға қамқор болуымыз керек. Құстар өсімдіктерді зиянды жәндіктерден қорғайды.
 - Балалар біздің торғай көңілсіз секілді, неге көңілсіз екен, өзінен сұрап көрейік.
- Торғай:
- Балалар, көңіл-күйімнің болмай тұрғаны. Жалғыз өзім ішім пысты. Достарымнан адасып қалдым, барлығы бір жаққа қарай ұшып кетті. Сендердің көмектерің керек.
 - Көмектесеміз бе балалар? Баалалар көмектесуге қуана келіседі. Қазір біз қонаққа келген торғайға достар жасап береміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Қонаққа торғай келді"

- Бүгін біз сендермен табиғи материалдардан құсты құрастырамыз.
- Еске түсірейк, табиғи материал дегеніміз не? Табиғи материал дегеніміз өсімдіктерден, жерден шыққан кез-келген өнім.

- Табиғи материалдарға нені жатқызуға болады? Қарағай жаңғағын, ағаштағы жапырақтарды, өсімдіктердің тұқымын жатқызуға болады.
- Не көріп тұрсындар? Құсты көріп тұрмыз.
- Құс неден жасалған? Грек жаңғағынан, жер жаңғақтан, ағаш бұтақтарынан және ермексаздан жасалған.
- Балалар, ал сендер білесіңдер ме жаңғақтың түрлері денсаулығымызға өте пайдалы. Күнделікті өмірде жаңғақ жесек, түрлі аурулардың алдын аламыз, миымыз жақсы жұмыс жасайтын болады.
- Құстың құрылымын атап өтейік. Басы, денесі, тұмсығы, қанаттары, құйрығы, аяқтары.

2.2. Табиғи материалдан құрастыру амалдарын көрсету.

- Балалар, назар аударамыз. Міне, біздің алдымызда грек жаңғағы, ағаш бұтақтары, жер жаңғақ және түрлі-түсті ермексаз тұр.
- Бұл грек жаңғағы. Қайталаймыз. Грек жаңғағы. Бұл құстың денесі болады. Бұл не болды? Құстың денесі.
- Төменгі бөлікке ағаштың бұтақтарынан ермексазбен жапсыру арқылы аяқ жасап, денеге біріктіремін.
- Мен не істедім? Төменгі бөлікке ағаштың бұтақтарынан ермексазбен жапсыру арқылы аяқ жасап, денеге біріктірдім.
- Дәл осылай ағаш бұтақтарын алып, құстың құйрығын жасаймын. Ермексазды денесіне жапсырамын. Ермексазды жапсырған жерге ағаш бұтақтарын қоямын.
- Тура осы реттілікпен қанаттарын жасаймын.
- Ермексазды жұмсартып, есу арқылы мойын жасаймын. Енді, жер жаңғақты аламын.
- Бұл жер жаңғақ. Жер жаңғағы - құстың басы болады.
- Құстың басы мен денесін ермексаздан мойын жасау арқылы біріктіремін. Мен не істедім? Құстың басы мен денесін ермексаздан мойын жасау арқылы біріктірдім.
- Қара түсті ермексазды алып, құстың көзін жасаймын. Қызғылт сары түсті ермексаздан тұмсығын жасаймын.

2.3. Дем алу жаттығуы. "Кімнің құсы алысқа ұшады?"

Қағаздан жасалған құсты үстел үстіне қойып, балалар үрлеу арқылы жарысады. Кімнің құсы алысқа қарай ұшады, сол жеңіске жетеді.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балаларға жағымды көңіл-күй сыйлау үшін педагог әуенжазба қосып қоя алады. Әуенжазбаның дауысын өзі реттейді.

Жоғарылатады немесе бәсеңдетеді. Әр баланың алдына грек жаңғағы, жер жаңғағы, ағаш бұтақтары, ермексаз қойылады. Балалар педагогтың нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке кіріседі. Қонаққа келген торғай балалардың жұмысын қадағалап отырады. Әр баламен жекелей жұмыс жасалынады. Ермексазды жұмсарту, оны домалақтау секілді әдістерді педагог бақылап жүріп, сұрақтар қояды. Мысалы: "сен не жасап жатырсың?", "бұл жаңғақтың қай түрі?", "құстың денесін неден жасайсың?", "ал басын ше?", "тұмсығының белгілерін неден жасайсың?" және т.б. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.

Өздік іс-әрекет соңында, қонақ алғысын білдіреді. Балалармен ойын ойнауға ұсыныс тастайды.

2.5. Дидактикалық ойын: "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады)

Мақсаты: қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету.

- Барысы: қыстап қалатын және жыл құстарын ажыратуды, қыстырғышпен түстерге сәйкес қыстыруды ұсынады.
- Балалар ойынды бастамас бұрын, қыстап қалатын құстар және жыл құстары деп қандай құстарды айтамыз?
- Иә, қыстап қалатын құстар деп - қыстың келуімен оңтүстікке, яғни жылы жаққа ұшпайтын, өзінің мекенін де қалатын құстарды айтады. Ал жылы жаққа ұшып кететін құстарды- жыл құстары деп айтады.
- Қыстап қалатын құстарды көгілдір түсті шеңберге қыстырамыз, ал жыл құстарын жасыл түсті шеңберге қыстырамыз.

2.6. Көрме ұйымдастыру.

Балалардың жасаған жұмыстарын үстел үстіне көрме ұйымдастырып қойып қоюға болады. Әр балаға педагог сұрақтар қояды.

Мысалы: "құрастыруда қандай қиындықтарға тап болдың?", "саған қай жерде оңай болды?", "жасаған құс өзіңе ұнады ма?" және т.б. сұрақтар қоюға болады.

- Балалар, құрастырудың ішіндегі ең әдемі кімнің құсы болды? Балалар өз ойларымен бөліседі.
- Балалар, ал кімдікі сәтсіз шықты деп ойлайсындар? Балалар өз ойларымен бөліседі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін бізге топқа қонақ болып кім келді? Торғай келді.
- Торғай не үшін көңілсіз екен? Достары ұшып кетіпті, жалғызсырап қалыпты.
- Біз құсты неден жасадық? Грек жаңғағынан, жер жаңғақтан, ағаш бұтақтарынан және ермексаздан жасадық.
- Құстың аяқтарын неден жасадық? Ағаштың бұтақтарынан құстың аяқтарын жасадық.
- Ал, жер жаңғағы не болды? Құстың басы болды.
- Құстың басы мен денесін қалай біріктірдік? Ермексаздан мойын жасау арқылы біріктірдік.
- Құстың қанаттарын неден жасадық? Ағаш бұтақтарынан жасадық.

- Жарайсыңдар! Балалар, сендер табиғи материалдарды қолданып, әдемі етіп құстарды құрастырып шықтыңдар!
Жарайсыңдар!

"Эмоционалды көңіл күй" рефлексия.

Балаларға смайликтер таратылады. Оқу қызметінің соңында балалар, осы смайликтер арқылы өздерінің көңіл-күйлерін және де оқу қызметіне

Күні:02.02.2022ж

Мамандықтың бәрі жақсы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды шаршыдан шеңбер қиып, сайқымазақтың басын жапсыруға, қатар бойымен макарондарды қойып сайқымазақтың шашын жасауға, бет-әлпет белгілерін жапсырып, сайқымазақты құрастыруға үйрету; гофрленген қағаздарды бірнеше қайтара бүктеп бант жасауға үйрету; гофрленген қағаздармен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сайқымазақ мамандығымен таныстыру; мамандықтар және олардың құралдары жайлы білімдерін толықтыру; түстер және пішіндер жайлы білімдерін бекіту; қағаз бетінде дұрыс бағдарлауды үйрету.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "сайқымазақ", "макарон", "қатар бойымен қойдым", "түрлі-түске боядым", "мамандықтар" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "Мамандықтардың құралдарын тап", кейіпкермен қоштасу, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: Білгіш, балабақша қызметкерлерінің суреттері, сайқымазақ және әртүрлі сайқымазақтардың суреттері, "Сайқымазақ" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, ақ қағаз, сары түсті шаршы, бет-әлпет белгілері (көзі және мұрыны) қима үлгілері, қызыл түсті фломастер, қайшы, макарондар, түрлі-түсті бояулар, қылқалам, қылқаламға ыдыс, желім, желімге ыдыс, жайма, майлық, "Бас, иық, тізе, аяқ" бейнежазбасы.

2. Үлестірімелі материалдар

Бала санына байланысты ақ қағаз, сары түсті шаршы, бет-әлпет белгілері (көзі және мұрыны) қима үлгілері, қызыл түсті фломастер, қайшы, макарондар, түрлі-түсті бояулар, қылқалам, қылқаламға ыдыс, желім, желімге ыдыс, жайма, майлық, дидактикалық ойында қолданылатын суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Мақал-мәтел.

Алуан-алуан кәсіп бар,
Таңдай біл де талап қыл.

Ғажайып сәт.

Педагог топқа қонаққа Білгіш келгенін хабарлайды. Балалар қонақпен амандасады.

Сәлеметсіңдер ме, балалар! "Мамандық" деген не екенін білесіңдер ме? Балалар жауаптарын айтады.
- Мамандықтарды еске түсіру үшін сендерге саяхатқа баруды ұсынамын. Балалар қуана келіседі.

- Қазір біз балабақшадамыз. Мұнда әртүрлі маман иелері жұмыс істейді.
- Кім балаларға қамқор болып, оларды тәрбиелейді? Тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі. Дұрыс айтасыздар.

Кім балаларға тамақ дайындайды? Аспаз балаларға тамақ дайындайды.

-Кім кірді жуады? Кір жуатын апайлар. Дұрыс.

- Балабақшаның ауласын кім тазалайды? Тазалаушы.

Кешке сендерді әкелеріңмен аналарың жұмыстан қайтқан соң үйге алып кетеді. Әкелеріңмен аналарың кім болып істейді? Балалардың жауаптары.

- Мүмкін сендер үйге қайтып бара жатқан кезде, дүкенге кіресіңдер. Сол кезде касса да кім тұрады? Сатушы.

- Автобуска отырдыңдар, оны кім басқарады? Жүргізуші.

- Үйге келдіңдер. Оны кім салды? Құрылысшылар салды.

- Ұйықтар алдында аналарын сендерге кітап оқып береді. Оны кім жазды? Жазушы жазды.

- Міне, бір ғана сапар барысында біз неше түрлі мамандықты есімізге түсірдік.

- Қалай ойлайсыңдар, мамандықтар әрқашан болған ба? Балалардың жауаптары.

- Ежелгі уақытта ер адамдар аң аулау, балық аулау еңбек құралдарын жасау, тұрғын үй салумен айналысқан. Әйелдер жемістер мен жидектерді теріп, далада жұмыс істеді, малдың терісінен киім тігіп, тамақ дайындады, пешке от жағып, балаларды өсірді.

- Уақыт өте келе шеберлер пайда бола бастады. Кейбіреулері қару-жарақты жақсы жасады, ал басқалар киім тіге бастады. Біртіндеп мамандықтар көбейе бастады. Қазір көптеген мамандықтар бар. Сендерге солардың бірі жайлы айтқым келіп тұр. Бірақ ол үшін жұмбақ жасырамын. Шешімін табуға дайынсыңдар ма? Балалар қуана келіседі.

1.2. Жұмбақ жасыру.

Циркті қатты жақсы көреді,

Алаңда ең басты рөлде жүреді,

Қуаныш, шаттық таратып

Бәрін күлдіріп жүреді.

- Ол кім? Сайқымазақ.

- Иә, дұрыс айтасыздар. Ол сайқымазақ.

- Сайқымазақ қандай? Ол күлкілі, көңілді, бәрін қуантып жүреді.

- Ол қайда жұмыс жасайды? Циркте.

- Циркте тағы кімдер жұмыс жасайды? Жонглерлер, акробаттар, сиқыршылар және т.б.

- Циркте ең көңілді кім деп ойлайсыңдар? Әрине сайқымазақ.

- Сайқымазақ циркте не істейді? Адамдарды күлдіреді. Қандай киім киіп жүреді? Түрлі-түсті киімдер киеді.

- Сайқымазақтың басына не киіп алады? Қалпақ киіп алады.

Педагог көңілге жағымды әуен қосады. Балалар педагог қосқан әуен ырғағына сай қимыл қозғалыстар жасайды.

Мысалы: бір орында тұрып жүгіру, басымызда оңға және солға бұру, бір орында тұрып секіру, қолымызды көтеріп оңға және солға шалқаю, қолымызды шапалақтап секіру және т.б.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Сайқымазақ"

- Балалар, нені көріп тұрсыңдар? Бұл кім? Бұл сайқымазақ.

- Сайқымазақ неден жасалған? Түрлі-түсті қағаздан.

- Қағаздың қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Түрлі-түсті, жұқа қағаздар және гофрленген қағаздан жасалған.

- Ал, сайқымазақтың шашын неден жасаған? Макарон өнімдерінен жасаған. Иә.

- Макарон өнімдерін әртүрлі түске бояған. Балалар, бүгін біз сендермен сайқымазақты жасайтын боламыз.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

Шаршыдан шеңбер қиып аламыз. Шаршыны бұру арқылы бұрыштарын қиып аламыз. Қағаз бетінің тең ортасына жапсырамын.

- Ақ және қара түсті шеңберлерді сары түсті шеңбердің үстіне жапсырамын. Бұл сайқымазақ көздері болады. Дәл осылай қызыл түсті шеңберді алып жапсырамын. Сайқымазақтың мұрыны дайын. Қызыл фломастердің көмегімен сайқымазақ ауызын саламын.

- Макарондарды тігінен қатар бойымен қойып жапсырамын. Түрлі-түсті бояуға бояймын.

- Қатырма қағазды бірнеше қайтара бүктеймін. Ортасын қысып, желімдеймін де бант жасаймын. Міне, сайқымазақ та дайын болды.

2.4. Сергіту сәті.

Сергіту сәті

Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Көз, ауыз, мұрын және құлақ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ.

2.5. Өздік іс-әрекет.

Педагог балалардың өздік іс-әрекеттерін бақылайды. Бағыт-бағдар береді. Керек болса көмектеседі. Балалар қатар бойымен макарон өнімдерін қояды. Өздері қалаған түрлі-түсті бояуға бояйды. Қолдарын майлықпен сүртеді.

2.6. Дидактикалық ойын "Мамандықтардың құралдарын тап".

Мақсаты: балаларды мамандықтар және олардың құралдары жайлы білімдерін толықтыру.

Балаларды 3 топқа бөліп өткізуге болады. Әр топтың өз аттары болуы шарт. Мысалы "Дәрігер" тобы. Олар тек дәрігер маманының құралдарын табады және оны қандай мақсатта қолданылатынын айтады.

Екінші топ "Полиция қызметкері".

Үшінші топ "Құрылысшы".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

- Балалар, Білгіш бізге өз алғысын білдіріп жатыр. Енді ол басқа балабақшаның балаларына барып білімдерін тексергісі келетінін айтады. Білгішпен қоштасайық. Сау бол!

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар қонаққа кім келді? Білгіш.
- Қандай мамандықтарды білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Үлкен болып өскенде қай мамандық иесі болғыларың келеді? Балалар өз ойларымен бөліседі.
- Балабақшада қандай маман иелері жұмыс жасайды? Тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз және т.б.
- Бүгін не істедің? Сайқымазақты құрастырдық.
- Сайқымазақты неден құрастырдық? Макарон өнімдері мен қағаздан құрастырдық.
- Балалар, жарайсыңдар! Өте әдемі етіп құрастырып шықтыңдар.

Күні: 16.02.2022ж

Бағдаршам

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды лево құрастыру материалдарынан бағдаршамды құрастыруға үйрету; жол белгілерін ажырату, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту; көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; бағдаршам және оның шығу тарихи, құрылымы жайлы ақпарат беру.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "бағдаршам", "жол реттеуші", "тыйым салынған", "негізі", "тірегі", "басы", "көздері", "зебра", "жолақат", "жаяу жүргіншілер" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Суретпен жұмыс, қызықты ақпарат, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: жол реттеуші, жолдағы қозғалыс бейнеленген сурет, "зебра" (жолақат), әжесі мен немересі жолдан өтіп бара

жатқан сурет, жаяу жүргіншілерге арналған жолдың суреті, "жаяу жүргіншіге тыйым салынған" белгісі, бағдаршам суреті, ерте кездегі жолдағы қозғалыс суреті, "Бағдаршам" дайын үлгісі, құрамында әртүрлі көлемді, түстері де әртүрлі кірпіштер бар құрылыс материалдар жинағы.

2. Үлестірімелі материалдар

Бала санына байланысты құрамында әртүрлі көлемді, түстері де әртүрлі кірпіштер бар құрылыс материалдар жинағы, дидактикалық ойында қолданылатын жол белгілерінің суреттері, рефлексияда қолданылатын бағдаршам суреті.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретпен жұмыс.

Педагог балалардың назарын тақтадағы немесе интербелсенді тақтадағы суретке аударады.

- Суретте не көріп тұрсыңдар? Қала көрінісі, жол, бағдаршам, жол белгілері.
- Балалар қала көшесімен келе жатып байқаған боларсыңдар, айнала толы автокөліктер, автобустар. Жолда көптеген жол белгілері бар. Жол белгілерінің пішіндері де, бояуларыда әртүрлі.
- Балалар, айтыңдаршы. Көліктер келе жатқанда жолды кесіп өтуге болады ма? Жоқ. Иә, дұрыс айтасыңдар. Бізге арналған жол бар. Ол қандай жол деп аталады? Жаяу жүргіншілер жолы деп аталады.

Балалар, жаяу жүргіншілерге арналған жол неге ұқсайды деп ойлайсыңдар? Балалардың жауаптары. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

- Қараңдаршы, жаяу жүргіншілерге арналған жолдың белгісі, "зебра" (жолақат) жануарына ұқсайды.

- Мына жол белгісін білесіңдер ме? Бұл жаяу жүргіншілерге болмайды деген белгі.

Балалар, ал бұл ненің суреті? Бағдаршам.

- Бағдаршамның неше көзі бар? Үш көзі бар. Қызыл, сары және жасыл.

Қызықты ақпарат.

- Балалар, сендер ойлайтын шығарсыңдар адамдарға және көліктерге бағыт-бағдар, қашан жүруді, қашан тоқтауды көрсететін бағдаршамды көліктен кейін ойлап тапты деп? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Алайда олай емес. 140 жыл бұрын қала көшелерінде көптеген көліктер, адамдар, ат арбалар жүрген. Солардың бір-бірімен соқтығып қалмас үшін қиылысқан көшелерге бағдаршам орнатқан. Ең бірінші бағдаршам Англия астанасы Лондонда орнатылған.

- Бірінші бағдаршам өзгеше болған. Алғашқы бағдаршамда бар жоғы екі көз болған олар жасыл және қызыл. Оны арнайы адам қолымен басқарған, ол жасыл және қызыл жалаушаларды көрсетіп отырған екен.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог топқа қонақ келгенін айтады. Балалар қонақпен амандасады.

- Балалар, бұл кім болды екен? Балалар өз жауаптарын айтады. Бұл жол реттеуші.
- Жол реттеуші - жолда жүру ережесіне бағына отырып жолдағы қозғалысты реттейтін адам.

Жол реттеуші:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар қозғалысты реттеп тұратын бағдаршам сынып қалыпты. Мен таңертеңнен кешке дейін жолдағы қозғалысты бағдаршамның орнына реттеп тұрдым. Бірақ шаршағаным соншалықшы, күшім жоқ. Сендерден көмек сұрап келдім. Бағдаршам құрастырып беруге көмектесіңдерші. Бағдаршамсыз жолда жүру өте қиын. Балалар қуана келіседі. Көмектесуге ниеттерін білдіреді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу. "Бағдаршам"

- Бағдаршам неден құрастырылған? Лего құрылыс материалдарынан құрастырылған.
- Бағдаршамның неше түсі бар? Бағдаршамның үш түсі бар. Жасыл, сары және қызыл.
- Бағдаршамды құрастыруда лего құрылыс материалдары: кірпіштерді пайдаланып құрастырған.
- Бағдаршамның құрылымын атап берейік. Негізі, тірегі, бағдаршамның көздері және жоғарғы бөлігі немесе басы.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Қара сұр түсті кірпішті үстел үстіне көлденең қоямын.
- Үстінен сұр түсті кірпіштерді қоямын. Енді, сұр түсті кірпішті көлденең кірпіштердің үстінен қоямын. Саусақтарыммен түзеймін және басамын.

- Қызыл түсті кірпішті аламын. Сұр түсті кірпіштің үстіне тура ортасына қоямын.
- Қара сұр түсті кірпішті қызыл кірпіштің үстіне қоямын.
- Үстінен сары түсті кірпішті тура ортасына қоямын. Саусақтарымен басамын.
- Сұр түсті кірпішті көлденең сары түсті кірпіштің үстіне қоямын.
- Жасыл түсті кірпішті сұр түсті кірпіштің үстіне тура ортасына қоямын.
- Сұр түсті кірпішті көлденең жасыл түсті кірпіштің үстіне қоямын.

2.3. Сергіту сәті.

Көлік, көлік, көлік,
Көліктерге мінеміз.
Көшелермен, көшелерімен,
Күнде тынбай жүреміз.
Тәртіп бұзсақ абайсыз,
Жағдай туар қолайсыз.
Жол жүрудің тәртібін,
Ережесін білеміз.
Сақтағанда қатерден,
Сау саламат жүреміз.

2.4. Өздік іс әрекет. "Бағдаршам"

Әр баланың алдында әртүрлі түсті, көлемді лево құрылыс материалдары: кірпіштер таратылады. Балалар педагогтың нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балаларға көмектеседі. Бағыт-бағдар береді. Балаларды мақтайды, қолпаштайды. Мақтау сөздерін естіген балалардың оқу қызметіне деген қызығушылықтары артады және бар ынтасымен құрастыру амалдарын жасайды. Педагог балаларға "жолда кім жүреді?", "көліктерді кім жүргізеді?", "сен нені құрастырып отырсың?", "бағдаршамның неше түсі бар?", "бағдаршамның жасыл түсі нені білдіреді?", "ал сары және қызыл түстері ше?", "жаяу жүргіншілер өткелі қандай жануарға ұқсайды?" деген секілді сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді. "Саусақтарыңмен түзе", "үстінен бас", "бір-біріне тіреп қой" деген секілді нұсқаулықтар айтады.

2.5. Дидактикалық ойын. "Қай белгі?"

Мақсаты: жол белгілерін ажыратуға үйрету, жолда жүру ережелері жайлы білімдерін бекіту.

Барысы: педагог әр балаға жол белгілерінің суреттерін таратып береді. Балалар мұқият қарап, қай жол белгісі екенін анықтайды. Кейін ортаға шығып балаларға сипаттамасын айтады. Қалған балалар қай белгі екенін табу керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

- Балалар, жол реттеуші алғысын білдіріп жатыр. Біздің құрастырып берген бағдаршамымыздың көмегімен жолда жүру ережесі реттелді. Жол реттеуші қайтадан жұмысына оралуға асық. Балалар қонақпен қоштасады.

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде бізге қонаққа кім келді? Жол реттеуші. Жол реттеуші бізден көмек сұрап келіпті.
- Қандай көмек сұрап келіпті? Бағдаршам істемей қалып, бағдаршамды құрастырып беріңдер деп көмек сұрап келіпті.
- Бағдаршамды неден құрастырды? Лево құрылыс материалдарынан құрастырды.
- Лево құрылыс материалдарынан құрастыру үшін біз қандай кірпіштерді пайдаландық? Көлемі әр түрлі кірпіштер, жасыл, сары және қызыл түсті кірпіштер.
- Бағдаршамның құрылымын атап берейік. Негізі, тірегі, бағдаршамның көздері және жоғарғы бөлігі немесе басы.
- Бағдаршамның неше түсі бар? Қызыл, сары, жасыл. Жарайсындар, балалар!

Рефлексия "Бағдаршам".

Педагог әр балаға боялмаған бағдаршамның суреті және түрлі-түсті қарындаш таратады. Балаларға тек ғана бағдаршамның бір көзін бояды ұсынады. Бағдаршамның түстері оқу қызметі барысындағы қызығушылықтарына байланысты.

Жасыл - жұмыс жасаған қызықты, тағы да қайталасам ба деймін,

Сары - ұнады, бірақ бәрін қызықты деп айта алмаймын,

Қызыл - ұнамады, қызықсыз.

Күні: 02.03.2022ж

Аққу құсы әдемі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды табиғи материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, аққу туралы туралы білімдерін кеңейту; балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты кимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "табиғи материал", "қарағай жаңғағы", "аққу", "ермексаздан жасадым", "бөлшектерді біріктірдім", "мойынын жасадым", "мақта", "үзіп алдым" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

"Жүректен жүрекке" жылулық шеңбері, сұрақ-жауап, әңгімелесу, үлгіні зерттеу, табиғи материалдан құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, көрме ұйымдастыру, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, рефлексия "Қауырсындар".

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Көктем мезгілінің суреті, жылы жақтан ұшып келетін құстар: қараторғай, қарлығаш, аққу, бозторғай суреттері, "Аққу" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, түрлі-түсті ермексаздар, қарағай бүршігі, жайма, мақта, майлық, рефлексияда қолданылатын құстың суреті.

2. Үлестірмелі материалдар

Бала санына байланысты түрлі-түсті ермексаздар, қарағай бүршігі, жайма, мақта, майлық, рефлексияда қолданылатын кызыл, жасыл, сары түсті қауырсындар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. "Жүректен жүрекке"

- Балалар, барлықтарыңды "жүректен жүрекке" атты жылулық шеңберіне шақырамын. Балалар барлығы шеңбер болып тұрады.

- Бүгін қандай тамаша, керемет күн! Барлығымыз шеңбер болып тұрамыз. Қасымыздағы досымызға жылы сөз айтамыз. Мен бастайын: Маржан сен бүгін ерекше әдемі болып тұрсын. Көйлегін де әдемі екен.

Балалар қасындағы досына жылы сөздер айтады. Жарайсындар!

1.2. Сұрақ-жауап.

- Қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың көктем мезгілі.

- Көктем мезгілінде табиғат құбылысында болатын ерекшеліктерді атап беріңдерші. Күн жылынады, құстар жылы жақтан ұшып келеді, жылғалардан су ағады, табиғат оянады.

- Балалар, сендерге көктем мезгілі ұнайды ма? Ұнаса несімен ұнайды? Балалардың еркін жауаптары. Балалар өз ойларымен бөлінеді.

- Жылы жақтан ұшып келетін қандай құстарды білесіңдер? Балалар сұраққа жауап береді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады. Қараторғай, қарлығаш, аққу, бозторғай.

1.3. Түсіндіру.

- Аққу - қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейтін құс. Әрі киелі құс төресі санап, оған ешуақытта оқ атпайды. Аққу - жұп құрып тіршілік етеді. Наурыздың басы мен сәуірдің аяғында оралып, қазан айларында ұшып кетеді.

- Міне балалар, наурыз мерекесі келді. Аққуларда қайтадан өз мекендеріне оралды. Олай болса бүгін бізде табиғи материал мен ермексазды пайдалана отырып, сұлу аққу құсын құрастыратын боламыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Аққу".

- Не көріп тұрсындар балалар? Аққу. Аққу қандай құс? Жыл құсы, әдемі құстардың бірі.

- Аққудың түсі қандай? Аққудың түсі ақ. Қараңдаршы, аққу неден жасалған? Қарағай бүршігі және ермексаздан жасалған.

- Қарағай бүршігін қандай материал түріне жатқызамыз деп ойлайсындар? Қарай бүршігін табиғи материал түріне

жатқызамыз.

- Табиғи материал дегеніміз - бұл өсімдіктерден, жануарлардан немесе жерден шыққан кез - келген өнім.
- Табиғи материалдарға не жатады? Табиғи материалдарға қарағай жаңғағы, ағаштағы жапырақтар, өсімдіктердің тұқымы мен жемістері жатады.

2.2. Табиғи материалдан құрастыру амалдарын көрсету.

- Қарағай бүршіні аламын. Жайма үстіне көлденең жатқызып қоямын.
- Ақ мақталарды бүршіктің арасына кіргіземін. Сыртын түгелдей ақ мақтамен жабамын.
- Ақ түсті ермексаздан кішкене кесек үзіп аламын. Алақан арасына салып жұмсартамын. Есу арқылы жіңішке шұжық тәріздес пішін жасаймын. Бүгу арқылы аққудың мойынын жасаймын да, бүршіктің үстіне оң жағына жапсырамын.
- Қара және қызыл түсті ермексаздардан аққудың көздері мен мұрынын жасаймын. Тұмсығына жапсырамын.
- Көгілдір түсті ермексазды алақан арасына салып жұмсартамын. Домалақтаймын. Саусақтарыммен басып жалпайтамын. Үстіне аққудың орналастырамын.

2.3. Сергіту сәті.

Педагог балаларға сергіп алуды ұсынады. Балалар қуана келіседі. Сергіту сәтін бірнеше рет қайталауға болады. Аққулар ұшады, қанаттарын қағады, Суға сүнгіп алады, бастарын да шайқайды. Тік ұстап денелерін, Тып-тыныш суға отыра қалады.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балалар педагогтың көрсеткен жұмыс реттілігіне сәйкес өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балаларға бағыт-бағдар береді, керек болса көмектеседі. Педагог балаларды мақтап жүру керек. Ермексазбен жұмыс жасағаннан кейін колдарын майлықпен сүртуді ұмытпауларын еске салады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Көрме ұйымдастыру.

Педагог балалардың жасаған аққуларын көрмеге қоюды ұсынады. Әр бала өзінің жасаған аққуын көрмеге қоймас бұрын, өз ойларын айтады.

Мысалы: мен осы аққуды жасаған кезде, маған ермексазбен жұмыс жасау қиын болды, немесе оңай болды.

- Ерулан, табиғи материалдан аққуды жасаған кезде сенде қиындықтар болды ма? (мен аққуды құрастырған кезде ешқандай қиындық болмады. Керісінше барлығы жеңіл, әрі қызықты болды)

Дайын өнім үшін мақтау және пысықтау.

- Жылы жақтан ұшып келетін қандай құстарды білесіңдер? Қараторғай, таңшымшық, қарлығаш, аққу, тағанақ, бозторғай.

- Бүгін не істедің? Табиғи материалдардан аққуды жасадық.

- Ең бірінші не жасадық? және қалай? Аққудың денесін, ақ мақтаны үзіп алып, қарағай бүршігінің арасына кіргізу арқылы жасадық.

- Мойнын неден және қалай жасадық? Мойнын ермексаздан есу арқылы ұзынғып мойын жасадық.

- Көлшікті қалай жасадық? Көгілдір түсті ермексазды алақанмен жұмсартып, домалақтап, тура ортасынан сұқ саусақтың көмегімен басып, дөңгелек пішін шығару арқылы, жалпайтып көлшік жасадық.

- Жақсы, жарайсындар балалар. Әдемі етіп аққуларды жасап шықтындар.

Рефлексия "Қауырсындар".

Педагог тақтаға құйрығы жоқ құстың суретін іліп қояды. Әр балаларға қызыл, сары және жасыл түсті қауырсындар таратылады. Балалар оқу қызметінен алған әсерлерімен құсқа қауырсындарды жапсыру арқылы білдіреді.

Қызыл - қолымнан келді, бәрі оңай болды;

Сары - қолымнан келді, бірақ қиын болды;

Жасыл - бәрі қолымнан келмеді, өте қиын болды.

Күні: 16.03.2022ж

Сандықша

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды құрамында: тақтайшалар, білеу, кірпіштер бар құрылыс материалдар жинағынан сандықшаның кішкентай түрі қобдишаны құрастыруға үйрету; сандықша, әшекей бұйымдары туралы білімдерін кеңейту; көмектесуге, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу, дидактикалық ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; сұраққа толық жауапты талап ету.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "сандықша", "қобдиша", "әшекей бұйымдар", "құрылыс материалдар жинағы", "тақтайша", "білеу", "кірпіш", "тіреп қойдым", "көлденең қойдым", "түзедім" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері "Бұл кім екен?", ғажайып сәт, қызықты ақпарат, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, көзге арналған жаттығу, тыныс алу жаттығуы, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын "Бұл қай ертегі кейіпкері?", дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: қуыршақ Үміт, әшекей бұйымдардың суреттері, сандықша суреті, "Қобдиша" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, құрамында: тақтайшалар, кірпіштер және білеу бар құрылыс материалдар жинағы, дидактикалық ойында қолданылатын "Үш торай", "Бауырсақ", "Қызыл телпек", "Үйшік" ертегісіндегі аю, "Чебурашка мен қолтырауын Гена" ертегісіндегі қолтырауын, "Әтеш пен Буратино" ертегісіндегі әтеш, "Жеті лақ" ертегісіндегі жеті лақ, "Бақа ханшайым" ертегісіндегі бақа, "Шұбар тауық" ертегісіндегі тауық суреттері, рефлексияда қолданылатын көйлек суреті.

2. Үлестірмелі материалдар

Бала санына байланысты құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, құрамында: тақтайшалар, кірпіштер және білеу бар құрылыс материалдар жинағы, рефлексияда қолданылатын қызыл және жасыл түсті дөңгелектер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері. "Бұл кім екен?"

Оқу қызметін бастамас бұрын, балаларды шаттық шеңберіне шақыру. (сандықша ішінде айна)

- Балалар, барлықтарыңды шаттық шеңберіне шақырамын. Менің қолымдағы сандықшаның ішінде сурет бар. Суреттегі адам қандай екенін айтып беруді ұсынамын. Ең бірінші мен бастап көрсетемін.

- Жүзі жылы, жайдарлы адам. Көңіл-күйі жақсы болып тұрған секілді. Мен оған бүгін сәтті күн тілеймін.

Балалар кезекпен сандықшаның ішіндегі суретті сипаттап береді. Ең соңында педагогке сандықша айналып келеді.

- Балалар, сонымен сандықша ішіндегі суретте қандай адам екен?

- Ол кім болды екен? Балалардың жауабын тыңдау. Иә, ол біз өзіміз екен. Әрқайсыларын сандықшаны қолдарына алғанда өздерінді көрдіндер. Әрдайым өздерінді жылы сөзбен сипаттап, қолпаштап, сәтті күн тілеп отырыңдар.

Ғажайып сәт.

Педагог топқа қуыршақ Үміт келгенін хабарлайды. Балалар келген қуыршақпен амандасады. Педагог балалардың назарын қуыршақтың сытқы келбетіне, киім-киісіне аударады.

- Балалар, қараңдаршы, қуыршақ Үміт қалай киінген?

- Қазақтың ұлттық көйлегін киім, әшекей бұйымдарды тағып алыпты. Өзіне сондай жарасымды.

1.2. Қызықты ақпарат.

Әшекей бұйымдар - киімге сән беру үшін, адамдардың көркін одан сайын ажарлату үшін қолданылады. Әшекей бұйымдарды әртүрлі материалдан дайындайды. Мысалы: пластмасс, былғары, темір, алтын, күміс, сондай-ақ бағалы тастармен әрлейді. Әшекей бұйымдарды тіл-көзден сақтау мақсатында да тағады. Әр ұлт өз табиғатына сәйкес ою-өрнектермен безендіреді. Әшекей бұйымдардың түрлері сан алуан.

Балалар, осы әшекей бұйымдарды қайда салуға болады? Балалардың еркін жауаптары.

- Әшекей бұйымдарды салуға арналған арнайы сандықшалар болады.

Бүгін біз сендермен қуыршаққа әшекейлерін салу үшін сандықшаның кішкентай бір түрі "қобдишаны" жасап береміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Қобдиша"

- Қараңдаршы, сандықша неден жасалған? Құрылыс материалдарынан жасалған.
- Қандай құрылыс материалдарын көріп тұрсындар? Тақтайшалар, кірпіштер және білеу.
- Сандықшаның пішіні қандай? Неге ұқсайды? Пішіні текшеге ұқсайды. Жақсы.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

Тақтайшаны үстел үстіне қоямын.

- Білеуді көлденең жатқызып тақтайшаның жоғарғы жағына қоямын.
- Білеудің екі жақ шетіне кірпіштерді көлденең жатқызып қоямын. Тіреп қоямын.
- Тағы бір кірпішті алып, екі кірпіштің ортасына көлденең жатқызып қоямын. Саусақтарыммен түзеймін және де тіреп қоямын. Міне, қобдиша дайын. Қуыршақ ішіне өзінің әшекей бұйымдарын сала алады.
- Тақтайшаны алып, қобдишаның бетін жауып қоюға болады.

2.3. Көзге арналған жаттығу.

Педагог балаларға көзге арналған жаттығуларды жасап алуды ұсынады. Балалар қуана келіседі, педагогтың артынан қайталайды. Әрбір жаттығуды кемінен 3 рет қайталау қажет.

Көздерді оңға - солға, солдан оңға қарай қозғалту;

Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;

Тез арада көзді ашып - жұму.

2.4. Тыныс алу жаттығуы. "Ыстық шәй"

Мақсаты: балаларды тыныс алуын басқаруды үйрету, ыстық тамақ ішкен кезде үрлеп ішуге үйрету.

Барысы: педагог балаларға қолдарында ыстық шәй бар деп елестетіп, ыстық шәйді суыту керектігін айтады.

2.5. Өздік іс-әрекет.

Педагогтың көрсеткен құрастыру амалдарына сәйкес балалар өздік іс-әрекетке көшеді. Өздік іс-әрекет барысында педагог балаларға бағыт-бағдар береді. Нұсқаулықтар айтады "білеуді көлденең қою керек", "кірпіштерді көлденең жатқызып қой". Балаларды мақтап, қолпаштап жүру міндетті. Мақтау және қолпаштау сөздерін естіген баланың оқу қызметіне деген қызығушылығы артады.

2.6. Дидактикалық ойын "Бұл қай ертегі кейіпкері?"

Мақсаты: балалардың танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Акт технологиясы бойынша балаларға интербелсенді тақтадан немесе тақтадан ертегі кейіпкерлерінің суреттері көрсетіледі. Балалар ертегі кейіпкерлерін танып, қай ертегіден екенін айту керек. Егер де уақыт жеткілікті болса педагог балалардан ертегі желісіне байланысты сұрақтар қоюына болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар бүгін бізге кім қонаққа келді? Бүгін бізге топқа қонақ болып қуыршақ Үміт келді.
- Біз не істедік? Әшекей бұйымдарды салу үшін қобдиша жасадық.
- Қандай материалдан біз қобдишаны құрастырдық? Құрастыру материалдарынан қобдиша құрастырып бердік.
- Қандай құрылыс материалдарын қолдандыңдар? Тақтайша, білеу, кірпіш. Жақсы.
- Қобдиша дегеніміз не? Сандықшаның кішкентай түрі. Ал сандықша дегеніміз не? Ол не үшін керек? Әшекей бұйымдарды салу үшін керек.
- Әшекей бұйымдар дегеніміз не? Әшекей бұйымдар - киімге сән беру үшін, адамдардың көркін одан сайын ажарлату үшін қолданылады. Жақсы. Жарайсындар!

Рефлексия.

Педагог балаларға қуыршақ Үмітке көйлек сыйлауды ұсынады.

- Көңіл-күйлерін жақсы болса, көйлекке қызыл дөңгелек, ал керісінше көңіл-күйлерін болмаса көк түсті дөңгелектер жапсырасындар.

Балалар өздерінің көңіл күйлеріне байланысты, қуыршақтың көйлегіне дөңгелектерді жапсырады.

Жайлауда

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды лево құрылыс материалдарынан төрт-түлік малдың бірі- жылқыны құрастыруға үйрету; жайлау сөзіне түсінік беру; төрт-түлік мал: түйе, жылқы, қой, ешкі, сиыр туралы білімдерін толықтыру; викториналық ойынға белсене қатыстырып, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; жануарларды дыбыстары арқылы танып, ажырата білу; туған жердің табиғатының сұлулығын сезінуге, оны аялап қорғауға, қамқорлық сезімдерге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "лево", "тіредім", "құрастырдым", "жайлау", "төрт-түлік мал", "киелі жануар", "жылқы", "түйе", "дыбыстайды", "мө-мө-мө" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, аудиожазбаны тыңдау, саяхат, жұмбақ жасыру, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, "Шопан атаның тапсырмалары" викториналық ойын, дайын өнім үшін мақтау және пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: Ата, автобус суреті, автобустың дыбысы, жайлау, жылқы, түйе, сиыр, ешкі, қой суреттері, сиыр, ешкі, жылқы дыбыстары, "Жылқы" дайын үлгісі, құрамында: кірпіш, жазықтықты жабуға арналған саңлаулары бар кірпіші бар лево құрылыс материалдар жинағы, "Жануарлар қалай дыбыстайды?" бейнежазбасы, рефлексияда қолданылатын жайлау суреті.

2. Үлестірілмеі материалдар

Бала санына байланысты құрамында: кірпіш, жазықтықты жабуға арналған саңлаулары бар кірпіші бар лево құрылыс материалдар жинағы, рефлексияда қолданылатын ақ және қара түсті жылқы суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

Жайлау неткен кең еді,

Жұпарын жерге төгеді.

- Балалар, бүгін ерекше оқу қызметі болайын деп тұр. Менімен бірге саяхатқа шыққыларың келе ма? Балалар қуана келіседі және қызығушылық танытады.

Балалар бірінін артынан бірі тұрады. Қазір автобуска отырып жайлауға барамыз.

Ғажайып сәт.

Аудиожазбаны тыңдау.

Балалар, қараңдар, біз қайда саяхатқа келдік? Балалар ойланып қалулары мүмкін.

Балаларға жайлаудағы атаның суреті көрсетіледі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Балалар атамен амандасады. Жайлауға қош келдіңдер! Сендерді көргеніме қуаныштымын.

- Балалар, жайлау дегеніміз не? Балалардың еркін жауаптары. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады. Көктем шығысымен малдарды жайлауға бағады. Жайлау-дегеніміз жазғы қоныс. Жайлауды суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Таңдаған жерге киіз үй тігіп, төрт-түлік малды сол жерге бағады.

- Қандай әдемі көрініс. Жайлауда не жүр? Жылқы. Иә, жайлауда басқа да төрт-түлік малдар жүреді.

- Марат, төрт-түлік малға қандай жануарлар жатады? Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі.

1.2. Жұмбақ жасыру.

- Балалар сендерге жұмбақ жасырамын, қай жануар екенін айтасыңдар. Жұмбақтың шешімін табуға дайынсыңдар ма?

Иә. Олай болса бастайық.

- Үстінде екі тауы бар,

Кезекті бір жануар. (түйе)

Түйе киелі жануар - пайдасы да мол. Қазақ халқы еті мен сүті, жүні - киім, өзі - сенімді көлік болған қасиетті жануарды төрт түліктің төресі санаған. Сүтінен емдік қасиеті бар май, шұбат, ірімшік дайындалса, еті тағамға қолданылды, ал жүні 85 пайыз таза өте бағалы түбіттен тұрады. Алайда, басқа үй жануарларына қарағанда түйе біздің елімізде өте аз. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар (қой)

- Қой-төрт-түлік малдың бірі, өте жуас келеді. Қойдың еті, майы, жүні өте пайдалы. Балалар, сендер білесіңдер ме? Қой - көзінің қарасы төртбұрышты өте сирек тірі тіршілік иелерінің бірі. Қойды қазақ халқы ерекше бағалаған. Мал өсірсен қой өсір деп айтқан. Қойдың қаншалықты өнімді, тіршілікке пайдалы екенін осы сөзден білуге болады.

Аудиожазбаны тыңдау.

- Енді, аудиожазба тыңдатамын. Қай жануардың дыбысы екенін айтасындар.

Қай жануардың дыбысы? Бұл сиырдың дыбысы. Сиыр қалай дыбыстайды? Мө-мө-мө.

- Сиыр- төрт-түліктің бірі. Сиырдың адам тіршілігіне пайдасы зор. Ертеде бұл малды көп бақпаған. Себебі ол көшпелі өмір салтына бейімделмеген. Сиыр жаз айларында айрықша бағуды қажетсінебейді. Өріске өзі кетіп, мезгілінде өзі қайтып келеді. Ал қыста, қорада күтіледі. Сиырдың адамдарға беретіні көп. Еті мен терісінен бөлек, сүтінен көптеген өнімдер алуға болады. Мысалы: айран, ірімшік, қатық, май, кілегей, қаймақ, құрт.

- Жақсы, балалар. Келесі жануардың дыбысын тыңдап көрейік.

Иә, ешкі де төрт-түлік малдың бірі. Күйіс қайтаратын жануар. Ешкінің де қазақ халқына пайдасы мол. Түбіті, жүні, еті, сүті өте пайдалы.

- Жылқыны төрт-түлік малдың төресі деп атайды. Жылқының сүті өте пайдалы. Жаңа суылған сүтті-саумал дейді. Саумал дәмді. Ал ашытылған сүтін- қымыз дейді. Қымыз қышқылдау келеді. Жылқы қасиетті жануар. Ол лай суды ішпейді, сасыған суға жоламайды. Шөптің де асылын теріп жейді.

Педагог балаларға лево құрастырудан жылқы құрастыруды ұсынады. Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу.

- Жылқының құрылымын атап берейік. Басы, денесі, аяқтары, жалы.

- Қандай құрылыс материалдарын көріп тұрсындар? Кірпіштер, жазықтықты жабуға арналған саңлаулары бар кірпіш. Жақсы.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

Қоңыр кірпіштерді үстел үстіне араларын ашып қоямын.

- Үстінен тағы кірпіштерді қоямын. Не шықты? Баған. Бұл жылқының аяқтары болады.

- Саңлаулары бар кірпішті екі бағанды біріктіру үшін пайдаланамын. Екі кірпіштің ортасына қоямын.

- Бір жақ шеті шығып тұрған кірпішті аламын. Саңлауы бар кірпіштің сол жағына қоямын. Бұл жылқы жалы болады.

- Саңлауы бар кірпіштің үстіне тура сондай тағы бір кірпішті қоямын.

- Кірпіштерді бір-бірінің үстіне қоямын.

- Енді, сары түсті кірпішті және кірпіштің шығып тұрған шетін алдыға қаратып қоямын.

2.3. Сергіту сәті.

2.4. Өздік іс-әрекет. "Жайлауда"

Әр баланың алдына құрамында кірпіш, жазықтықты жабуға арналған саңлаулары бар кірпіш лево құрылыс материалдар жинағы таратылады. Педагогтың нұсқаулығымен, бағыт-бағдар көрсетуімен балалар өздік іс-әрекетке көшеді. "Сен не құрастырып отырсың?", "мына шыққан екі баған не?", "қандай құрылыс материалдарды қолданып отырсың?", "жазықтықты жабуға арналған кірпішті керісінше қаратып қойыпсың. Ол не?" деген сұрақтар арқылы педагог балалардың өздік іс-әрекетін бақылап отырады және педагог балалардан сұраққа толық жауап беруді ұсынады.

2.5. "Шопан атаның тапсырмалары" викториналық ойын.

1. тапсырма "Не қалай дыбыстайды?"

Балалар үй жануарларының дыбыстарын естиді және қай жануардың дыбысы екенін табады.

2. тапсырма "Үй жануарлары және олардың төлдері".

Балаларға үй жануарының атын атайды, олар айтылған жануардың төлін атау керек. Мысалы: сиыр-бұзау, қой-қошақан, ешкі-лақ, жылқы-құлын, шошқа-торай, мысық-марғау, ит-күшік.

3 тапсырма. "Шопан ата" туралы тақпақты айту.

Барады шопан әндетіп,

Қаптатып қойын тау жаққа.

Бесік қып тауды тербетіп,

Шопан жүр әне аулақта.

Көп қызық көріп даладан

Кештетіп үйге қайтады.

Ұлына келген қаладан

Қызығын тегіс айтады.

Тақпақты 1-2 рет қайталау.

Оқу қызметінің соңында немесе түстен кейінгі бос уақытта осы тақпақты жаттатқызуға болады.

2.6. Кейіпкермен қоштасу.

Педагог балаларға саяхаттың аяқталғанын, топқа қайту керектігін айтады.

Балалар Шопан атаға алғыстарын білдіреді. Автобусқа отырып топқа қайтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Балалар, бүгін біз не істедік? Саяхатқа бардық. Саяхатқа қайда бардық? Жайлауға.

- Жайлау дегеніміз не сонда? Жайлау дегеніміз-көктем шығысымен малдарды апаратын жазғы қоныс.

- Қандай төрт-түлік малдарды білесіңдер? Қой, сиыр, жылқы, ешкі және түйе.

- Қай төрт-түлік малды киелі деп санайды? Түйе. Ал, төрт-түлік малдың төресі деп қай малды атайды? Жылқы.

- Жақсы, біз бүгін тағы да не істедік? Лего құрылыс материалдарынан жылқыны құрастырдық.

- Жылқының құрылымын атап берейік. Басы, денесі, аяқтары.

- Жарайсыңдар! Бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар! Тамаша!

Рефлексия.

Педагог тақтаға жайлаудың суретін іледі. Әр балаға екі түрлі жылқының суреті таратылады.

Бір жылқының түсі ақ - ол оқу қызметі қызықты болды, оқу қызметінен алған әсерім көп, маған бәрі ұнады;

Қара түсті жылқы - оқу қызметі қызықсыз, көңілімнен шықпады, ұнамады дегенді білідері.

Балалар бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерімен бөліседі.

Күні:20.04.2022ж

Бірлік болмай тірлік болмас

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қағазды бірнеше рет бүктеу(оригами) әдісі бойынша орыс халқының қызын құрастыруды үйрету; бірлік мерекесі жайлы білімдерін толықтыра отырып, балаларды ұлт өкілдерін ажыратуға, шығармашылыққа баулу; танымдық қабілеттерін дамыту; сұрақтарға тез жауап беруге, шапшаңдылыққа, өзге ұлт өкілдеріне сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "ұлт өкілдері", "орыс халқы", "бүктедім", "бірнеше қайтара бүктедім", "өзге ұлт өкілдері", "бірлік", "жапсырдым", "құрастырдым" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, суретпен жұмыс, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, викториналық сұрақтар, дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Өзге ұлт өкілдерінің суреттері, орыс ұлтының суреті, "Орыс қызы" дайын үлгісі, қағаздан құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, түрлі-түсті қағаз, жіп, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма.

2. Үлестірімелі материалдар

Бала санына байланысты үрлі-түсті қағаз, жіп, желім, желімге ыдыс, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма, дидактикалық ойында қолданылатын өзге ұлт өкілдерінің суреттері, рефлексияда қолданылатын көйлек бейнеленген қағаз.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

Қазақстан - бірлік пен татулықтың мекені.

- Балалар, сендер білесіңдер ме? Біздің мемлекетімізде, бір шаңырақ астындан 130-дан артық өзге ұлт өкілдері тұрады. Қазақстанда орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар, неміс, кәріс, түрік және т.б. ұлт өкілдері тұрады.

- Балалар, 1 мамыр Қазақстан мемлекеті "Қазақстан халықтарының бірлігі күнін" тойлайды.

Мақал мәтел.

"Бірлік болмай тірлік болмас"

- Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? Балалар өз жауаптарын айтады. Дұрыс айтасыздар. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Жыл сайын атаулы мереке кезінде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды.

1.2. Суретпен жұмыс.

- Суретте қай халықтың өкілдерін көріп тұрсыңдар? Орыс халқы.

Біздің мемлекетіміздегі ең көп тұратын орыс халқы екен және де олардың Ресей мемлекеті мен біздің Қазақстан мемлекетіміз көрші орналасқан.

- Әр мемлекеттің өздерінің ұлттық киімдері, салт-дәстүрлері, тағамдары және тілі болады. Суреттегі орыс халқының ұлттық киімдері екен.

Педагог балаларға орыс халқының қуыршағын құрастыруды ұсынады. Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Орыс қызы"

- Не көріп тұрсыңдар? Орыс халқының қызы.

- Құрылымын атап берейік. Басы, беті, шашы, орамалы, қолдары және денесі.

- Орыс қызы неден жасалған? Қағаздан жасалған.

- Қараңдаршы, орыс қыздың көйлегі қандай әдемі. Көйлегі және көйлегінің жеңдері қандай әдіспен жасалған деп ойлайсыңдар? Балалардың еркін жауабы. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

- "Оригами" әдісін есімізге түсірейікші. Ол қандай әдіс? Иә, қағазды бірнеше қайтара бүктеу әдісі. Міне, орыс қызының көйлегі "оригами" әдісі бойынша жасалған.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Қызғылт түсті қағазды аламын. Бірнеше қайтара бүктеймін.

- Ортасынан бүктеймін. Бүктелген екі жақты бір-біріне жапсырамын.

- Дәл осындай реттілікпен ақ түсті қағазды бірнеше қайтара бүктеймін. Бір-біріне жапсырамын.

- Қызғылт бірнеше қайтара бүктелген қағаздың үстіне ақ бірнеше қайтара бүктелген қағазды жапсырамын.

- Бас жағынан жіппен байлаймын. Міне, көйлегі дайын болды.

- Асты жағы ирек етіліп қиылған үшбұрышты аламын. Үстінен асты жағы доға тәріздес келген үшбұрышты жапсырамын. Көйлектің үстіне жапсырамын. Міне, орыс қызы дайын болып шыға келді.

- Енді, бет-әлпет белгілерін саламын. Қарындашпен бояймын.

2.3. Сергіту сәті.

Ұсынылған сергіту сәтін бірнеше қайтара айтып сергіп алуға болады.

Болсын жер мен су да ортақ.

Болсын біздің ту да ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Балалар педагогтың нұсқаулығымен өздік іс-әрекетке көшеді. Педагог құрастыра алмай жатқан балаларға барып көмектеседі. Балалар қағазды бірнеше рет қайтара бүктейді. Бүктелген жерді бір-біріне жапсырады. Жіппен жоғарғы жағынан байлайды. Педагог алаларға құрылысқа қатысты сұрақтар қояды "нені құрастырып отырсың?", "қандай әдіс бойынша құрастырып отырсың?". Балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.

2.5. Дидактикалық ойын. "Қай ұлт өкілі екенін тап."

Мақсаты: балаларды ұлт өкілдерін ажыратуға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Әр баланың алдына әр ұлт өкілдерінің суреттері таратылады. Педагог әр баланың жанына барып қай ұлт өкілі екенін жекелеме сұрайды.

2.6. Викториналық сұрақтар:

Педагог сұрақтарды жылдам темпте қою керек.

- Төрт мысықтың неше құйрығы болады?
- Үш пілдің қанша мұрны ?
- Екі сиырдың неше мүйізі бар?
- Үш тышқанның неше құлағы бар?
- Бос әйнекте қанша жаңғақ бар?
- Шеңбердің неше бұрышы бар?
- Жаңбырда қарғалар қандай ағаш отырады?
- Сәрсенбіден кейін қай күн келеді?
- Егер сызғыш қарындаштан ұзын болса, онда қарындаш ...?

Сызғыштан қысқа.

- Егер жіп жіптен қалың болса, онда жіп ...?

Арқаннан жіңішке.

- Егер әпке ағадан үлкен болса, онда ағасы ...?

Әпкеден кіші.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Қандай ұлт өкілдерін білесіңдер? Орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар, неміс, кәріс, түрік.
- Қай күні бірлік күні болып саналады? 1 мамыр.
- Бүгін біз не істедік? Қағаздан құрастырдық. Қағаздан нені құрастырдық? Орыс халқының қызын қағаздан құрастырдық.
- Құрылымын атап берейік. Басы, беті, шашы, орамалы, колдары және денесі
- Қандай әдіс бойынша құрастырдық? Кім айтады? Оригами әдісі құрастырдық.
- Оригами әдісі дегеніміз не екен? Қағазды бірнеше қайтара бүктеу әдісі.
- Жарайсыңдар! Балалар, сендер бүгінгі оқу қызметіне белсене қатыстыңдар. Тамаша!

Рефлексия.

Әр баланың алдына көйлек трафареті таратылады. Балалар бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерін қалаған 3 түстің біреуімен бояйды.

Қызыл - оқу қызметі өте қызықты, өзім құрастырдым;

Сары - оқу қызметі қызықты, бірақ мен өзім құрастыруға қиналдым. Маған тәрбиеші көмектесті;

Жасыл - маған қызықсыз болды, ешнәрсе орындамадым.

Күні:04.05.2022ж

Әсем көбелек

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қағазды оригами әдісі, соның ішінде қосұшбұрыштан көбелекті шығарып құрастыруға үйрету; құрастыру амалдарымен таныстыру; жәндіктер: көбелек жайлы білімдерін кеңейту; қағазды бірнеше қайтара бүктеу арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; қағаздан көбелек құрастыру барысында балаларды

тиянақтылыққа тәрбиелеу; ой-өрісін кеңейту; көрсетілген дыбысқа сәйкес жәндіктердің атауын дұрыс табуға дағдыландыру; бір орында отырып жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "оригами", "жәндіктер", "көбелек", "үшбұрыш", "қосүшбұрыш", "бүктеймін", "саусақтарымен жүргіземін" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, бейнежазбаны көрсету, қызықты ақпарат, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, дайын өнімді мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Ұшып жүрген көбелек бейнежазбасы, әртүрлі көбелектердің суреттері, көбелек суреті, "Әсем көбелек" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, қызғылт түсті шаршы, "Бас, иық, тізе, аяқ" бейнежазбасы.

2. Үлестірмелі материалдар

Бала санына байланысты қызғылт түсті шаршы, дидактикалық ойында қолданылатын жәндіктер суреттері, рефлексияда қолданылатын көбелек суреті.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

- Балалар бүгін қандай тамаша күн. Қараңдаршы, күннің көзі жадырап, өзінің шуақ нұрын бізге төгіп тұр. Оқу қызметімізді бастамас бұрын, ең алдымен атқан таңымызбен, нұрын шашып тұрған күнімізбен амандасып алайық.
Сәлем саған күн нұры,
Сәлем саған күн шуақ,
Сәлем саған алтын күн,
Сәлем саған жарқын күн.

1.2. Бейнежазбаны көрсету.

Педагог балалардың назарын бейнежазбаға аударады.

- Балалар, бейнежазбада не көрдіңдер? Көбелек жүр. Көбелек не істеп жүр? Көбелек ұшып жүр. Жақсы.

Көбелек - ол жәндіктің ең әдемі түрі. Әлемде көбелекті көрмеген адам жоқ шығар.

1.3. Қызықты ақпарат.

- Балалар, сендер білесіңдер ме? Көбелектер ешқашан ұйықтамайды. Көбелектердің өздеріне тән иістері болады. Ол иістер бүлдіргеннің, шоколадтың иісіне ұқсайды екен. Және де, көбелектер түстерді өте жақсы ажыратады. Тіпті, адамдар көре алмайтын түстерді көреді екен. Қандай ғажап, иә. Балаларға әртүрлі көбелектердің суреті көрсетіледі.

Қараңдаршы, әр көбелек ерекше бір жаратылыс. Балалар, елестетіп көрейік. Сендер серуендеп келе жатқанда, гүлге қонған көбелекті көресіңдер. Сол кезде не істейсіңдер?

- Иә, тамсанып, бақылап тұрасыңдар. Сосын оны қолдарыңмен ұстап алғыларың келеді ме? Алайда балалар олай жасауға болмайды. Себебі көбелектер өте нәзік жәндіктер. Олар шыдамай, өліп қалуы мүмкін.

- Бүгін біз сендермен оригами әдісі бойынша қағаздан көбелек жасаймыз. Ең алдымен қағаздың түрлері және оның қасиеттерін есімізге түсірейік.

- Балалар қағаз бізге не үшін қажет? Балалардың еркін жауаптары. Ал, қағазды неден жасайды? Қағазды ағаштан жасайды.

- Қағазды умаждаймыз, бүктейміз. Ол сықырлайды. Ол қатты, жұмсақ болып келеді. Суға шыдамайды, берік емес материал.

- Бүгін балалар ең әдемі көбелектер жасаймыз және олармен тобымызды безендіреміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Әсем көбелек"

- Нені көріп тұрсыңдар? Көбелек.
- Көбелек қандай? Әдемі.
- Неден жасалған? Көбелек қағаздан жасалған.?
- Көбелекті қандай әдіс бойынша жасаған? Оригами әдісі бойынша жасаған.
- Көбелектің құрылымын атап өтейік. Қанаттары, денесі. Жақсы.
- Түсі қандай? Түсі қызғылт.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Көлемі 10x10 шаршыны аламын. Сол жақтан оңға қарай бүктеймін. Саусақтарыммен бүктелген сызықтың үстінен басамын. Бүктелген шаршыны қайтадан бастапқы қалпына келтіремін.
- Жоғарыдан төмен қарай бүктеймін. Саусақтарыммен бүктелген сызықтың үстінен басамын.
- Жоғарғы жағынан төменге қарай тең ортадағы сызықтың бойымен бүктеймін. Саусақтарыммен бүктелген сызықтың үстінен басамын.
- Екінші жағын дәл солай жоғарғы жақтан төменге қарай бүктеймін. Саусақтарыммен бүктелген сызықтың үстінен басамын.
- Қараңдаршы, қандай пішінге ұқсайды? Үшбұрыш.
- Енді, бүктелмеленген үшбұрышты қайтадан ашамын.
- Сол жағын жоғары көтеріп, ортасын кеңейтемін.
- Қағазды жоғарғы жағынан сұқ саусағымның көмегімен үстінен басамын. Саусақтарыммен үстінен жүргізіп өтемін. Қағазды аударамын.
- Ортаңғы сызықты саусақтарыммен жүргізіп өтемін.
- Қағазды жоғары көтеремін де қағаздың ортасын кеңейтемін.
- Қағазды жоғарғы жағынан сұқ саусағымның көмегімен үстінен басамын. Саусақтарыммен үстінен жүргізіп өтемін.
- Не шықты? Үшбұрыш. Иә, қос үшбұрыш шықты. Міне осыдай қазір, көбелекті құрастыратын боламыз.
- Үшбұрыштың сол жақ ұшын алып тең ортасынан жоғары көтеремін. Сызықты басып отыру қажет. Оң жақ ұшын да дәл солай, тең ортасына бүктеймін.
- Қағазды алып келесі жағын аударамын.
- Енді, қағаздың жоғарғы жағын жоғарыдан төмен қарай бүктеймін. Саусақтарыммен үстінен жүргізіп өтемін.
- Қағазды қайтадан келесі жағына қарай аударамын.
- Шығып тұрған ұшын, ішке қарай иемін.
- Қағазды ортаңғы сызықтың бойымен екіге бүктеймін. Бүктеген жерді саусақтарыммен жүргізіп өтемін. Қағазды қайтадан ашамын. Міне, біздің көбелек дайын.

2.3. Сергіту сәті.

Сергіту сәті

Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Көз, ауыз, мұрын және құлақ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ.

Тезірек жасап көрейік!

Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ,
Көз, ауыз, мұрын және құлақ,
Бас, иық, тізе, аяқ, тізе, аяқ.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Әр баланың алдына 10x10 көлемді шаршы таратылады. Балалар қағазды бүктеу әдісі бойынша көбелекті жасауға кіріседі. Педагог балаға "сен не істеп отырсың?", "мынау қандай пішінге ұқсайды?" "қағазды қалай бүктедің?", "қандай пішінге ұқсайды?" деген секілді сұрақтар қойып, оқу қызметінде балаларға бағыт-бағдар беріп отырады. Педагог балалардың сұрақтарға толық жауап берулерін талап етеді.

2.5. Дидактикалық ойын. "Дыбыстарды ата"

Мақсаты: балалардың есту, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын кеңейту.

Барысы: педагог әр баланың алдына "Қ" дыбысы кездесетін жәндіктердің суреттерін таратады. Қоңыз, қандала, тарақан, құрт, құмырсқа, қоңыр көбелек, торқанатты. Балалар суретте қай жәндік бейнеленгенін және неше рет "қ" дыбысының дыбысталып тұрғанын айтады.

Мысалы: Бұл суретте нені көріп тұрсың? (Мен суретте құмырсқаны көріп тұрмын) "Құмырсқа" сөзінде неше рет "қ" дыбысын естіп тұрсын. (Құмырсқа сөзінде екі рет "қ" дыбысын естідім)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын өнімді мақтау және пысықтау.

- Балалар, бүгінгі оқу қызметімізде біз не істедік? Көбелекті құрастырдық. Көбелекті қандай материалдан құрастырдыңдар? Қағаздан құрастырдық.
- Қандай әдіс бойынша көбелекті құрастырдық? Бүктеу әдісі бойынша. Бүктеу әдісін қалай айтамыз? Оригами.
- Байқадыңдар ма, көбелекті біз тек ғана бір қағаздан құрастырып шықтық.
- Қағаз қандай пішінде болды? Шаршы.

- Бүктелген шаршы қандай пішінге ұқсады? Үшбұрыш.
- Көбелекті қағаздан құрастыру үшін ең басты қандай пішін шығу керек? Қосұшбұрыш. Жақсы.
- Көбелектен басқа қандай жәндіктерді білесіңдер? Қоңыз, қандала, тарақан, құрт, құмырсқа, қоңыр көбелек, торқанаттылар. Тамаша! Жарайсыңдар!

Рефлексия.

Педагог балаларға түрлі-түсті қарындаштар мен көбелектің боялмаған суретін таратады. Балаларға көбелекті үш түспен бояуды ұсынады.

Жасыл - маған бәрі ұнады, қолымнан келді;

Сары - маған бәрі ұнады, бірақ көбелекті құрастыру қолымнан келмеді;

Қызыл - маған ұнамады, қызықсыз болды.

Күні:18.05.2022ж

Теңізші Ғабиттің бастан кешкен оқиғалары

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, кірпіш, призма, текше, цилиндр, жартылай цилиндрді пайдалана отырып су кемесін құрастыруды үйрету; су көліктері туралы білімдерін пысықтау; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру; затты заттың санына сәйкестендіру, ойлау қабілеттерін дамыту; достық, көмектесу ұғымдарын жетілдіру.

Сөздік жұмыс

Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; "су көлігі", "кеме", "капитан", "призма", "текше", "цилиндр", "жартылай цилиндр", "арка", "құрастырдым", "бір-біріне тіреп қойдым" сөздері және сөз тіркестерімен жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілдер

Көркем сөз, ғажайып сәт, әңгімелесу, затты зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, тыныс алу жаттығуы "қайықтар", өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, кейіпкермен қоштасу, дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар

Кейіпкер: Теңізші Ғабит, су көліктерінің суреттері, перископ суреті, "Кеме" дайын үлгісі, құрастыру амалдары көрсетілген суреттер, құрамында тақтайша, цилиндр, текше, жартылай цилиндр, призма, кірпіш бар құрылыс материалдар жинағы, рефлексияда қолданылатын теңіз суреті.

2. Үлестірілген материалдар

Бала санына байланысты құрамында тақтайша, цилиндр, текше, жартылай цилиндр, призма, кірпіш бар құрылыс материалдар жинағы, тыныс алу жаттығуында қолданылатын қағаздан жасалған қайықтар, дидактикалық ойынға арналған үлестірілген материалдар, рефлексияда қолданылатын желкенді қайықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз. "Қара теңізге"

Теңіз, теңіз, Қара теңіз!

Туғандайсың көкпен егіз.

Өзгерілмес өз күйінде

Жатырсың бір жарты дүние.

(Әбділда Тәжібаев)

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог топқа теңізші Ғабиттің қонаққа келгенін айтады. Балалар қонақпен амандасады. Неге көңілсіз екенін сұрайды.
- Балалар, теңізші Ғабит, теңізде капитанымен бірге келе жатқанда, екеуі сөзге келісіп, реңжісіп қалыпты. Сол кезде теңіз капитаны теңізші Ғабитті кемеден қуып жіберіпті. Ескі қайыққа отырып, жағаға жеткен Ғабит, адасып біздің балабақшамызға көмек сұрап келіпті. Теңізге шығайын десе ескі қайығы жарамайды екен.
- Балалар, теңізшіге көмектесеміз бе? Қайық емес, кеме құрастырып берейік. Балалар қуана келіседі.

1.3. Өңгімелесу.

- Балалар кеме дегеніміз не? Теңізде адамдар немесе жүк тасуға арналған су көлігі.

- Балалар, қайық және кемеден басқа қандай су көліктерін білесіңдер? Лайнер, сүңгуір қайық, желкенді қайық.

- Қайық - су көлігінің ең ескі түрі. Ертеде қайықтар ағаштан жасалатын және айналмалы ескектің көмегімен жүретін.

- Сүңгуір қайық теңізде, өзен-көлдерде ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізуге жиі қолданылады. Сүңгуір қайықтың көбі әскери теңіз ісіне арналады.

Судың бетін бақылау үшін перископ қолданылады. Қайталаймыз. Перископ. Жақсы.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу. "Су көлігі-кеме".

- Кемені құрастыру үшін бізге мына құрылыс материалдары қажет: тақтайша, цилиндр, жартылай цилиндр, текше, призма, кірпіш керек.

Назарларын дайын үлгіге аударады.

- Не көріп тұрсыңдар? Кемені көріп тұрмыз.

- Кеменің құрылымын атап кетейік. Денесі, палуба, корпусың артқы жағы, каюта.

- Қандай геометриялық денелерді көріп тұрсыңдар? Текше, цилиндр, призма.

2.2. Құрастыру амалдарын көрсету.

- Кемені құрастыру үшін тақтайшаны алып қойдым.

- Мынау не? Бұл призма. Қандай пішінге ұқсайды? Үшбұрышқа.

- Жақсы, призمانы алып, тақтайшаның алдына қоямын. Бұл кеменің басы болады. Не болады? Кеменің басы.

- Қарандаршы, басы қандай? Үшкір.

- Кірпішті тақтайшаның үстіне көлденең жатқызып қоямын.

- Екі призманы бір-біріне арқасымен тіреп қоямын. Бұл кеменің артқы жағы болады.

- Кірпіштерді бір-біріне арқасымен тіреймін. Тақтайшаның үстіне көлденең жатқызып қоямын. Саусақтарымен түзеймін. Бұл каюта болады.

- Каюта - дегеніміз кемедегі жеке бөлмелер. Оның ішіне кіріп дем алуға, ұйықтауға болады.

- Ортаға цилиндрді қоямын. Цилиндрді алып, кеменің тең ортасына тігінен қоямын. Бұл мұржа болады. Ал жартылай цилиндрді алдыда тұрған кірпіштің үстіне қоямын.

- Текшені аламын. Кірпіштердің алдына қоямын. Екі кірпішті алып, кеменің алдыңғы жақна көлденең бір-біріне тіреп қоямын.

2.3. Тыныс алу жаттығуы. "Қайықтар"

Педагог бала санына байланысты қағаздан жасалған қайықтарды үстел үстіне қояды.

Балалар қайықтарды үрлеу арқылы тыныс тыныс алу жаттығуын жасайды.

2.4. Өздік іс-әрекет.

Әрбір баланың алдына тақтайша, цилиндр, текше, жартылай цилиндр, призма, кірпіштен құрылған құрылыс материалдар жинағы ұсынылады.

- Балалар, теңізші Дадоға құрылыс материалдарының көмегімен кеме құрастырып берейік.

Әр баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп отыру шарт.

Балаға "мынау не?", "сен не істедің?" сияқты сұрақтар қойып, құрылыс барысын бақылау қажет. Баладан "текше", "призма", "цилиндр", "жартылай цилиндр", "тақтайша" "үстіне қойдым", "жанына тіредім", "біріктірдім", "қолмен түзедім" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін пысықтауға болады.

2.5. Дидактикалық ойын. "Қайықтардың санын тап".

Мақсаты: затты, заттың санына сәйкестендіру, ойлау қабілеттерін дамыту.

Әр баланың алдына 1 ден 7 санына дейінгі бейнеленген карточкалар және теңізшілер бейнеленген суреттер таратылады. Бала теңізші санына сәйкес, сандар бейнеленген карточкаларды сәйкестендіріп қояды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.

- Теңізші бізге алғысын білдіріп жатыр. Ол теңізге қайтадан қайта алады. Енді ол жәй ғана теңізші емес, кеменің капитаны болады.

Дайын өнімді мақтау және оқу қызметін пысықтау.

- Бізге қонаққа кім келді? Теңізші Ғабит келді.

- Балалар, бүгін біз не істедік? Кеме құрастырдық.

- Кеме дегеніміз не? Теңізді адамдар немесе жүк тасуға арналған су көлігі.
- Су көлігінің қандай түрлерін білесіңдер? Сүңгіур қайық, желкенді қайық, лайнер.
- Кемені құрастыру үшін біз қандай денелерді пайдаландық? Призма, текше, кірпіш, цилиндр, жартылай цилиндр.
- Каюта дегеніміз не ? Кемедегі жеке бөлмелер. Онда не істейді? Оның ішіне кіріп дем алуға, ұйықтауға болады. Жаксы.

Рефлексия.

Тақтада теңіздің суреті ілініп тұрады. Әр балаға 3 түрлі түсті желкенді қайық таратылады.

Көк түсті - оқу қызметі ұнады, кеме құрастыру оңай болды.

Қызыл түсті - оқу қызметі ұнады.

Жасыл түсті - оқу қызметі ұнамады, кеме құрастыру да оңайға соқпады.